ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

АБАЙ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

БІРІНШІ ТОМ

ӨЛЕҢДЕРІ МЕН АУДАРМАЛАРЫ

Алматы «Атамұра» 2025

ӘОЖ 821.512.122-1
КБЖ 84 (5Қаз)-5
А 13

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті
М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми кеңесі ұсынған

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА-ның академигі, филология ғылымдарының докторы
Кенжехан Матыжанов

Редакция алқасы: Матыжанов К. І. (төраға), Қирабаев С. С., Мырзахметұлы М., Қасқабасов С. А., Жұртбай Т. Қ., Мәдібаева Қ. Қ., Қорабай С. С., Шапай Т. М., Қыдыр Т. Е., Әуесбаева П. Т., Шүкіман Е. Т., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А. Н., Мағазбеков Н. Ж.

Пікір жазғандар: Филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның академигі Қамзабекұлы Д., филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Жақып Б. Ө.

Томның редакция алқасы: Матыжанов К. І. (жоба жетекшісі, идея авторы), Шапай Т. М. (жалпы редакциясын басқарған), Мәдібаева Қ. Қ. (жауапты редактор), Қыдыр Т. Е., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А. Н. (жауапты шығарушы), Мағазбеков Н. Ж.

А 13 **Абай**. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. Бірінші том (томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К. І., Мәдібаева Қ. Қ., Шапай Т. М., Тұрсынбайұлы Б., Жұматаева А. Н., Мағазбеков Н. Ж.). – Алматы: Атамұра, 2025. – 480 бет.

ISBN 978-601-10-0710-8

Абай шығармаларының академиялық толық жинағы ұлы ақынның қолжазбалары мен ілкі басылымдарға жүргізілген текстологиялық зерттеулер негізінде қайта сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып, пунктуациясы жаңаша жүйеленіп басылып отыр.

Академиялық жинақтың бірінші томына ақынның өлеңдері мен аудармалары топтастырылған.

ISBN 978-601-10-0710-8 (1-том)
ISBN 978-601-10-0713-9 (жалпы)

© М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2025
© «Атамұра» баспасы, 2025

АЛҒЫСӨЗ

Өркениетті елдерде әрбір классик қаламгердің академиялық толық шығармалар жинағының жарық көруі ұлт руханияты үшін үлкен мәдени құбылыс болып табылады. Мұндай басылымдарда суреткердің барлық әдеби, сыни, публицистикалық, қызметтік, эпистолярлық мұрасының қолжазба және баспа мәтіндері толық текстологиялық салыстырулардан өткізіліп, дәйекті деректермен, ғылыми-анықтамалық түсініктермен жарақталып, қалыпты ғылыми жүйеге түседі. Мәтінтану ғылымы тұрғысынан жете сарапталған академиялық басылым жазушы шығармашылығы жөніндегі қоғамдық пікірді бір арнаға тоғыстырып, қалың оқырман қауымнан бастап, мектеп бағдарламалары мен оқулықтарын дайындаушыларға, жазушы шығармашылығын насихаттаушылар мен зерттеушілерге бағдар ретінде ұстанатын түпмәтінге баланады. Классикалық мәтіннің өмір сүруінің өрісін кеңейтіп, оның отандық және әлемдік мәдениеттегі орнын айқындайды. Қаламгердің түрлі мақсаттағы жаңа басылымдарына темірқазық болып, ұлттық сөздік қордың құнарлы мәйегіне айналады.

Сондықтан әлемдік әдебиеттану ғылымында академиялық басылым даярлауға ерекше мән беріледі. Мәселен, Ресейдің «Пушкин үйі» («Пушкинский Дом») орыс әдебиеті институтында 40-тан астам классик ақын-жазушылардың басылымдарын қамтыған электронды кітапхана жинақталу үстінде.

Абай шығармаларының толық жинағын даярлап басып шығару ісі қашанда қиындығы мол, жауапкершілігі жоғары, аса күрделі шаруа болып келген, бола да бермек. Абай мұрасын жинақтап, саралап, жүйелеп басып шығарудағы өз кезіндегі белесті көптомдық еңбек болған ақынның екі томдық толық шығармалар жинағының жарияланғанына ширек ғасырдан асты (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы, 1995).

Осы мерзім ішінде Абай мұрасына байланысты мұратануға қатысты соны деректер, тың көзқарастар, зерттеу бағыттарының жаңа өрісі ашыла бастады.

Абай шығармаларының араб әліпбиімен көшірілген қолжазба нұсқаларын ақынның 1909 жылғы тұңғыш жинағы жарық көргенге дейінгі және аталмыш кітап басылып шыққаннан кейінгі көшірмелер деп екі топқа бөлуге болады. Алғашқы топқа жататын 5 көшірменің үшеуі (1906, 1907, 1910) Абай шығармаларының түпнұсқасына баланып жүрген, Мүрсейіт Бікіұлының ақынның өз аузынан естіген немесе жазбаларынан хатқа түсіріп таратқан көшірмелері. Петербургтен кезінде академик Әлкей Марғұлан тапқан С. Шорманұлы мен В. А. Кудашев қолжазбалары да осы топқа кіреді. Қалғандары әртүрлі кезеңдерде 1909 жылғы кітаптың қайта көшірілген нұсқалары.

Әрине, бұл көшірмелердің қай-қайсысы болмасын мәтінтануда өзінше рөл атқаратын құнды мұрағаттар. Дегенмен, солардың барлығы әлі де толық қамтылып, өзара салыстырылып, жете сараланып, ғылыми айналымға толық түсе қойған жоқ. Абайтанушыларға енді ғана мәлім болып жатқан жаңа жазбалар да бар.

Кейінгі жылдары Абай заманына байланысты біршама архив деректері, Алаш арыстарының еңбектері, көзкөргендердің естеліктері, шетел қазақтарынан табылған материалдар жарық көруде. Тарихшы ғалым Амантай Исаұлы 1909 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Қазақ шығырлары» деп аталатын жинақтан Абайдың сегіз өлеңін айналымға қосты («Абай» журналы, 1999, № 1). Бұл – осы уақытқа дейін абайтану ғылымының назарына ілінбеген дерек. Абайдың бұдан басқа да жаңа шығармалары, суреті табылды дегендей алыпқашпа ақпараттар естіліп жатады. Абайдың асыл мұрасын кезеңдік ғылыми сарадан өткізудің маңыздылығы тұрғысынан М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2020 жылы «Жазушы» баспасынан шығарған Абайдың көптомдық академиялық толық жинағы ғылыми ортада да, жалпы жұртшылық тарапынан да оң бағаланған басылым болды.

Абай шығармаларының 1909, 1916, 1922 (Қазан, Ташкент), 1933, 1939–1940, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылдардағы басылымдарын салыстыра зерделесек, Абай шығармаларының жиналуы мен жариялануының күрделі де қиын жолдан өткенін көреміз. Солардың ішіндегі академиялық сипатқа ие басылымдарды, негізінен, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары көзі тірі кезінде М. Әуезовтің басшылығымен дайындаған.

Дегенмен, әр басылым сайын толығып, текстологиялық түзетулер енгізіліп келе жатқан Абай мұрасында әлі де түп-тиянағын таппаған сауалдар, заманның ырқымен қалтарыста қалған немесе өзгеріске түскен ақын сөздері, көшірмелерді түрліше оқудан кеткен жаңсақтықтар, жазбаға түсіру, басып шығару кезінде кеткен техникалық қателер жоқ емес.

Оның үстіне, кезінде Мұхтар Әуезовтің де қолына байлау, аяғына тұсау салған кеңестік идеология Абай шығармаларының мәтінін саралап, жинақтап, жүйелеп жариялау ісіне де өз салқынын тигізді. Мәселен, Абай шығармаларындағы Шығыс әдебиетінен келген сарындарға, дінге байланысты ұғым-түсініктерге, Абайдың дүниетану, адамтану іліміне қатысты өзіндік ұстанымдарына жете мән берілмегенін еске салсақ та жеткілікті. Абай шығармаларын орыс әдебиетінің аударма жаңғырығы ретінде тану, оның төлтумалығына күмән келтіру сияқты көзқарастар да болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мәтінтану саласының кенже қалуы да бұл істі етектен тартпай қойған жоқ.

Абай шығармаларын алғаш жинақтап, жалпақ жұртқа таныстырған 1909 жылғы тұңғыш жинақтың Кәкітай, Тұрағұл қолымен сараланып, Әлихан, Ахметтердің қолынан өткен қолжазбасы бізге жетпеді. Мүрсейіт Бікіұлы көшірмелерінің өзінде де мәтіндік ауытқулар аз емес.

Абай шығармаларының барынша түгенделіп, ғылыми жүйеленген басылымы 1933 жылы Қызылорда қаласында толық жинақ мәртебесінде жарық көрді. Жинақты құрастырып, алғысөзін жазған – Ілияс Жансүгіров. Басына бұлт үйіріліп жүрсе де, М. Әуезов Абайдікі екеніне көзі жетіп, көңілі сенген көптеген өлеңдерді осы жинаққа жаңадан қосты. Сол сияқты ақынның тұңғыш

кітабына енбеген, әртүрлі көшірмелер мен басылымдарда шашыраңқы жарияланып жүрген Абайдың прозалық шығармалары да алғаш рет «Қара сөздер» деген атпен осы кітапқа топтастырылып берілді.

Қаншама рухани қыспақтан өтсе де, ел ішінде бертінге дейін қолжазба көшірмелердің табылып жатқандығы, ақын өлеңдерін бастан-аяқ жатқа білетін адамдардың да жиі кездесетіндігі Абай мұрасына деген халық ықыласының өте жоғары болғандығының белгісі. Соның нәтижесінде, құрдымға кете жаздаған асыл мұраның ұзын-ырғасы жинақталып, ел игілігіне айналды деуге болады. «Абай қалдырған мұраны тану керек, зерттеу керек дегенді бәріміз де түсіндік. Күннен – күн, жылдан – жыл өткен сайын осы істерге көңіл бөліп, зер салушының саны молайып келеді», – деп, қуана жазады ол жөнінде абайтану ілімінің іргетасын қалаушы (Мұхтар Әуезов. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. – Алматы, 2014. 15-т. 30-б).

Абайдың академиялық басылымын дайындауға деген талпыныс мерейтойлардың кезінде болса да оқтын-оқтын қолға алынып келеді.

Абай шығармаларына текстологиялық жұмыстар жүргізуде ақынның көзі тірісінде тасқа басылған түп мәтіннің болмауы қай кезеңде болмасын үлкен қиыншылықтар туғызып келді. Бізге жеткен жазба нұсқалардың әркелкілігі, оларды оқудағы мәтінтанушылар пікірлерінің ала-құлалығы істі тіптен күрделендіре түседі. Дей тұрғанмен, Абай шығармаларының алғашқы тасқа басылған ресми нұсқасы болып табылатын 1909 жылғы жинақтың маңызын ерекше атап өткен жөн. Өйткені Абай өлеңдерінің алғаш жинақталып жарық көруі осы жинақтан басталады және оны әзірлеуге Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың тікелей тапсыруымен Абайдың ет-жақын туыстары, шәкірттері Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы, Мүрсейіт Бікіұлынан бастап ақын шығармашылығын жақсы білетін адамдар жұмыла атсалысқан. Сондай-ақ, Ә. Бөкейханов 1903 жылы Абайдың көзі тірісінде ақын тәржімасы жөнінде, кейіннен 1905 жылы «Семипалатинский листок» газетінде ақын қазасына орай «Азанама» жариялайды (Ә. Бөкейхановтың ұсынысымен Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректерді жинақтап, жүйелеген К. Ысқақұлы болатын). Ал Ахмет Байтұрсынұлы алғашқылардың бірі болып баспасөз бетінде ақынның әдеби мұрасының қазақ өлең өнеріндегі даралығын айқындап, Абай өлеңдерінің философиялық, көркемдік-эстетикалық ерекшелігіне жан-жақты талдау жасайды. Олай болса, Абай шығармаларының алғашқы ресми басылымы саналатын аталмыш жинақтың жарық көруіне, ақын мұрасының үлкен ғылыми арнаға айналып, халық арасына кең таралуына Алаш арыстары Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынұлының айрықша ықпал еткенін баса айтуымыз қажет.

2020 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында 1909 жылғы кітаптағы мәтіндер көшірме қолжазбалармен және кейінгі басылымдардағы нұсқаларымен салыстырылып, мәтінтанушылардың пікірлері қаперге алынып, редакция алқасында талқыланып, сараланды.

Мәтіндегі дүдәмал мәселелерді анықтауда аталмыш жинақ шыққанға дейін Абай шығармаларын көшіріп таратушылардың бүгінге жеткен жазбалары да назарға алынды. Мүрсейіт Бікіұлының түпмәтінге бара-бар көшірмелері, Тұрағұл Абайұлының бізге жеткен Абай мұрасына арналған қолжазбасы мен естеліктері сынды құнды көшірме-қолжазбалар 1909 жылғы жинақтағы қилы себептерден кеткен мәтіндік, орфографиялық – емле жаңсақтықтарын саралауда ғана емес, оған енбей қалған шығармаларды түгендеуде де үстеме мағлұматтар беретін бәсі жоғары материалдар. 1909 жылғы жинаққа әртүрлі себеппен енбей қалған өлеңдер мен «қара сөздер» деп аталатын прозалық шығармалардың дені осы көшірмелерде сақталған.

Сол сияқты, ескі қадім жазуында татар ағайындардың қолғабысымен басылған жинақтың бүгінгіше оқылуында да тартысты мәселелер аз емес. Бұл орайда, А. Байтұрсынұлы әліпбиімен қайта көшірілген қолжазбалардың да маңызы жоғары болды. Солардың ішінде Шығыс Түркістаннан табылған Шериаздан Марсековтің және әзірше «Хаткер-кәтіп» аталған беймәлім көшірушінің қолжазбалары да (ғылыми айналымға қосқан профессор Т. Жұртбай) қаперге алынды. Бұлар – Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Шәкәрімнің қолжазба дәптері салыстырыла отырып көшірілген қолжазбалар.

2020 жылғы жинақты даярлау барысында абайтану тарихындағы мәтіннамалық тәжірибе барынша ескерілді. Ең алдымен, осы уақытқа дейін жарық көрген басылымдар салыстырылып, қайта қаралды. Әсіресе, 1933, 1957, 1961 жылдардағы жинақтарға бас абайтанушы М. Әуезов енгізген жаңа шығармалар мен түсініктер пайдаланылды. Абайтану саласына сүбелі үлес қосқан Қ. Мұқамедханов, Б. Байғалиев, З. Ахметов, Ж. Ысмағұлов, М. Мырзахметұлы сынды көрнекті абайтанушы-ғалымдардың ғылыми ой-пайымдары назарға алынды. Сонымен қатар, аталмыш жинақты мазмұндық-құрылымдық тұрғыдан жүйелеуге кезінде Мемлекеттік сыйлыққа ие болған Абай шығармаларының 1995 жылғы жинағы мен ең соңғы толық басылымы негіз болды. Әрине, кеңейтілген текстологиялық салыстырулар негізінде шығармалардағы қара сөздердің М. Әуезов түзген жүйесі сақталды. Түсініктер түгелге жуық қайта жазылды. Абай мұрасының басылым көру тәжірибесінде алғаш рет тыныс белгілері бойынша арнайы, түбегейлі түзетулер жасалды. Мысалы, «Тайға міндік» өлеңінің екінші шумағының төртінші, бесінші тармақтары:

«Арт жағында,
Біз соған зар,
Боламыз деп білмедік», –

болып алдыңғы басылымдарда әрбір өлең жолы үтірмен бөлініп жазылады. Осы сияқты «Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» туындысындағы:

«Жүректегі жазылмас,
Тағдырдың салдың сызығын», –

дейтін қос тармақ та үтірмен беріліп келеді. Бұл жинақта осындай бір деммен (интонациямен) айтылып, бір ғана ойды білдіретін синтаксистік оралымдар өлеңнің мағыналық-құрылымдық тұтастығына сәйкес тыныс белгілері бойынша төмендегідей түзетілді:

«Арт жағында
Біз соған зар
Боламыз деп білмедік».

«Жүректегі жазылмас
Тағдырдың салдың сызығын».

Бұл жаңа жинақта Абай шығармаларының басым бөлігіне осындай пунктуациялық түзетулер көп жасалды.

Осы орайда, атап айта кетерлік бір нәрсе – Абай шығармаларының бұл басылымын дайындау барысында текстологиялық тұрғыдан әзірге бір ізге түсе қоймаған немесе әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелерге де назар аударылды. Айталық, Абайдың 1945 жылғы жинағында алғаш басылған «Ойға түстім, толғандым» өлеңінде сол жарияланған кезінен бастап мағынасы мен қолданылуына М. Әуезовтің өзі де күмән келтірген «наз» деген сөз бар («Бәрі болды өзімнен// Тәңірім салған наз емес»). Сол басылымда шығарушылар тарапынан: «Мұны Қайым (Мұқамедханов – ред.)» «наз» ба екен, жоқ, «аза» ма екен» деп жазады. Мұхтар Әуезов «аза» болмас па деп белгі қояды, әзірге «наз» деп жібердік» деген түсінік берілген. Содан бергі басылымдардың бәрінде бұл сөз сол түзетілмеген қалпында «наз» болып басылып келеді. Осы сөздің орнында тұруға тиіс болжалды нұсқаларды шығарманың жалпы контексімен байланыстыра екшей келіп әрі олардың лексикалық мағынасы мен стилистикалық қолданылу ыңғайына, қала берді, айтушының аузынан жазып алынған мәтіндегі сөздердің орфоэпиялық тұрғыда өзара тіркесу жосынына да сүйене отырып (наз(а) емес), редакция алқасы абайтанушы Т. Шапай ұсынған «наза» нұсқасын қабылдады. Яғни, бұдан былай жоғарыдағы тармақ «Тәңірім салған наза емес» деп оқылуға тиіс. Нақты қолжазба, көшірмесі жоқ бұл өлең мәтіні, жарияланған кезінен бері, алғаш рет түзету көріп отыр.

Тағы бір мысал: мәселен, көп жылдардан бері, ақынның қайсыбір басылымдарында, тіпті, 1995 жылғы екі томдық академиялық толық жинағында да Абайдың Лермонтовтан аударған «Шайтан» деген өлеңінің «Түгел білем қайда бар деп іздеген», сондай-ақ, «Онегин сөзінің» (Пушкиннен тәржімалаған) «Жамандығым жақсымнан екі еседен» деп басылып келген тармақтарындағы қате тіркестер («түгел білем», «екі еседен») осы басылымда жоғарыдағы ұстанымдарға және ертеректе шыққан (мыс., 1945) кейбір басылымдарға сүйеніп, түзетілді: «түгел білім» және «екі есе ден». Яғни, алдыңғы тіркес еуропа, орыс романтикалық әдебиетінің біраз үлгілерінен белгілі шайтан бейнесінің бір оқшау белгісіне нұсқаса, екіншісі Онегиннің өзіне өзі берген мінез-

демесіне қатысты сөз – кейіпкер өз бойындағы жамандықтың жақсылығынан екі есе *ден* (басым, көп, артық деген мағынада) екенін айтып отыр. Аталған өлең жолдары бұл басылымда «Түгел білім қайда бар деп іздеген» және «Жамандығым жақсымнан екі есе ден» деп түзетілді. Тағы осындай бірқатар мәтіндік түзетулер мен реттеулер осы жинақтың өзіндік және бір ерекшелігі десек болады.

Академиялық басылымның екінші томында берілген Абайдың «қара сөздер» аталып кеткен ғақлиялық шығармалары да бұрын әр жерде жарық көрген нұсқаларымен салыстырылып, қайта қаралды. Жиі ұшырасатын араб-парсы сөздері мен діни терминдерге түсініктер (Т. Қыдыр, П. Әуесбаева) берілді. Әсіресе, Абай қара сөздерінің ішіндегі ең күрделісі болып саналатын 38-қара сөзі («Китаби тасдиқ» – «Иман кітабы») қайта аударылып, түпнұсқа транслитерациясымен қоса беріліп, ауқымды түсінік (Т. Қыдыр) жазылды. Ауытқулардың ықтимал дұрыс нұсқасы берілді.

Жинақ құрылымы музыка зерттеушісі, әнші Е. Шүкіман мұқият саралап, ғылыми түсініктерімен дайындаған Абайдың музыкалық мұрасымен толықтырылды (редакциясын қарағандар: Т. Қоңыратбай, Т. Шапай). Абайдың поэмалары да осы томға енді.

«Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», «Сенатқа хат», Абай белсенді қатысып, қолын қойған «Қарамола съезінде қабылданған Ереже» мен ақынның туысқандарына жолдаған бірер хаты түпнұсқаларымен салыстырылып берілді.

Академиялық толық шығармалар жинағының үшінші томына ақынның тұңғыш жинағының (1909) литографиялық көшірмесі мен қазіргі қазақ жазуына түсірілген нұсқасы, он екі көшірме қолжазбаның кеңейтілген сипаттамасы берілді. Жинақ ауқымына сыймай қалған материалдар толығымен Институт сайтындағы «Абайтанудың көптомдық электронды кітапханасына» жинақталған.

Мәтіндерге текстологиялық салыстырулар жасап, ғылыми түсініктерді сараптан өткізуге ҰҒА академигі К. Матыжанов, филология ғылымдарының докторы Қ. Мәдібаева, филология ғылымдарының кандидаттары: Т. Шапай, П. Әуесбаева, Т. Қыдыр, магистрлер: Б. Тұрсынбайұлы, А. Жұматаева, Н. Мағазбеков қатысты.

Екінші томға енген қара сөздер мен басқа да прозалық шығармаларды жинаққа әзірлегендер – филология ғылымдарының кандидаттары С. Қорабай мен Т. Қыдыр.

Қолжазбалардың толық сипаттамасын жасап, 1909 жылғы жинақты қазіргі қазақ емлесіне түсірген, шығармалардағы араб-парсы сөздері мен діни терминдерге түсінік беріп, баспаға әзірлегендер – Т. Қыдыр мен П. Әуесбаева.

Шығармалардың әліпбилік және есімдер көрсеткішін, пайдаланылған әдебиеттер тізімін А. Жұматаева мен Н. Мағазбеков жасады.

Редакция алқасынан

ӨЛЕҢДЕРІ МЕН АУДАРМАЛАРЫ

1855–1881

Кім екен деп келіп ем түйе қуған, (1)
Қатын ғой күлдәрімен белін буған.
Төркініңнің бергені жауыр айғыр,
Бауырыңды ұрайын бірге туған.

ШЫҒЫС АҚЫНДАРЫНША

Йүзі – раушан[1], көзі – гәуһар[2], (2)
Ләғилдек[3] бет үчі әхмәр[4],
Тамағи қардан һәм бәһтәр[5],
Қашың құдрәт[6], қолы шикә[7].

Өзүң гузәлләрә рәһбар[8],
Сәңә ашиқ[9] болып кәмтәр[10],
Сүләймен, Жәмшит, Искәндәр,
Ала алмас барша мулкигә[11].

Мәбада[12] олса ол бір кәз,
Тамаша қылса йүзмә-йүз,
Кетіп қуат, йұмылып көз,
Бойың сал-сал бола нигә?

---

[1] روشن – (парсы.) [раушән] – жарық, айқын, әдемілік.
[2] گوهر – (араб.) [гәуһәр] – асыл тас, гаухар.
[3] لعل – (араб.) [ләʻл] – асыл қызыл тас. Лағилдек – лағылдай.
[4] احمر – (араб.) [әхмәр] – қып-қызыл.
[5] بهتر – (парсы.) [бәһтәр] – жақсырақ, артық. Бұл жерде қардан да ақ деген мағынада.
[6] قدرت – (араб.) [құдрәт] – күш, құдірет. Бұл жерде ерекше жаратылған деген мағынада.
[7] شیک – (парсы.) [шик] – сәулетті, сымбатты, сырбаз.
[8] رهبر – (парсы.) [рәһбәр] – жол сілтеуші, бастаушы. Бұл жерде сұлулардың басшысы, ханшайымысың деген мағынада.
[9] عاشق – (араб.) [ʻашиқ] – ғашық.
[10] کمتر – (парсы.) [кәмтәр] – азырақ; кішіпейіл.
[11] ملک – (араб.) [мулк] – мүлік, байлық.
[12] مبادا – (парсы.) [мәбада] – егер де, бола қалса деген мағынада.

* * *

Физули, Шәмси, Сәйхали, (3)
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу һәммәси[1]
Мәдәт[2] бер, я, шағири[3], фәриад[4]!

[1] همه – (парсы.) [һәме] – бәрі, барлығы.

[2] مدد – (араб.) [мәдәд] – көмек, мәдәд.

[3] شاعر – (араб.) [шәʻир] – шайыр, ақын.

[4] فریاد – (парсы.) [фәрйад] – теңдессіз, теңдесі жоқ. Мұнда теңдесі жоқ ақын деген мағынада.

ӘЛИФБӘ

Әлиф-дек ай йүзіңә ғибрәт[1] еттім, (4)
Бә – бәлаи[2] дәртіңә[3] нисбәт[4] еттім.
Тә – тілімнән шығарып түрлі әбиат[5],
Сә – сәнәи[6] мәдхіңә[7] хурмәт[8] еттім.
Жим – жамалың[9] қандай ақ рузи[10] маған,
Хә – хәлиллик[11] тапмадым, жаным, сәнан.
Хи – халайық, мен емес, бәрі интизар,
Дәл – дариға ғишық[12] оты бермес аман.
Зәл – зәлиллік[13] көрген соң, сайрай бер, тіл,
Ре – риза қылмағыңды, яр[14], өзің біл.
Зе – заһардай[15] күйдірді ғишқың қатты,
Сын – сәләмат қалмағым болды мүшкіл.
Шын – шәкәр ләб[16] есіме түскен сайын,
Сат – сабырым қалмады, мен не әйләйін[17].
Зат – заиғ[18] өмірім өтті менің бекер,

---

[1] عبرت – (араб.) [‘ибрәт] – үлгі, өнеге, ғибрат.
[2] بلا – (парсы.) [бәла] – пәле, қиыншылық.
[3] درد – (араб.) [дәрд] – ауру, азап шегу. Мұнда ғашық болып дерттену деген мағынада.
[4] نسبت – (араб.) [нисбәт] – байланыс, қатынас, бір нәрсемен байланыста болу.
[5] ابیات – (араб.) [әбиат] – өлең, жыр; бәйт сөзінің көпше түрі.
[6] ثنا – (араб.) [сәнә] – мақтау, мадақтау.
[7] مدح – (араб.) [мәдх] – мадақтау, мақтау.
[8] حرمت – (араб.) [хурмәт] – құрмет.
[9] جمال – (араб.) [жәмал] – көрік, сұлулық, әдемілік.
[10] روزی – (парсы.) [рузи] – несібе, үлес.
[11] خلیل – (араб.) [хәлилл] – шын дос, сүйген жар.
[12] عشق – (араб.) [‘ишқ] – ғашықтық.
[13] ذلیل – (араб.) [зәлил] – қорлық, азап.
[14] یار – (парсы.) [йар] – дос, сүйікті жар мағынасында.
[15] زهر – (парсы.) [зәһәр] – у, заһар.
[16] شکر لب – (парсы.) [шәкәр ләб] –тәтті ерін.
[17] ایلاماک – (түрк.) [әйләмәк] – істеу, жасау.
[18] ضایع – (араб.) [заи‘] – бүлінген, бұзылған, зая.

Та – талаптан әйтеуір құр қалмайын.
За – залым көп қылыш боп жанға оқталды,
‘Айн – ақылымды басымнан тартып алды.
Ғайын – ғариблік[1] басыма түскеннен соң,
Фи – файдаң[2] тие ме деп жаза салды.
Қаф – қабыл болар ма екен жазған хатым,
Кәф – кәміл[3] ақылың, асыл затым.
Ләм – ләбіңнен[4] ем қылсаң мен дәртліге,
Мим – меһріңнен қалмас ед бар апатым.
Нун – нала ғып қайғыңмен күйдірдің көп,
Уау – уәйлана[5] ғишқың[6] уайым жеп,
Һи – һеш файдаң тимесе өлді ойлаңыз,
Ләм-әлиф – лә иләһа иллалла[7] деп.
Я – ярым, қалай болар жауап сөзің,
Мәд – қасың, тәшдид – кірпік, сукун – көзің[8].
Үтірмен асты-үстілі жазуда бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің.

---

[1] غريب – (араб.) [ғәриб] – ғаріп.

[2] فايده – (араб.) [фаидә] – пайда.

[3] كامل – (араб.) [камил] – кемел, толық.

[4] لب – (парсы.) [ләб] – ерін.

[5] ويلان – (парсы.) [уәйләң] – қаңғырып жүретін, тентірейтін.

[6] عشق – (араб.) [‘ишқ] – ғашықтық.

[7] لا اله الا الله – (араб.) [Лә иләһә иллаллаһ] – Алладан басқа ешбір тәңірі жоқ.

[8] مد – мәд, ْسوكون – сукун, ّتشديد – тәшдид – араб жазуын сауатты оқу үшін әріптердің үстіне қойылатын айрықша белгілер.

ШӘРІПКЕ

Түңлікбайдың қатыны, атың Шәріп, (5)
Байға жарып көрмеген сен бір кәріп.
Сен шыққан жол үстінде жалғыз түп ши,
Көрінген ит кетеді бір-бір сарып.

2 – 9113

АБЫРАЛЫҒА

Мен жасымнан көп көрдім (6)
Мұсылманды, кәпірді.
Абыралыдай көрмедім
Намаз білмес пақырды.
Қирағатын[1] оқытып
Көріп едім, шатылды.
Ниет қыла білмейді,
Не қылады нәпілді[2].

Намазшамның[3] артынан
Құржаң-құржаң етеді.
Жер ұшық[4] берген кісідей
Тоңқаңдай ма, не етеді.
Нәпіл түгіл намазы –
Бәрі желге кетеді.

«Еннатайына кәлкәусар»[5],
Пашол дереу, күнәкар.
Аяғын ойлап айтқаны:
«Әні-шаны күлаптар»[6].
Осы оқумен намаздың
Қай жерінде сауап бар?
Тегін ойлап байқасаң,
Мұнда ми жоқ, құлақ бар.

---

[1] قرأت – (араб.) [қира`ат] – оқу, Құранды мақаммен оқу.

[2] نافل – (араб.) [нафил] – міндетті болмаса да, қосымша жасалатын құлшылық.

[3] نماز شام – (парсы.) [нәмаз-и шом] – күн бата оқылатын намаз.

[4] Жер ұшық – ауырған адамды күн батар алдында күн батысқа қаратып жерге жатқызып-тұрғызып ұшықтау.

[5] إِنَّآ أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَر – (араб.) [Иннә ә‘тайнә кәл-кәусәр] – Расында, Біз саған кәусәрді бердік. «Кәусар» сүресінің алғашқы аяты.

[6] إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ – (араб.) [Иннә шәниәкә hуәл-әбтәр] – Расында, сені жамандағанның өзі ұрпақсыз қалады. «Кәусар» сүресінің үшінші аяты. Мұнда ақын «Әні-шаны күлаптар» деп, сүре аяттарын асығыс, немқұрайлы оқуды айтып отыр.

ЖАҚСЫЛЫҚҚА

Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық! (7)
Өз басыңда жының бар бір бақсылық.
Борышқорлық – адамға қиын нәрсе,
Әрқайда өсіткізеді мал тапшылық.

* * *

(Шиллер – Лермонтовтан)

Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға, (8)
Алла асыраған пендесі аш бола ма?
Ержеткен соң сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

* * *

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім! (9)
Саяламай, сай таппай,
Не күн туды басыңа,
Күні-түні жай таппай?
Сен жайыңа жүргеннен,
Қыз өле ме бай таппай?
Түн кезгенің мақұл ма,
Жан-жағыңа жалтақтай?
Өлермін деп жүрмісің,
Мұнан басқа жан таппай?

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сабыр түбі – сары алтын.
Сабыр қылсаң, жайыңды
Білер ме екен бекзатым?
Көңіл аулап, сөз айтар
Арадағы тілхатым,
Ағын судай екпіндеп,
Лайы жоқ суатым,
Ауру да емес, сау да емес,
Құрыды әл-қуатым.

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сана[1] қылма бекерге.
Сан қылғанмен пайда жоқ,
Дүние даяр өтерге,
Ажал даяр жетерге.
Қош, қыз алсын қойнына,
Бейнет көрмей, дәулет жоқ.
Әлі барып кетерге,
Онымен бойыңа
Иман, дәулет бітер ме?
Адалды сатсаң арамға,
Құдай қабыл етер ме?
Қыз сүйеді мені деп,
Оған көңіл көтерме!
Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!

[1] Сана (түрк.) – қайғы, мұң, шер.

Сарқа берме санасын.
Бәрін өзің білсең де,
Әлі-ақ өзің танасың.
Өртенесің, жанасың.
Өз-өзіңнен бейнетке
Өз басыңды саласың.
Қай мезгілде тойғыздың
Аюдайын ағасын,
Қатыны мен қалашын?
Қарсақ жортпас қара адыр,
Қарамай неге шабасың?
Сонда тәуір бола ма,
Ұстап ап біреу сабасын?
Киіміңді тонасын,
Елге де күлкі боласың.
Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!
Сағынышқа сарғайма!
Жай жүрсең де қыз қумай,
Сені біреу қарғай ма?
Қыз іздесең, қалың бер,
Мұным ақыл болмай ма?
Көріп алсаң көріктіні,
Таңдап алсаң тектіні,
Сонда көңіл толмай ма?

1882

БОРОДИНО

(М. Ю. Лермонтовтан)

– Айтшы, аға, неғып жеңілдік? (10)
Мәскеуде емес тегіндік.
Болған, білем, соқтығыс,
Емес, білем, аз жұмыс.
Ұмытпайды еш орыс
Бородинде көргенді.
Ондағы біздің адамдар
Сендердей емес, балаңдар.
Қиын тиді оларға,
Аз кісі-ақ қайтып санарға.

.....
Қол салмаққа кәртечке[1]
Ол күн болды күн кешке,
Қас қарайып, болды түн.

.....
Штык, қылыш қайрасып,
Ширатып мұртын шайнасып,
Ашулы солдат қыстықты:
«Қойса екен бізді тыюын,
Айтса екен бізге қиынын,
Жыртпасақ жаудың киімін,
Біз не етеміз штыкты...»
.....

[1] Картечь (орыс.) – шашылып атылатын оқ.

1884

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы, (11)
Аласыз қара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.
Сөйлесе, сөзі әдепті әм мағыналы,
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды.
Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойыны бар,
Үлбіреген тамағын күн шалмайды.
Тақтайдай жауырыны бар, иығы тік,
Екі алма кеудесінде қисаймайды.
Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел талшыбықтай бұраңдайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Әжімсіз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды
Торғындай толқын ұрып көз таңдайды.

* * *

Қандай қызда ләззат бар жан татпаған? (12)
Сұлуы бұл заманның тек жатпаған.
Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң,
Алмасы өкпе болар қол батпаған.
Бұлардың кейбірінің мінездері –
Еш нәрсе көрмегенсіп бұртақтаған.
Кейбірі жайдары, ашық боламын деп,
Орынсыз адамдармен жыртақтаған.
Әуелден сұлу жайы бізге мәлім –
Жігітті жұрт мақтаған қыз жақтаған.
Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған.
Кей жігіт арсыздықпен ұятсынбай,
Қолы жетпес нәрсеге тыртақтаған.
Орынды іске жүріп, ой таппаған,
Не болмаса жұмыс қып, мал бақпаған.
Қасиетті болмайды ондай жігіт
Әншейін құр бекерге бұлғақтаған.

1885

Жасымда ғылым бар деп ескермедім, (13)
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім.
Бұл мақрұм[1] қалмағыма кім жазалы,
Қолымды дөп сермесем, өстер ме едім?
Адамның бір қызығы – бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім.
Өзім де басқа шауып, төске өрледім,
Қазақта қара сөзге дес бермедім.
Еңбегіңді білерлік еш адам жоқ,
Түбінде тыныш жүргенді теріс көрмедім.

[1] محروم – (араб.) [мәхрум] – бос, құр, бос қалу, құр қалу.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Әм жабықтым, әм жалықтым, (14)
Сүйеу болар қай жігіт
Көңілден кеткен соң тыным?
Әм сүйіндім, әм түңілдім,
Үнемі неткен үміт
Өткен соң бар жақсы жылым?

1886

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек, (15)
Ашуың – ашыған у, ойың кермек.
Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Жас қартаймақ, жоқ тумақ, туған өлмек,
Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,
Бір құдайдан басқаның бәрі өзгермек.

Ер ісі – ақылға ермек, бойды жеңбек,
Өнерсіздің қылығы – өле көрмек.
Шыға ойламай, шығандап қылық қылмай,
Еріншек ездігінен көпке көнбек.

Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек,
Ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек.
Арамдықтан жамандық көрмей қалмас,
Мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек.

Адамзат тірілікті дәулет білмек,
Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек.
Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезбек,
Не қорлық, құр қылжаңмен күн өткізбек.

Наданға арам – ақылды құлаққа ілмек,
Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.
Рас сөздің кім білер қасиетін,
Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек[1],
Қызықты ертегіге көтерілмек.
Ақсақалдың, әкенің, білімдінің,
Сөзінен сырдаң тартып, тез жиренбек.

[1] Бергек – сәндік үшін жаулықтың сыртынан салатын шаршы (1933 жылғы жинақтың сілтеме түсінігі, 84-бет).

Ақылды қара қылды қырыққа бөлмек,
Әр нәрсеге өзіндей баға бермек.
Таразы да, қазы да өз бойында,
Наданның сүйенгені – көп пен дүрмек.

Алашқа іші жау боп, сырты күлмек,
Жақынын тіріде аңдып, өлсе өкірмек.
Бір-екі жолы болған кісі көрсе,
Құдай сүйіп жаратқан осы демек.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ, өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен жаннан аспақ,
Өзімен-өзі бір күн болмай ма әлек?

Қолдан келе бере ме жұрт меңгермек,
Адалдық, арамдықты кім теңгермек?
Мақтан үшін қайратсыз болыс болмақ,
Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

* * *

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман, (16)
Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды алярман.

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегіңді әперем деп.

Жарлы алады қызметпен өткерем деп,
Елубасы шар салып[1], леп берем деп.
Жалаңқая жат мінез жау алады,
Бермей жүрсең, мен сені жек көрем деп.

Дос алады бермесең бұлт берем деп,
Жауыңа қосылуға сырт берем деп,
Бұзылған соң мен оңай табылмаспын,
Не қылып оңайлықпен ырық берем деп.

Сұм-сұрқия сұмдықпен еп берем деп,
Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп.
Жүз қараға екі жүз алярман бар,
Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Ел жиып, мал сойыңыз ет берем деп,
Мал берсем, сен мендік бол деп берем деп.
Қара қарға сықылды шуласар жұрт,
Кім көп берсе, мен соған серт берем деп.

Бұзыларда ойламас бет көрем деп,
Ант ішуді кім ойлар дерт көрем деп.
Қабаған итше өшігіп шыға келер,
Мен қапсам, бір жеріңді бөксерем деп.

[1] Елу үйдің атынан сайланған елубасылар кішкене тасты (шарды) екі ұялы жәшікке салу арқылы болысты сайлауға дауыстарын беретін болған. Оны жұрт сол кезде «шар салу» деп атаған.

Орыс айтты өзіңе ерік берем деп,
Кімді сүйіп сайласаң, бек көрем деп.
Бұзылмаса, оған ел түзелген жоқ,
Ұлық жүр бұл ісіңді кек көрем деп.

Жұрт жүр ғой арамдықты еп көрем деп,
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.
Бар ма екен жай жүрген жұрт қанағатпен,
Құдайдың өз бергенін жеп көрем деп?

Атаны бала аңдиды, ағаны – іні,
Ит қорлық немене екен сүйткен күні?
Жанын сатқан мал үшін антұрғанның
Айтқан сөзі құрысын, шыққан үні.

Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып,
Аямай бірін-бірі жүр ғой аңдып.
Мал мен бақтың кеселі ұя бұзар,
Паруардигәр жаратқан несін жан қып!

Ант ішіп күнде берген жаны құрсын,
Арын сатып тіленген малы құрсын.
Қысқа күнде қырық жерге қойма қойып,
Қу тілмен қулық сауған заңы құрсын.
Бір атқа жүз құбылған жүзі күйгір,
Өз үйінде шертиген паңы құрсын.

* * *

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап, (17)
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қаркылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-қашып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап.
Не таптық мұныменен деген жан жоқ,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

* * *

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым, (18)
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,
Бір күн тыртың етеді, бір күн бұртың.
Бас-басына би болған өңкей қиқым,
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың.

Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па Құдай құлқын.
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған,
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқың.
Оңалмай бойда жүрсе осы қыртың,
Әр жерде-ақ жазылмай ма, жаным, тырқың?
Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқың?
Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,
Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.
Ұғындырар кісіге кез келгенде,
Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

3 – 9113

* * *

Байлар жүр жиған малын қорғалатып, (19)
Өз жүзін онын беріп, алар сатып,
Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,
Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?
Барып келсе Ертістің суын татып,
Беріп келсе бір арыз бұтып-шатып,
Елді алып, Еділді алып есіреді,
Ісіп-кеуіп, қабарып келе жатып.
Әрі-бері айналса аты арықтап,
Шығынға белшесінен әбден батып.
Сұм-сұрқия, қу, білгіш атанбаққа
Құдай құмар қылыпты қалжыратып.
Қорғаласа, қорықты деп қоймаған соң,
Шаптырады қалаға бай да андатып.
Күшті жықпақ, бай жеңбек әуел бастан,
Қолға түсер сілесі әбден қатып.
Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып.

* * *

Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да, (20)
Алдамаған кім қалды тірі жанда?
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға[1] қисайғанда.
Мұнан менің қай жаным аяулы деп,
Бірге тұрып қалады кім майданда?

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.
Осы күнде осы елде дәнеме жоқ
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр,
Жаз жіберіп, күз атын міне алмай жүр.
Сабылтып, күнде ұрлатып, із жоғалтып,
Ызаменен ыржиып күле алмай жүр.

Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр,
Қолдан беріп, қор болып, ала алмай жүр.
Ел аулақта күш айтқан, топта танған,
Арсыз жұрттан көңілі тына алмай жүр.

Естілер де ісіне қуанбай жүр,
Ел азды деп надандар мұңаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдектер,
Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр.

Бектікте біреу бектеп тұра алмай жүр,
О дағы ұры-қарды тыя алмай жүр.
Қарсылық күнде қылған телі-тентек,
Жаза тартып ешбірі сұралмай жүр.

[1] Жыға – баскиімнің төбесіне қадап қоятын әшекей. Ақын адам басынан бағы таюды, басына іс түсуді бейнелеп айтқан.

Қарындас қара жерге тыға алмай жүр,
Бірінің бірі сөзін құп алмай жүр.
Құда-тамыр, дос-жаран, қатын-балаң –
Олар да бір қалыпты бола алмай жүр.

Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып, шыға алмай жүр.
Арақ ішкен, мас болған жұрттың бәрі,
Не пайда, не залалды біле алмай жүр.

Жетілтіп жаз жайлауға қона алмай жүр,
Күз күзеу де жанжалсыз бола алмай жүр.
Қыс қыстауың – қып-қызыл ол бір пәле,
Оралып ешбір шаруа оңалмай жүр.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр.
Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң,
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

* * *

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ, (21)
Оларға жөн – арамның сөзін ұқпақ.
Қас маңғаз, малға бөккен кісімсініп,
Әсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.

Бір аршопке[1] шапаны сондай шап-шақ,
Мүшесінен буынып, басады алшақ.
Қарсы алдына жымырып келтірем деп,
Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жаздыгүні ақ бөркі бүктелмейді,
Қолында бір сабау бар, о дағы аппақ.
Керегеге сабауды шаншып қойып,
Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.

Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,
Қалжыңдамақ, қасынбақ, ыржаңдамақ.
Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.

Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,
Бәрі де шаруаға келеді олақ.
Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,
Бар өнері – қу борбай, сымпыс шолақ.

Олардың жоқ ойында малын бақпақ,
Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.
Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,
Сәлемдеспей, алыстан ыржаң қақпақ.

[1] Аршопке – аршын деген сөзден алынған; бұл жерде: өлшем, мөлшер, кездеме өлшемі.

* * *

Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық, (22)
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық.

Бар ойы – өлең айтып, ән салалық,
Біреуді қалжың қылып қолға алалық.
Қызды ауылға қырындап үйір болса,
Көңіліне зор қуаныш бір бадалық[1].

Демеңдер өнбес іске жұбаналық,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ, қуаналық.
Қызды сүйсең, бірді-ақ сүй, таңдап тауып,
Көрсеқызар, күнде асық – диуаналық.

Жастықта бір күлгенің – бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса, еңбекпен мал табалық.

Той болса, тон киелік, жүр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық.

Уайым – ер қорғаны, есі барлық,
Қиыны бұл дүниенің – қолы тарлық.
«Ehe-eheге» елірме, бозбалалар,
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық.

Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдыңда уайым көп шошынарлық:
Жарлылық, жалыныштың жалтаң көздік,
Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.

Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезгіл болар тоқталарлық.

[1] باده – (парсы.) [бадә] – шарап, ішімдік, маскүнем.

Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырар,
Жұмыс қып болмаған соң мал табарлық.

Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой саларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп
Жүрмесін деп, азғана сөз шығардық.

* * *

Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат, (23)
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік біреулер бар,
Абайлар, әрбір сөзді өз халынша.

Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,
Оңғақ бұлша былғайды, бір дым тисе.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!

Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ғиззәт[1], құрмет қылыс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.

Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес.

Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің[2] бәрі бір бәс.

[1] عزة – (араб.) [‘иззәт] – қадір, сый, ізет.

[2] Өлекшін – қаншық итті айтады (1933 жылғы жинақтың сілтеме түсінігі, 84-бет).

Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсеқызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл берме!

Көп жүрмес жеңсікқойлық, тез-ақ тозар,
Жаңғырар жеңсікқұмар, жатқа қозар.
Күнде көрген бір беттен көңіл қайтар,
Қылт еткізбес қылықты тамыршы озар.

Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр.

Шу дегенде көрінер сұлу артық,
Көбі көпшіл келеді ондай қаншық.
Бетім барда бетіме кім шыдар деп,
Кімі паңдау келеді, кімі тантық.

Ақыл керек, ес керек, мінез керек,
Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.
Салақ, олақ, ойнасшы, керім-кербез,
Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек.

Қатының сені сүйсе, сен де оны сүй,
Қоржаң суық келеді кей сасық ми.
Ері ақылды, қатыны мінезді боп,
Тату болса, раис[1] үстіндегі үй.

Жоқ болса қатыныңның жат өсегі,
Болмаса мінезінің еш кесегі.
Майысқан, бейне гүлдей толықсыған,
Кем емес алтын тақтан жар төсегі.

Жасаулы деп, малды деп байдан алма,
Кедей қызы арзан деп құмарланба.
Ары бар, ақылы бар, ұяты бар
Ата-ананың қызынан ғапыл қалма.

Үйіңе тату құрбың келсе кіріп,
Сазданбасын қабақпен имендіріп.

[1] رایس – (парсы.) [раис] – көркем, әдемі, сәнді (1933 жылғы жинақ, сілтеме сөздігі, 84-бет).

Ері сүйген кісіні о да сүйіп,
Қызмет қылсын көңілі таза жүріп.

Құрбыңның тәуір болсын өз мінезі,
Абыройлы қалжыңмен келсін сөзі.
Сен оған мойын бұрып сөз айтқанда,
Қатыныңда болмасын оның көзі.

Кей құрбы бүгін тату, ертең бату,
Тілеуі, жақындығы – бәрі сату.
Көкірегінде қаяу жоқ, қиянат жоқ,
Қажымас, қайта айнымас, қайран тату!

Пайда деп, мал деп туар ендігі жас,
Еңбекпен терін сатып түзден жимас.
Меліш[1] сауда сықылды күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.

Асық ұтыс сықылды алыс-беріс –
Тірі жанның қылғаны бүгін тегіс.
Бірі көйтке[2] таласып, бірі арам қып,
Төбелескен, дауласқан жанжал-керіс.

Жас бала әуел тату бола қалар,
Ата-анадан жақын боп, ертіп алар.
Бірін бірі құшақтап шуылдасып,
Ойын тарқар кезінде ұрыс салар.

Біреуі жылап барса үйге таман,
Ата-анасы бұрқылдар онан жаман.
Татулығы құрысын ойыны мен
Дәл соларға ұқсайды мына заман.

Жаман тату қазады өзіңе ор,
Оған сенсең, бір күні боларсың қор.
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,
Өзі зордың болады ығы да зор.

Қазақтың қайсысының бар санасы?
Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.
Пысықтықтың белгісі – арыз беру,
Жоқ тұрса бес бересі, алты аласы.

---

[1] Меліш, мелочь (орыс.) – ұсақ-түйек.

[2] Көйт – асық ойынында қарыз алу. Ұтылып қалса, көйт болып ойыннан қуылады.

* * *

Патша құдай, сыйындым (24)
Тура баста өзіңе.
Жау жағадан алғанда,
Жан көрінбес көзіме.
Арғын, Найман жиылса,
Таңырқаған сөзіме.
Қайран сөзім қор болды
Тобықтының езіне.
Самородный[1] сары алтын
Саудасыз берсең, алмайды
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне.
Кеселді түйін шешілсе,
Кердең мойын кесілсе,
Келмей кетпес кезіне.
О да – құдай пендесі,
Түспей кетер деймісің
Тәңірінің құрған тезіне**!**

[1] Самородный (орыс.) – таза, қоспасыз деген мағынада (М. Әуезов 1933 жылғы түзетуінде «айырықша туған, айырықша таза түрде табылған» деп көрсеткен (Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 26-бет).

* * *

Базарға, қарап тұрсам, әркім барар, (25)
Іздегені не болса, сол табылар.
Біреу астық алады, біреу – маржан,
Әркімге бірдей нәрсе бермес базар.
Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар,
Сомалап ақшасына сонан алар.
Біреу ұқпас, бұл сөзді біреу ұғар,
Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар.
Сөзді ұғар осы күнде кісі бар ма,
Демеймін жалпақ жұртқа бірдей жағар.
Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,
Біреуден біреу алып, елге тарар.
Бір кісі емес, жазғаным жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар.

* * *

Интернатта оқып жүр (26)
Талай қазақ баласы –
Жаңа өспірім, көкөрім,
Бейне қолдың саласы.
Балам закон білді деп,
Қуанар ата-анасы,
Ойында жоқ олардың
Шариғатқа шаласы.
Орыс тілі, жазуы –
Білсем деген таласы.
Прошение[1] жазуға,
Тырысар, келсе шамасы.
Ынсапсызға не керек
Істің ақ пен қарасы?
Нан таппаймыз демейді,
Бүлінсе елдің арасы.
Иждиһатсыз[2], михнатсыз
Табылмас ғылым сарасы.
Аз білгенін көпсінсе,
Көп қазаққа епсінсе,
Кімге тиер панасы?
Орыс теріс айтпайды,
Жаман бол деп оларды.
Қаны бұзық өзі ойлар
Қу менен сұм боларды,
Орыста қалар жаласы.
Бұл іске кім виноват[3] –
Я, Семейдің қаласы,
Я, қазақтың баласы.
Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы.

---

[1] Прошение (орыс.) – арыз, өтініш.

[2] اجدهاد – (араб.) [иждиһат] – талап, жігер, ыждағат.

[3] Виноват (орыс.) – кінәлі, айыпты.

Ақылы кімнің бар болса,
Демес мұны тілі ащы.
Айтыңызшы, болсаңыз
Здравомыслящий[1],
Ақыл айтпай ма ағасы?
Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге.
Артық ғылым кітапта,
Ерінбей оқып көруге.
Военный[2] қызмет іздеме,
Оқалы киім киюге.
Бос мақтанға салынып,
Бекер көкірек керуге.
Қызмет қылма оязға,
Жанбай жатып сөнуге.
Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөгуге.
Өнерсіздің қылығы –
Тура сөзін айта алмай,
Қит етуге бата алмай,
Қорлықпенен шіруге.
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүруге.
Алыс та болса іздеп тап,
Кореннойға[3] кіруге,
«Талапты ерге нұр жауар»,
Жүріп өмір сүруге.
Я байларға қызмет қыл!
Ерінбей шауып желуге.
Адал жүріп, адал тұр,
Счетың[4] тура келуге.
Жаныңа жақса, соңынан
Жалқауланба еруге.

---

[1] Здравомыслящий (орыс.) – зерек, әр істі ақылмен ойлап шешетін адам.

[2] Военный (орыс.) – әскери.

[3] Коренной (орыс.) – ежелгі, негізгі, тұрақты. Бұл жерде түпкілікті қызметке кіру мағынасында.

[4] Ісшот (орыс. счет) – есеп.

Қисық болса, закон бар
Судьяға беруге.
Ол да оязной емес қой,
Алуға теңдік сенуге.
Я өз бетіңмен тәуекел,
Занимайся прямотой[1].
Жеңіл көрме, бек керек
Оған да ғылым, оған да ой,
Қалайынша қайда енуге.

[1] Занимайся прямотой (орыс.) – турашыл, батыл бол деген мағынада.

* * *

Ғылым таппай мақтанба, (27)
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі[1],
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең ғибрәтлі[2],
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немене,
Балалықты қисаңыз.
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз.
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз,
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз.

[1] نفرت – (араб.) [нәфрәт] – жиіркеніште.
[2] عبرت – (араб.) [‘ибрәт] – үлгілі, өнегелі.

Ият, хадис емес қой,
Кәпір[1] болдың демес қой,
Қанша қарсы келсеңіз.
Көп орнында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеңіз.
Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!
Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан[2], өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі – пұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.
Сізге айтамын, хаупім – бұл.
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең,
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Әр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұлама-и Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқып және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.

---

[1] كافر – (араб.) [кәфир] – дінге сенбейтін, имансыз адам.
[2] ميزان – (араб.) [мизан] – таразы.

* * *

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ, (28)
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,
Қабырғалы, жоталы болса күшті.
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
Тояттаған бүркіттей салқы төсті[1].

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.
Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,
Алды-арты бірдей келсе ерге жайлы.
Күлте құйрық, қыл түбі әлді келіп,
Көтендігі сығыңқы, аламайлы.

Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті,
Өзі санды, дөңгелек келсе көтті.
Сырты қысқа, бауыры жазық келіп,
Арты талтақ, ұмасы үлпершекті[2].

Шідерлігі[3] жуандау, бота тірсек,
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп, қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрса, байлап көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрсе көсем,
Иек қағып, еліріп басса әсем.
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Аяңы тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бұл-бұл қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тигізбей.

---

[1] Салқы төсті – кеуделі, омыраулы (АТС, 434-бет).

[2] Ұмасы үлпершекті – ұма – ұрық безінің сыртындағы қалталанған тері (АТС, 549-бет).

[3] Шідерлігі – аттың тірсегінен жоғарғы шідер салатын жері. Шідер – аттың үш аяғына салатын тұсау. (АТС, 594-бет).

* * *

Қансонарда бүркітші шығады аңға, (29)
Тастан түлкі табылар аңдығанға.
Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет,
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.

Салаң етіп жолықса қайтқан ізі,
Сағадан сымпың қағып із шалғанда.
Бүркітші тау басында, қағушы ойда,
Іздің бетін түзетіп аңдағанда.

Томағасын тартқан соң бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда.
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,
Қандыкөз қайқаң қағып шықса аспанға.

Көре тұра қалады қашқан түлкі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға.

Қызық көрер, көңілді болса аңшылар,
Шабар жері қарамай жығылғанға,
Қырық пышақпен қыржыңдап тұрған түлкі,
О дағы осал жау емес қыран паңға.

Сегіз найза қолында, көз аудармай,
Батыр да аял қылмайды ертең таңға.
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,
Көктен қыран сорғалап құйылғанда.

Жарқ-жұрқ етіп екеуі айқасады,
Жеке батыр шыққандай қан майданға.
Біреуі – көк, біреуі – жер тағысы,
Адам үшін батысып қызыл қанға.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,
Ұқсайды хаса[1] сұлу шомылғанға.

[1] خاص – (араб.) [хас] – ерекше, айрықша.

Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бүлк-бүлк етпей ме сипанғанда?!

Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш,
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда.
Күйеуі ер, қалыңдығы сұлу болып,
Және ұқсар тар төсекте жолғасқанға.

Арт жағынан жаурыны бүлкілдейді,
Қыран бүктеп астына дәл басқанда.
Құсы да иесіне қоразданар,
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.

«Үйірімен үш тоғыз» деп жымыңдап,
Жасы үлкендер жанына байланғанда.
Сілке киіп тымақты, насыбайды
Бір атасың көңілің жайланғанда.

Таудан жиде тергендей ала берсе,
Бір жасайсың құмарың әр қанғанда.
Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.

Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға
Бәрі де анық тұрмай ма ойланғанда.

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,
Суретін көре алмассың, көп бақпасаң.
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң.
Мұны оқыса, жігіттер, аңшы оқысын,
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң.

ЖАЗ

Жаздыгүн шілде болғанда, (30)
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге
Көшіп ауыл қонғанда;
Шұрқырап жатқан жылқының
Шалғыннан жоны қылтылдап,
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап,
Арасында құлын-тай
Айнала шауып бұлтылдап.
Жоғары-төмен үйрек, қаз
Ұшып тұрса сымпылдап.
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап.
Мал ішінен айналып,
Көңілі жақсы жайланып,
Бай да келер ауылға,
Аяңшылы жылпылдап;
Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап.
Жалшы алдаған жас бала,
Жағалайды шешесін
Ет әпер деп қыңқылдап.
Көлеңке қылып басына,
Кілем төсеп астына,
Салтанатты байлардың
Самаурыны бұрқылдап.
Білімділер сөз айтса,
Бәйгі атындай аңқылдап,
Өзгелер басын изейді,
Әрине деп мақұлдап.

Ақ көйлекті, таяқты
Ақсақал шығар бір шеттен
Малыңды әрі қайтар деп,
Малшыларға қаңқылдап.
Бай байғұсым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп,
Жарамсақсып, жалпылдап.
Шапандарын белсенген,
Асау мініп теңселген
Жылқышылар кеп тұрса,
Таңертеңнен салпылдап.
Мылтық атқан, құс салған.
Жас бозбала бір бөлек
Су жағалап қутыңдап.
Қайырып салған көк құсы
Көтеріле бергенде,
Қаз сыпырса жарқылдап.
Өткен күннің бәрі ұмыт,
Қолдан келер қайрат жоқ,
Бағанағы байғұс шал
Ауылда тұрып күледі,
Қошемет қылып қарқылдап.

КӨКБАЙҒА

Сорлы Көкбай жылайды, (31)
Жылайды да жырлайды.
Ол жыламай қайтіп тұрады,
Мынау азған қу заман
Қалыбында тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,
...болмаған соң
Жылауына зорлайды.

КӨЖЕКБАЙҒА

Жамантайдың баласы Көжек деген, (32)
Әркімге өсек тасып безектеген.
Досын келіп досына жамандайды,
Шіркінде ес болсайшы сезед деген.

* * *

Өкінішті көп өмір кеткен өтіп, (33)
Өткіздік бір нәрсеге болмай жетік.
Ойшылдың мен де санды бірімін деп,
Талап, ойсыз, мақтанды қалдым күтіп.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Ыржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.

Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жиреніп, жылмаңдықты демес бұрыс.
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.

Сенімі жоқ серменде[1] сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.

Дос-асықтың болмайды бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.

Құдай берген бұл достық – кәннің[2] бірі,
Мұңдасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі.

Сол досты сая таппай іздейді жан,
Жоқтайды күңіреніп, қозғалып қан.
Жау жабылса, бұзылмас жан көрмедім
Артық жолдас таппадым татулықтан.

---

[1] شرمنده – (парсы.) [шәрмәндә] – масқара.

[2] كان – (парсы.) [кан] – кен, кеніш. Ауыспалы мағынада – мейірімділік бастауы, қайырымдылық, ізгілік.

1887

Сабырсыз, арсыз, еріншек, (34)
Көрсеқызар, жалмауыз,
Сорлы қазақ сол үшін
Алтыбақан алауыз.
Өзін-өзі күндейді,
Жақынын жалған міндейді,
Ол – арсыздық белгісі.
Ұятсынбай, ойланбай,
Қой дегенге тіл алмай,
Іс қылмай ма ол кісі?
Бір-ақ секіріп шығам деп,
Бір-ақ ырғып түсем деп,
Мертігеді, жатады.
Ұрлықпен мал табам деп,
Егессе ауыл шабам деп,
Сүйтіп құдай атады.
Бұл нең десе біреуге,
Жоқ нәрсені шатады.
Құтылам деп ісінен,
Бәрін көріп кісіден,
Шығынға әбден батады.
Бұл болмаса, онысы,
Аударылып қонысы,
Алыстан дәм татады.
Қызмет қылып мал таппай,
Ғылым оқып ой таппай,
Құр үйінде жатады.
Ел қыдырып ас ішіп,
Еркек арын сатады.
Бала-шаға, ұрғашы
Үйде жарап-қатады.
Еңбегі жоқ, еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
Пысық деген ант шықты.
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты.
Пысық кім деп сұрасаң –
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.

Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек мақтанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса «қу».
Қу нәпсісін тыя алмай,
Атым шығып жүрсін деп,
Берекеге қас болса,
Желіктірген айтаққа
Арақ ішпей мас болса.
Ел тыныш болса азады,
Ерігіп өле жазады.
Үйде отырса салбырап,
Түзге шықса албырап,
Кісіні көрсе қылжаңдап,
Қалжыңшылсып ыржаңдап,
Өз үйінде қипаңдап,
Кісі үйінде күй таңдап.
Ақылы бар кісіні
Ғайбаттайды, даттайды.
Ауқаты бар туғанды
Қайырсыз ит деп жаттайды.
Мал мен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді,
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Қу тілменен құтыртып,
Кетер бір күн отыртып,
Қызмет қылған кісісін
Құрытуға таяйды.
Қылып жүрген өнері:
Харекәті – әрекет.
Өзі оңбаған антұрған
Кімге ойлайды берекет?
Кімді ұялып аяйды?
Расы жоқ сөзінің,
Ырысы жоқ өзінің,
Өңкей жалған мақтанмен
Шынның бетін бояйды.
Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз –
Елдің жайы солай-ды.

* * *

Бөтен елде бар болса (35)
Ежеттесің[1], сыйласың,
Сыбырлас, сырлас көп болған
Көптен тату қимасың,
Басыңа жұмыс түскен күн
Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын?
Ашып берер жауыңа
Өзі көрген қоймасын.

Желіккен жауға кез болса,
Араздығы сөз болса,
«Бәрекелді батыр» деп,
«Мықты боп бара жатыр» деп,
Мақтап-мақтап қоздырар.
Ескі досын көргенде,
Есебі жоқ ант ішіп,
Аруақ, құдай айтысып,
Сыр алғалы айттым деп,
Жауыңды алдап қайттым деп,
Құдайдан қорықпай, антұрған,
Иман жүзін тоздырар.
Келіп-кетіп көп жүріп,
Мен досыңмын деп жүріп,
Дұспандығын оздырар.
Алдайды деп жауыңа,
Ел тарттырмай баурыңа,
Көрінгенді азғырар.

Кеселді болып бітеді
Жақсыға біткен жақындар.
Жау жағадан алған күн
Өздері иттей тақымдар.
Үйде отырып ескенде,
Бәрі шешен қақылдар.
Аулаққа шығып бірінің
Бірі сөзін мақұлдар.

[1] Ежеттесің – бір-бірін түсінетін, пікірлес, сырлас (АТС, 171-бет).

Жау көп болса басыңда,
Бірі қалмас қасыңда,
Жетектесең, табандар.
Далаға шығып өзіңді
Жаудан бетер жамандар.
Жалбарынып күн көріп,
Жақынын сатып, жөн көріп,
Қалтаң-құлтаң амалдар.

Туысқанға кекшілі
Жас баладан бетер-ді,
Ойлау да жоқ, білу жоқ
Келер менен кетерді.
Жақынға еріп, мал салмай,
Жауды көріп, жан салмай,
Қайдан ғана біледі
Ауыр менен жеңілдің
Арасымен өтерді?
Жолдас аз боп сасқанда,
Әуел сонан есітесің
«Ат үстінен көтерді».
Ауыр жұмыс кез болса,
Араздығы сөз болса,
Араз кісі болғансып,
Сылтау етер бекерді.
Үйренбейді кісіден
Кіржіңдеп жүріп кекер-ді.

Оңалып егер алдыңыз,
Әр жерден-ақ көбейер
Ажарлыңыз, малдыңыз.
Пәленшені ұрам деп,
Төленшені қырам деп,
Таршылықта қайраңдап,
Кеңшілікте ойрандап,
Көп батырға қалдыңыз.
Егер тілін алсаңыз,
Бірі қалмас кісіден.
Егер тілін алмасаң,
Бықсып шірір ішінен.

Әркімде-ақ бар ғой туысқан,
Қайсысы жауды қуысқан?
Күн жауғанда қойныңда,
Күн ашықта мойныңда,
Арылмас міндет болған соң,
Әркімнің көңілі суысқан.
Жақсыға біткен ағайын
Өз үйінде кезексіз
Шешен келер сартылдап.
Біреу білер жер келсе,
Сөз таба алмас қалтылдап.
Қалжыңға келер шорқақтау,
Жауға келер қорқақтау,
Еркін жерде ызақор.
Томырық келер тарқылдап.
Әдеппенен тамылжып,
Мінезі тәтті болмайды,
Сасық паңдау келеді,
Қырт, мақтаншақ оңбайды,
Кісімсініп жалпылдап.
Біреуге өктем іс қылса,
Өз күшім деп ойлайды.
Егер күші жүрмесе,
Бағанағы жақсының
Қылғаны деп қоймайды.
Жат айбынар ісі жоқ,
Жау айдынар күші жоқ,
Өз еркіне жіберсең,
Ешнәрсеге тоймайды.

Қалжыңы – теріс, сөзі – ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді.
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар[1] бір қырыс.
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Көңілге медеу, ол тыныс?
Жалығуды пәледен
Жұрт ұмытты біржола.

[1] Қазан бұзар – бұзақы, елдің шырқын бұзушы (АТС, 300–301-бб.).

Шыныменен тамам ел
Кете ме екен ит бола?
Ішкені – мас, жеген – тоқ,
Уайым айтар біреу жоқ,
Тым болмаса болмады
«Бұлт ала, жер шола».

Келелі кеңес жоғалды,
Ел сыбырды қолға алды.
Ел ішінде бітімші
Түгел алып қайтпайды
Сұрай келген бір малды.
Ел жамаған билер жоқ,
Ел қыдырып сандалды.
Астыртын барып жолғасқан,
Ақша беріп жалғасқан,
Ақысын әрең сол алды.

Орыс сыяз қылдырса,
Болыс елін қармайды.
Қу старшын, аш билер
Аз жүрегін жалғайды.
Орыссыз жерде топ болса,
Шақырған кісі бармайды.
Бітім қылып бір кісі
Адал малын алмайды.
Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды.

Бас қосылса арысқа,
Кім шабады намысқа?
Жатқа қарар беті жоқ,
Жалынбай тұрар көті жоқ,
Ісі кетер шалысқа.
Ел бүлігі Тобықты
Көп пысыққа молықты.
Малдының малын көре алмай
Борышын түгел бере алмай,
Көрінгенге обықты.

Қазақтың малын сапырып,
Көп бәлеге шатылып,
Кесепатқа жолықты.
Өзінен шыққан жақсылар
Түзей алмай зорықты.
Бөтен елдің адамы,
Тынбаған соң арамы,
Көңілі әбден торықты.

Саудагер қашты бұл елден,
Несиесін жия алмай.
Бұралқылар сандалды,
Жуандарға сыя алмай.
Сыйымсыз болды алашқа,
Барымтасын тыя алмай.
Нанымы жоқ, анты бар,
Ел нұсқасы кетті ғой,
Елмін деген салты бар,
Әлі күнге уайым
Қылған жан жоқ, ұялмай.

* * *

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, (36)
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят[1], хадис[2] – сөздің басы,
Қосарлы бәйіт[3] сымал келді арасы.
Қисынымен қызықты болмаса сөз,
Неге айтсын пайғамбар мен және Алласы.

Мешіттің құтпа[4] оқыған ғұламасы,
Мінажат[5] ғалымдардың зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,
Сонда да солардың бар таңдамасы.
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,
Мақалдап айтады екен сөз қосарлап.
Ақындары ақылсыз, надан келіп,
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

---

[1] آية – (араб.) [айәт] – аят.
[2] حديث – (араб.) [хәдис] – Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың насихат сөзі.
[3] بيت – (араб.) [бәйт] – өлең, жыр.
[4] خطبة – (араб.) [хутбә] – уағыз айту, үгіт-насихат жасау.
[5] مناجات – (араб.) [мунәжәт] – Аллаға жалбарыну, мінажат.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,
Өз елін бай деп мақтар құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,
Жиса да, бай болмапты, қанша малды ап,
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,
Сендерге де келейін енді аяңдап.

Батырды айтсам ел шауып алған талап,
Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,
Әншейін күн өткізбек әңгімеге
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.
Мақтан қуған, малқұмар нені ұға алсын,
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,
Қусың десе, қуанып жүр алшаңдап.
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,
Елдің байын еліртіп «жау мұндалап».

Ынсап, ұят, ар, намыс, сабыр, талап –
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.
Терең ғылым, терең ой іздемейді,
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

НАЗАРҒА

Мынау келген Назар ма? (37)
Ақсақалды ауыл азар ма?
Сұрағаның бір-ақ тай,
Бермейді деп сазарма!

1888

Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол, (38)
Қаза көрген жүрегі жаралы – ол.
Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,
Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде[1], жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шілдехана,
Олар да өлең айтар шулап жана[2].
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,
Ойлансаңшы, бос қақпай елең-селең.

Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың,
Айтсаң да, үдесінен[3] шыға алмайсың.
Сен білмейді екен деп айтпасын ба,
Неге мұнша сіресіп құп алмайсың?

Өлең деген – әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны тоқ қаса[4] надан ұқпас сөзді,
Сөзді ұғар көкірегі болса көзді.
Қадірін жақсы сөздің білер жанға,
Таппай айтпа оған да айтар кезді.

---

[1] Қынаменде – ойын, қызықтың бір түрі, қына жағу (1933 жылғы жинақтың сілтеме түсінігі – ред.)

[2] Жана – және

[3] عده – (араб) [уддә] – шек, шегі деген сөз. Бұл арада ауыспалы мағынада. Яғни шегіне жетер, жеріне жеткізу деген ұғымда колданылған

[4] خاص – (араб) [хас] – ерекше, айрықша

Сый дәметпе, берсе алма еш адамнан,
Нең кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?
Сүйсінерлік адамды құрмет қыл
Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,
Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.
Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау!

Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

КҮЗ

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан, (39)
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Тойғаны ма, білмеймін, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.

Біреу малма[1] сапсиды, салып иін[2],
Салбыраңқы тартыпты жыртық киім.
Енесіне иіртіп шуда жібін,
Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.

Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,
Астында ақ шомшы[3] жүр, ол бір керуен.
Қай ауылды көрсең де, жабырқаңқы,
Күлкі-ойын көрінбейді, сейіл-серуен.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсең.

Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,
Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаңы.
От жақпаған үйінің сұры қашып,
Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

---

[1] Малма – теріні илер алдында салатын ақ (сүт, айран).

[2] Иі – тері илеу үшін арнайы дайындалатын қоспа түрі.

[3] Ақ шомшы – Арқаның егін екпейтін қазақтары орыс жерлерінен мал айырбастап астық алады. Сондағы олардың түйелері керуен емес (өйткені керуенде жүк болуы керек), тек астық артқан «шом» ғана бар. Мұны керуен демейді, «шом» дейді (Әуезов М. Абайтану дәрістері, 43-бет).

* * *

Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай (40)
Қыстың басы бірі ерте, біреуі жай.
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай.

Кедейдің өзі жүрер малын бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап.

Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?
Қара қидан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.

Қар жауса да, тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіңдей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр.

Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!

Алса да аяншақтау кедей сорлы,
Еңбек білмес байдың да жоқ қой орны.
Жас бала, кемпір-шалын тентіретпей,
Бір қыс сақта, тас болма сен де о құрлы.

ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды, (41)
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.
Ұшпадай[1] бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін,
Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.
Бурадай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.
Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.
Шидем[2] мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды.
Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына аз-ақ қалды.
Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,
Малшыларым, қор қылма итке малды.
Соныға малды жайып, күзетіңдер,
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!
Ит жегенше Қондыбай, Қанай[3] жесін,
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

[1] Ұшпа – бұлт, шоқ-шоқ болып жөңкіген бұлт

[2] Шидем – жүннен тоқылған жылы сырт киім

[3] Қондыбай, Қанай – ру аттарымен аталатын, жерінің шөбін жылқыға жалдайтұғын ауылдар

КҮЛЕМБАЙҒА

Уағалайкүмүссәләм, (42)
Болыс, мал-жан аман ба?
Мынадайға кез болдың
Аума-төкпе заманда.
Ел билеген адам жоқ
Ата менен бабаңда.
Болыстықтан пайда қып,
Шығыныңды алсаң жаман ба?
Қалжыңдаймын әншейін,
Оған келе де бермес шамаң да.

Орныңнан тұра шабасың,
Атшабар келсе қышқырып.
Ояз келсе қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып?
Отырасың үйіңде,
Өз-өзіңнен күш кіріп.
Босқа-ақ түсіп қаларсың,
Біреу кетсе үшкіріп!..

КӨКБАЙҒА

Бұралып тұрып, (43)
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын.
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын.

Керенау, кердең, бір керім,
Жақпайды маған сол жерің.

* * *

Желсіз түнде жарық ай, (44)
Сәулесі суда дірілдеп,
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен күрілдеп.

Қалың ағаш жапырағы
Сыбырласып өзді-өзі,
Көрінбей жердің топырағы,
Құлпырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып
Үрген ит пен айтаққа.
Келмеп пе еді жол тосып
Жолығуға аулаққа?

Таймаңдамай тамылжып,
Бір суынып, бір ысып,
Дем ала алмай дамыл қып,
Елең қағып, бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүрегі,
Тұрмап па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?

* * *

Ішім өлген, сыртым сау, (45)
Көрінгенге деймін-ау:
Бүгінгі дос – ертең жау,
Мен не қылдым, япырмау?!
Өз үйінде өзендей
Күркірейді, айтса дау.
Кісі алдында кірбеңдеп,
Шабан, шардақ және шау.
Мұндай ма едің ана күн,
Мұның қалай, батыр-ау?
Үш күн арқаң босаса,
Бола қалдың бас асау.
Жан қысылса, жайтаңдап,
Жанды еріткен жайдары-ау.
Жан жай тапса, сен неге
Жат мінезсің жабырқау?
Ұрлық пенен қулыққа
Байлағанда, кестің бау.
Берерменде бесеусің,
Аларманда және алтау.
Топ болғанда көресің
Түрлі дауды жүз тарау.
Аяғында сендейлер
Көрмей жүр ме ханталау?
Қайтып кірер есікті
Қатты серіппе, жарқын-ау!
Жетілсең де, жетсең де,
Керек күні бір бар-ау.

* * *

Болыс болдым, мінеки, (46)
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.
Сыяз бар десе, жүрегім
Орнықпайды суылдап.
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымыңдап.

Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз[1] шықты, сыяз бар»,
«Ылау[2]» деп, «үй» деп дікілдеп.
Сасып қалдым, күн тығыз,
Жүрек кетті лүпілдеп.
Тың тұяқ күнім, сүйтсе де,
Қарбаңдадым өкімдеп.
Старшын[3], биді жиғыздым:
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,
«Ат жарамды, үй жақсы
Болсын, бәрің күтін» деп.
Қайраттанып халқыма
Сөз айтып жүрмін күпілдеп:
«Құдай қосса, жұртымның
Ақтармын осы жол сүтін» деп,
Қайраттысып, қамқорсып,
Сайманымды бүтіндеп.

Оңашада оязға
Мақтамаймын елімді,

[1] Ояз – уездің бастығы (АТС, 405-бет)
[2] Ылау – әкімдерге тағайындалған ат, көлік (АТС, 597-бет)
[3] Старшын – белгілі бір рулық топтарды басқару үшін сайланған адам (АТС, 459-бет)

Өз еліме айтамын:
«Бергем жоқ, – деп, – белімді».
Мақтанамын кісімсіп,
Оязға сөзім сенімді.
Көрсеттім деймін, ымдаймын
Кәдік қылар жерімді.
Сөз көбейді, ұлғайды,
Мақтанның көті көрінді.
Қазақты жеген қайратты «ер»
Ұрынды да берінді.
Әрлі-берлі тартысып,
Ісі арамы жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді.
Үлкен-кіші ақының
Бәрі сөз боп терілді.
Қайрауы жеткен қатты би
Қайрылып нетсін көңілді.
Өз малым деп қойған мал
Иесіне берілді.
Ақылы жандар қамалап,
Кептірді сонда ерінді.
Арызшылар көбейді,
Болыстың көті шөмейді,
Қайтсін байғұс демейді,
Бір кептірмей терімді.

Күн батқанша шабамын
Әрлі-берлі далпылдап.
Етек кеткен жайылып
Ат көтіне жалпылдап.
Оязға жетсін деген боп,
Боқтап жүрмін барқылдап.
Кейбіреуге таяғым
Тиіп те кетті бартылдап.
Пысықтың көбі бұғып жүр,
Беттесе алмай шаңқылдап.
Ашылып омырау, күн ыстық,
Қойын кетті алқылдап.
Елі жөнді болыстар
Мақтанып жүр тарқылдап.

Күлкісі бөлек қарқылдап,
Үні бөлек сартылдап.
Сөйлесе кетсе бір жерде,
Ағыны қатты аңқылдап.
Оязға кірсе, өзгеден
Мерейі үстем жарқылдап.
Елің бұзық болған соң,
Ояз жатыр шартылдап.
Табаныңнан тозасың,
Құр жүгіріп тарпылдап.

Антұрғанмын өзім де,
Бір мінезбен өтпеймін.
Момындық күшті екенін,
Көрсем дағы күтпеймін.
Сыяздан соң елімді
Қысып алып кетпеймін.
Әуелде көтім бос кәпір,
Мықтыға не қып беттеймін?
Жуанды қойып, жуасты
Біраз ғана шеттеймін.
Ояз бардағы қылықты
Ояз жоқта етпеймін.
Кәкір-шүкір, көр-жерді
Пайда көріпептеймін.
Мынау арам, тентек деп,
Еш кісіні теппеймін.
Өзімдік бол деп ел жиып,
Құрастырып, септеймін.
Бұзақының бүлігін
«Жақсы ақыл» деп, «құп» деймін.

Сүйегім жасық, буын бос,
Біраз ғана айлам бар.
Айлам құрсын, білемін –
Болыстықтың жолы тар.
Қайтіп көмек болады
Антұрған өңкей ұры-қар?
Көргенім әлгі, ойлашы,
Ұят, намыс, қалды ма ар?

Ендігі сайлау болғанда,
Түсе ме деп тағы шар,
Бұл күніме бір күні
Боламын ғой деймін зар.
Ақыл жеткен туғандар,
Бұл сөзімді ойлаңдар.
Кәтелешке[1] көбейді,
Сөгіс естіп, тозды ажар.
Мынау елді ұстарлық
Кісі емеспін, кел, құтқар!
Қолдан келмес қорлыққа
Неге болдым мұнша іңкәр?
Ел жайылды, жетпей ме
Оязға да бір хабар?
Тағы бүйтіп кеттің деп
Қозғау салар, қолға алар.
Қатты қысым қылған соң,
Басым сотқа айналар.
Кірік болып түскен соң,
Көрген күнім не болар?
Өзіне мәлім, тентектер
Өз бетімен не табар?
Қағаз берер, қарманар,
Аяғында сандалар.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,
Ұлық жолы тарайды.
Өтірік берген қағаздың
Алды-артына қарайды.
Өз қағазы өз көзін
Жоғалтуға жарайды.
Тауып алып жалғанын,
Қылмысыңды санайды.
Өзі залым закүншік
Танып алды талайды,
Көрмей тұрып құсамын
Темір көзді сарайды.

[1] Кәтелешке (орыс.) – каталошка, қылмыскерлерді қамайтын түрме, абақты (АТС, 251-бет)

* * *

Біреуден біреу артылса, (47)
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген – білген-ақ,
Надан – надан-ақ сан қылса.

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәргезді.

Надан қуанар, арсаңдар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.
Татымды ештеме болмас,
Адамсып босқа талтаңдар.

Ақыл, қайғы жоқ онда,
Ісі жоқ – теріс пе, оң ба?
Тіленіп, телміріп, ізденіп,
Тиын ба, яки бір сом ба?

Ит көрген ешкі көзденіп,
Елерме жынды сөзденіп.
Жасынан үлгісіз шіркін,
Не қылсын өнер ізденіп.

Кісімсіп белгілі білгіш,
Біреуге сондай-ақ күлгіш.
Бұлықсып, бұлданып босқа,
Өзімшіл, оңбаған шерміш[1].

Кісіде бар болса талап,
Отырмас ол бойын балап,
Жүрер, әрқайдан ізденер,
Алар өз сүйгенін қалап.

[1] Шерміш – пасық, бақас, ұры-қар (АТС, 583-бет)

6 – 9113

* * *

Мәз болады болысың, (48)
Арқаға ұлық қаққанға.
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға.

Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?
Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға?!

Күлмең қағып қасқайып,
Салынып ап мақтанға.
Таң қаламын қампайып,
Жоқты-барды шатқанға.

Үйі мәз боп, қой сойды
Шүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға.

Еш нәрсе емес жұбанар
Ақыл көзбен баққанға.
Жас баладай қуанар,
Бір тәттіні татқанға.

Көзі барлар ойының
Күлер көтін ашқанға.
Қасиетін бойының
Бекер төгіп-шашқанға.

Қуанарлық қыз емес
Жылтырауық таққанға.
Өзгелерді, біз емес,
Түсірмекші қақпанға.

Осы да есеп бола ма
Ар, абұйыр тапқанға?
Миың болса жолама
Бос желігіп шапқанға.

Бір бес надан, оңбассың,
Нансаң, онын қосқанға.
Жасық, жаман болмассың,
Жамандықтан қашқанға.

Ол «болдым-ақ» дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елең қағып елбірер,
Елертіп көзді аспанға.

Жайы мәлім шошқаның,
Түрткенінен жасқанба.
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

Одан үміт кім қылар,
Жол табар деп сасқанда?
Үйтіп асқан жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Білімдіден шыққан сөз (49)
Талаптыға болсын кез.
Нұрын, сырын көруге
Көкірегінде болсын көз.

Жүрегі – айна, көңілі ояу,
Сөз тыңдамас ол баяу.
Өз өнері тұр таяу,
Ұқпасын ба сөзді тез?

Әбілет басқан елерме,
Сөзге жуық келер ме?
Түзу сөзге сенер ме
Түзелмесін білген ез?

«Айтшы-айтшылап» жалынар,
Ұққыш жансып шабынар.
Ұқпай жатып жалығар
Ұйқылы-ояу бойкүйез.

Жас баладай жеңсікқой,
Байлаулы емес ақыл-ой.
Ойлағаны – айт пен той,
Ыржаң-қылжаң ит мінез.

Сұлу қыз бен я батыр
Болмаған соң, тәңірі алғыр,
Шығып кетер, я қалғыр,
Оған ақыл – арам без.

Жақсыға айтсаң, жаны еріп,
Ұғар көңіл шын беріп,
Дертті ішіне ем көріп,
Неге алтынды десін жез.

«Ой, тәңір-айшыл» кер есек,
Қулық, сұмдық, я өсек
Болмаған соң, бір есеп –
Мейлі қамқа, мейлі бөз.

СЕГІЗ АЯҚ

Алыстан сермеп, (50)
Жүректен тербеп,
Шымырлап бойға жайылған;
Қиуадан шауып,
Қисынын тауып,
Тағыны жетіп қайырған –
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сөйлеймін десең өзің біл.

Өткірдің жүзі,
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас.
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра[1] ала алмас.
Қиналма бекер тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ – ойға олақ.

Басында ми жоқ,
Өзінде ой жоқ
Күлкішіл кердең наданның.
Көп айтса көнді,
Жұрт айтса болды –
Әдеті надан адамның.
Бойда қайрат, ойда көз
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,
Ашиды жаның
Мінездерін көргенде.
Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан
Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,
Сыбырлап бұқпай,
Мейірленбес еш сөзге.

[1] بهره – (парсы.) [бәһрә] – пайда, үлес, табыс.

Пайдасыз тақыл,
Байлаусыз ақыл,
Атадан бала ойы өзге.
Санасыз, ойсыз, жарымес,
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,
Ысқыртса кесек,
Құмардан әбден шыққаны.
Күпілдек мақтан
Табытын қаққан –
Аңдығаны, баққаны.
Ынсап, ұят, терең ой
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болма сен кекшіл,
Болсаңшы көпшіл,
Жан аямай, кәсіп қыл.
Орынсыз ыржаң,
Болымсыз қылжаң
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?
Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос.

Малыңды жауға,
Басыңды дауға
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, ұрлық,
Үкімет зорлық –
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық
Аздырар адам баласын.
Таласып босқа,
Жау болып досқа,
Қор болып, құрып барасың.
Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақытың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,
Еріксіз малды ал
Деген кім бар сендерге?
Қулықты көргіш,
Сұмдықты білгіш
Табылар кісі жөндерге.
Үш-төрт жылғы әдетің
Өзіңе болар жендетің.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаным,
Қаңғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт – алыс, өмір – шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?!
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,
Жөн кісі сұмға
Әлі жетер заман жоқ.
Қадірлі басым,

Қайратты жасым
Айғаймен кетті, амал жоқ.
Болмасқа болып қара тер,
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар, білгіш,
Закүншік, көргіш
Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ.
Жасқанып, қорқып,
Жорғалап, жортып,
Именсе елің, баптанбақ.
Қарғағанын жер қылмақ,
Алқағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,
Қорқытқан сенің
Өнерің қайсы, айтып бер.
Ел аңдып сені,
Сен аңдып оны,
Қылт еткізбей бағып көр.
Ойнасшы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

Көмексіз кезің,
Бір жалғыз өзің
Баға алмай, басың сандалар.
Бауырыңа тартқан,
Сырыңды айтқан
Сырласың сырт айналар.
Ол – қаны бұзық ұры, қар,
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,
Арқа-басы шаң боп,
Және тұрып жалпылдап,
Жығылып тұрып,
Буыны құрып,
Тағы қуып салпылдап –
Абұйыр қайда, ар қайда?
Әз басыңа не пайда?

Ит үрсе, бала
Таяғын ала,
Қуады итпен кектесіп.
Ұрысқансып «ой» деп,
«Ұят» деп, «қой» деп,
Үлкендер тыяр «тек» десіп.
Оны білсең, мұның не?
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,
Болсашы қол бос
Талаптың дәмін татуға.
Білмеген соқыр
Қайғысыз отыр,
Тамағы тойса жатуға.
Не ол емес, бұл емес,
Менің де күнім күн емес.

Ғылымды іздеп,
Дүниені көздеп,
Екі жаққа үңілдім.
Құлағын салмас,
Тіліңді алмас
Көп наданнан түңілдім.
Екі кеме құйырығын
Ұста, жетсін бұйрығың.

Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Онан да шықты жаңғырық.
Естісем үнін,
Білсем деп жөнін,
Көп іздедім қаңғырып.
Баяғы жартас – бір жартас,
Қаңқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.

Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек
Тастай боп кесек
Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.
Сыбыр боп сөзі,
Мәз болып өзі,
Ойланар елдің сыйқы жоқ.
Баяғы қулық, бір алдау,
Қысылған жерде – жан жалдау.

Атадан алтау,
Анадан төртеу,
Жалғыздық көрер жерім жоқ.
Ағайын бек көп,
Айтамын ептеп,
Сөзімді ұғар елім жоқ.
Моласындай бақсының
Жалғыз қалдым – тап шыным!

* * *

Сәулең болса кеудеңде, (51)
Мына сөзге көңілің бөл.
Егер сәулең болмаса,
Мейлің тіріл, мейлің өл.
Танымассың, көрмессің,
Қаптаған соң көзді шел.
Имамсыздық намазда –
Қызылбастың[1] салған жол.
Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел?
Берекелі болса ел –
Жағасы жайлау ол бір көл.
Жапырағы жайқалып,
Бұлғақтайды соқса жел.
Жан-жағынан күркіреп
Құйып жатса аққан сел,
Оның малы өзгеден
Өзгеше боп өсер тел.
Берекесі кеткен ел –
Суы ашыған батпақ көл.
Құс қаңқылдап, жағалап,
Сулай алмас жазғы төл.
Оның суын ішкен мал
Тышқақ тиіп, аспас бел.
Көл деп оны кім жайлар,
Суы құрсын, ол бір – шөл.
Единица[2] – жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл?
Берекеңді қашырма,
Ел тыныш болса, жақсы сол.
Рас сөзге таласып,
Ақжем болма, жаным, кел!

[1] Қызылбастар – қызылбаши (түрк.) – Шах Исмаил бірінші тұсында көшпелі түріктерден құрылған Иран мемлекетінің әскери күші. Олар бастарына он екі қызыл жолақты сәлде киген. Парсы жұртын қызылбастар деп атау осыдан шыққан.

[2] Единица (орыс.) – жалғыз, дара.

* * *

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін, (52)
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым «Әзірет Әлі, айдаһарсыз»,
Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз.
Кәрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Әсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алты мисыз бәңгі[1] күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге?

[1] بانگ – (парсы.) [банг] – айқай-шу, дауыс; меңіреу, көк ми (1933 жылғы жинақтың сілтеме түсінігі, 118-бет).

* * *

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек, (53)
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық,
Бұл – қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

* * *

Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, (54)
Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол.
Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,
Мен не болсам болайын, сен аман бол.

Көңілімнің рақаты сен болған соң,
Жасырынба, нұрыңа жан қуансын.
Бірге жаққан біреуге жақпаушы еді,
Сүйкімді тірі жанға неткен жансың?!

Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып,
Жүдетер безгек ауру сықылданып.
Тұла бой тоңар, суыр үміт үзсе,
Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып.

* * *

Қор болды жаным, (55)
Сенсізде менің күнім,
Бек бітті халім,
Тағдырдан келген зұлым.
Тағдыр етсе Алла,
Не көрмейді пәндә?

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
Қамырықты көңіл,
Қайтсе болар жеңіл?

Сағындым сені,
Көрмедім деп көп заман.
Адам деп мені
Салмадың сен хат маған.
Жай таба алмай жүрек,
Жасыған соң сүйек.

Бұл қылған зарым
Барса жардың маңына,
Ол – қылған дәрім
Ғашығымның жанына.
Оңалдырып ойды,
Түзетпей ме бойды?

* * *

Сен мені не етесің? (56)
Мені тастап,
Өнер бастап
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бетіңмен сен кетесің.

Неге әуре етесің?
Қосылыспай,
Басылыспай,
Байыңа.
Және жаттан
Бай тап,
Өмір бойы қор өтесің.

Ет жүрек өртенді,
От боп жанып,
Жалын шалып
Ішіме.
Иттей қормын,
Зармын,
Сен үздің ғой бұл желкемді.

Кім білер ертеңді?
Өлім айтпас,
Келсе, қайтпас
Кісіге.
Бүгінгі күн
Бармын –
Жолдас еттің сен бөтенді.

Ғашықтық – қиын жол,
Жетсең – жеттің,
Жетпей өттің –
Не болды?
Арманда өмір
Өтті,
Ойлар ма екен бір мені сол?

Салдырап аяқ-қол,
Жетпей сертке,
Ішім дертке
Тез толды.
Ажал уақыты
Жетті,
Мен өлейін, сен сау-ақ бол.

Шын жүрек – бір жүрек,
Қайта толқып,
Жолдан қорқып
Айнымас.
Шегінісіп
Қайтпас,
Өлсе бір сөзбен, не керек?

Білесің, сен зерек,
Мен пендеңе
Болды деме,
Кел, қарас.
Ешкім сөгіс
Айтпас,
Рахым қылсаң, кел ертерек!

Шын ғашық мен саған!
Кейіп жүрсем,
Сені көрсем,
Ләм-мим деп
Бір сөз айтар
Хал жоқ,
Еріп кетер бой сол заман.

Ойыңды сен маған
Бір бөлмедің,
Тез келмедің
Мені іздеп.
Ішіңде ыстық
Қан жоқ,
Тас бауыр жар, бол қош аман!

7 – 9113

Жар, сенің көңілің тоқ,
Ақ етіңді,
Нұр бетіңді
Меншікті
Қылмаған соң
Алла,
Өзі сорлы етсе, амал жоқ.

Сен аттың жөнсіз оқ,
Тәңірі – қазы,
Тас таразы,
Тентекті
Сұрамас деп
Қалма,
Серт бұзғанның, біл, орны – шоқ.

ЖІГІТ СӨЗІ

Айттым сәлем, қалам қас, (57)
Саған құрбан мал мен бас.
Сағынғаннан сені ойлап,
Келер көзге ыстық жас.

Сенен артық жан тумас,
Туса туар – артылмас.
Бір өзіңнен басқаға
Ынтықтығым айтылмас.

Асыл адам айнымас,
Бір бетінен қайрылмас.
Көрмесем де, көрсем де,
Көңілім сенен айрылмас.

Көзім жатқа қарамас,
Жат та маған жарамас.
Тар төсекте төсіңді
Иіскер ме едім жалаңаш?

Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып тай-талас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жұмулы, көңіл мас?

Сізде сымбат, бізде ықылас,
Осы сөзім бәрі рас.
Сіздей жардың жалғанда,
Қызығына жан тоймас.

Етің етке тигенде,
Демің тиіп сүйгенде,
Тән шымырлап, бой еріп,
Ішім оттай күйгенде.

Жүрек балқып игенде,
Ішкі сырды түйгенде,
Іздеп табар сұңқармын
Жарастықты шүйгенде.

Қылығында жоқ оғат,
Қарап тойман жүз қабат.
Ыстық тартып барасың,
Бір сағаттан бір сағат.

Сіз – қырғауыл жез қанат,
Аш бетіңді, бері қарат.
Жақындай бер жуықтап,
Тамағыңнан айқалат!

ҚЫЗ СӨЗІ

Қиыстырып мақтайсыз, (58)
Ойласаң не таппайсыз?
Бізде ерік жоқ, өзің біл,
Әлденеге бастайсыз.

Біз де әркімді байқаймыз,
Тап бергеннен тайқаймыз.
Сіздей асыл кез болса,
Қайтіп басты шайқаймыз?

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.

Қабыл көрсең, көңілім жай,
Тастап кетсең, япырмай,
Ит-қор адам болар ма
Бұл жалғанда сорлыңдай?

Тілегімді бермесең,
Амалым не жерлесең?
Үйір қылма бойыңа,
Шыны жақсы көрмесең.

Қайғың болар шермен тең,
Қара көңілім жермен тең.
Сенсіз маған жат төсек
Болар бейне көрмен тең.

Сіз – бір сұңқар шаһбаз[1],
Жер жүзінен алған баж[2].
Біздей ғаріп есепсіз
Есігіңде жүр мұқтаж.

[1] شاه باز – (парсы.) [шаһбаз] – аң-құс (1933 жылғы жинақ. Сілтеме түсінігі, 123-бет).

[2] باج – (парсы.) [баж] – алым-салық. Бұл жерде тоят алу, тояттау деген ауыспалы мағынада қолданылған.

Көңілің тұрса бізді алып,
Шыныменен қозғалып,
Біз – қырғауыл, сіз – тұйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Тал жібектей оралып,
Гүл, шыбықтай бұралып.
Салмағыңнан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып...

* * *

Мұны жаздым ойланып,
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқи бер,
Бозбалалар, қолға алып.

Мұны оқыса кім танып,
Жүрегіне от жанып,
Сөзді ұғарлық жан тапса,
Айтса жарар ән салып.

Өлең жиған тырбанып,
Ән үйренген ырғалып.
Сорлы Көкбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып.

* * *

Білектей арқасында өрген бұрым, (59)
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

Аласыз қара көзі айнадайын,
Жүрекке ыстық тиіп салған сайын,
Үлбіреген ақ етті, ашық жүзді,
Тісі әдемі көріп пе ең қыздың жайын?

Бұраң бел, бойы сұлу, кішкене аяқ,
Болады осындай қыз некен-саяқ.
Піскен алма сықылды тәтті қызды
Боламын да тұрамын көргендей-ақ.

Егерде қолың тисе білегіне,
Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе.
Бетіңді тамағына таяп барсаң,
Шымырлап бу енеді сүйегіңе.

* * *

Қажымас дос халықта жоқ, (60)
Айнымас серт қайда бар?
Алда көрген артта жоқ –
Мысқыл, өсек, айла бар.

Жақсылығың күнде ұмыт,
Бір жаңылсаң, болды кек.
Пайдасынан бой суыт,
Өзі тимей жүрсе тек.

Пайда, мақтан өзінен
Артыла ма ант ұрып?
Жарыса өсек сөзінен,
Айта берсін шарқ ұрып.

Кімге достық көп еттім –
Түбі болды бір кейіс.
Жақсы өмірім әуре еттің
Жар таба алмай бір тегіс.

Жау қожаңдап бұртайып,
Дос құбылып, әуре етер.
Кімі тентек, кімде айып,
Тексере алмай өмір өтер.

Сыйласарлық тектінің
Кім танымас нұсқасын?
Күнде өзімшілептінің
Несін адам ұстасын?

* * *

Жастықтың оты, қайдасың, (61)
Жүректі түртіп қозғамай?
Ғылымның біліп пайдасын,
Дүниенің көркін болжамай?

Адамның тауып айласын,
Кісілікті ойламай.
Қаруын көңіл сайласын,
Қолға ол түспес бойламай.

Махаббат, қызық кім көрер,
Оның да дәмін татпаса?
Біржола басты кім берер,
Жаныңа қайғы батпаса?

Аямай жанын дос ерер,
Жолдастықты ақтаса.
Алдыңа айдап кім келер,
Ерінбей жүріп бақпаса.

Мал бақпақтық шаруа боп,
Адал тауып асықпай.
Құр айғаймен әуре боп,
Өнердің жайын баса ұқпай.

Енді нені істейміз,
Бәрінен де бос қалдық?
«Ауызға келіп түс» дейміз,
Қылып жүріп құр салдық!

* * *

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, (62)
Аспанда ай менен күн шағылса да.
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазағына таңылса да.

* * *

Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да, (63)
Оған да үкі, тұмар тағылса да.
Қыжыртпай мені сырттан жүре алмайды,
Кім желігіп, қай шеттен қағынса да.

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да?
Тәңірі сақтар, табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге таңылса да.

Құтырды көпті қойып азғанасы,
Арызшы орыс – олардың олжаласы.
Бірде оны жарылқап, бірде мұны,
Қуды ұнатты-ау Семейдің бұл қаласы.

ҚАРА ҚАТЫНҒА

Қара қатын дегенге, қара қатын, (64)
Үзіп-жұлып, алып жүр қанағатын.
Ала жаздай байың кеп бір жатпайды,
Қазақтың не қыласың шарағатын[1].

[1] Шариғат – Құран мен сүннетке негізделген мұсылмандардың орындалуы міндеттелген заңы, нұсқаулығы.

1887–1889

ОНЕГИННІҢ СИПАТЫ

(А. С. Пушкиннен)

Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, (65)
Дәмеленсе, күндесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ алдар деген.

Кейде паң, кейде көнгіш орнымен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.

Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым, құмарым – бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлденеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Қамыққансыр қайғырып, орны келсе.

Жай, жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңын білдіртпейді қалай деген.
Жаның шошыр өрлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген.

Биттей бойы босаса, сезер сонда,
Жастық жеңіп, көңілді шайқағанда.
Ғашыққұмар, ақыл мен бойыңды алып,
Жылы жауап есітер не қылсаң да.

Емінер, «әй» дегізер, дайын қылар,
Жүрегің қалай соқса, пайым қылар.
Жылы ізін суытпас, дамыл көрмес,
Бір оңаша жолығар жер айтқызар.
Ел аулақта оңаша қолына алып,
Көңіліндегі сабағын айтып тынар.

Жасынан көрсе оны ақылы сасқан
Не сұрқия жандарың жұрттан асқан.
Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста,
Өзіне күндес шықса жол таласқан.
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңілін басқан.

ТАТЬЯНАНЫҢ ОНЕГИНГЕ ЖАЗҒАН ХАТЫ

(А. С. Пушкиннен)

Амал жоқ, қайттым білдірмей, (66)
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тартамын.

Талайсыз, бақсыз мен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы,
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп, мен жанып,
Айында бірер көрсем де.

Болмады көріп қалуға,
Есітіп біраз сөзіңді.
Шыдар ем бір ай жатуға,
Ұзақ түн жұмбай көзімді.

Қызықтан қашып бұл жерге
Көңіліңіз суып келіпсіз.
Мәнісін сұрап білерге,
Тілдесе алмаймын еріксіз.

Келмесең егер сіз бізге,
Сау болмас па ем, әлбетте?
Болмасам ашына мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке.

Асау жүрек қайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде?
Елден бір жақсы сайламай,
Бармас па ем ерге өзім де?

Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тимес бұл жүрек.

Әзелде тағдыр иеден
Қожам сенсің, не керек.

Тіршілігім – құрбандық,
Шыдамай сені көргенше.
Тәңірімнен келген бұл жарлық,
Ием сенсің өлгенше.

Әуелде кірдің түсіме,
Ортақтасып өміріме.
Толғау салып ішіме,
Сол күнде-ақ жақтың көңіліме.

Құдайдан болғай деп емі,
Құдайыны мол бердім.
Көрген жерде-ақ мен сені,
«Осы екен ғой – сол» дедім.

Жатқан сайын ұйқыға,
Дұға оқушы ем, шошынып.
Ұнатып мені құлқыңа,
Жүруші едің қосылып.

Түсімде мені жұбантып,
Жылы сөзбен сөйлесіп.
Кетуші едің қуантып,
Қалушы еді көңіл өсіп.

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,
Иембісің сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен,
Жаумысың теуіп таптаушы?

Шеш көңілімнің жұмбағын,
Әлде бәрі – алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын,
Талпынған шығар айға алыс.

Не болса да өзімді
Тапсырдым сізге жалынып**.**

Толтырып жасқа көзімді,
Есірке деймін жалынып.

Бұл жерде ешкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін?
Жақтырмай бұзсаң нұрымды
Білдірмей күйіп өтейін.

Күтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Өз хатыма өз көзім
Ұялып, қорқып баға алмас.
Кепілім сенің бір өзің,
Бөтен жан несіп таба алмас.

8 – 9113

ОНЕГИННІҢ ЖАУАБЫ

(А. С. Пушкиннен)

Таңғажайып бұл қалай хат, (67)
Мағынасы алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әрі түрі жат,
Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқынын дөп
Жаза алыпсың толтырып.
Бойды жеңіп бұл асыл леп,
Тұрды титық көп құрып.

Тіл буынсыз, бой – таза гүл,
Ақылы артық, ары зор.
Ол – перизат, ойла, өзің біл,
Не болады болса қор?

Ішім өлген, құр денем сау,
Босқа үрейім жүр менің.
Жарамайды бекер алдау,
Теңің емес мен сенің.

Пенде көрген бар қызықтың
Бәрін ішкен сұм жүрек
Айныған соң, сен жолықтың,
Айтып-айтпай не керек?!

Тәтті дүние көңілімнен
Кетті менің, нан маған.
Енді бізге бір өлімнен
Басқа түк жоқ арнаған.

Мен – жаралы жолбарыспын,
Жұрттың атқан оғы өтіп.
Сен есірке, сорлы жаспын,
Шын сөзіме рақым етіп.

Бала сүйер, жар сүйерден,
Түк неме жоқ, тұр денем.

Сен – тоты құс бақта жүрген,
Қай жерімнен пар келем.

Ерге барған ер танымай,
Ер қызығын кім көрер.
Шығарына жол таба алмай,
Қайғыменен босқа өлер.

Айныгыш ер тартса салқын,
Бал сұрасаң, берер у,
Қазымырлап сөздің артын...
Қасиеттен бетті жу.

Мен – сынық жан, жамағанмен
Түзеле алман түрленіп.
Теңің емес, біл, саған мен,
Не қыласың кірленіп?!

Әйел өлмес соқпа дерттен,
Сауыға алмас сынған ер.
Мен – көмірмін қалған өрттен,
Енді рұқсат бізге бер.

Сенің өмірің гүлденіп тұр,
Есігін тап, көр қызық!
Менің өмірім – бір суық сұр
Күзгі күндей тұр бұзық.

Бірге туған мен ағаңнан,
Шын досыңмын, кем емес.
Соққы жедім сұм заманнан,
Бір жылы сөз ем емес.

Арман етпе, жас күнің көп,
Игілік көр, ерге бар!
Бұл заманның қашқыны деп,
Мен ғарыпты есіңе ал.

Менде паңдық, жат мінезден
Дәнеме жоқ, жарқыным.

Осы жазған барша сөзден
Байқалынар бар шыным.

Басы қатты, сұм жүрегін
Тоқтата алмай кетті де.
Сорға біткен көкірегін
Сендіре алмай өтті де.

Бар денемнің бәрі – бір мұз,
Қайрылуға жарамас.
Мына дәулет, мына асыл қыз
Болды маған арам ас.

Ол – жас ағаш, жас қызыл гүл,
Жапырағы жаңғырар.
Сорлы Онегин, жолды өзің біл
Қай тарапқа қаңғырар.

ОНЕГИН СӨЗІ

(А. С. Пушкиннен)

Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін (68)
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.
Жасырмай, жастықпенен, нанғыштықпен
Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін.

Жасырмай жас жүректің жанған жайын,
Айтуға тілің мұнша қайдан дайын?
Жанып, сөніп, суынып қалған көңілім
Қобалжиды хатыңды көрген сайын.

Қалмаған Онегиннің ешбір бағы,
Өтіп кеткен жүректің отты шағы.
Мінсіз тілмен сөзіңді жазыпсың-ақ,
Ұнатпаған жерім бар сөйтсе-дағы.

Болса да сән-салтанат, қызық, әсем,
Тез жалығып айнимын, тұрлауым кем.
Сақтасар, ардақтасар кісі болсам,
Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем.

Бүгін сүйсем, сені алсам – ертең жалқып,
Суып қайтар көңілім желше шалқып.
Қуартып, қайғыменен суалтамын,
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып.

Құдайдың толып жатыр күні бүгін,
Жігіттің тани алмай кемшілігін.
Бір алып, қадірлемей, тастап кеткен
Тартып жүр қиянатшыл ер күйігін.

Түксиген өзі суық, сөзі суық,
Келерлік бір жері жоқ жанға жуық.
Өзі антұрған, қазымыр, қатыны – сорлы,
Екі өмірдің лайлап суын тұнық.

Сол баянсыз еркектің біреуі – мен,
Жамандығым жақсымнан екі есе ден.

Жүрек кірсіз, тіл мінсіз, мінезің – гүл,
Не боласың осындай ерменен сен?

Жаңғырмас өткен өмір, біткен мінез,
Бір лайықсыз кісіге болыпсыз кез.
Сені жақсы көрейін бірге туған
Ағаңдай, онан басқа жоқ менде сөз.

Жас қыз бен жас бәйтерек – бәрі бірдей,
Жапырағы тұра ма жылда өзгермей?
Менен гөрі сөзіңді жақсы ұғушы
Кетер деме ер жігіт бір кез келмей.

Бұл сөзде ақыл да бар, ғибрат та бар,
Өзіңе екіншіде пайда болар.
Ақылменен ойласаң тоқтау қылып,
Сүйкімді менен артық жан табылар.

ОНЕГИННІҢ ХАТЫ

(А. С. Пушкиннен)

Құп білемін, сізге жақпас (69)
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүрегің енді ұнатпас,
Мезгілі жоқ қай медеу?

Ықтиярсыз мұңды сезім
Кетті ыршып жолыңа.
Мазағыңа бердім өзім
Өз басымды қолыңа.

Өлі бойға жан жүгірді,
Қайратым құрыш болды, нан.
Мұз жүрегім май сықылды
Еріп, от боп күйді жан.

Қор қылуға Құдіреттен,
Жүрегіме түсті өрт.
Тайды аяғым ескі серттен,
Түсті емсіз қатты дерт.

Масқаралап мені тағдыр
Қылды мазақ, не шара?
Менің үшін сен жауап бер,
Менде сөз жоқ, бишара.

Михрабым[1] сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас ғұзіріме[2].
Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне.

Сен – ағашта піскен алма,
Әзір едің, алмадым.
Құп, кіріптар қылды Алла,
Әлде мені қарғадың?

Он сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр.

---

[1] محراب – (араб.) [михраб] – мешіттің төріндегі молда тұратын құбылаға қараған орын. Бұл арада қасиетті орын мағынасында.

[2] عذر – (парсы.) [‘узр] – себеп, сылтау. Бір істі істеуге мүмкіндік бермеген себеп мағынасында.

Мен сықылды сорлы адамның
Ықтияры сенде тұр.

Сен бетіңді әрі бұрсаң,
Шықты көзім, болды көр.
Жанды аларсың разы болсаң,
Біздің орын – қара жер.

Тәңірі добы – бұл ғаріп бас,
Кетті амалсыз, қорлама!
Қайта қақты, қайла болмас,
Келді, түсті ордаңа.

Ақылы бар, ықтиярлы
Пенде теппес өз жарын.
Ерік Иеде – пенде зарлы
Не білер не боларын?

Сорлы адаммын жер жүзінде,
Бір қуаныш көрмедім.
Не қыласың, ерік өзіңде,
Қайғысы асқан шерлі едім.

Менің өмірім таянып тұр
Үзілуге әм жаным.
Ақ жүзіңді бір көріп құр,
Өлсем, болмас арманым.

Күні ертең бір көрінсең
Сорлы асықтың көзіне.
Тәңірі үшін шапқатыңмен
Нан ғаріптің сөзіне!

Не болайын – тез болайын,
Ақ жүзіңді көрейін.
Бар ма өмірім, қармалайын,
Жоқ болса, мен – өлейін.

Қорғалап, құр өтпе, өмір, бос,
Тағдырыңа қарсы бар.
Бір өзіңнен басқа бір дос
Таппасаң, өл, жүрме зар.

ТАТЬЯНАНЫҢ ЖАУАБЫ

(А.С. Пушкиннен)

Тәңірі қосқан жар едің сен, (70)
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғаламды,
Болды мәлім кеткенің,
Кінәсі жоқ жас адамды
Қатты соққан не еткенің?

Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып.
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем.
Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың.

Бұл кінә емес, әншейін наз,
Сағынамын, айтамын.
Досың-ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын, қайтемін.

Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп.
Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім «алшы» деп.

Жар табылмас сен сықылды,
Мен де сендей сорлы зар.
Қол-аяғым берік бекілді,
Енді ненің орны бар?

Өз қораңның қақпасын сен
Қатты жаптың, не айтайын.

Жат қораның тақтасын мен
Жастанамын, қайтейін.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де – сорлы бақыты кем.

Еш қызыққа арманым жоқ,
Бәрі де бар формының.
Біреуіне қанғаным жоқ,
Өзіме аян сорлымын.

Жаным ғашық асылым ең,
Жар есігін бермедің.
Сорға біткен ғашығымсың,
Неге тым кеш сермедің?

Жат есікті және қорып,
Жара салма сен маған.
Жұрт жамандар жатқа жорып,
Жалынамын мен саған.

Үшбу қиял келсе басқа,
Сен жүдер деп мен үшін,
Болар еді қайнамасқа
Мыс қазандай сорлы ішім.

Ғашық-ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес, сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін.

ЛЕНСКИЙ СӨЗІНЕН

(А. С. Пушкиннен)

Барасың қайда, қайда болмай маған, (71)
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған?
Келер күн келеді екен не дайындап,
Қараңғы, қарағанмен, болжай алман?

Мінеки, келіп қалдық атар таңға,
Жарқырап күн де шығар тірі жанға.
Табытқа салып алып, әлде мені
Апарар сырын білмес бір далаңға.

ОНЕГИННІҢ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ

(Абай өзі шығарған)

Жарым жақсы киім киіп, (72)
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңілім,
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып ұйып,
Көңілім жүр құс болып шүйіп.
Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіппін жүз есе күйіп.

Қылдың арам ойыңды,
Бір бұрмадың мойныңды.
Сен ақылмен көңіліңді
Тыйып, жеңдің бойыңды.

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлыңды...
Атам, анам – қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды.

1890

Бай сейілді, (73)
Бір пейілді
Елде жақсы қалмады.
Елдегі еркек
Босқа селтек
Қағып, елін қармады.

Жөнді – жөнсіз,
Сөз – теңеусіз,
Бас пен аяқ бір қысап.
Ұрысса орыс,
Елге – болыс
Үйден үрген итке ұсап.

Өзі ұлыққа
Қадірі жоққа
Қарамай, өз халқына
Сөз қайырмай,
Жөнді айырмай,
Жұртқа шабар талпына.

Танымадық,
Жарымадық
Жақсыға бір іргелі.
Қолына алып,
Пәле салып,
Аңдығаны өз елі.

Шашты барын,
Берді малын
Боларында жұртына.
Еміреніспес,
Енді піспес,
Ұқсамас еш сыртына.

Кетті бірлік,
Сөнді ерлік,
Енді кімге беттемек?
Елің – ала,
Отты шала,
Тайса аяғың, кім көмек?

Өтті өмірім,
Қайтты көңілім
Бұл дүниенің ісіне.
Жасы құрбы,
Жаны тұрғы
Дос па деген кісіге.

Ел керексіп,
Сөзге емексіп,
Не болады мақтаның?
Пейілі шикі,
Ақылы күйкі,
Осы жұрт па тапқаның?

* * *

Ем таба алмай, (74)
От-жалындай
Толды қайғы кеудеге.
Сырласа алмай,
Сөз аша алмай
Пендеге.

Босқа ұялып,
Текке именіп,
Кімді көрсем, мен сонан.
Бетті бастым,
Тұра қаштым
Жалма-жан.

Ұйқы, тамақ
Қалды тым-ақ
Керегі жоқ іс болып.
Жай жатпағым,
Тыныш таппағым
Күш болып.

Жас жүрегім
Жанды менің,
Жай таба алмай, япырым!
Өзің оңда
Жақсы жолға
Ақырын.

Жас теректің
Жапырағы
Жамырайды, соқса жел.
Түсті мойын,
Толды қойын,
Ақты сел.

Мен паң едім,
Бейғам едім
Еш нәрседен қайғысыз.
Тез дерттендім,
Кейде өртендім,
Кейде – мұз.

* * *

Келдік талай жерге енді, (75)
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді.
Осы жасқа келгенше,
Өршеленіп өлгенше,
Таба алмадық бір адам
Біздің сөзге ергенді.
Өмірдің өрін тауысып,
Білімсізбен алысып,
Шықтық, міне, белге енді.
Енді аяңда, жығылма,
Сыймас жерге тығылма,
Қой бұрынғы желгенді!
Қайғы шығып иыққа,
Қамалтпасын тұйыққа,
Сергі, көңілім, сергі енді!
Балапан құстай оңдалып,
Қанатыңды қомданып,
Жатпа ұяда қорғанып,
Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!
Көңілде қайғы, қалың зар,
Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!
Іште қайғы, дерт пысып,
Көкіректі өрт қысып,
Айтуға көңілім тербенді.
Өзің жалғыз, надан көп,
Ұқтырасың сен не деп
Әулекі, арсыз елге енді?
Тыныштық сүймей қышынып,
Өтірікке тұшынып,
Пәледен тұрмас шошынып,
Тұл бойын желік жеңген-ді.
Туған жерді қия алмай,
Тентекті жеңіп, тыя алмай,

Әлі отырмыз ұялмай,
Таба алмадық өңге елді.
Әзелде тәңірім сорлы етті,
Арсыз елмен әуре етті,
Жалғыз үйде күңірентті,
Тағдырға білдік көнгенді.
Адам деген даңқым бар,
Адам қылмас халқым бар
Өтірік пен өсекке
Бәйге атындай аңқылдар,
Тұла бойым шіміренді.
Барма топқа шақырмай,
Жат үйіңде шатылмай,
Шыдармын ба, япырмай,
Жатуға шықпай үйде енді?
Қатыныңның ойнасын
Көрсең, білсең қоймасын,
Не ойлар едің өз басың,
Сонымен тең біз де енді.

9 – 9113

* * *

Өзгеге, көңілім, тоярсың, (76)
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың.
Сайра да зарла, қызыл тіл,
Қара көңілім оянсын.
Жыласын, көзден жас ақсын,
Омырауым боялсын.
Қара басқан, қаңғыған,
Хас надан нені ұға алсын?
Көкірегінде оты бар,
Құлағын ойлы ер салсын.
Тыңдамаса еш адам,
Өз жүрегім толғансын.
Әр сөзіне қарасын,
Іштегі дертім қозғалсын.
Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын.
Мендей ғарып кез болса,
Мойын салсын, ойлансын.
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын.
Не пайда бар – мың надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті,
Ішкі сырын аңғарсын.
Өздерің де ойландар,
Неше түрлі жан барсың.
Ғылым да жоқ, ми да жоқ,
Даладағы аңдарсың.
Жүрегіңмен тыңдамай,
Құлағыңмен қармарсың.
Соны көріп, соларға
Қайтіп қана сарнарсың?!

* * *

Кейде есер көңіл құрғырың (77)
Махаббат іздеп талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат – өмір көркі, рас,
Өлген соң о да үндемес.

Махаббатсыз дүние дос –
Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар.

Жүрегі жұмсақ білген құл
Шын дос таппай тыншымас.
Пайда, мақтан бәрі – тұл,
Доссыз ауыз тұшымас.

ЖАЗҒЫТҰРЫ

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы, (78)
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.
Жан-жануар, адамзат анталаса,
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,
Күлімдесіп**,** көрісіп, құшақтасып.
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап, қорада – шу,
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,
Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз.
Құс қатарлап байлаған қанжығаға
Қыз бұраңдап жабысып**,** қылады наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.
Қырда торғай сайраса, сайда – бұлбұл,
Таудағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,
Диханшылар жер жыртып, егін егер.
Шаруаның бір малы екеу болып,
Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер.

Безендіріп жер жүзін тәңірім шебер,
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде,
Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахматына Алланың көңіл сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп, көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.
Тамашалап қарасаң тәңірі ісіне,
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен ай,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,
Екеуінің құмары сондай күшті.
Күн қырындап жүргенде көп қожаңдап,
Күйеу келді – ай, жұлдыз көтін қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.
Азалы ақ көрпесін сілке тастап,
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн-күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай,
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізің.
Қызыл арай, сары алтын шатырына,
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

* * *

Асқа, тойға баратұғын, (79)
Жаны асығып жас жігіт.
Қолға кетті жауға бір күн,
Тірі адамның ісі – үміт.

Қозғады жау батыр ерді,
Жауға сойқан салғалы.
Қалыңдығы қала берді,
Жатыр еді алғалы.

Асықсаң да, шырағым,
Саған деген Құданың
Жазылған қандай жарлығы –
Есіткен жоқ құлағың.

Қалыңдық құшып, сүюге,
Күйеуіне ынтызар.
Келісімен тиюге
Дайындалған ойы бар.

Көйлегін ақтан тіккіштеп,
Күні-түні дем алмай,
Бітіруге жүр күштеп,
Асыққансып, тоқталмай.

Сен асыққан екен деп,
Алла әмірін өзгертпес.
Айтқаның болар ма екен деп,
Мен қорқамын, көз жетпес.

Жара басты кеудені,
Жаудан өлді ар үшін.
Ескермей өзге дүниені,
«Ah!» деп өтті жар үшін.

Жамандық тұрмас күттіріп,
Ел есітті, қыз білді.
Ақ көйлекті бітіріп,
Кебінім деп киді, өлді...

Қол жетпеген некені
Сүйіп кеткен жан екен.
Көзің неге жетеді,
Қосылмақ онда бар ма екен?

Шыны ғашық жар болса,
Неге өлдім деп налымас.
Онда екеуі кез келсе,
Бірін бірі танымас.

* * *

Ата-анаға көз қуаныш – (80)
Алдына алған еркесі.
Көкірегіне көп жұбаныш,
Гүлденіп ой өлкесі.
Еркелік кетті,
Ер жетті,
Не бітті?
Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.
Ата көңіл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса.
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса –
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла!
Сүйер ұлың болса, сен сүй,
Сүйінерге жарар ол.
Сүйкімі жоқ құр масыл би
Сүйретіліп өтер сол.
Табылмас қайла,
Ойбайла –
Не пайда?
Зарланарсың, ойланарсың,
Не болам деп енді мен.
Құрбылардан қорланарсың,
Тәңірі ісіне сен де көн.
Қайғысыз пенде
Көрдің бе
Өміріңде?
Тәңірі сорлы етсе, пенде
Не бітірер құр жылап.
Жігері жоқ, ақылы кенде,
Жамбасыңнан жат сұлап.
Бір жаман мен бе
Дедің бе
Көңіліңде?

* * *

Тайға міндік, (81)
Тойға шаптық,
Жақсы киім киініп.
Үкі тақтық,
Күлкі бақтық,
Жоқ немеге сүйініп.
Күйкентай күтті,
Құс етті,
Не бітті?
Атамыз бар,
Молдамыз бар,
Айтқанына көнбедік.
Арт жағында
Біз соған зар
Боламыз деп білмедік.
Ұрланып қаштық,
Жолғастық,
Шуластық.
Жазу жаздық,
Хат таныдық,
Болдық азат молдадан.
Шала оқудан
Не жарыдық,
Қалғаннан соң құр надан?
Бағасыз жастық,
Бозбастық,
Адастық.
Бозбалалық,
Қыз қарадық,
Қалжың, әзіл сөйлестік.
Ат жараттық,
Сән тараттық,
Әуейілік күйлестік.
Көңілге келер,
Кім жолар,
Кім көнер?
Қайын бардық,
Қатын алдық,

Енші тиді азғана.
Шаруа атандық,
Енді ойландық,
Қала берді бозбала.
Бұрынғы қайда?
Ойбайла –
Не пайда?

1891

Заманақыр жастары (82)
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне бірі қастыққа
Қойнына тыққан тастары.

Саудасы – ар мен иманы,
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.
Еңбекпен етті ауыртпай,
Құр тілменен жиғаны.

Өнімсіз іске шеп-шебер,
Майданға түспей несі өнер?
Сиырша тойса мас болып,
Өреге келіп сүйкенер.

Күлмеңдеп келер көздері,
Қалжыңбас келер өздері.
Кекектеп секек етем деп,
Шошқа туар сөздері.

* * *

Көзінен басқа ойы жоқ, (83)
Адамның надан әуресі.
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,
Жайқаң-қайқаң әрнесі.

Білмейсің десе, желөкпе,
Дейді о дағы – Тәңірі ісі.
Бірінен бірі бөлек пе
Иемнің әділ пендесі?

Жүректің көзі ашылса,
Хақтықтың[1] түсер сәулесі,
Іштегі кірді қашырса,
Адамның хикмет[2] кеудесі.

Наданның көңілін басып тұр
Қараңғылық пердесі.
Ақылдан бойы қашық тұр,
Ойында бір-ақ шаруасы.

Кітапты молда теріс оқыр,
Дағарадай боп сәлдесі.
Малқұмар көңілі – бек соқыр,
Бүркіттен кем бе жем жесі?

Жүректе айна жоқ болса,
Сөз болмайды өңгесі.
Тыңдағыш қанша көп болса,
Сөз ұғарлық кем кісі.

[1] حاق – (араб.) [Хәк] – туралық, шындық, ақиқат.

[2] حكمت – (араб.) [хикмәт] – хикмет, даналық сөз. Бұл арада білім, сыр, керемет мағынасында.

* * *

Жастықтың оты жалындап (84)
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиынға салған шақ.

Уайым аз, үміт көп,
Ет ауырмас бейнетке.
Бүгін-ертең жетем деп
Көңілге алған дәулетке.

Қайратпен кіріп жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалайға» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.

Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық – қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі – өкініш,
Ойланып алмақ – сабыр сол.

Ақ көңілді жақсыдан
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан
Қу сөзін алма қолқаға.

Сұм-сұрқия, қу заман
Гүл көрінер жігітке.
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтатып, жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.

Сенісерге келгенде,
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке
Тұра ма қулық жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!

Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япырмай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?

* * *

Қызарып, сұрланып, (85)
Лүпілдеп жүрегі.
Өзгеден ұрланып,
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,
Бір жолдан қайта алмай.
Жолықса ол зарлы,
Сөз жөндеп айта алмай.

Аяңдап ақырын,
Жүрекпен алысып,
Сыбдырын, тықырын,
Көңілмен танысып.

Дем алыс ысынып,
Саусағы суынып.
Белгісіз қысылып,
Пішіні құбылып.

Иығы тиісіп,
Тұмандап көздері.
Үндемей сүйісіп,
Мас болып өздері.

Жанында – жапырақ,
Үстінде – жұлдыз да.
Елбіреп-қалтырап
Жігіт пен ол қыз да.

Өзге ойдан тыйылып,
Бірімен бірі әуре.
Жүрекке құйылып
Жан рахат бір сәуле.

Көкірек елжіреп,
Буындар босанып.
Рахатпен әлсіреп,
Көзіне жас алып.

Жүйрік тіл, терең ой,
Сол күнде қайда едің?
Ғашыққа мойын қой,
Жеңілдің, жеңілдің!..

* * *

Көзімнің қарасы, (86)
Көңілімнің санасы,
Бітпейді ішімде
Ғашықтың жарасы.

Қазақтың данасы,
Жасы үлкен ағасы
Бар демес сендей бір
Адамның баласы.

Жылайын, жырлайын,
Ағызып көз майын.
Айтуға келгенде
Қалқама сөз дайын.

Жүректен қозғайын,
Әдептен озбайын.
Өзі де білмей ме,
Көп сөйлеп созбайын.

Тереңдеп қарайсың,
Телміріп тұрмайсың.
Бейхабар жүргенсіп,
Бек қатты сынайсың.

Сан кісі мұңайсын,
Сабырмен шыдайсың.
Күйемін, жанамын,
Еш рахым қылмайсың.

Кең маңдай, қолаң шаш –
Я бір кез, я құлаш.
Ақ тамақ, қызыл жүз,
Қарағым, бетіңді аш!

Қара көз, имек қас,
Қараса жан тоймас.
Аузың бал, қызыл гүл,
Ақ тісің кір шалмас.

Қыр мұрын, қыпша бел,
Солқылдар соқса жел.
Ақ етің үлбіреп,
Өзгеше біткен гүл.

Қарағым, бермен кел,
Бізге де көңіл бөл,
Қалқамның нұсқасын
Көр, көзім, бір кенел.

Қайғың – қыс, жүзің – жаз,
Боламын көрсем мәз.
Күлкіңіз бойды алар,
Бұлбұлдай шықса әуез.

Кісімсіп дүрдараз,
Бұраңдап қылма наз.
Мал түгіл басымды
Жолыңа берсем де аз.

Иісің – гүл аңқыған,
Нұрың – күн шалқыған.
Көргенде бой еріп,
Сүйегім балқыған.

Қаяусыз қалпынан,
Өзі артық даңқынан.
Қызыл тіл шыға алмас
Мақтаудың шартынан.

Сенсің – жан ләззәті,
Сенсің – тән шәрбәті.
Артықша жаратқан
Алланың рахматы.

Көрік – тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі.
Сұлуды сүймектік –
Пайғамбар сүннеті[1].

[1] سنت – (араб.) [суннәт] – Мұхаммед пайғамбардың (с.ә.с) істеген ісі мен айтқан сөзі. Бұл жерде дәстүр деген мағынада.

Не десем саған еп
Ғашығың да қайғы жеп.
Өртенген жүрекке
Бір көрген болар сеп.

Біздердей ғашық көп,
Қайсысы саған дөп?
Жөндеп те айтпадым,
Жүрегім дүпілдеп.

Назына кім шыдар,
Бұраңдап жүр шығар.
Қасқая күлгені
Қылады тым құмар.

Ер емес қымсынар,
Әркім-ақ ұмсынар.
Құдай-ау, бұл көңілім
Күн бар ма бір тынар?

* * *

Менсінбеуші ем наданды, (87)
Ақылсыз деп қор тұтып.
Түзетпек едім заманды,
Өзімді тым-ақ зор тұтып.

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

Жан шошырлық түрінде
Бәрі бірдей еліріп.
Ұстай алмадым бірін де,
Кекиді кейін шегініп.

«Әринемен» ел кетті,
Қоқиланды, мақтанды.
Қуат бітті, күн өтті,
Жарылқа, Құдай, жатқанды.

Мен қажыған арықпын –
Қатын-бала қонағы.
Сендерге де қанықпын,
Жұртың анау баяғы.

Жарлы емеспін, зарлымын,
Мұны ойла толғанып.
Жұртым деуге арлымын,
Өзге жұрттан ұялып.

Барымта мен партия –
Бәрі мастық, жұрт құмар.
Сыпыра елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?

Татулықты, тыныштықты
Қоңыр көрер, кем көрер.
Ұрлық пенен қулықты
Қызық көрер, өңі енер.

Мұндай елден бойың тарт,
Мен қажыдым, сен қажы!
Айтып-айтып өтті қарт,
Көнбеді жұрт, не ылажы?

ЖҰМБАҚ

Алла мықты жаратқан сегіз батыр (88)
Баяғыдан соғысып әлі жатыр.
Кезек-кезек жығысып, жатып-тұрып,
Кім жығары белгісіз түбінде ақыр.

Ш е ш у і:

Мұны тапсам ойланып, ақын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз?
Қыс пенен жаз, күн мен түн, тақ пенен жұп,
Жақсылық пен жамандық – болды сегіз.

ЖҰМБАҚ

Қара жер адамзатқа болған мекен, (89)
Қазына іші толған әр түрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?

Ш е ш у і: темір.

ЖҰМБАҚ

Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің, (90)
Сәулең болса, бермен кел талапты ерің.
Жан құмары дүниеде немене екен,
Соны білсең, әрнені білгендерің.

Ш е ш у і: білмекке құмарлық.

1892

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің? (91)
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,
Сырласалық, бермен қайт.

Абұйыр, атақ сол жанда
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса?

Көп тәңірі атқан мақтай ма,
Ол тәңірі атқан болмаса.
Жоқты-барды шатпай ма,
Көптің өзі оңбаса?

Мақтау – жел сөз жанға қас,
Қошеметшіл шығарған.
Бір мақтаса, боқтамас
Ел табылса, құмарлан.

Жұрттың бәрі сөз сатқан,
Сатып алып не керек?
Екі сөзді тәңірі атқан –
Шыр айналған дөңгелек.

Сатып алма, сөз сатса,
Ол асылды аңдамас.
Біләткенің байы – ақша,
Ер жақсысын таңдамас.

Мен мақтанның құлы емес,
Шын ақылға зорлық жоқ.
Антұрған көп пұл емес,
Өлім барда қорлық жоқ.

Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсең, у екен.

* * *

Жүрегім, ойбай, соқпа енді! (92)
Бола берме тым күлкі.
Көрмейсің бе, тоқта енді,
Кімге сенсең, сол – шикі.

Жетім қозы – тас бауыр,
Түңілер де отығар.
Сорлы жүрек мұнша ауыр
Неге қатты соқтығар?

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек.
Тірілікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Жоқ деп едің керегің,
Топ жиып ең бір бөлек.
Кезек келер демедің,
Ендігі керек қай керек?

* * *

Қайғы шығар ілімнен, (93)
Ыза шығар білімнен.
Қайғы мен ыза қысқан соң,
Зар шығады тілімнен.
Қайтіп қызық көремін
Әуре-сарсаң күнімнен?
Қайрылып қарап байқасам,
Ат шаба алмас мінімнен.

Қайғылы, қартаң біздей шал
Қарай берсең, қайда жоқ?
Есер, есірік болмасаң,
Тіршіліктен пайда жоқ.

Ақыл бітпес дәулетке,
Дәулет бітпес келбетке.
Болымсыз қулық тойымсыз
Болды балаң жөргекте.
Ішімен жау боп, сыртымен
Кім тояр қылған құрметке?
Кеңшілікте туған жоқ
Шықсын деген жел бетке.
Тарлықта қанша тайпалса,
Қадірі болмас, әлбетте.

Сыйласа елің ұлықтап,
Араласаң қызықтап,
Қызық пенен тыныштыққа
Қазақ тұрмас тұрықтап.
Қаңқылдап біреу ән салса,
Біріне бірі жуықтап.
Тебінісіп қамалар,
Тоқтатып болмас сырықтап.
Түзу бол деген кісіге
Түзу келмес ырықтап.
Сырдаң тартып қашады,
Ұстайсың қайтіп құрықтап?

Ел жайын біліп қансаңыз,
Айтайын құлақ салсаңыз:

Кейбіреуі дүрсіп жүр,
Жер тәңірісіп кер мағыз.
Кейбіреуі – зәкүншік,
Оңдырмассып, берсе арыз.
Кейбірі пірге қол берген,
Іші залым, сырты абыз.
Кейбірі қажыға барып жүр,
Болмаса да қаж парыз.
Мұсылмандық ол ойлап,
Өтеген қашан ол қарыз?

Дәулеті жоқ бурыл шаш,
Үйіңе кет, топтан қаш!..
Ағайынның ішінен
Шыға қалса тай-талас,
Партия жиып, мал сойса,
Бата оқисың, жейсің бас.
Басалқа сөз сенде жоқ,
Айтқан сөзің «малың шаш».
Итше індет тілемей,
Жат үйіңде, өлсең де аш!

Ойлап-ойлап қарасам,
Осындай шал қайда жоқ?
Қозғау салып қоздырғыш
Кезбе шалдан пайда жоқ.

ОСПАНҒА

Жайнаған туың жығылмай, (94)
Жасқанып жаудан тығылмай,
Жасаулы жаудан бұрылмай,
Жаужүрек, жомарт құбылмай,
Жақсы өмірің бұзылмай,
Жас қуатың тозылмай,
Жалын жүрек суынбай,
Жан біткеннен түңілмей,
Жағалай жайлау дәулетің
Жасыл шөбі қуармай,
Жарқырап жатқан өзенің
Жайдақ тартып суалмай,
Жайдары жүзің жабылмай,
Жайдақтап қашып сабылмай,
Жан біткенге жалынбай,
Жақсы өліпсің, япырмай!

* * *

Кешегі Оспан – (95)
Бір бөлек жан,
Үйі – базар, түзі – той.
Ақша, нәрсе
Ала берсе,
Ат та мінсе, көнді ғой.

«Ала берден»,
«Келе көрден»
Бір күн басын бұрды ма?
Келді қаптап,
Алды сап-сап,
Кетті мақтап, тұрды ма?

Жауға – мылтық,
Досқа ынтық,
Жан асар ма осыдан?
Қорықпай өтті,
Жанға жетті,
Арман етті досынан.

Ел тамағын,
Жұрт азабын
Жеке тартқан кетті гүл.
Сондай ерді –
«Ала берді»
Табар енді біздің ел!

Өлді Оспан,
Кетті шопан,
Енді кім бар бақ қонар?
Ұрла-қарла,
Жұртты шарла,
Ойла, барла – не болар?

Жұрт тынымсыз,
Бәрі ұғымсыз,
Енді оларға сөз де жоқ.
Сырты абыз бар,
Желқабыз бар,
Алты ауыз бар – өзге жоқ.

* * *

Күлімсіреп аспан тұр, (96)
Жерге ойлантып әр нені.
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма екен пендені?

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңілде.
Қайғырамын жатамын,
Нені іздеймін өмірде?

Қайтты ма көңіл бетімнен,
Яки бір қапыл қалдым ба?
Өткен күнге өкінбен,
Әм үміт жоқ алдымда.

Іздегенім тәтті ұйқы,
Дүниені ұмытып.
Өлімнің суық тым сыйқы,
Тұрсын өмір жылытып.

Көз ұйқыда, ой тыншып,
Дем алып жатсын көкірек.
Кім таласса, кім ұрсып,
Көрсем оны – сол керек.

Өзім аулақ бетінен,
Бір орында оңаша,
Дүние деген не деген –
Қыла жатсам тамаша.

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мақтан іздеген.
Мақтанынан не туар,
Ыза қылып өзгеден?

* * *

Сұрғылт тұман дым бүркіп, (97)
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
Әйелмісің, жылама,
Тәуекел қыл Құдаға!
Өлең айт,
Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
Әйелде ешбір опа жоқ,
Бүгін – жалын, ертең – шоқ.
Белді бу,
Бетті жу!

1892–1893

ТҰТҚЫНДАҒЫ ПОЛЯК ЖАНДАРАЛЫНЫҢ СӨЗІ

(А. Мицкевичтен)

Дүрілдеген нажағай, (98)
Бұрқыраған жауынның
Ашылмағы бар ма басынан
Бағы қайтқан қауымның?
Мен орманға барғанда,
Неше түрлі гүл ұстап
Қайтушы едім қолыма.
Гүлдер түгіл бұл күнде
Шөп-тағы жоқ маңымда.

* * *

Ысытқан, суытқан (99)
Бойыңды бір көңіл.
Дүниені ұмытқан
Құмарың тозар, біл.

Әуелгі кезінде
Қайтпаған көңілдің,
Есептеп өзің де
Түрінен өмірдің.

Бір жақсы күнім деп,
Қызығын сөйлесіп.
Артынан «ол нем?» деп,
Ұялып кезнесіп[1].

Бір ақымақ әңгіме
Сықылды көрінер.
Онысын өңгеге
Айтуға ерінер.

Айтуға білсе, ерінбес,
Надандықпен жеңілмес.
Білген кісі айтса оған,
Надандығы кемімес.

[1] Қысылу, қызару мағынасында.

* * *

Бойы бұлғаң, (100)
Сөзі жылмаң
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым,
Қатты састым,
Тұра қаштым жалма-жан.

Өз ойында,
Тұл бойында
Еш міні жоқ пендесіп,
Түзде мырзаң,
Үйде сырдаң,
Сөзі қылжаң еркесіп.

Бас құрасып,
Мал сұрасып,
Бермегенмен кетісер.
Адам аулап,
Сыпыра саулап,
Байды жаулап жетісер.

Сөз қыдыртқан,
Жұрт құтыртқан,
Антын, арын саудалап.
Бұтты-шатты,
Үй санатты,
Байдан атты алмалап.

Кедейі – ер,
Кеселі зор,
Малды байдан сорлы жоқ.
Аш көмектің,
Жемдемектің,
Босқа әлектің орны жоқ.

Ел қағынды,
Мал сабылды,
Ұрлық, өтірік гуде-гу.

11 – 9113

Байы – баспақ,
Биі саспақ,
Әулекі аспақ сыпыра қу.

Ақы берген,
Айтса көнген,
Тыныштық іздер елде жоқ.
Аққа тартқан,
Жөнге қайтқан,
Ақыл айтқан пенде жоқ.

Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.
Сыпыра батыр,
Пәле шақыр,
Болдың ақыр тап-тақыр.

Су жұғар ма,
Сөз ұғар ма,
Сыпыра жылмаң желбуаз?
Айтты – көндім,
Алды – бердім,
Енді өкіндім – өзіме аз.

* * *

Жақсылық ұзақ тұрмайды, (101)
Жамандық әр кез тозбайды.
Үміттің аты елеріп,
Қос тізгінді созбайды.
Қос тепкіні салсаң да,
Уайымнан озбайды.
Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.
Жер қорығыш желгек шал
Желіп жүріп боздайды.

Құрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елермес.
Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес.
Шыдасаң есті қашырмай,
Құлдатып, қор ғып жібермес.

Кез келсе қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды.
Қасиетсіз туған – о да жат,
Күңкілдеп берер сазаңды.
Бәрінен де сол қымбат,
Қайтерсің өңкей наданды.
Сыпыра батыр, сұм құрбәт[1]
Мақтанмен алды мазамды.

[1] قربت – (араб.) [құрбәт] – жақындық, туысқандық.

БАЙМАҒАМБЕТКЕ ҚАТЫНЫНЫҢ АТЫНАН ШЫҒАРЫЛҒАН

Әжінің жақсы-ақ қызы едім, (102)
Жетістірем деп алды.
Тілеуін түзден тілесе,
Баста мені неге алды?
Сол желіккеннен желігіп,
Жынды сары жоғалды.
Ойбайлаған болайын-ай,
Жоқтамасам, обал-ды.

* * *

(М. Ю. Лермонтов сарынымен)

Ал, сенейін, сенейін, (103)
Айтқаныңа көнейін.
Шалма ораған сопының
Ішін арам демейін.
Ақ көңілді әділ жан
Табылар деп көрейін.
Я сүйсе, я күлсе,
Елжірейін, төнейін.

Жаралы көңіл жазылар,
Дүниеде рахат бар шығар.
Жақсы адам деген құры сөз
Емес шығар, табылар.
Өткен өмір – көрген түс
Не қылса да бір болар.
Деп нанып ем «маған нан»,
Не таптым мен нанғаннан?
Жүрегімді қан қылды
Өткен өмір, өлген жан.
Ақыл іздеп, ізерлеп,
Бәрін сынап сандалған.
Бірін таппай солардың,
Енді ішіме ой салған.
Тұла бойды улатты,
Бәрі алдағыш сұм жалған.

Басыңа тиді, байқадың,
Бәрінен басты шайқадың.
Тағы бар ма айтарың?
Нанғыш болсаң, енді нан!

* * *

(Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан)

Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын! (104)
Алтынды домбыраңмен келші жақын.
Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,
Бейіштің үні шығар қоңыр салқын.

Егер сорым түбімен әкетпесе,
Керек қой көңілді үміт тебірентсе.
Қатып қалған көзімде бір тамшы жас
Төгілмей ме, бой жылып, о да ерісе?!

* * *

(И. В. Гете – М. Ю. Лермонтовтан)

Қараңғы түнде тау қалғып, (105)
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал қып,
Түн басады салбырап.

Шаң шығармас жол-дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсың сен-дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өзіңе сенбе, жас ойшыл, (106)
Тіл өнері дертпен тең.
Көңілдің жүгін қиял қыл,
Ызаға тұтқын бой мең-зең.

Қасиет тұтып, ойға ұмтыл,
Қан қайнап, қуат егілсін!
Онан гөрі еңбек қыл,
Улы сусын төгілсін!

Ойлай берсең, ой деген
Не қызыққа келер кез.
Кісі айтпаған, білмеген
Күй әдемі, тәтті сөз.

Тыңдама оны, ұмыт сен,
Бүркен-дағы, бар да жат.
Тамылжытып айтқанмен,
Қыла алмассың сен қымбат.

Кез болсаң қайғы, я зарға,
Құрсатса тілді ұмтылтып,
Алып шықпа базарға,
Асаудайын бұлқынтып.

Қайғы-дертің мейлі мың,
Саудаға салмақ – өзіңе ар.
Жаныңа түскен жараның
Іріңін нетсін надандар.

Біліп оған не керек,
Ішіңнен қайғы жемесең.
Жалтаңдаған жас жүрек
Байғұс-ай десін демесең.

Өз бойыңа болып сақ
Жан-жағыңа қараңдар!

Күн көріп жүр күліп-ақ
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін
Қайғы аман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрін,
Таттырмап па дүние зар?

Күлкі болма, қой, жаным,
Сен бүйтесің, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кімге айтты?

* * *

(И. А. Буниннен)

Қорқытпа мені дауылдан, (107)
Дүрілдеп тұрса тау мен сай,
Шатырлап тұрған жауыннан
Жарқылдап тұрса түскен жай.

Көк торғындай аспан-көк,
Білемін, жайнап ашылар.
Исі аңқыған бәйшешек
Түрленіп жерді жасырар.

Қорқытпайды қар мен мұз,
Өзге нәрсе қорқытты.
Ойсыз, доссыз, бақытсыз
Жыбырлақпен өмір өтті.

Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарап тұрмын сендерге.
Атасы басқа, өзі жат,
Жалғыз жанша жат жерде.

1894

Антпенен тарқайды (108)
Жиылса кеңеске.
Ор қазып байқайды
Туа жау емеске.

Анттасын алқайды[1]
Сен тентек демеске.
Кім анттан шалқайды –
Амал жоқ жемеске.

Аз адам шаршайды
Ебіне көнбеске.
Басы ыңғай қайқайды,
Амал жоқ өлмеске.

Ел басты, аңқайды,
Би тартты егеске.
Жұрт-тағы мал-жайды
Ой қылар бермеске.

Өсімге қол жайды,
Тай алып серкешке.
Алмаса ол тайды,
Дап-дайын көрмеске.

Кедей би жантайды
Сауыр мен өркешке.
Саумаққа ол байды,
Кеңесер би кешке.

Қайғы қып болмайды,
Өкпелеп білмеске.

[1] Алқайды – қостайды, қолдайды деген мағынада.

Сүйтсе де оңбайды,
Бұрынғы түсті еске.

Пысықтар шалқайды,
Таласып теңдеске.
Қағысып шонтайды
Өзімен жемдеске.

Таласып тарқайды
Ақшадан төрт-беске.
Бірлікті шайқайды,
Араз боп өнбеске.

* * *

Қарашада өмір тұр, (109)
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?
Арттағы майда көңіл жүр,
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – қар,
Бәйшешек қарға өнер ме?
Ішінде кімнің оты бар –
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,
Шартарапты көздемес.
Пайданы қуып алқынып,
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі толған қулық ой,
Бәрі де пысық, езбе емес.
Құмары оның айт пен той,
Пайда мен мақтан – өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,
Шалықтап, шалқып, шатпай ма?
Қапысын аңдып тұрдым деп,
Қулығын бұлдап сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,
«Қу», «пысық» деген ат қайда?
Арсыз болмай атақ жоқ,
Алдамшы болмай бақ қайда?

* * *

Жас өспірім замандас қапа қылды, (110)
Сабыр, ар жоқ, аял жоқ, ілді-жұлды.
Тұрлау қылып еш нәрсе басқара алмай,
Сенімі жоқ серменде өңкей жынды.

Жамандық, жақсылық пен – оған бір бәс,
Дін ісін, құдай ісін айыра алмас.
Арын сатып, ант ұрып іздегені –
Бір семіз ат, аяғы бір табақ ас.

Тұрлаусыздың қолынан не келеді,
Ынтасыз қайтіп өнер үйренеді?
Еңбегі жоқ, еппенен мал табам деп,
Сендіре алмай, сене алмай, сенделеді.

Онда оны алдайды, мұнда мұны,
Жанын берсе, табылмас сөздің шыны.
Алты жақсы, жүз жылқы болған басы
Бір семіз ат болады оның құны.

* * *

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл, (111)
Көзбен көр де, ішпен біл.
Сүйісер жастар қате етпес,
Мейлің илан, мейлің күл.

Ол тілге едік оңтайлы –
Қаріпсіз біліп сондайды,
Біліп-ақ, ұғып қоюшы ек,
Енді ішіме қонбайды.

* * *

Әсемпаз болма әрнеге, (112)
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барар едің қай жаққа?

Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйгі алма.

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.
Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас
Үйретуден балаға.

ЕСКІЛІК КИІМІ

Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен, (113)
Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен.
Жейде-дамбал ақ саңнан[1], жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе[2] белімде жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім[3] жарқ-жұрқ етіп.

Күләпәра[4] бастырған пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ[5].

Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ жастық көпшігім, жезді пыстан[6],
Бір келісті сайманым топқа мінер.

---

[1] Саң – матаның түрі.

[2] Кісе – күмістелген белбеу.

[3] Дәндәку – кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы.

[4] Күләпәра – баскиімнің бір түрі.

[5] Құрысқақ – тобылғы тиек.

[6] Жезді пыстан, бәстен (парсы.) – Ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, жез қапталған, былғарыдан істелген тұрман.

ӘБДІРАХМАН НАУҚАСТАНЫП ЖАТҚАНДА

Я, Құдай, бере көр, (114)
Тілеген тілекті.
Қорқытпай орнықтыр
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,
Алладан тілеймін.
Шын қалқам осы күн
Болып тұр керекті.

Жүрегім суылдап,
Сүйегім шымырлап,
Алладан тілеймін
Құпия сыбырлап.

Зар етсе пендесі,
Бермей ме Алласы
Тән саулық қалқама,
Қабыл боп көз жасы.

Не жазам, япырмау,
Қол шорқақ, тіл мақау.
Сәләмат өзіңді
Кешікпей көрсем-ау.

Бір суып, бір ысып,
Барады іш пысып.
Жүзіңді бір көріп,
Сүйгенше бір құшып.

Бір үміт, бір қауіп
Көңілге жол тауып
Кірген соң сөз қиын,
Әрнеге ой ауып.

Екі аяқ не қылып,
Басқаша ауырып,

Япырмай, докторлар
Жүрмесін жаңылып.

Жарылып ауыз ашты,
Жарасы жарасты.
Жарасыз біреуі
Неліктен ұйқы ашты.

Алмаса докторға,
Нанбаңыз соққырға.
Визитке төлемей,
Шырағым, бос қалма.

Ол жесін, ол жұтсын,
Шырайын жылытсын.
Ақшаны аяма,
Ұйқыны тыншытсын.

Әбсәмет жиенің –
Ол сенің біреуің.
Достығын достықпен
Өтемек – тілеуім.

Көңілдің хоштығы –
Ол оның достығы.
Барар ем, қолымның
Болмады бостығы.

Сарғайды жүзіміз,
Сарылды көзіміз.
Сақайып сауықсаң
Сағынған өзіңіз.

Хатымды көріңіз,
Көңілді бөліңіз.
Қуатың ерік берсе,
Кешікпей келіңіз.

Туа өскен жеріңіз,
Туысқан еліңіз
Зар боп тұр көруге,
Ұнатса көңіліңіз.

Уайым жеуліміз,
«А, құдай» деуліміз.
Жазылып келсеңіз,
Гүлденер өміріміз.

ӘБДІРАХМАНҒА

Алланың рахматын (115)
Жар тұтып әр неге.
Әр-рахман[1] ол атын
Үйреткен жүмлеге[2].

Дұғаның қуатын
Жіберме өңгеге.
Әбіштің сиххәтын[3]
Беркітсең кеудеге.

Раушан сипатын
Тез көрсет пендеге.
Осындай шапқатын
Ұмытам мен неге?

Зар хатым – бұл хатым,
Бізді тыныш жүр деме.
Азайып қуатым,
Денем жүр көрмеге.

Бұл – жазған сұңғатым[4],
Көңіл ашар бір наме[5].
Менің сол рахатым
Көзіме сүрмеге.

---

[1] رحمان – (араб.) [рәхмән] – қайырымды, мейірімді. Алланың тоқсан тоғыз есімінің бірі.
[2] جمله – (араб.) [жумлә] – барша, жалпы, жиынтық.
[3] صحت – (араб.) [сиххәт] – есендік, саулық.
[4] صنعت – (араб.) [сән‘әт] – өнер. Мұнда көркем шығарма мағынасында.
[5] نامه – (парсы.) [намә] – хат, жазылған нәрсе, кітап мағынасында.

ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Тілім, саған айтайын, (116)
Осы сөздің келісін тап.
Қолым, сені қайтейін,
Қаламды тұрдың қатты ұстап.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,
Жалғаны жоқ бояма.
Қу көсе[1] қандай өзімшіл,
Бір сынамай қоя ма?

Махаббатпен қарап бақ,
Тамыр соқса солқылдап.
Мен жазайын сізге хат,
Оқып көрсін ол шындап.

Оқып көріп байқасын,
Мағынасы ішке кіре ме?
Ұрлаған сөз деп айтасың,
Сөз ұрлыққа жүре ме?

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөккенің оны ұнар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Тұла бойым, балқи көр
Әбіш ағам дегенде.
Мейлің, Мағаш, шалқи бер,
Не десең де сөгем бе?

Көріскен соң бір дидар,
Алла оңғарып келгенде,
Сынаушы сонда табылар
Мұнда жатқан елден де.

Төсекке менің жатуым –
Ұйқыға әбден талған соң,

[1] Кәкітай Мағауияға құрдасы болған соң осылай деп әзілдеген.

Ұстазым мен татуым
Сен екеуің болған соң.

Жас жүрегім қозғалса,
Бір Аллаға тілегім.
Ол қарағым оңалса,
Тыншыр еді жүрегім.

Жүздеріңді сау көрсем,
Екі көзім нұры еніп.
Қосылысып бір жүрсем,
Әр нәрсені үйреніп.

Жерің алыс, жете алмай,
Мағаштан да мен сорлы.
Қызметіңді ете алмай
Қалмас едім сол құрлы.

ӘБДІРАХМАНҒА КӘКІТАЙ АТЫНАН ХАТ

Көзімнің нұрысыз, (117)
Сізсіз жоқ қуаныш.
Өмірдің гүлісіз,
Көңіліме жұбаныш.

Зар қылып тілеймін
Рахматын Алланың.
Елжіреп жылаймын,
Көңілін аш пенденің.

Сиххәтын қалқама
Бере гөр, я, Рахим.
Тілегім бұл ғана –
Қайғымды қыл шағын.

Ағатай, сағындым,
Есен-сау көрмекке.
Сөз таппай аңырдым,
Оқыңыз ермекке.

Осы күн өмірімнің
Ешбір жоқ қызығы.
Жаралы көңілімнің
Жазылмай сызығы.

Мақсатым хатымды
Аз уақыт болса ермек.
Сөзім жоқ татымды,
Хошлықпен көріспек.

ҚЫЗДАРҒА

Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең, (118)
Адалдыққа бар елдің зоры Бәкең.
Ұры-қары көбейіп, көтін шөмейтіп,
Неге болды бар елдің қоры Бәкең?

Лекер, Бітімбай мен Аталықты,
Жанқожадан кім көрген қапалықты?
Байұзақ одан соңғы адамы еді,
Бәрі де кісі-ақ еді хасалықты[1].

Дауылбай Қыздар менен айпар-жайпар,
Екеуі бітім десе басын шайқар.
Екі елерме бітімге жөн келер ме,
Ақылы болмаған соң артын байқар?

Сөзіңнің басы ыржаң, соңы қылжаң,
Жүгенсіз жүре бермек – сенің ырзаң.
Сенен күшті кісілер не боп жатыр,
Заманыңның тарлығын ойла, мырзам.

Шотқара кірсе алдап, шықса күлген,
Елірмелі Досаққа кісімсінген.
Бұл топта маған айтар кісі бар ма
Дауылбай мен Қыздардың жөнін білген?

Айтқожаның қулығы сені еліртken,
Бір дем салса, күшіктей соңына ерткен.
Менің терім тарылып келе жатыр,
Бұрын кісім емес ең жалғыз шерткен.

[1] Хаса – келісті, кемел.

* * *

(М. Ю. Лермонтов сарынымен)

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? (119)
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.
Ішің берік, нәпсіге тыюлысып,
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.

Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,
Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.
Кейбірін қауіптендір мінін тауып,
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ,
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ,
Анда-санда құтырған жаман емес,
Оныңды жиі қылмай және бол сақ.

Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ,
Шоқыма халық көзінше қарғаша боқ.
Жұрт – жас бала, ешнәрсесін тартып алма,
Білдіртпейептеп алсаң залалы жоқ.

Жат елге жадағайда сөйле шәргез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.

ТҰТҚЫНДАҒЫ БАТЫР

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны, (120)
Көгерген көктің жүзі ескі формы.
Азат құстар аспанда ойнап ұшса,
Ұялып қарай алмас мендей сорлы.

Тәубә жоқ, дұға да жоқ тентек бойда,
Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда.
Қан ағып, қайрат қылған майдан менен
Ауыр қылыш, дулыға бірақ ойда.

Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің.
Оқ пен қылыш бұзбастай киінсем де,
Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің.

Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз,
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз.
Тас дулыға болмай ма жатқан үйім,
Шарайнам шойын есік бұ да бір кез.

Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыр,
Денемді сауыт-сайман қысып жатыр.
Бұрын сені біреуге көп жұмсап ем,
Енді өзіме шақырдым, ажал батыр.

1895

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, (121)
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.
Ақылдылар арланып ұялған соң,
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен
Ерітуге болмайды ішкі мұзын.

Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін.
Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,
Шығарған сөз емес қой әңгіме үшін.

Адасып алаңдама, жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса, кеттің ғой мал баға алмай.

* * *

Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей? (122)
Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей.
«Бір тойған – шала байлық» деген қазақ,
Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей?

Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей,
Тамақ аңдып қайтеді тентіремей?
Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?

Ет, қымыз тамақ болса әркімге арзан,
Тәтті, дәмді іздер ең онан да әрман.
Өз пұлыңмен халің жоқ күнде тояр,
Құлдық ұрып асайсың асы бардан.

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,
Ас берер ауыл іздеп жүрсің босқа.
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берсе,
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел,
Малың болса, сыйламай тұра алмас ел.
Қаруыңның барында қайрат қылмай,
Қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел.

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,
Еңбек қылмас еріншек – адам болмас.
Есек көтін жусаң да, мал тауып кел,
Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас.

Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас,
Сұм нәпсің үйір болса, тез тыйылмас.
Зиян шекпей қалмайсың ондай істен,
Мал кетер, мазаң кетер, ар бұйырмас.

Асаған, ұрттағанға ез жұбанар,
Сенімді дәулет емес сен қуанар.
Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас,
Қардың суы сықылды тез суалар.

Мінер атын, киімін ып-ықшам қып,
Сымбаттанып, сымпиып тамақ аңдып,
Бұраңдап жылы жүзін асқа сатқан
Антұрғанға қосылма, кетсін қаңғып.

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген
Антұрғанға қосылма қапылыста.

* * *

Балалық өлді, білдің бе? (123)
Жігіттікке келдің бе?
Жігіттік өтті, көрдің бе?
Кәрілікке көндің бе?
Кім біледі, сен кәпір,
Баяндыдан сөндің бе,
Баянсызға төндің бе?
Әлде, айланып, кім білер,
Боталы түйе сықылды
Қорадан шықпай өлдің бе?

* * *

Лай суға май бітпес қой өткенге, (124)
Күлеміз қасқыр жалап, дәметкенге.
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?

Берген бе Тәңірім саған өзге туыс?
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы
Таппаған бір тиянақ не еткен қуыс?

Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,
Өзіне құмар қылған оның әмірі.
Халиққа[1] махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі[2].

Өзгені ақыл ойға қондырады,
Біле алмай бір Тәңіріні болдырады.
Талып ұйықтап, көзіңді ашысымен,
Талпынып тағы да ойлап зор қылады.

Көңілге шек, шүбәлі ой алмаймын,
Сонда да оны ойламай қоя алмаймын.
Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мүлгуге тоя алмаймын.

Мекен берген, халиқ қылған[3] Ол ләмәкән[4]
Түп иесін көксемей бола ма екен?
Және оған қайтпақсың, оны ойламай,
Өзге мақсат ақылға тола ма екен?

Өмір жолы – тар соқпақ, бір иген жақ,
Иілтіп екі басын ұстаған Хақ.
Имек жолда тиянақ, тегістік жоқ,
Құлап кетпе, тура шық, көзіңе бақ.

---

[1] خالق – (араб.) [Халиқ] – жаратушы. Мұнда Алла Тағаланы айтып отыр.

[2] دهرى – (араб.) [дәһри] – материалист, атеист, дінсіз. Бұл жерде сенімсіз, күдікті деген мағынада.

[3] Жаратқан, жоқтан бар еткен деген мағынада.

[4] لامكان – (араб.) [ләмәкән] – мекенсіз. Мұнда Алла Тағаланы айтып отыр.

* * *

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, (125)
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.
«Мені» менен «менікінің» айрылғанын
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,
Бақи[1] қоймас фәнидің[2] мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей.

Дүниеге дос ақиретке бірдей болмас,
Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.
Дүниеге ынтық, махшарға[3] амалсыздың
Иманын түгел деуге аузым бармас.

[1] باقی – (араб.) [бақи] – мәңгілік, мәңгі.
[2] فانی – (араб.) [фәни] – өткінші жалған дүние.
[3] محشر – (араб.) [мәхшәр] – ақыр заманда адамзат баласының сауал-жауап беретін алаңы.

13 – 9113

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Арғы атасы қажы еді (126)
Бейіштен татқай шәрбәтті.
Жарықтықтың өнері
Айтуға тілді тербетті.
Адалдық, ақыл жасынан
Қозғапты, тыныштық бермепті,
Мал түгіл жанға мырза еді,
Әр қиынға сермепті.
Мұңды, шерлі, жоқ-жітік
Аңсап алдын кернепті.
Бәрінің көңілін тындырып,
Біреуін ала көрмепті.
Әділ, мырза, ер болып,
Әлемге жайған өрнекті.
Тәубесін еске түсіріп,
Тентекті тыйып, жерлепті.
Қазақтың ұлы қамалап,
Іздеген жүзін көрмек-ті.
Ақылынан ап қайтқан
Өлгенше болар ермекті.
Ол сыпатты қазақтан
Дүниеге ешкім келмепті.
Өлмейтін атақ қалдырып,
Дүниеге көңілін бөлмепті.
Жарлығына Алланың,
Ерте ойлаған көнбек-ті.
Олар да тірі қалған жоқ,
Тірлік арты өлмек-ті.
Оны да алды бұл өлім –
Сабырлық қылсақ керек-ті.

* * *

Кешегі Оспан ағасы (127)
Кісінің малын жемепті.
Мал сұраған кісіге
Жоқ, қайтемін демепті.
Қуаты артық, ойы кең,
Жұрттың бәрін шенепті.
Досына – дәл жаз, жауға – аяз,
Алысқанды денепті.[1]
Адалдық үшін алысып,
Жегішке ақы төлетті.
Бас шайқаймын дегеннің
Басына салды әлекті.
Қадірі қалың, малы көп,
Қылмаған кімге себепті?
Алақолсыз мырза еді,
Кем-кетікті елепті.
Оны да алды бұл өлім –
Сабырлық қылсақ керек-ті.

[1] Денепті – басым түсті, жеңді (АТС, 163-бет).

* * *

Кешегі өткен ер Әбіш (128)
Елден бір асқан ерек-ті.
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,
Туысы жаннан бөлек-ті.
Өнері оның жұрт асқан,
Ғылымға көңілі зерек-ті.
Аямаған ғаріптен
Қолдан келген көмекті.
Кісіге сідет[1] жүктетпей,
Еңбекпен тапқан қоректі.
Біреудің қылған қарызын
Айтқызбай артық төлепті.
Боямасыз ақ көңіл,
Кірлетпей кетті жүректі.
Ойламаған өлімнен
Жасқанамын демек-ті.
Тағдырға тәбділ[2] бола ма,
Сабырлық қылсақ керек-ті.

[1] شدت – (араб.) [шиддәт] – ауыртпашылық, өмір тауқыметі.
[2] تبديل – (араб.) [тәбдил] – өзгеру, алмасу.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕНДЕ

Тұл бойың ұят, ар едің, (129)
Ескеріп істеп, ойлаған.
Тәуекелге нар едің,
Талаппен терең бойлаған.
Ерлікке де бар едің,
Үйренуге тоймаған.
Жасқа жас, ойға кәрі едің,
Атаңның атын жоймаған.
Замана, неткен тар едің
Сол қалқамды қоймаған?!

ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Жиырма жеті жасында (130)
Әбдірахман көз жұмды.
Сәулең болса басыңда,
Кімді көрдің бұл сынды?

Дүниелікке көңілі тоқ,
Ағайынға бауырмал.
Тәкаппар, жалған онда жоқ,
Айнымас жүрек, күлкің – бал.

Ғылым оқып білгенше
Тыным, тыныштық таппаған.
Дүниені кезіп көргенше
Рахат іздеп жатпаған.

Ұзақ өмір не берер,
Көрген, білген болмаса?
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле толмаса?

Петербурда-ақ кідірмей,
Біліпті дерттің барлығын.
Тәуекел қып білдірмей,
Күтіпті тәңірі жарлығын.

Қалжыңы, шыны аралас,
Өмірім аз деп білдіріп,
Бөтен көзде көрсе жас,
Ойнаймын деп күлдіріп.

Аз өмірін ұзайтқан,
Ғылымға бойы толған соң.
Көрген жерін молайтқан,
Оқып, біліп болған соң.

Қырым, Кавказ, Түркістан,
Ресей, Сібір қалмады.
Хабарланып әр тұстан,
Көрмей дамыл алмады.

Құйрықты жұлдыз секілді,
Туды да, көп тұрмады.
Көрген, білген өкінді,
Мін тағар жан болмады.

Тәуекел зор, ақыл мол,
Қорықпай тосқан тағдырын.
Қиынсынбай өлімді ол,
Білдірмеген еш сырын.

Ата-ананың қызметін,
Алған жардың қарызын,
Өтемей кеткен бейнетін –
Қағазға жазған арызын.

Көргені мен білгені
Жүзге келген шалдан көп.
Бізге уайым жегені –
Арманда боп қалды деп.

Жаңа жылдың басшысы – ол,
Мен ескінің арты едім.
Арман деген ащы сол,
Сүйекке тиді, қарт едім.

Қайғы болды күйгендей,
Ол қуатым еді, рас.
Көзге қамшы тигендей
Шыр айналды артқы жас.

ӘБДІРАХМАН ӨЛІМІНЕ

Талаптың мініп тұлпарын, (131)
Тас қияға өрледің.
Бір ғылым еді іңкәрің,
Әр қиынға сермедің.

Көзіңді салдың тұрғыға,
Бейнетін қиын көрмедің.
Бірге оқыған құрбыға
Бас бәйгені бермедің.

Бала болдың, жас болдың –
Жалғандыққа ермедің.
Төре болдың, бас болдың –
Көкірегіңді кермедің.

Ел ішіне сау келсең,
Тағылым айтпас ер ме едің?
Жол көрсетіп, сонда өлсең,
Арманым бар дер ме едім?

Іздеп табар жалғаннан
Бала берген пенде едім.
Пенде өлмейді арманнан,
Мінеки, мен де өлмедім.

ӘБДІРАХМАНҒА

Орынсызды айтпаған, (132)
Түзу жолдан қайтпаған.
Жақсылық қылар орында
Аянып бойын тартпаған.
Ортасында кәпірдің
Арамынан татпаған.
Өмір бойы талпынып,
Ғылым іздеп, жатпаған.
Түрленіп төре болдым деп,
Есерленіп шатпаған.
Жүз мың теңге келсе де,
Махаббатын сатпаған.
Жүйріктікпен шалқымай,
Тура сөзді жақтаған.
Бала айтса да хақ сөзді,
Бұрылмастан тоқтаған.
Өтіріксіз турашыл,
Еш сөзі жоқ таппаған.
Сыйласарлық кісіге
Түк қалмайтын сақтаған.
Бауырларын еркейтіп,
Не сұраса қақпаған.
Білдіруші ең үндемей
Істі қылған жақпаған.
Ағайын мен туғанды
Тірілікте мақтаған.

ӘБДІРАХМАН ӨЛГЕН СОҢ ӨЗІНЕ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ

Бермеген құлға, қайтесің, (133)
Жұлынарлық ерікті.
Ажал тура келген соң,
Шыдатпайды берікті.
Ғаріптікке көз жетті,
Алғаннан соң серікті.
Өмірін берген Құдайым
Ажалын да беріпті.

Сақта дейміз, қайтеміз,
Ілінген жалғыз тіректі.
Тағдырына тәбдил[1] жоқ,
Тәубе қылсақ керек-ті.
Кәркәдән[2], пілдей қуатты,
Тағы арыстан жүректі,
Аплатон, Сократ ақылды,
Қаһарман Ғали білекті.
Өз заңымша ұқсаттым,
Берген Құдай тілекті.
Оспанды алған бұл өлім –
Тәубе қылсақ керек-ті.

Мұсылманға қоймаған
Орынсыз жанжал шатақты,
Ерегіскен жауларын
Кісен салып матапты.
Зекет жиып, егін сап,
Тойдырған ғаріп, жатақты.
Ескендір, Темір, Шыңғыстай
Мұсылманда атақты.

Мұқым қазақ баласы
Тегіс ақыл сұрапты.
Тобықтыны ел қылып,
Басын жиып құрапты.

---

[1] تبديل – (араб.) [тәбдил] – өзгеру, алмасу.
[2] كركدن – (парсы.) [кәргәдән] – керік, жираф.

Мекеде уақып[1] үй салып,
Пәтер қып, жаққан шырақты.
Бір Құдайдың жолына
Малды аямай бұлапты.

Ажал уақыты жеткен соң,
Соның да гүлі қурапты.
Қажыны[2] алған бұл өлім –
Сабыр қылсақ керек-ті.

[1] وقف – (араб.) [уәқф] – мешіт, медресе пайдасына қайтарымсыз берілетін мал, дүние. Бұл жерде Меккеге барғандар жататын үй салғызып бергенін айтады.

[2] Қажы деп өз әкесі Құнанбайды айтады.

ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙДЫҢ АЙТҚАН ЖҰБАТУЫ

Жылағанды тоқтатып, (134)
Ынсап қылсақ жарайды.
Қоймасаң, қайғы ауыр боп,
Тұл бойыңа тарайды.
Қызыл гүлің суалып,
Ақ көңілің анық қарайды.
Һәммә жанды ауылымен
Патша құдай сынайды.
Бір сен емес, жылатқан
Сыңарын алып талайды.
Бәрімізді аясаң,
Тоқтау қылсаң ұнайды.
Ұмытқаның жарамас
Жаратушы Құдайды.
Халық билеген патшалар,
Уақыты жетсе, құлайды.
Дәл уақыты жеткенде,
Талайдың гүлі қурайды.
Расулды[1] алған бұл өлім
Кімнен жөнді сұрайды?
Қандай адам бұлқынып,
Бұған көнбей тулайды?
Мен білемін, қайтейін,
Мұндай асыл тумайды.
Қанша жылап налысаң,
Сонда да ерікке қоймайды.
Алғысы келсе, дүниенің
Айтқанына болмайды.
Ойласаңшы, Мағышым,
Кімнің гүлі солмайды?
Артын тіле Құдайдан,
Бір қалыпты тұрмайды.
Үсті-үстіне бастаса,
Сонда пенде оңбайды.

[1] رسول – (араб.) [расул] – Алланың пенделеріне жіберген елшісі. Бұл жерде Мұхаммед пайғамбарды (с.а.с) айтады.

Жылама, Мағыш, жылама,
Алладан өлім тілеме!
Қолдан ұшқан ақ сұңқар
Қайтып келіп қонбайды.
Бір шешеден туғанда,
Бәрінен кетті тәуірім.
Көтермеске амал жоқ,
Көрдім дүние ауырын.
Аясаңшы, апырмау,
Әке, шеше, бауырын!
Бойды жеңіп, тоқтау қып,
Сұрасаңшы ақырын!
Тоқтамады, тұрмады,
Кетті ортадан асылым.
Тәкаппар, зор көкіректі
Көтере алмай басылдым.
Тиянағым, тұрлауым,
Енді кімге асылдым?
Ойламадым туғанды,
Бір өзіңе бас ұрдым.
Жалғыз сенен айрылып,
Артыңа қарап аһ ұрдым.
Ойламадым еш жанды,
Өзіңе ердім оңаша.
Рахаттанып, мақтанып,
Қылушы едім тамаша.
Шыны сорлы мен-дағы,
Мағыш байқап қараса.

ӘБДІРАХМАННЫҢ ӘЙЕЛІ МАҒЫШҚА АБАЙ ШЫҒАРЫП БЕРГЕН ЖОҚТАУ

Айналайын, құдай-ау, (135)
Қапалық салдың жасымнан.
Шешенің зарын тарттырдың
Бес жасымда басымнан.
Сөйлемей пенде шыдамас
Қайғы отына ашынған.
Жарымды көрмей неше жыл,
Қапалықты асырған.
Жарымды алып қор қылдың
Жас өмірде тасынған.
Айырып, от қып өртедің
Әбіш сынды асылдан.
Әбішті алып күл қылдың,
Қызылды гүлді жасылдан.
Тым болмаса қызмет қып,
Өткізбедім қасымнан.

Жиырма екі жасымда
Мен айрылдым жарымнан.
Жарық сәуле көрмедім
Шыққалы ана қарнынан.
Күйік күшті түскен соң,
Кетеді екен сабырдан.
Қызықты күнім қалмады
Жылаған айтып зарымнан.
Көре алмай зар боп айырылдым
Құдай қосқан жарымнан.
Өзгеше болып жаралған,
Танығаң жан қалпынан.
Тілеуді кесіп Құдайым,
Зарлатып қойды артынан.
Құдай салды жүрекке
Жалғанда бітпес жараны.
Көре алмай қор боп қалған соң,
Кете ме іштен арманы?
Сәулемді Құдай алған соң,
Сарнамасқа шара не?

Кез келтірді құдайым
Құтылмас маған дараны.
Қалқамды алып, Құдайым,
Басыма салдың қараны,
Өзі түгіл көрмедім,
Ізі жоқ басқан табаны.
Күйдіріп, құдай алмады,
Пенденің құрыр амалы...

Қылығына жете алман,
Қаншалық тілмен айтқанмен.
Басыңа Құдай беріпті
Өлшеусіз қылып ақылын...

Сабыр мен талап беріпті,
Ақылың, рахымың қиын-ды.
Өткен күнгі қызығым
Ұйықтап көрген түстен кем.
Қараңғы түнде қапалық,
Жүректі басты шықпас күн.
Қолдан келген қайратым –
Барымды айтып шыққан үн.
Көңілімнің күні өшкен соң,
Қайғылы қара болар түн.

Жыламай пенде шыдамас,
Қарағымды алған соң.
Сағынып көрген қызықты
Көре алмай зарлап қалған соң.
Ашпадың, Алла, қабақты,
Қылмадың қабыл тілекті,
Өле алмай шыдап отырмын
Зор құдайым салған соң.

Шықтым ба деп ем, құдай-ау,
Қызықты күннің шетіне.
Өшірмек Алла болған соң,
Пенденің қоймас еркіне.
Өлмектен басқа дауа жоқ
Алланың салған дертіне.

Құтылмас құл жол таппас
Иенің салған өртіне.

Жалтыр құздан құладым,
Қолымнан кетіп сүйеніш.
Көңілімнің күні өшкен соң,
Жалғанда болмас жұбаныш.
Өмірді қылдың, Құдайым,
Қызығы жоқ күйініш.
Үмітсіз өмір бітірді
Жүрекке мұз боп ерімес.

Өзгеше болып жаралған
Айырылдым қалқам жарымнан.
Сол қалқамды қоймаған
Замана неткен тар еді?
Жасымнан өтті демегін,
Күн шыққандай қараңғы
Кешегі түннің жарығы.

Сабыр қылып шыдарға,
Қайғы оты асты күшімнен.
Қызықты күнім қалмады
Әбісті көрген түсімнен.
Сағыныш зарын білдірмей
Жүруші едім ішімнен.
Қылығың, қалқам, кетер ме
Жалғанда менің ойымнан?

Сағынсам да алыстан,
Жүруші ем күнше жылынып.
Қызықтың заңғар басынан
Қорлыққа кеттім жығылып.
Құдай қосқан қосақтан
Жалғанда қалдым жырылып.
Қайғыңда қалдым қамалып,
Қызығым кетті сырылып.

Көре алмай қалдым қалқамның
Дәл екі жыл қызығын.

Жүректегі жазылмас
Тағдырдың салдың сызығын.
Өмірдің, Алла, беріпсің
Күнде өртерлік шыжығын.
Баяны жоқ, байлаусыз,
Тілекте жоқ бұзығын.

Сағынсам да үміт бар,
Болушы еді қуаныш.
Қалқамнан қалдым қарс ұрып,
Қайткенде болар жұбаныш?
Алла берген арманға
Ah ұрсам болмас алданыш.
Сабыр, тағат қылуға,
Қоймады күйік бойыма ес.
Әбіш сынды жарымнан,
Айырылған соң барымнан,
Жалғанда болмас жұбаныш!

14 – 9113

* * *

Көз жұмғанша дүниеден (136)
Иманын айтып кеткені-ай!
«Бейсенбі ме бүгін?» деп,
Жұмаға қарсы өткені-ай!
Жер күңіреніп, жұрт шулап,
Ағайын түгел жеткені-ай!
Жамиғат тоңбай, күн жылып,
Тәңірім рақым еткені-ай!
Ием қабыл алды-ау деп,
Көңіліме қуат біткені-ай!
Қуаттанып бақсам да,
Күнәлі нәпсім түйтпеді-ай[1].
Ата тегің мұндағы –
Орта жүздің ұлығы;
Ана тегің ондағы –
Өзен судың тұнығы.
Екі асылдан қосылған
Сом алтынның сынығы.
Өлгенше естен қалмайды
Өзгеше біткен қылығы.
Қызылбалақ қыранның
Балапанын дерт алды.
Жеміс ағаш, бәйтерек
Балдырғанын өрт алды.
Артына белгі тастамай
Жал-құйрығын келте алды.
Ағайынды тойғызбай,
Аз күн қоймай, ерте алды.
Көп жасамай, көк орған,
Жарасы үлкен жас өлім.
Күн шалған жерді тез орған
Күншіл дүние қас өлім.
Артына белгі қалдырмай
Бауыры қатты тас өлім.
Жыламайын десе де,
Шыдарлық па осы өлім?
Орамды тілді ауыздым,
Ақылға жүйрік маңыздым.
Көп жасамай тез кетіп,
Көзімнің жасын ағыздың.

[1] Төзімі жетпеді, шыдамады.

* * *

Махаббат, достық қылуға (137)
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тұруға
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көңілім ойлайды –
Жанның бәрі қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Еңбекке аз күн татымас.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Рахат, мені тастап қоймадың тыныш, (138)
Ғашық жар, ағайын, дос – бәрі алдағыш.
Жастық қуат, үміттің нұры қайтып,
Күңгірт тартты, бәрінің аяғы реніш.

Ұнатпаймын тағдырды, дүниені,
Жасқантып жалынта алмас о да мені.
Алладан бәрібір деп тосып тұрмын
Алғалы жақсылықты, я өлгелі.

Қара жұрт қарап тұрып, сөзге нанбас,
Ант етемін, жалғанын жан таба алмас.
Өзі алданып, кісіден соққы жеген,
Және өзі біреуді алдай алмас.

Соққан дауыл сықылды өмір өтер,
Қайғырмаймын, білемін, көзім жетер.
Кеудемде осы жүрек тұрған шақта
Жақсылық жоқ өзіме мен дәметер.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,
Өлсе, көрде бастырған су топырақ.
Өзі сүйіп, өзгеден сүю іздеп,
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ.

1896

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа, (139)
Аларында шара жоқ алдамасқа.
Табысына табынып, қалтаң қағып,
Тойғанынан қалғанын берсе алашқа.

Мал жияды мақтанын білдірмекке,
Көзге шұқып, малменен күйдірмекке.
Өзі шошқа өзгені ит деп ойлар,
Сорпа-сумен, сүйекпен сүйдірмекке.

Ақылды деп, арлы деп, ақпейіл деп
Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп.
Осы күнде мал қайда, боқ ішінде,
Алтын алсаң, береді боғынан жеп.

Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек,
Еңбекті сат, ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті –
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

* * *

Туғызған ата-ана жоқ, (140)
Туғызарлық бала жоқ.
Туысқан-туған, құрбылас
Қызығымен және жоқ.

Тулайын десе шара жоқ,
Толықсып жүрер шама жоқ.
Ұйқы мен астан дәм кетіп,
Сақалда, шашта қара жоқ.

Байбайшыл тартып баға жоқ,
Жастарға жаппас жала жоқ.
Жат қораны күзеткен
Қартаң шалда сана жоқ.

* * *

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында, (141)
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа – буға, азбан – дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сипаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға.

Сән-салтанат жұбантпас жас жүректі,
Кім де болса тұрғысын көксемек-ті.
Мезгілі өткен дәуренді қуалаған
Не қылсын бір қартайған қу сүйекті?

Кәрі, жас дәурені өзге – тату емес,
Епке көнер ет-жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен, қатын емес.

Есерлер жас қатынды тұтады екен,
Жас қайғысын білдірмей жұтады екен.
Ортасында бұлардың махаббат жоқ,
Тұсап қойып қашырар бұқа ма екен?

Бай қартайса, малына берер шылбыр,
Мал өмірді жаңғыртпас, құдай ұрғыр.
Біреудің қызын алып малға сатып,
Баяғыны іздеген қандай құрғыр?

Қатыным қалай деме, ақсақал бай,
Сонымен дос боп жүрсің, япырым-ай!
Қу қатының майысса, мәз боласың,
Шайтанның шәкіртінің қылығын-ай!

Қартаң бай, қатты сақ бол, тілге көнсең,
Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең.
Тіпті оңбассың, өзіңе өзің мәз боп,
Дастарқан мен қатынды мақтан көрсең.

Кінәсіз бәйбішемен болады араз,
Жастың көңілі жылымас, ол өзіне аз.
Біреуі – көк балдырған, бірі – қурай,
Бір жерге қосыла ма қыс пенен жаз?

Үнем болмас құйрықты бұлаңдатқан,
Сауырына шапақтап, сүйіп жатқан.
Екі көңіл арасы – жылшылық жер,
Оны қайтіп қосады ол ант атқан?

* * *

Сағаттың шықылдағы емес ермек, (142)
Һәмишә[1] өмір өтпек – ол білдірмек.
Бір минут бір кісінің өміріне ұқсас,
Өтті, өлді, тағдыр жоқ қайта келмек.

Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман.

Өткен өмір белгісі – осы сыбдыр,
Көңілді күнде сындыр, әлде тындыр.
Ақыл анық байқаған қылығыңды,
Қу шыққансып қағасың босқа бұлдыр.

Күн жиылып ай болды, он екі ай – жыл,
Жыл жиылып, қартайтып қылғаны – бұл.
Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ, бір Тәңірім, кеңшілік қыл.

[1] همیشه – (парсы.) [һәмишә] – ылғи, үнемі.

* * *

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа, (143)
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына[1] билесін ол құлаққа.

Шырқап, қалқып, сорғалап, тамылжиды,
Жүрек тербеп, оятар баста миды.
Бұл дүниенің ләззәті бәрі сонда,
Ойсыз құлақ ала алмас ондай сыйды.

Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Үннің тәтті оралған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң, дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар.

Адам аз мұны біліп ән саларлық,
Тыңдаушы да аз ол әннен бәһра[2] аларлық.
Мұңмен шыққан, оралған тәтті күйге
Жылы жүрек қайда бар қозғаларлық?

Көбінесе ән басы келеді ащы,
«Кел, тыңда!» деп өзгеге болар басшы.
Керім толғап, тауысар қоңыр күңгір,
Сол жеріне ойыңмен араласшы.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда, көңілдің өсері бар.

Білімдіден аяман сөздің майын,
Алты өлеңмен білдірдім әннің жайын.
Ездің басы қаңғырсын, ердің көңілі
Жаңғырсын деп ойладым айтқан сайын.
Көкірегінде оты бар ойлы адамға
Бұл сөзімнің суреті тұрар дайын.

[1] Такт (орыс.) – бұл жерде өлеңнің ырғағы ретінде алынып отыр.
[2] بهره – (парсы.) [бәһрә] – пайда, үлес, табыс.

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
Алды – ойын, арт жағы мұңға жуық.
Жақсы әнді тыңдасаң ой көзіңмен,
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.

Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер.

* * *

Адамның кейбір кездері (144)
Көңілде алаң басылса;
Тәңірінің берген өнері
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырап өңкей келісім
Тас бұлақтың суындай,
Кірлеген жүрек өз ішін
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Ұйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойға сөз салар.

Қыранша қарап қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға,
Шиыршық атар, толғанар.

Әділет пен ақылға
Сынатып көрген-білгенін,
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сөйле дегенін.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсеңдер, өзің біл.

* * *

Көк ала бұлт сөгіліп, (145)
Күн жауады кей шақта.
Өне бойың егіліп,
Жас ағады аулақта.

Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп күш алар.
Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

РАХЫМШАЛҒА

Сұлу аттың көркі – жал, (146)
Адамзаттың көркі – мал.
Өмір сүрген кісіге
Дәулет – қызық, бала – бал.

Бал болатын бала бар,
Бал болар ма Рахымшал?!
Бүйтіп берген балаңды,
Берген Құдай, өзің ал!

ҚАТЫНЫ МЕН МАСАҚБАЙ

Сырмақ қып астына (147)
Байының тоқымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бүксітіп,
Бықсытып,
Қоқсытып келтірді.

Осының бәрімен
Көңілінде міні жоқ,
Жүзінің нәрі мен
Бойының сыны жоқ.
Бүкшиіп,
Сексиіп,
Түксиіп өлтірді.

Күлкі боп көргенге,
Құрбыға қадірсіз.
Ас қылып бергенге
Шыдамас, сабырсыз.
Келді, ойбай,
Салды айғай,
Түк қоймай боқтады.

Сөзінің жөні жоқ,
Ақылсыз томырық,
Қатынның күні жоқ –
Қамшы мен жұдырық.
Барқылдап,
Тарқылдап,
Салпылдап тоқтады.

КҮЙІСБАЙҒА

Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға, (148)
Бермек болған айғырдың көзі қайда?
Көзді көрсең – бересің, тайсаң – танып,
Алдамшы атанғанның несі пайда?

ДҮЙСЕНҚҰЛҒА

Саудайы-ай[1], сауды алмадың-ау, сырқауды алып, (149)
Бір пәлеге жолықтың шырқау барып.
Ала жаздай көгалды бір көрмедің,
Сары жұртқа қондың ба ірге аударып?

[1] سوداء – (араб.) [сәуда] – әуестік, қиялшылдық; махаббат.

РАЗАҚҚА

Мына үйде отыр Разақ, (150)
Елдің жөнін айтар ма,
Шақырып алып сұрасақ.
Үлкен қожа – ортан қол,
Өзгелері – аты жоқ пен шынашақ.

Сонда Абайдың немересі Әубәкір: – Омархан ағам ше? – дегенде:

Оны дағы байқармыз,
Біраз ғана сынасақ.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Ғашықтық іздеп тантыма, (151)
Аз күн әуре несі іс?
Өзіңнің қара артыңа,
Өткен өмір – бейне түс.
Өлгенше болар бар ма дос,
Қуаныш, қайғы – бәрі бос.

ОЙ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы, (152)
Салқын, қуыс өмірі, я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартаяр деп біл балаңды.

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін.
Өзі өнерсіз өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Жамандық, жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын.
Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын.

Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше,
Суық соғып бүрісер дәмі енгенше.
Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызығы – үзілгені бос жүргенше.

Пайдасыз ғылымменен ми кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер.
Жақсы сөз, жақын үміт, тәттілікті
Кемітер, көңіл қоймас, кекеңкірер.

Қуаты қызық қызмет тойларының
Қос қыртысын кетірмес ойларының.
Лап бергіш, көті айналғыш, қайта ойланғыш,
Тиянақ оты сөнген бойларының.

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай,
Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік?

Жек көрер, жақсы көрер – кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөнер.

Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас өнер.

Бала мінез ойыншы бұрынғылар
Аңқау екен, мазақтап соны сынар.
Артқа қарап, ақ пейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Көп салқын бірін бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.

Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың,
Мал үшін аш қатасың, жан сатасың,
Әкесі аштан өлген кісідей-ақ
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

ҚАНЖАР

(М. Ю. Лермонтовтан)

Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап, (153)
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзінде жас сорғалап,
Қайғымен өртенгеннің белгісі еді.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша дірілдеген жалын көрген,
Бір күңгірт тартып және оттай жанған.

АЛЬБОМҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Сал демеймін сөзіме ықыласыңды, (154)
Қайғылы өлең еттім өз басымды.
Көкірегім бар сырын өз әлінше
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды.

Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір
Арттағыға бір белгі қойса нетер?

Кім біледі, кез болса арттағылар
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,
«Рас-ау» деп, мағынасын о дағы ұғар.

Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім
Жібермей, көп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Сықылды өткен жанның бір күмбезін.

1897

Көк тұман – алдыңдағы келер заман, (155)
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған.

Ол күндер – өткен күнмен бәрі бір бәс,
Келер, кетер, артына із қалдырмас.
Соның бірі – арнаулы таусыншақ күн,
Арғысын бір-ақ Алла біледі, рас.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі.
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсе өлсін, оған бекі.

Шырақтар, ынталарың «менікінде»,
Тән құмарын іздейсің күні-түнде.
Әділеттік, арлылық, махаббат пен –
Үш жолдасың қабірден әрі өткенде.

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды,
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды.

Адам ғапыл[1] дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі Онікі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла болады не сенікі.

Мазлұмға[2] жаның ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.

[1] غافل – (араб.) [ғафил] – бейқам, жайбарақат.
[2] مظلوم – (араб.) [мәзлум] – зұлымдыққа ұшыраған адам, жәбірленуші.

Көптің қамын әуелден Тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп Иең сүйсін.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.
Ғадәләт[1] пен мархамат[2] – көп азығы,
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек.

Әркімнің мақсаты өз керегінде,
Біле алмадым пысығын, зерегін де.
Саяз жүзер сайқалдар ғапыл қалар,
Хақиқат та, дін дағы тереңінде.

[1] عدالت – (араб.) [‘әдаләт] – әділет, шындық.
[2] مرحمت – (араб.) [мәрхәмәт] – мейірімділік, рақымдылық.

* * *

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, (156)
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.

Өзіңді сенгіштікпен әуре етпе,
Құмарпаз боп мақтанды қуып кетпе.
Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып,
Салпылдап сағым қуған бойыңа еп пе?

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе, қызықпа, оңғаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан – шын асыл, тастай көрме.

* * *

Алла деген сөз жеңіл, (157)
Аллаға ауыз жол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа қол емес.

Дененің барша қуаты
Өнерге салар бар күшін.
Жүректің ақыл суаты,
Махаббат қылса Тәңірі үшін.

Ақылға сыймас ол Алла,
Тағрипқа[1] тілім қысқа, ah!
Барлығына шүбәсіз,
Неге мәужүт[2] ол куә.

Ақылмен хауас[3] барлығын
Білмей-дүр, жүрек сезе-дүр.
Мүтәкәллимин[4], мантиқин[5]
Бекер босқа езе-дүр.

[1] تعريف – (араб.) [тә‘риф] – баяндау, бейнелеу, суреттеу.
[2] موجود – (араб.) [мәужуд] – болмыс, бар болу.
[3] حواس – (араб.) [хәуас] – сезім мүшелері.
[4] متكلمين – (араб.) [мутәкәллимин] – кәләм (ислам философиясын) ілімін қолдаушылар.
[5] منطقين – (араб.) [мәнтиқин] – логикаға жүгінуші топ өкілдері.

* * *

Құр айғай бақырған (158)
Құлаққа ән бе екен?
Өнерсіз шатылған
Кісіге сән бе екен?

Өңкей надан антұрған
Қанша айтса, жан ба екен?
Бос жүріп құр қалған
Өміріңе кән бе екен?

* * *

Мен сәлем жазамын (159)
Қарағым қалқама.
Қайғыңнан азамын,
Барушы айта ма?

Күн бойы күтемін
Келер деп хабарың.
Қайғырмай не етемін,
Бізде жоқ назарың.

Көңілге жұбаныш,
Сен едің базарым.
Сенсіз жоқ қуаныш,
Тозды енді ажарым.

* * *

Соры қалың соққы жеген пышанамыз, (160)
Қайтіп суып, жалғаннан күсе[1] аламыз,
Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа – нысанамыз.

[1] Күсе – безбек, тастамақ (1933 жылғы жинақ).

ҒАБИДОЛЛАҒА

Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын (161)
Қайдан білсін өмірдің көбін-азын.
Бәйтеректі күндейді жетемін деп,
Жылы күнге мас болып, көрсе жазын.
Күз келген соң тамырын үсік шалып,
Бетегеге жете алмай болар жазым.

Мен дағы көп есіттім жастың назын,
Қол жетпеске қол созар бар ма ылажың?
«Боламынмен» жүргенде болат қайтып,
Жалын сөніп, жас жүзін басады ажым.

* * *

Құлақтан кіріп, бойды алар (162)
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

Дүние ойдан шығады,
Өзімді өзім ұмытып.
Көңілім әнді ұғады,
Жүрегім бойды жылытып.

Аңсаған шөлде су тапса,
Бас қоймай ма бастауға?
Біреу түртсе, я қақса,
Бой тоқтамас жасқауға.

Бір күйгізіп, сүйгізіп,
Ескі өмірді тіргізер.
Өмір тонын кигізіп,
Жоқты бар қып жүргізер.

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды.
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

Ішіп, терең бойлаймын,
Өткен күннің уларын.
Және шын деп ойлаймын
Жұрттың жалған шуларын.

Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,
Мен ішпеген у бар ма?

* * *

Ерекше естен кетпес қызық қайда, (163)
Жолығатын қыз қайда терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жардың да, асықтың да –
Бәрінің де қызығын көріп, білсек.

16 – 9113

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда? (164)
Хүкімші шалдар мәз боп жатыр ма онда?
Антұрғандық қылығын Алла ісі деп,
Нандырар қандай сопы, қандай молда?

Мені өлтірді-ақ, не пайда осыларға?
Менің өмірім оларға қосылар ма.
Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен,
Өз бойына жапсырып тұшынар ма?

Сопысынсын, «Хақ» десін, хақты ұмытсын,
Әділетсіз бір жастың басын жұтсын.
Қайнап тұрған қанымды ішкенменен,
Қаңсыған, қатқан ішін не жылытсын?!

Өлтірер, жерге тығар, мола қылмас,
Сүйтсе де жер томпайтпай қойып болмас,
Дірілдеп сол молаға шықса шалдар,
Басқыш болып аспанға шығара алмас.

Бейкүнә зорлықпенен шыққан жаным
Бейішке басшы болар деме, залым!
Суық қабір – қайғысыз ұйқы орны ғой,
Оңай ма жас өмірден айрылғаным?

Мен жаспын, білесің бе жастықты сен?
Не қызықты үміт бар ойға келген!
Көріп пе ең, я болмаса, ұмыттың ба,
Іштегі отты достық пен қастық деген?

Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар,
Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар?
Күндізгі харекеттен босағанда,
Өзіңе өзің тиген тәтті түн бар.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар,
Көңілді көтеретін қуаныш бар.
Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,
Кептерше сүйеніскен демалыс бар.

Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі
Саған салқын тартқандай, сен – бір кәрі.
Болсам деген талапты ұмытқан соң,
Құр кеудеге өмірдің несі дәрі?

Мен – сен емес, жас күнім жайнап тұрған,
Жүректе түрлі талап қайнап тұрған.
Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе едім?
Бір шырақ сөнер, кетер саулап тұрған.

Есіткелі келдің бе сырымды сен?
Олардың мақсаты не – білмеймін мен.
Менің ісім өзіңе мәлім шығар,
Көңілді түгел айтып болмайды екен.

Менің кеудем сендерге сандықпен тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең.
Ішін түгел көрген соң өз көзіңмен,
Тахқиқ[1] мені күнәкар, қу демес ең.

Мейлің өзің, монастырь қылған істі
Алла ісі деп көңіліңде көрсең күшті.
Хақ салған бұл кеудемде бір закон бар,
Оны Құдай өзгеңнен кем демес-ті.

Ақтығымды біледі сол көкірек,
Сол законға билеткен біздің жүрек.
Алла берген қауіпті осы сырым
Көрге бірге өзіммен барса керек.

Мен – өлі жан, ешкімді талғамаймын,
Рақымсыз билеріңді қарғамаймын.
Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ,
Разымын деп жалған сөз жалғамаймын.

Қазір тірі, дүниеге мен де ортақпын,
Осы күн батпай, батып жоғалмақпын.
Алдыңдағы асау жас қайнап тұрған
Мен болмаспын – бір уыс топырақпын.

[1] تحقيق – (араб.) [тәхқиқ] – зерттеу, зерделеу; анық, айқын, рас.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Менің сырым, жігіттер, емес оңай, (165)
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның – арым мен бір-ақ Құдай.

Жүрегім екеуіне жалбарынар,
Рақымдық пен әділ сор деп жалынар.
Мен тентек пе, түбінде кім жазалы,
Қайғыны жіберуші өзі сынар.

Надандар былшылдайды, құп алмайды,
Үлкен жанның қиялын ұға алмайды.
Теңізден таудай толқын соқса-дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды.

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,
Былш-былш еткен, бет бұрып, судан қайтпас.
Бұлтта суық дауыл, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас.

ДҰҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің, (166)
Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің.
Сонда сенің отыңды басатұғын
Осы өлең – оқитұғын дұғам менің.

Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сөздің жаны – сол, айрылмайды.
Қасиетті нәфәсі[1] желдей есіп,
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды.

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
Көңілден кернеген кек кемігендей,
Болады жылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей.

[1] نفس – (араб.) [нәфәс] – дем. Бұл жерде үні, сөзі деген мағынада.

ҚАСИЕТТІ ДҰҒА

(М. Ю. Лермонтовтан)

Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ, (167)
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ,
Қайта-қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.

Қуаты бар дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен
«Уан» деген естілер ұлы жарлық.

Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып көкіректен, ұмытылар.
Адамның баласына ашып жаным,
Ізгілікке жүрегім бір ұмтылар.

1898

Болды да партия, (168)
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарыңды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасың мен кәріңді.
Жоқтамай, ұмыттым
Ақыл мен нәріңді.

Ортаға көп салдым
Өзімде барымды.
Япырым-ау, неңді алдым,
Сау қоймай арымды?

Үйімнен үй бөліп,
Қозғадың тамырды.
Көңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Үйімді ақ, жарымды ақ,
Кеңімді, тарымды
Қарасам пайымдап,
Сөзің сол сарынды.

Өсекке салмаңдар
Үйімді, жарымды.
Өлшеуге алмаңдар,
Ісім бек тарылды.

Ұрыңнан асырдың
Сұм тілді қарыңды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.

* * *

Қуаты оттай бұрқырап, (169)
Уәзінге[1] өлшеп тізілген.
Жаңбырлы жайдай сырқырап,
Көк бұлттан үзілген
Қайран тіл, қайран сөз –
Наданға қадірсіз.

Тәуекел мен батыр ой
Өткір тілді найза етіп,
Сайысып-ақ бақты ғой,
Неше түрлі айла етіп.
Оянбай, қайран жұрт,
Ұялмай қал жым-жырт!

Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз
Бар тамырды қуалар.
Ән салар, жатқа алар,
Түбінде құр қалар.

[1] وزن – (араб.) [уәзн] – өлең өлшемі.

* * *

Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? (170)
Баяғы күш, баяғы түсің бар ма?
Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір,
Желігін жерге тықпас кісің бар ма?!

Дәмі қайтпас, бұзылмас тәтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татиды қу өмірдің
Татуды араз, жақынды жат қыларға?

Ет-жүрексіз еріннің айтпа сөзін,
Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.
Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма –
Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін.

* * *

Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма, (171)
Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма,
Махаббат ғадауатпен[1] майдандасқан
Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?!

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма,
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма,
Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып, артқыға сөз болмай ма?!

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.
Екі күймек бір жанға әділет пе,
Қаны қара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

[1] عداوت – (араб.) [‘әдауәт] – дұшпандық, ашу, жек көру.

* * *

Жүректе қайрат болмаса, (172)
Ұйықтаған ойды кім түртпек?
Ақылға сәуле қонбаса,
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,
Тереңге бармас, үстірттер.
Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер.

Тән сүйгенін бермесе,
Жан шыдамас жаны ашып.
Бере берсең бер десе,
Үміт етер таласып.

Малда да бар жан мен тән,
Ақыл, сезім болмаса.
Тіршіліктің несі сән
Тереңге бет қоймаса?

Атымды адам қойған соң,
Қайтіп надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын?!

ЖАМАНБАЛАНЫҢ БАЛАСЫ ӨЛГЕНДЕ

Белгілі сөз: «өлді, өлді», (173)
Белгісіз оның мекені.
Не халатқа[1] әурілді[2],
Қайда, қандай екені.

[1] حالات – (араб.) [халат] – хәл-жай, жағдай.

[2] اورلمک – (түрік.) [еурілмек] – айналу, түсу. Мұнда қандай күйге ұшырады деген мағынада.

* * *

Күн артынан күн туар, (174)
Бір күн дамыл еткізбес.
Ой артынан ой қуар,
Желге мінсең, жеткізбес.

* * *

Ауру жүрек ақырын соғады жай, (175)
Шаршап қалған кеудемде тулай алмай.
Кейде ыстық қан басып кетеді оны,
Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай.

Қараңғы саңырау қайғы ойды жеңген,
Еркелік пен достықты ауыр көрген.
Ақылы жоқ, ары жоқ шуылдақты
Күнде көріп, тұл бойы жиіркенген.

Тірілтіп өткен күнді, тағы шөлдеп,
Осы күнді күн демес қарғап, міндеп.
Кейде тілеп бақ пенен тағы тыныштық,
Кейде қайғы, азапты тағы да іздеп.

Кейде ойлайды жылауға қайғы зарын,
Тынышсыз күнде ойлаған дерттің бәрін.
Кейде онысын жасырар жұрттан ұрлап,
Кетірер деп мазақтап беттің арын.

Ауру жүрек ақырын соғады жай,
Өз дертін тығып ішке, білдіре алмай.
Кейде ыстық тағы да қан басады,
Кейде бір сәт тыншығар үн шығармай.

* * *

Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп, (176)
Ойлама отсыз, ойсыз, суық жан деп.
Жүректегі жалынды көзден жас қып,
Ағызғаным болады ол неге сеп?

Антұрған ел жүзіне тік қараймын,
Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын.
Жүрегімді кескілеп сатып жүрген
Арсыздарды досым деп неге аяймын?

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,
Адам жоқ, кімді дос деп мен шағушы ем?
Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек,
Көзінен жасы шықса, бойына ем.

Көңіліңе дайын тұр ғой жайым менің,
Дұшпандығың қатайған шығар сенің.
Егер менің ішімді жарып көрсең,
Жылауыңды ұмытып, шошыр едің.

ТЕРЕКТІҢ СЫЙЫ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Асау Терек долданып, буырқанып, (177)
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Кавказдан шықты жайнап, қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момынсынған пішінмен ағады қу.

– Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін.
Казбектен, ағам, сені көксеп шығып,
Кім қақтықса жолымда күйреткенмін.

Зор кеуде адамзаттың айласына
Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсам, шың тасты тербеткенмін.

Аптығып асау інің келді, ақсақал!
Тау, тасқа, адамзатқа салып жанжал.
Демалайын деп келдім, аш қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош көріп ал.

Әпкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ер-тоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркесті әкелген амалым бар.

Мұның бәрі – тартуым сізге, – дейді,
Ақылыңды айт, ақсақал, бізге, – дейді.
Бақша, зауат, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді.

Қартаң Каспий қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.

– Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіңнің сөзіне құлағың сал.
Казак-орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны-дағы ал!

Кәрі Каспий қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып, сылқ-сылқ күліп,
Қатынды алды, қытықсыз араласты.

17 – 9113

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз, (178)
Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз.
Елсіз жер тұрғандай боп Хаққа мүлгіп,
Сөйлесіп, ымдасқандай көкте жұлдыз.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын,
Жер ұйықтап, көкшіл шықпен бу алғанын,
Менің не мұнша қапа, қысылғаным,
Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен шиттей өкінбеймін.
Азаттық пен тыныштық – көксегенім,
Ұйықтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.

Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,
Ұйқы, тыныштық, ұмыту бер дегенім.
Көкірегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алысты үзбегенін.

Су сылдырап, жел гулеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса, ол шайқақтап.

ШАЙТАН

(М. Ю. Лермонтовтан)

Мұңлы шайтан – Құдайдың қуған жаны, (179)
Күнәлі жер кез болып бір ұшқаны.
Өткен жақсы дәурені ойында оның,
Сондағы не көргені, не қылғаны.

Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен,
Өзі де періштелер түсінде екен.
Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп
Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен.

Ол күнде көз жетпесті көп көздеген,
Түгел білім қайда екен деп іздеген.
Жапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өлшеусіздің сыймасын бір сезбеген.

Босағасы кең еді, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздық – бір Тәңірінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған душар.

Құдайым шайтансың деп, лағнет етті,
«Лағнетпен де қор бола қалман» депті.
Алладан қарғыс алған кеудесінен
Сүю мен сол сағатта сенім кетті.

Адаммен сонан бері болды кекті,
Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті.
Не қылғанмен қуанар болмаған соң,
Несіне жер дүниеге пәле септі?

Тиянақ, сенім, сүю көрмей өтті,
Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті.
Алласыз дос таппады, сыр таппады,
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Жаманды күнде азғырса, жан демейді,
Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді.

Күнінде неше бүлік шығарса да,
Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді.

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаған,
Антұрғандық қылығын еш қоймаған.
Баяғы алдау, ескірген кәрі иттікпен
Не қылдым, не бітірдім деп ойлаған.

«Ақылға, өмірге де адам кенде,
Өлмес өмір, қайрат, күш – бәрі менде.
Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген
Осы адам уайымсыз не еткен пенде?»...

* * *

(В. А. Крыловтан)

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын, (180)
Қара жерге бас ұрып сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тиіп,
Қалжырап, қансыраған, қабақ түскен,
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық қанат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Мен көрдім асық жардан уәдесіздік,
Өмірдің қызығынан күдер үздік.
Жылы жүрек суыды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін.
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда,
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

ЕМЕН МЕН ШІЛІК

(И. А. Крыловтан)

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті: (181)
– Аллаға неден жаздың, сорлы? – депті.
Торғайға да майысып солқылдайсың,
Тебесің жел бүлк етсе, әлпеншекті.

Құдай басқа салмасын сен секілді
Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті.
Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,
Қақтырып қойған мұнша бос селтекті.

Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,
Тау, жартасқа, ұзарып, бой теңестім.
Сенің қорыққан дауылың – маған өлкек[1],
Маңыма сәуле өткізбей, күнге егестім.

Тырп етпес менің күшім жауын, желге,
Жапырағым көлеңке талай жерге.
Сені де алып ығыма қорғар едім,
Иең сені бітірген иен дөңге.

– Есіркегіш екенсің, – деді шілік, –
Онша сорлы емеспін, тартпа күйік!
Сынбаймын майыссам да, солқылдаймын,
Желден маған келмейді еш кемшілік.

Бұ күнгі аман бола ма үнемі аман?
Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған.
Шалқақтық иілмейтін кімге жаққан,
Екпінге ерегіссең, қатер саған.

Кавказға бір қап-қара бұлт мінді,
Естіп тұрған кісідей тау күңіренді.
Жер-дүниені шаң, тұман қабат басып,
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді.

[1] Майда, әлсіз, желемік жел.

Арты бұршақ, алды шаң жел құтырды,
Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды.
Басы көкке, аяғы жерге енсе де,
Долданып қатты дауыл алып ұрды.
Майысқаннан шіліктің несі кетті,
Батыр, мақтан күйлеме сен де о ұрлы.

ҚАЗАҒА ҰРЫНҒАН ҚАРАШЕКПЕН

(И. А. Крыловтан)

Қорасына бір байдың (182)
Түнде кірді ұрылар.
Қазынасы қайда сондайдың,
Аңдығыш, білгіш құрғырлар.

Біліп кеп тұрған лапкесін,
Бұзып, талқан етіпті.
Түк қалдырмай әммесін
Үптепті де кетіпті.

Жайынша жатып қарны тоқ,
Ұйқысы қанып тұрды бай,
Тыр жалаңаш түк те жоқ –
Лапкесі, үйі айнадай.

Есі шықты, көрді де,
Ұры иттің қылғанын.
Ойбай салды, білді де
Хаса сорлы болғанын.

Кешегі елдің бір байын
Бір түнде қалай мұнша алу?
Ояна келсе, дап-дайын
Қайыршы болып, қап салу.

Ойбай салды, зарлады,
Құр қайғыдан пайда жоқ.
Төңіректі шарлады,
Ұрыны табар айла жоқ.

Қарны да әбден ашады,
Ішеріне шай да жоқ.
Қайтерін білмей сасады,
Осындайлар қайда жоқ?

Ағайынын, достарын
Жиып алып үйіне,

Жылады шағып мұң-зарын,
Болыстық қыл деп күйіне.

Бәрі ақылды, бәрі есті,
Бәрі желдей еседі.
– Болмас еді бұл, – десті, –
Өзіңнен болды, – дееді.

Біреуі айтты: – Лапкеңді
Мұнша алысқа салмау ғой,
Аулаққа тастап әр неңді,
Бүйтіп ғапыл қалмау ғой.

Аузың күйді аулақтан,
Енді жақын салсаңшы.
Қабаған біздің Мойнақтан
Бір күшікті алсаңшы.

Бір күшікті сіз үшін
Берейін, құда, келтіріп.
Жылда талай күшікті
Бос қырушы ем өлтіріп.

Бөз орнына сөз беріп,
Құда, тамыр, дос кетті.
Қол ұстамай, көз көріп,
Айтқан арыз бос кетті.

Ағайынға іс түспек –
Ол бір үлкен қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп –
«Бишара» менен «байғұс» қой.

ЖАРЛЫ БАЙ

(И. А. Крыловтан)

Жаман үйде жалғыз шал, (183)
Өзі – кедей, күңіренді.
Өзі көрген байлардың
Мінезінен жиренді.

Өзіне өзі сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Обал жоқ осы байларға
Мал қызығын көрмеген.
Жақсы киім кимеген.
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,
Жан қадірін білмеген.

Салпыл қақты, түн қатты,
«Мал-мал!» деді, мал тапты.
Байыған сайын күтім жоқ,
Пейілі кетті, ант атты.

Қартайғанша қақақтап,
Бұл тәңірі атқан талмай ма?
Бүйтіп жүріп өлмей ме,
Өлсе, бәрі қалмай ма?

Маған бітсе осы мал,
Жанымды неге қыстар ем?
Мың теңгені бір сомдай
Қызығыма ұстар ем.

Сән-салтанат жүруім
Болар еді татымды.
Есітер еді алыс жер
Қызықты жомарт атымды.

Байлықпен пайдам тигізіп,
Сыйлар ем алыс-жақынды.
«Сараңның дәулет – өз соры», –
Деп айтыпты ақылды.

Аузын жимай, бір адам
Кіріп келді есіктен,
Жәдігөй ме, шайтан ба? –
Әйтеуір әлгі сөзді есіткен.

Келе сала сөйлейді:
«Байлықты керек қылдың сен.
Қылайын деген ісіңді
Мен есіттім байлықпен.

Мына біреу ішінде
Ділдәсі бар дорбаны ал!
Бірін алсаң және бір
Ділдә дайын, қолың сал.

Санап ала бер-дағы,
Дегеніңдей бола қал.
Қанша керек болса да,
Міне – дәулет, міне – мал.

Бірақ, байғұс, айтайын
Мұның бір сертін, қатты антын –
Дорба қолда тұрғанда,
Ұстауға жоқ бір алтын.

Дорбаны әуел дарияға ат,
Тойғаныңша ал-дағы.
Онан соң өзің білесің,
Ұстай бер қайтып бар-дағы».

Дорбаны беріп, жоғалды,
Аң-таң қылып байғұсты.
Есін жиып алған соң,
Дорбаға кедей жабысты.

Айтқанындай дорбаға
Қолын тықты, бірді алды.
Және бірі дап-дайын,
Есі шықты, таң қалды.

«Таң атқанша осылай
Бере берсе бұл дорба,

Талай алтын жиям ғой,
Ертең менен бай бар ма?»

Қалбалақтап түн бойы,
Алып бақты ол сорлы.
Қанша алтынды алса да,
Тоя алмады ол ғұрлы.

Қарайды да алтынға,
Қомсынады «аз ғой» деп,
«Қыстау керек, үй керек,
Сән-салтанат, расход көп.

Азар болса аштыққа
Тағы бір күн шыдармын.
Алтын ассын есептен,
Сонан кейін армансыз
Қыл дегенін қылармын».

Үйіндегі бір нанды
Бір ай жеді аз-аздан.
Бір күн түгіл, бір айға
Ынсап қылмай ол жазған.

Дорбаны суға салғалы
Дарияға жүз барған.
«Бүгінше тұрсын, өлмен» деп,
Үйіне қайта апарған.

Дорбаны сауып тыныштықсыз
Бір ай түгіл, жыл өтті.
Алтындай жүзі сарғайды,
Қол дірілдеп, әл кетті.

Ассыз, сусыз, дерт жеңіп,
Өзі де әбден жүдепті.
Тоғыз миллион санарда
Ажал жетті, күн бітті.

Алтын қайда, сөз қайда,
Қу нәпсіден не пайда?!

ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ

(И. А. Крыловтан)

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы, (184)
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Тентіреп өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.

– Сенбісің, ақын бұлбұл, жаңа көрдім,
Атыңа жұрт мақтаған құмар едім.
Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп,
Жұрттың сөзін, рас па, сынар едім.

Өнерге салды бұлбұл сонда аңыратып,
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып,
Мың түрлі күйге салып толқынтады,
Маңайда жан біткенді таңырқатып.

Қой жатыр, қойшы тыңдап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс шуламай – бәрі жым-жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп.

Бұлбұл болды, тосып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
«Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
Әттегене-ай, білмепсің әтешті өзің!

Екенсің ән салуға сен-дағы епті,
Сен біраз әтеш әнін үйрен!» – депті.
Сол сықылды сыншының сөзін естіп,
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті.

Демеймін жұрт мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де ондай сыншыдан
Құдайым мені сақтасын.

ҚАРҒА МЕН БҮРКІТ

(И. А. Крыловтан)

Қой жайылып жаздыгүн, (185)
Шыққан екен қияға.
Аспаннан бүркіт құйқылжып,
Сорғалап келіп ыраға[1],
Бір қозы іліп ап кетті,
Құздағы қиын ұяға.
Екпіні күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін
Ұядағы балаға.
Көрді де мұны бір қарға,
Желікті бір іс бастарға:
«Қозыны да тамақ деп,
Кім ап шықсын тастарға!
Ең семізін ілейін
Қызық қылып асарға», –
Деді-дағы аралап,
Жабысты келіп қошқарға.
Қалшылдап, дірілдеп,
Тырнағын салады,
Қанатын қайқайтып,
Ап кетпек болады.
Бүркіттей емес екені
Кешікпей-ақ білінді.
Жабағыға тырнағы
Шықпастай боп ілінді.
Жалпылдап, салпылдап,
Қойшыларға көрінді.
Әддін[2] білмес шіркінді
Құдай әбден қарғады.
Қойшылар көріп күлісіп,
Ұстап алды қарғаны.
Құрысын да шіркіннің
Семіз қойды алғаны.

[1] Ыра – таудың құлама етегі.
[2] حد – (араб.) [хәдд] – күш, шама деген мағынада.

Ұшпасын деп қимаған
Қанат, құйрық қалмады.
Бір жіпті берік бек байлап,
Аяғына жалғады.
Балаларға ойын боп,
Қор болып сүйтіп қалғаны.

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА

(И. А. Крыловтан)

Шырылдауық шегіртке (186)
Ыршып жүріп ән салған.
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыгүнгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй,
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқан,
Ойын қайда, ән қайда?

Онымен тұрмады,
Қар көрінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-ақ қиын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп,
Қабағын қайғы жабады.
Саламда жатып дән жиған
Құмырсқаны іздеп табады.

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
– Қарағым, жылыт, орын бер,
Жаз шыққанша асыра!

– Оның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

– Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?

– Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

ӘНШІЛЕР

(И. А. Крыловтан)

Көршіні көрші шақырды, (187)
Болды да сыйлап ас бермек.
Қулығын ішке жасырды,
Баланың әнін есіттірмек.

Балалар шулап, бақырды,
Ынтасы – даусын білдірмек.
Қонақтың күйін қашырды,
Басты ауыртты көп дүрмек.

Алды-алдына кетеді,
Қосылмайды әндері.
Құлағынан өтеді
Құр айғай салған әндері.

« – Япырмай, көрші-ай, не қылды?
Бас ауырды, қаңғырды».
Құлағын басып жалынды,
Қойғыза көр деп құрғырды.

« – Тым-ақ даусын күштеген,
Бекер де емес сенікі.
Сүйтсе де арақ ішпеген
Есті ұлдар ғой менікі».

Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қисыны жоқ қышқырған не еткен тантық!

18 – 9113

АЛА ҚОЙЛАР

(И. А. Крыловтан)

Бір таудағы хайуанды бір арыстан (188)
Билеген патшасы екен әуел бастан.
Әділ атақ алмақшы ниеті бар,
Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан.

Онысы рас, басында тәуір болған,
Сөйтсе де кімді бұзбас бақ антұрған.
Алдынан жан шықпаған патшамыздың
Ала қойды көргенде көзі ауырған.

Ала қойда кінә жоқ жүннен басқа,
Қойдан қашып шығыпты патша тасқа.
Көрсе қаза тұрады аза бойы,
Болмады бұған айла ойламасқа.

Тұрды патша қайғырып уайым жеп,
«Ала қойды болады қайткенім еп?»
Аю, түлкі қасында уәзірлері,
Кеңеседі оларға «қайтемін?» – деп.

Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
– Батыр патшам, не керек көп ойлану?
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды,
Ақылы ала қойдың – қырып салу.

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып:
– Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып.
Өз жұртын өзі қырған патша бар ма?
Жаман аттан қорқамын, кетсе шығып.

– Бекер қан төктірмеңіз, әділ патшам,
Сөкпеңіз, – деді түлкі, – мен сөз айтсам.
Оңаша бір өзенді қойға беріп,
Қайраңында семіртіп, кең жайлатсаң.

Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз,
Жаманды жақсыменен тең көріңіз.

Ала қой қорыққаннан өзі азаяр,
Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз.

Қара деп қатты тапсыр ала қойды-ақ,
Өзгесі өсер, ол кемір, сөзіме бақ.
Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң,
Жаман аттан боласыз сіз-дағы аулақ.

«Құп» деді, оны арыстан қабыл көрді,
Қасқырға «жақсы бақ» деп жарлық берді.
Ала түгіл ағынан тыныш бопты,
Түлкінің айтқанындай қылып еді.

Түлкінің айтқаны рас, жұрт – ақылсыз,
Көре салды қасқырдан баяғы арсыз.
Антұрғандық – түлкі мен арыстанда,
Ол болмаса, не қылмақ қасқыр жалғыз?

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. А. Крыловтан)

Жұрт біледі, күледі, (189)
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ –
Ептеп айтса, ересің,
Артынан өкінсең де, пайда жоқ.

Ірімшікті құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға.
Алып ұшып барды да,
Қонды бір биік ағашқа.
Үлкен олжа емес пе
Ірімшік деген қарны ашқа?
Бір жеп алып, шүкірлік
Қылайын деп Аллаға,
Тұмсығында ірімшік,
Ойланып қарап тұрады.
Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді,
Ішіне сақтап қулығын,
Жақындап барып барлайды,
Бұлғақтатып құйрығын,
Қарғаның көзін алдайды.
Тәтті тілмен, тәтті үнмен
Сөйлесуге айналды:
«Қарағым, неткен сұлу ең! –
Деп таңырқап таңданды, –
Неткен мойын, неткен көз,
Осыдан артық дейсің бе
Ертегі қылып айтқан сөз!
Қалайша біткен, япырмай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!
Періштенің үніндей
Деп ойлаймын үніңіз!
Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің белгілі,

Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні».

Басы айналды қарғаның
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғаннан бөртініп,
Бір мастық кірді өзіне.
Өзіне біткен өңешін
Аямастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті,
Іс бітті, қу кетті.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ

(И. А. Крыловтан)

Боқтықта талтаңдап, (190)
Жан-жаққа жалтаңдап,
Бір қарға жүр еді.
Бір жатқан ірімшік
Көзіне түседі,
Көңілі өседі,
Тістеп ап ұшады.

Бір ағашқа қонды да,
Асықпай жемек болды да,
Мазатсып қарады
Оңына, солына.
Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып,
Болып еді мәз-мәйрам.
Дейтұғын емес қу қайдан –
Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына.
Ағаштан төмен түспеген,
Ірімшікті тістеген
Қарға түсті көзіне.
Қу – құмар ақымаққа,
Алдап, арбап соқпаққа
Кеңеседі өзіне.
Жуасып, жабырқап,
Таң қалып, таңырқап,
Қарады жүзіне.
Қарашы залымның,
Бұл жұртқа мәлімнің
Алдаған сөзіне:

– Есен-сау жүрсіз бе,
Ақынның төресі?
Көп жерден белгілі
Тегін құс емесі.
Жүніңіз, үніңіз,
Мұрныңыз, көзіңіз,

Құлаққа көп тиген
Мақталған кеңесі.
Басынан өзгеше
Бітіпті денесі.
Көп жерден, қалқам-ай,
Құмарым тарқамай,
Сізді іздеп келіп ем.
Сүйінсін құлағым,
Тарқасын құмарым,
Әніңе бір салшы,
Асық боп өліп ем.

Мақтауға есіріп,
Барынша көсіліп,
Ырғалып қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.
Тап етті, шап етті,
Ап кетті қу түлкі.

Антұрған, сол тұрған
Жеріңде бол күлкі.

БАҚА МЕН ӨГІЗ

(И. А. Крыловтан)

Қарасаң, тым-ақ көп (191)
Көре алмас іші тар.
Несі артық бізден деп,
Салыспақ жұртта бар.

Су ішкелі бір өгіз
Барып еді бұлаққа.
Бақалар қорқып, тарбақтап
Қашып шықты әр жаққа.

Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың, сен көрсең,
Бақада екен төресі.

Өз-өзінен бір бақа
Күшенді де, бөртінді.
Қарны үлкейді, қампайды,
Өгіздей болам деп ісінді.

Қасындағы жолдасқа
«Қара, – деді, – сен бізге!
Қиын ба екен үлкею,
Жеткем жоқ па өгізге?»

«Ісіндің, кебіндің,
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?!»

Күшенді кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
– Өстім ғой, – деп ісініп,
Деді: « – Енді қарашы!»

Қарады да: – «Дәнеме
Болған жоқ қой, қой!» – деді.

Қызып алған антұрған
Айтқанына көнбеді.

Ыңқыл қағып, тыпырлап,
Күшенді де, бөртінді.
Іш жарылды сытырлап,
Мақтанам деп өзі өлді.

Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске.
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске.

ПІЛ МЕН ҚАНДЕН

(И. А. Крыловтан)

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді, (192)
Кім көрген хайуанды мұндай түрлі.
Көрсеткелі ап жүрген жануарды
Тамашалап, артынан жұрт боп ерді.

Көшеде кез боп бір қанден,
Ұмтылды пілге шаптығып.
Шаңқылдап үрді ерленіп,
Тартынбай ұрысар жан шығып.

Қанденге бір ит кездей боп
Деді: «Әліңді білсеңші,
Пілмен ұрысар сиқың жоқ,
Мазақ болмай, қой, көрші!

Қырқылдап қалдың, не бітті?
Әуре болмай, қой! – депті,
Сен бұлқындың, ол кетті,
Жан деген жоқ ол сені».

«Мен де соны білемін,
Сондықтан ер боп келемін.
Ұрыс, соғыс қылмай-ақ,
Ер атанып көремін.

Жұрт мұнымды көрмей ме,
Батыр атақ бермей ме,
Қой, бұл қанден – ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?!»

ЕСЕК

(И. А. Крыловтан)

Қырық-елу қос бір жерден (193)
Қайтқан екен керуендер.
Мал айдап барып әр елден
Сауда қылып жүргендер.

Алтын артқан бір есек
Соларменен келеді.
Ол жай жүрсе, жұрт та жай,
Ол желсе, жұрт желеді.

Тамам қостың байлары
Маңайынан кетпейді.
Қошемет қылып бәрлері
Шомын да жөндеп ерттейді.

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүнін сыйпайды.

Сылап-сыйпап, қадірлеп,
Беретұғын жем де артық.
Есер шіркін есіріп,
Болып алды тым тантық.

Көш бойы жұрт қасында,
Өзгеменен жұмыс жоқ.
Атты теуіп, адамды
Тістесе дағы сөгіс жоқ.

«Құдай аман сақта, – деп –
Жарда, суда!» – бата алған.
Еркелетіп ат қойып,
«Жаппарқұл мырза» аталған.

Алтын үсте жүргенде,
Сол қадірмен көп жүрген.

Өз ойында көк есек
Өзгеше тудым деп жүрген.

Алтынды бір күн бай алды,
Есектен жұрт та түңілді.
«Жаппарқұл» аты жоғалды,
Боқ тасуға жегілді.

Қарасаңшы бойыңа,
Ұзын құлақ қалпың ғой.
Жұрт ергені соңыңа –
Үстіндегі алтын ғой.

1899

Есіңде бар ма жас күнің, (194)
Көкірегің толық, басың бос.
Қайғысыз, ойсыз, мас күнің,
Кімді көрсең – бәрі дос.

Махаббат, қызық, мал мен бақ
Көрінуші еді досқа ортақ.
Үміт жақын, көңіл ақ,
Болар ма сондай қызық шақ?

Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,
Алыстап кетті-ау құрғырлар.

Жалынасың, боқтайсың,
Сағынасың, жоқтайсың.
Махаббат кетті, дос кетті –
Жете алмайсың, тоқтайсың.

Көзіме жас бер, жылайын,
Шыдам бер, сабыр қылайын.
Жаралы болған жүрекке
Дауа бер, жамап сынайын.

* * *

Жүрегім менің қырық жамау (195)
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтіп аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Өлді кейі, кейі – жау,
Кімді сүйсе бұл жүрек.
Кімі – қастық, кімі – дау,
Сүйенерге жоқ тірек.

Кәрілік те тұр тақау,
Алдымызда айла жоқ.
Қайғысыздың бәрі – асау,
Бізге онан пайда жоқ.

Қан жүректі қайғылы-ау,
Қайырыла кет сен маған.
Қасиетін ойлан-ау,
Қам көңілдің тынбаған.

* * *

Адам бір – боқ көтерген боқтың қабы, (196)
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Менімен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

* * *

Күшік асырап, ит еттім, (197)
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.

* * *

Сүйсіне алмадым, сүймедім, (198)
Сүйегім жасып, сор қалың.
Сүйісіп саған тимедім,
Бола алмадым сенің жарың.

19 – 9113

ДҮТБАЙҒА

Жылуы жоқ бойының, (199)
Жылмиғаны неткені?
Құбылуы ойының –
Кетпей құйтың еткені.

Мұңды, жылмаң пішінін
Кезек киіп, ел жиып,
Болыс болса, түсінің
Түксігін салар тырсиып.

Бір көрмеге тәп-тәтті
Қазаны мен қалбаңы.
Дөң айналмай ант атты,
Бүксіп, бықсып ар жағы.

Сенен аяр түгі жоқ,
Бүгін сыйлас көрініп,
Бүгін жалын, ертең шоқ,
Сөзі мен өзі бөлініп.

Әлі үміт, әлі серт,
Жын сықылды бұзылып.
Қулық емес, бұл – бір дерт,
Тұрлауы жоқ құбылып.

* * *

Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен, (200)
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілмен,
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөппен, бой жеткен егінмен тең.

Сонан бері рахымсыз көп жыл өтті,
Орақ келер, орылар мезгіл жетті.
Жылы менен суықтың бәрін көріп,
Қайран көңіл қайыспай қайрат етті.

Ауыр ойды көтеріп ауырған жан,
Қайғы, қасірет жүзіңе белгі салған.
Дәні толық, басы үлкен егіндей-ақ
Сенің де басың имек жерге таман.

Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
Әсте өлмесін білгендей қылық қылған.
Ажал келіп бас салса, жанды ұрласа,
Өмір қайда, сен қайда, соны да ойлан.

Адамзат – бүгін адам, ертең топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап алдар бірақ.
Ертең өзің қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ.

ЖАЛАУ

(М. Ю. Лермонтовтан)

Жалғыз жалау жалтылдап (201)
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не тыңдап,
Несі бар туған жерінде?

Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап.

Астында дария – көк майдан,
Үстінде сәуле – алтын күн.
Қарашы, ол бүлік Құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

ЖАРТАС

(М. Ю. Лермонтовтан)

Қонады бір күн жас бұлт (202)
Жартастың төсін құшақтап.
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзіне ойнақтап.

Ажымды жүзі тершіген
Кәрі жартас таң қапты:
– Бәрі осы-ау, – деп, – қыз деген,
Томсарып тұрып жылапты.

* * *

(Я. Полонскийден)

Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы, (203)
Теңіздің түбіндей-ақ, ойлап бақшы –
Сол жүректен жылылық, достық пенен
Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы.

Жан шөлдер өзіңдеймен танысқанша,
Бірінен бірі үлесіп алысқанша.
Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,
Қытықсыз қызықпенен бас қосқанша.

Жұрттың сөзі: тағдырға адам көнбек,
Бір антұрған еріксіз мезгіл келмек.
Осы сенің қызығың, қуанышың
Бейне сағым жоқ болып түгесілмек.

Бейне бір сол қазынаны бір жау алмақ,
Жүректің кең дариясы құрып қалмақ.
Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,
Оны бір өзі өзгеше жолға салмақ.

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ,
Гірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.
Оны сатып, ол кімді уатады?
Оның өзін тағы да кім уатпақ?

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек...
Мен де пенде, амалсыз көнсем керек.
Қызығы зор қайран дос, қайран тату,
Сендер өлдің, мен-дағы өлсем керек!

1900

Жүрегім, нені сезесің, (204)
Сенен басқа жан жоқ па?
Дүниені, көңілім, кезесің,
Тиянақ жоқ па, қой, тоқта!

Сезгеніңді сездіріп,
Жете алмадың ортаққа.
Тірі жаннан бездіріп,
Апарасың қай жаққа?

Ортақтық, тыныштық – достық қой,
Оның қадірін кім білер?
Әркімге тілеу қостық қой,
Бәрі – алдамшы саудагер.

Халықтың аты керек қой
Я мақтауға, боқтауға.
Құбылға бәрі зерек қой,
Бәрі жайсыз тоқтауға.

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесең қалар түңіліп.

Ақы беріп тыңдатқан
Сөз көкейге қонар ма?
Құлағын сатқан тәңірі атқан
Оңдырар ма, оңар ма?

Күйесің, жүрек, күйесің,
Күйгеніңнен не пайда?
Дүниеде нені сүйесің,
Өмір қайда, дос қайда?

* * *

Көлеңке басын ұзартып, (205)
Алысты көзден жасырса.
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиектен асырса.

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім тоқпақ
Салды, соны санайды.

Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей уды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке.

Адасқан күшік сықылды
Ұлып жұртқа қайтқан ой
Өкінді, жолың бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Ермен шықты, ит қылып,
Бидай шашқан егінге.
Жай жүргенді уерд[1] қылып,
Тыныш өлсеңші тегінде.

[1] ورد – (араб.) [уерд] – зікір ету, дұға ету.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Көңілдің күйі тағы да (206)
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына
Нәпсінің сынған қайғысын.

Жат жерде елге қосылмай,
Сенімді доссыз жалтақтап,
Көк қанат бейіш құсындай
Қу ағашқа қонақтап.

Ол бұтақтан қозғалмас,
Өкіріп дауыл, соқса жел.
Өзгеге бола жырламас,
Ыстық күнді жоқтар ол.

Жанымның жарық жұлдызы,
Жамандық күнде – жарымсың.
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынсын.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Күнді уақыт итеріп, (207)
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса,

Сонда көңілім жоқтайды
Татуы мен асығын,
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын.

Көкке бақтым Алла деп,
Тамаша етіп құдіретін.
Рахматы оның онда көп,
Бізге түк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақымақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан Алланың.

1901

Қуанбаңдар жастыққа, (208)
Елерме күлкі, мастыққа.
Көзің қайдан жетеді
Достық пенен қастыққа?
Құрбыңның қызық дегенін
Сөз екен деп ап шықпа.
Адалдан тапқан тиынды
Сал да, сақта қапшыққа.
Қолдағыңды қорғап бақ,
Мал арзан деп аптықпа.
Сыпайы жүр де, шаруа ойла,
Даңғойланып қақтықпа.
Беталды жанға бой салма,
Қорлық жүрмес сақтыққа.
Елу бесте біз-дағы
Сенісер адам таптық па?
Арсыз, құмар болғандар
Опыр-топыр, шақ-шұққа
Түспей жүр ме, көрдің бе,
Жалаң-жұлаң, тақ-тұққа?

* * *

Ұяламын дегені көңіл үшін, (209)
Ұсақ қулық бір ғана өмір үшін.
Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,
Жігері жоқ, маңызы жеңіл үшін.

Жалығу бар, шалқу бар, іш пысу бар,
Жаңа сүйгіш адамзат, көрсеқызар.
Ар мен ұят ойланбай, тәнін асырап,
Ертеңі жоқ, бүгінге болған құмар.

Туысқаның, достарың – бәрі екіұшты,
Сол себепті досыңнан дұшпан күшті.
Сүйсе – жалған, сүймесе аянбаған,
Бұл не деген заманға ісім түсті?!

* * *

Өзің үлкен, қылығың – бала-шаға,
Балаша мәз боп жүрсің тамашаға.
Әкесі ұрысса балаға, ол да – достық,
Баласы ұрысса әкеге, жараса ма?

* * *

Жапырағы қуарған ескі үмітпен (210)
Қиял қып өмір сүріп, бос жүріппін.
Жыбыр қағып көңілді тыншытпайды
Қашанғы өтіп кеткен бұлдыр көп күн.

Ол дәурен өмір емес, бір көрген түс,
Ойға түйме, қызықты қиялдан күс.
Қарашы, өз бойыңда түгел ме екен
Ыстық жүрек, өң-шырай, қуат пен күш?

Төңкеріліп құбылған жұрт – бір сағым,
Шынға шыдап, қоса алмас ынтымағын.
Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің,
Өзіңді өзің күзет, кел, шырағым!

* * *

Осы қымыз қазаққа (211)
Мақтаның ба, асың ба?
Қымызды басар артынан
Ет даяр ма қасыңда?
Бойыңа сіңіп, уерд болған
Қызба бастық жасыңда.
Қызылшыл семіз, жас қымыз –
Бір үлкен борыш басыңда.
Жуасты мін де, айран іш,
Жоқ немеге шатылма.
Ұры, залым, қуларға
Нысанаға шаншылма.
Жылқыны аңдып ұры жүр
Әр төбенің тасында.
Ой көзімен қарасаң,
Қойдан жылқы асыл ма?
Мақтанға бола жиям деп,
Жылқы үшін жұртқа бас ұрма.
Қымыз, семіз дегенің
Бір мақтан ғой, жасырма.
Мақтан қума, керек қу,
Ойсыздарға қосылма.
Қойында ақша, қолда қой
Күзетке оңай, шошыма!

* * *

Буынсыз тілің, (212)
Буулы сөзің
Әсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп тұғырыға.

Сезімпаз көңіл,
Жылы жүрек
Таппадым деп түңілмес,
Бір тәуір дос
Тым-ақ керек
Ойы мен тілі бөлінбес.

1902

Тоты құс түсті көбелек (213)
Жаз сайларда гулемек.
Бәйшешек солмақ, күйремек,
Көбелек өлмек, сиремек.
Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,
Ақылмен ойлап сөйлемек.
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек.

* * *

Алланың өзі де рас, сөзі де рас, (214)
Рас сөз ешуақытта жалған болмас.
Көп кітап келді Алладан, оның төрті
Алланы танытуға сөз айырмас[1].

Әмәнту[2] оқымаған кісі бар ма?
Уә кутубиһи[3] дегенмен ісі бар ма?
Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер,
Жарлық берді Ол сіздерге сөзді ұғарға.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,
Оларға кез-кезімен нәби[4] келді.
Қағида[5] шариғаты өзгерсе де,
Тағриф[6] Алла еш жерде өзгермеді.

Күллі махлұқ өзгерер, Алла өзгермес,
Әһлі кітап[7] бұл сөзді бекер демес.
Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен
Бос сөзбенен қастаспай, түзу келмес.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және Хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ[8] біл.

---

[1] Ерекше айтып отырған төрт кітабы: Мұса пайғамбарға келген – Тәурат, Дәуіт пайғамбарға келген – Зәбүр, Иса пайғамбарға келген – Інжіл және Мұхаммед пайғамбарға келген – Құран.

[2] آمنت – (араб.) [Әмәнту] – сендім, иман келтірдім. Мұнда имандағы жеті парызды айтып отыр: Алланың барлығына һәм бірлігіне, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақирет күніне, жақсылық пен жамандықтың Алладан екеніне және өлгеннен кейін қайта тірілуге иман келтіру.

[3] و كتوبهى – (араб.) [Уә кутубиһи] – және кітаптарына. Иманның жеті парызының ішіндегі үшіншісі, яғни Алланың кітаптарына иман келтіру.

[4] نبى – (араб.) [нәби] – пайғамбар.

[5] قاعده – (араб.) [қа‘идә] – қағида, ереже.

[6] تعريفالله – (араб.) [тә‘рифулла] – Алланы тану, Алланы білу.

[7] اهل الكتاب – (араб.) [әһлул-китәб] – кітап иелері. Мұнда Алладан кітап түскен діндерді айтып отыр: мұсылмандар, христиандар, яһудилер.

[8] تحقيق – (араб.) [тәхқиқ] – зерттеу, зерделеу; анық, айқын, рас. Мұнда иманның үш асылын анық біл деген мағынада.

Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына, малың түгіл.

Дін де осы, шын ойласаң, тағат[1] та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ[2] – Хақтың досы.
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті
Қылғанменен татымды бермес жеміс.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен,
Қарашы, дүние біткен ретімен.
Істің басы – ретін танымақтық,
Иман білмес тағатты қабыл демен.

Адамдар ғибадаттан[3] сөз қозғаған,
Хуснизән[4] мен иманды білді ойлаған.
Иманның тазалығын жақсы ұқтырмай,
Сыртын қанша жуса да, іші оңбаған.

Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ,
Мү'мин[5] болсаң, үйреніп, сен де ұқсап бақ.
Құран рас, Алланың сөзі-дүр ол,
Тә'уилін[6] білерлік ғылымың шақ.

Алланың, пайғамбардың жолындамыз,
Ынтамызды бұзбастық – иманымыз.
Пайда, мақтан, әуесқой – шайтан ісі,
Кәні біздің нәпсіні тыйғанымыз?

Мұсылман болсаң, әуелі иманды бол,
Пендеге иман өзі ашады жол,

---

[1] طاعة – (араб.) [та'әт] – ғибадат, құлшылық.
[2] تصديق – (араб.) [тәсдиқ] – растау, қолдау. Мұнда анық, рас деген мағынада.
[3] عبادت – (араб.) ['ибадәт] – құлшылық, ғибадат.
[4] حسنيظن – (араб.) [Хуснизән] – жақсы ниет, көркем ой, жақсы пікір.
[5] مؤمن – (араб.) [му`мин] – иманға келген, иланушы, мұсылман.
[6] تأويل – (араб.) [тә`уил] – тәпсірлеу, баяндау.

Шын илан да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ[1] намаз қылмап па, мағлұм ғой ол.

Алла ішіңді айтқызбай біледі, ойла,
Пендесіне қастықпен кінә қойма.
Распенен таласпа мү’мин болсаң,
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

[1] منافق – (араб.) [мунафиқ] – екіжүзді, мұнапық.

* * *

Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас, (215)
Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас.
Жүректен қызу-қызба кете қалса,
Өзге тәннен еш қызық іс табылмас.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі.

Қартаң тартқан адамнан от азаймақ,
От азайса, әр істің бәрі тайғақ.
Шаруаң үшін көрінген ақыл айтып,
Жолың тайғақ, аяғың тартар маймақ.

* * *

(М. Ю. Лермонтовтан)

Асау той, тентек жиын, опыр-топыр, (216)
Ішінде түсі суық бір жан отыр.
Алысты тұманданған ол ойлайды,
Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр.

Ішкен-жеген, таласқан, ойнап-күлген,
Кезек жоқ, келісім жоқ, сөйлей берген,
Даурыққан, күліскен, өлеңдеткен
Қайғысызға қайғырып, жиіркенген.

Көп отырды, қозғалды сөйлегелі,
Құлағымда бүгін тұр соның үні:
«Сендерге не жұмыс бар тағдырменен,
Ойнай бер де, күле бер күні-түні.

Ойынға ойсыз надан бәрі құмар,
Дүние істеп өз жұмысын жатқан шығар.
Елемесең, елетер, бір танытар,
Қайда айдаса, барасың – кім тартынар?»

1903

Жалын мен оттан жаралып, (217)
Жарқылдап Рағит[1] жайды айдар.
Жаңбыры жерге таралып,
Жасарып шығып гүл жайнар.

Жайына біреу келсе кез,
Белгілі жұмыс – сор қайнар.
Қуаты күшті нұрлы сөз –
Қуатын білген абайлар.

Жалын мен оттан жаралған
Сөзді ұғатын қайсың бар?
Партия жиып, пара алған,
Пейілі кедей байсыңдар.

Қулық пенен құбылдан
Жалықсаң, жақсы жансыңдар.
Түзелмесе шұғылдан,
Арсылдар да қалшылдар.

Несі өмір,
Несі жұрт?
Өңшең қырт,
Бас қаңғырт!

[1] رعد – (араб.) [рә‘д] – найзағай, күн күркіреу. Діни ұғым бойынша бұлтты, жаңбырды, жайды басқаратын періштенің аты (АТС, 425-бет).

ЖАЗЫЛҒАН ЖЫЛЫ БЕЛГІСІЗ ӨЛЕҢДЕРІ

* * *

Домбыраға қол соқпа, (218)
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім, соқпа, кел тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңілім қайдағы
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзіңмен
Кел, жарым, қара бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт
Іштегі қайғы-дертіме.

Іштегі ескі жалынды
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлесші жақсы, жағымды
Мендей көңілі сынықпен.

Сынық көңілім көп кешер,
Майда қолмен ұстасаң.
Көңілге түрлі ой түсер,
Әр тереңге нұсқасаң.

Күйлі, күйсіз бәйгеге
Қажыды көңілім көп шауып.
Көп қинамай әрнеге,
Енді семірт, жем тауып.

* * *

Ойға түстім, толғандым, (219)
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?!
Қалап алған көп мінез,
Қалайша қылып тыя алдым?!

Бойдағы мінді санасам,
Тау тасынан аз емес.
Жүрегімді байқасам,
Инедейін таза емес.
Аршып алып тастауға
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наза емес.

Осынша ақымақ болғаным –
Көрінгенге қызықтым.
Ғаділетті жүректің
Әділетін бұзыппын;
Ақыл менен білімнен
Әбден үміт үзіппін;
Айла менен амалды
Меруерттей тізіппін;
Жалмауыздай жалаңдап,
Ар, ұяттан күсіппін[1];
Құлық пенен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын;
«Сіз білесіз» дегенге
Күнге күйіп, пісіппін;
Мақтанбасқа мақтанып,
Деп жүріппін «пысықпын».

[1] Күсу – безу, түңілу (АТС, 291-бет).

* * *

Мен боламын демеңдер, (220)
Аяқты алшаң басқанға.
Екі көзің аларып,
Құр қарайсың аспанға.

Бір ғылымнан басқаның
Бәрі де кесел асқанға.
Өйткен адам жолығар
Кешікпей-ақ тосқанға.

* * *

Ғалымнан надан артпас ұққанменен, (221)
Тағдыр көрмей қоймайды бұққанменен.
О дағы қалыбынан аса алмайды,
Жауқазын ерте көктеп шыққанменен.

* * *

Түбінде баянды еңбек – егін салған, (222)
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

* * *

Әйелің – Медет қызы, аты Ырым, (223)
Айында бір жумайды беттің кірін.
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,
Бір боқты тағы бас та және сүрін.

* * *

Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан? (224)
«Күйшіл» деп бабын білмей кінә таққан.
Құл табан, кескіл тұмсық Бөстекбайым,
Кісіге бос берермін бір мін тапқан.

* * *

Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек, (225)
Бой жеңбек, ер жігітке ғақыл таппақ.
Тағдырын ..... Хақтан біліп,
Көшелі өнер иесін жүрсе жақтап.

Ниетің түзу болса сенің аппақ,
Екі елі ауызыңа қойсаң қақпақ.
Сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ, жұртқа жақпақ.

Ақын отбасы ортасында. 1-қатарда: немересі Бәкизат Ақылбайқызы,
Тұрағұл Абайұлы, немересі Әубәкір Ақылбайұлы;
2-қатарда: Абай, Еркежан, келіні Кәмәлия;
3-қатарда: Мағауия Абайұлы.

Абай, балалары Ақылбай мен Тұрағұл. Семей. 1896 жыл.

21 – 9113

Ақынның тұңғышы,
ақын Ақылбай Абайұлы

Абайдың баласы
Әбдірахман

Абайдың ақын баласы
Мағауия Абайұлы

Абайдың баласы, Алаш қайраткері
Тұрағұл Абайұлы

Абайдың баласы
Мекайыл Абайұлы

Абайдың талантты баласы
Әбдірахманның Санкт-Петербургтегі
артиллерия училищесінде оқып жүрген кезі

ТҮСІНІКТЕР

Абай мұрасына текстологиялық салыстырулар жасау әрқашан да аса күрделі шаруа болып келген. Бұл басылымды әзірлеуде де осындай қиыншылықтар мамандардың алдында тұрды. Бұл орайда, редакциялық алқа жұмысына темірқазық болған басты нысана абайтанудағы М. Әуезов салған сара жол – алдыңғы толық жинақтарға арқау болған негізгі ұстанымдар.

Қазір республика қолжазба қорларындағы Абай мұрасына қатысты көшірмелер саны оннан асып отыр. (Олардың сипаттамасы осы толық басылымның 3-томында берілген). Бұлардың барлығы да жұмыс барысында ескеріліп, ретіне қарай назарға алынды.

Солардың ішінде осы уақытқа дейін түпнұсқа мәнді мәтін ретінде саналып келген Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы баспаға әзірлеп шығарған 1909 жылғы тұңғыш жинақ пен Мұхтар Әуезов ел ішінің «баспаханасы» деп атаған Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмелері (1906, 1907, 1910 ж.) қай кезеңде болмасын мәнін жоғалтпайтын тарихи құнды жәдігерге айналғаны белгілі. Абайдың көзі тірісінде баспа жүзін көрген өлең мәтіндері де («Дала уәлаятының газетасы» – ред.) осы қатарда тұрады. Сол сияқты, 1933, 1939–40, 1945, 1954 жылғы толық жинақтарға Мұхтар Әуезов енгізген шығармалар да түпнұсқалық мәтін ретінде танылды.

Мұхтар Әуезов Абай шығармаларының текстологиясы бойынша ұзақ жылдар бойы жүргізген жұмысында ең әуелі Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбаларына түскен, бірақ түрлі себептен 1909 жылғы тұңғыш жинаққа кірмей қалған 17 өлең (326 жол), бір аударма поэма («Вадим»), 45 қара сөз, 1 тарихи шығарма бар екендігін анықтайды. 1909 жылғы жинақта берілген 5399 жол өлеңге (4309 жолы – төл туындысы, 1090 жол – аударма) кейіннен 1712 жол өлең қосқан (М. Мырзахметов, «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» – ред.). М. Әуезов толық басылымдарда, қолжазбалар мен әртүрлі жинақтарда бір ізге түспей, өлшем, өрнегі әрқилы болып жүрген Абай өлеңдерінің бастапқы табиғи құрылымын қалпына келтіруде де көп жұмыс істеген. Ол «Абайдың кейіннен табылған туындылары» дегенге аса сақ қарауды ескерте отырып, 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасын түпнұсқа ретінде танып келгеніне қарамастан, осы қолжазбада берілген «Бар болса білім», «Ғаріпке өзің рахым ойламасаң», «Өлеңнің ұйқасы емес іздегенім» «Кәкітайдан білім ап», «Ынтық қасиеттерге», «Мұқамен біржарым ай ермек қылдым» деп аталатын өлеңдерді қабылдамаған (Мырзахметов М. 123-бет).

Бұл жинақта Абай мұрасына текстологиялық тұрғыдан зерттеу жүргізе отырып, академиялық жинақтар дайындаудың қалыптасқан ұстанымдары бойынша көтеріліп келе жатқан ұсыныс, ескертпе, түзетулер, көшірме нұсқалардағы мәтіндік айырмашылықтар барынша ескеріліп, сөз таңдаудың ғылыми қисынына сүйенген нақтылы сараптамалар жасалды.

Абай өлеңдерінің басылым тарихында қазақ елі бірнеше рет қаріп алмастырып, жазу өзгертуді басынан кешті. Бірқатар текстологиялық жаңсақтықтардың орын алуына бұл да әсер етпей қойған жоқ. Соны жеңілдету үшін 1909 жылғы жинақ ескі қадімше жазудан қазіргі қаріпке түсіріліп, толық жазба мәтіні түзілді. Сонымен қоса, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорын-

дағы қолжазбалардың барлығының толық сипаттамасы жасалды (Бұл мәтіндер осы басылымға арнайы қосымша том ретінде беріліп отыр – ред.). Өкінішке қарай, алдыңғы басылымдарда ерекше аталатын Қарқаралы азаматы Өмірбек Жылқыбаевтың (1944 жылы Новосібір қаласынан табылған), Кереку өңірінің азаматы Мәди Тәстембекұлы Әсеновтің және Оразке Уақбаевтың қолжазбалары (1951 жылы табылған) біздің қолымызға түспеді. Оның есесіне қолжазбалар қоры профессор Т. Жұртбайдың ғылыми айналысқа енгізуімен Қытайдағы Шығыс Түркістан аймағында Абайдың 1909 жылғы жинағы мен Шәкәрімнің қолжазба дәптерімен салыстырылып көшірілген Шериаздан Марсеков пен беймағлұм «Хаткер-кәтіптің» (Т. Жұртбай) көшірмелерімен толықты. Тарихшы ғалым Амантай Исаұлы тауып жариялаған, 1909 жылы Қазан қаласында басылып шыққан «Қазақ шығырлары» (жырлары – ред.) деп аталатын жинақтағы Абайдың өлеңдерінің нұсқалары да қаперге алынды («Абай» журналы, 1999, № 1). (Бұлардың барлығының толық мәтіндері мен сипаттамалары М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Абайтанудың электронды кітапханасына» енгізілетін болады – ред.)

Бүгінде Абай мұрасын игерудің арналы саласы мәтінтану ғылымы қалыптасып, біршама жетістіктерге жетті деп айтуға негіз бар. Дегенмен, Абай шығармашылығына қайта оралған сайын күрмеуі қиын мәселелердің әлі де алдымыздан шығатыны да жасырын емес. Оған қатысты ой ағындары өткен ғасырдан бастап, күні бүгінге дейін толастамай келеді.

Мәселен, 1909 жылғы Абай кітабын толықтырып, дұрысын Абайдың өз аузынан жазып алғандардан анықтап қайта шығару керек деген ұсыныстар XX ғасырдың 20-жылдары-ақ айтылған (Шонанов Т. Абай кітабын бастыру керек // «Ақ жол», 19 маусым, 1919 жыл). «Ақ жолдың» сол жылғы 14-қыркүйектегі нөмірінде Бернияз Күлеев Абай кітабы басылатын болды деп жазып, Тележан Шонанов атаған Абай сөзін білетін адамдарға қарайлап отырғандарын, уақыт тығыз болса да 1-2 ай күтетінін хабарлайды.

Ілияс Жансүгіруұлы 1922 жылы Ташкентте жарық көрген Абай кітабы туралы «Тілші» газетінде (1923 жыл) Абай сөздерінің қате басылуы, өзгеру, мағынадан ауытқу мәселелерін, 20-дан астам сөз жаңылыс түзетіліп басылғандығын, Абай сөзі орынсыз түзеуге келмейтінін, «көнбейтінін» ескертеді. Міне, Алаш зиялылары бастаған осы ұлағатты істі кейіннен М. Әуезов табандылықпен жалғастырып, биік белеске көтерді.

Абай шығармаларының 1933 жылы Ілияс Жансүгіруұлының Алғысөзімен Қызылордада шыққан алғашқы толық жинағына ол Абайдың көзін көрген, қасында болған жақын адамдарының қолында сақталған бірталай өлеңдерін, қара сөздерін қосады. Абайдың өмірбаянын жазып береді. 1909 жылғы басылымына енбей қалған 17 өлеңі, «Қара сөздері» тұтас жүйеленіп, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» мақаласы осы жинақта алғаш рет басылды. 1909 жылғы жинақта бір өлең болып басылған «Интернатта оқып жүр» мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері екі шығарма ретінде берілген. Жинақта 35 өлеңге түсінік жазылған. Көкбай, Тұрағұл естеліктеріндегі ғұмырбаяндық деректер айналымға қосылған. Мұхтар Әуезов өзі жазған түсініктерді «М.» деп белгілеп отырады. 1933 жылғы жинақтың басылымында да араб жазуынан латын қарпіне көшудің салдарынан кеткен қателер

де аз болған жоқ. Оған қатысты кейінде Мұхтар Әуезов 206 түзету-ескертпе жазған (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 24–30-беттер).

КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық филиалының Әдебиет фольклор секторы (Ол кезде солай аталған – ред.) 1939–40 жылдардағы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын баспаға әзірледі. Жауапты редакторы – Сәрсен Аманжолов. Бұл жинаққа да М. Әуезовтің басшылығымен Абайдың бұрынғы шығармалар жинағына кірмей келген біраз өлеңдер қосылған («Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», «Жастықтың оты, қайдасың», «Күнді уақыт итеріп», «Абдрахман өлімі» туралы, аудармаларынан «Онегиннің хаты», «Қарға мен түлкі» тағы басқалар. Барлығы 600 жолдан астам. 1939 жылғы жинақ, 1-том, 5-бет). Бұл жинаққа да М. Әуезов 90-ға жуық өлеңге ғылыми түсінік жазған.

1945 жылғы толық жинақты шығару қарсаңында КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институты 1943, 1945 жылдары Абайдың өмірін, шығармаларын зерттеу жөнінде екі экспедиция ұйымдастырып, Абайдың өміріне, шығармаларына байланысты аса құнды жаңа материалдар тапқан. Соның нәтижесінде, Абайдың бұрынғы баспаларына енбеген «Домбыраға қол соқпа», «Түбінде баянды еңбек егін салған», «Әйелің Медет қызы аты Өрім» (кейінгі басылымдарда «Ырым» болып келген – ред.), «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан», «Мен боламын демеңдер», «Ойға түстім, толғандым», «Қулық пенен сұмдыққа» атты жаңадан 7 өлеңі енгізілген. «Әзімнің әңгімесінің» аяғына бұрынғы баспаларында жоқ 12 жол өлең, 57 тармақты «Көжекбайға» өлеңіне «Араздығы сөз болса» деген бір жол қосылған. Жеке сөздерге түзету, салыстырулар жасалған. «Жаз» өлеңіндегі «Шалғыннан жүні» тіркесі «Шалғыннан жоны» болып, «Сабырсыз, арсыз, еріншекте» төменнен жоғары 9-жол «Кімді ойлап аяйды» – «Кімді ұялып аяйды» болып, т.б. түзетулер жасалған. Аударма шығармалар хронологиялық жүйемен, ақынның төл туындыларымен араластырылып берілген. Абайдың музыкалық шығармалары алғаш рет нотасымен басылды.

Осындай Абай жинағын дайындап басып шығарудағы сапалық өсу Мұхтар Әуезовтің басшылығымен шыққан 1957 жылғы жинақта да айқын көрінеді. Мәселен бұл жинақты дайындауда князь В. А. Кудашев жазып алған өлеңдер көшірмесі де назарда болған. Басылымның түсініктерін жазу жүйесінде ілгерідегі нұсқалардан өзгешелік байқалады.

М. Әуезов көшірме мәтіндердің қалыбын болжам бойынша өзгертуге болмайтындығын әрдайым атап көрсете отырып, 1952 жылы баспа директоры Ғали Ормановқа жазған хатында да Абай жинағының жаңа басылымында ескерілуі тиіс «ілгерідегі баспалардан ілесіп, қалмай жүрген қаталар» (М. Әуезов осылай айтқан – ред.) болатынын, ендігі жинақтың таза әзірлену міндетін пысықтайды. Түзеген сөздерін тізіп көрсетеді. «Күз» өлеңінің 1945 жылғы баспадан қалып қойған, 1939 жылғы алғаш қосылған «аса қадірлі екі шумақ, сегіз жол өлеңді» (М. Әуезов) кіргізгенін айтады.

Абайдың әр сөзін, әр өлеңін құндап, құнттауда «сөз сақшы» болған Мұхтар Әуезовтің әр жылдарда, қилы заманда текстология бойынша күн тәртібіне қосып отырған осындай өзекті мәселелерін Абайдың бұл кезекті басылымында да назарда ұстадық.

Ал 1977 жылы жарық көрген жинақта жекелеген сөздердің әрқилы қолданысынан басқа, алдыңғы басылымнан көп өзгешелік байқалмайды.

Абайдың соңғы, 1995 жылғы толық шығармалар жинағын әзірлеуде 1909 жылғы, Мұхтар Әуезовтің жетекшілігімен шыққан 1933 жылғы, 1957 жылғы басылымдарды басшылыққа ала отырып, мәтіндік нұсқалардағы әрқилылық, техникалық жаңсақтықтар, ғылыми түсініктерді бірізділікте қалыптау бойынша көп жұмыс жасалған. Дегенмен, нақтылы сөз қолданыстарға қатысты тұрақты мәтін орнықтыру бағытында барынша ыждаһаттылықпен жұмыс жүргізілгеннің өзінде де түбегейлі шешімін таппаған тұстардан бұл жинақ та ада емес. Демек, бұл – Абай мұрасын алғаш жинақтаудан басталып, күні бүгінге жетіп, келешекте де жалғасатын киелі шаруа.

Ілкі басылымдардағы осындай әркелкіліктерді ретке келтіруде мәтінтанушылардың негізінен, 1909 жылғы жинаққа, сонымен қатар 1906, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт жазбаларына сүйеніп отыратыны – заңды құбылыс. Жаңа жинақты дайындау барысында да осы дәстүр сақталды, әсіресе, өлеңдердегі сөздердің «қозғалысын» барлап, салмақтауда 1909 жылғы жинақтың ресмилік маңызына мән берілді. Әрине, ол жинақта да ескі қадімше басылған мәтіндерді оқудың қиындығынан кеткен қате жазылған сөздер мен тіркестер, техникалық жаңсақтықтар жоқ емес. 1909 жылғы жинақтағы мұндай күдік, күмән туғызатын тұстардың барлығы қолжазбалармен, кейінгі басылымдармен салыстырылды. 1909 жылғы жинақтағы кейінде Мұхтар Әуезов түзету енгізген өлең құрылымына, шығарма мәтініндегі толықтыруларға, қайсыбір туындылардың бір өлең болып берілу, бір шығарманың бөлініп жазылуы сынды кейінгі басылымдарда өзгертілген құрылымдық, сөз қолданыс, өлеңдік өлшем тұрғысындағы ерекшеліктер де екшелді. Бұл жинаққа енбей қалған шығармалар бойынша текстологиялық салыстырулар жасалғанда Мүрсейіт көшірмелері, 1933, 1939–1940, 1945,1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдар өзара салыстырылып, сөз қисыны, ой жүйесіне, кезеңдік сипаттарға, қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар шындығына орай түзетулер енгізілді. Бұл орайда, Абайдың 1995 жылғы соңғы толық жинағының негізгі арқауы мен құрылымы, оған жазылған түсініктердің басты назарда болғанын атап айтқан жөн.

Жинақта жекелеген өлеңдердің жазылған, шығарылған уақытына қатысты деректерге де ішінара өзгерістер енгізілді (Шығармаларға берілген түсініктерде осындай түзету, өзгерістердің себебі айтылып, дерегі көрсетіліп отырды – ред.).

Сол сияқты, тыныс белгінің дұрыс қойылмауы, кейде жалғау мен шылаудың міндет «ауыстырып» алу жағдайлары да барынша түзетілді.

Араб, парсы тілінде бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалуына қатысты әр басқа болып жүрген айырмашылықтар жаңа басылымды әзірлеу барысында шығыстанушы мамандардың (Т. Қыдыр, П. Әуесбаева) араласуымен біршама реттелді деп ойлаймыз. Абай шығармаларындағы діни астары бар жекелеген сөздердің терминдік мағыналарына да түсінік берілді.

Қайым Мұқамедхановтың 1959 жылы жарық көрген «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» атты еңбегі назарда болды.

Жаңа басылымда академик Зәки Ахметовтің Абай аудармаларының түпнұсқасын анықтаудағы, аударма ерекшелігін саралаудағы ауқымды зерттеу жұмыстары басшылыққа алынды.

Абай шығармаларының жазылу, сақталу деректерін нақтылауда кейінгі жылдары басылып шыққан Абай туралы естеліктер де кеңінен пайдаланылды. Олар ақын заманында болған оқиғаларды нақтылайды, кейбір шығармалардың жазылу тарихына жарық түсіреді. Ақынның шығармашылық өмірбаянына қатысты құнды мағлұматтар береді. Бұл орайда, Абайдың көзін көріп, жақын араласқан, тәрбиесін алған Көкбай, Әрхам, Кәкітай, Тұрағұл, Төлеу Көбдіков естеліктерінің маңызы аса зор болды. Оларда ақын шығармашылығы жөнінде мол деректер сақталған.

Басылым түсінігін жазуда қалыпты бірізділікті сақтап, шығарманың жазылу дерегі, мәтіндік нұсқасы төңірегінде ықшам, түсінікті ақпарат беру мақсаты көзделді.

Жинақ соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі, шартты қысқартулар мен басқа да ғылыми көрсеткіштер берілді.

1) «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» (1855). Өлең алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта басылды. Абайдың бозбала шағында әзіл-қалжың түрінде шығарған шығармаларынан сақталып жеткен бір ауыз өлең.

Мұхтар Әуезов еңбектерінде кейде «Түйе қуған қатын (Шәріп)» деп белгіленіп отырған. «Төркіні жауыр айғыр беретін келіншек «Шәріпке» деген арнау өлеңдегі Түңлікбайдың әйелі Шәріп болса керек», – деген болжам бар. (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 138-бет).

1933 жылғы жинақта бұл өлеңге: «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деген бір ауыз өлеңді ел ішінің бір кәрі кісісі айтып еді. Сол кісі бала күнінде ауылындағы бір әйелді төркініне ертіп барып, төркіні бір жауыр айғыр берген соң, соны алып екеуі қайтып келе жатқанда, Құнанбай ауылының жолда жатқан түйесінің арасын аралап өтіп бара жатыпты. Сонда он жасар бала – Абай ауылдан тайға мініп шауып келіп, аты-жөнімізді сұрап алып, бұрылып жатып осы өлеңді айтты дейді», – деп түсінік берілген (1933 жылғы жинақ, 323-бет).

Өлең 1933 жылдан кейінгі жинақтардың барлығында басылып жүр. Тек 1954 жылғы жинаққа бұл өлең енбеген.

Үшінші тармақтағы «*төркініңнің»* сөзінде бірде «төркінінің» (1933, 1939, 1945, 1961), бірде «төркініңнің» болып келетін мәтіндік ауытқу бар (1977, 1995).

Бұл жинақта 1977 жылғы басылым бойынша *«төркініңнің»* деп алынды.

Абай шығармаларының басылымдарында (1961 жылғы жинақта ғана «ұрайын» болып алынған) осы өлеңнің төртінші тармағында көп нүктемен беріліп келе жатқан сөздің орнына *«ұрайын»* сөзі жазылды.

2) «Йүзі – раушан, көзі – гауһар» (1858 ж.). Абайдың ортағасырлық түркі ақындарының үлгісінде жырлаған «Йүзі – раушан», «Әліппе», «Физули, Шәмси, Сәйхали» деген өлеңдері алғаш рет 1933 жылғы басылымда «Иран, Чағатай ақындарынча» деген атпен жарияланған. Латын әліппесінде жарық көрген бұл басылымда осы өлеңдердің қайдан алынғандығы ашып айтылмаған. 1858 жылы жазылған деп көрсетілген «Йүзі – раушан» деген өлеңі:

Çyzi ravcan, kөzi gavhar,
Laoɭьjldek bet ucь aqmar.
Tamaoɭь qardan hәm bijhtar
Qacьɳ qudьrat qolь cijga

Өzəң gyvrai, lara (?) – rahbar,
Saŋa oьjcьq bolьp kam-tar
Sulajman, Jamcijd, Iskəndar,
Ala-alast (?) barca mylkijga.
Mybədə өlsə (?), ol bir kəz;
Tamaca qьlsa jyrma (?) jyz;
– Ketip quvat, jumьlьp kөz,
Bojьn sal-sal blanijga? (?) -[1]

деп берілген. Өленді баспаға дайындау барысында біраз қателіктер орын алған. Мәтіндегі тыныс белгілерді есепке алмағанда «гүурай, лара», «ала-аласт», «өлсә», «йүрма», «бланийга» деп қате кеткен. Егер осы қалпында оқылса, мәтін, тіптен, түсініксіз болып шығары анық. Ал, әсілі «гөзәлләрә», «ала алмас», «олса», «йүзмә», «бола нигә» (1939 жылғы жинақ, 71-бет) болуы тиіс. Сондай-ақ, осы өленнің бірінші жолындағы алғашқы сөз де «Чүзі» болып қате берілген. Себебі түркі әдеби тілінде қарлұқ тілдік элементтері басым болғандықтан да, «й» дыбысы көп қолданылатыны, соның нәтижесінде «йүзі» деп жазылатыны белгілі.

Осы өлең 1939 жылы Сәбит Мұқановтың алғысөзімен жарық көрген жинақта да «Иран, чағатай ақындарынша» деген атпен берілген. Бұл басылымда ақынның өлені біраз түзетіліп, түпнұсқаға сәйкес транслитерацияланған. Десек те, бұл басылымды да қатеден ада дей алмаймыз. Тыныс белгілері дұрыс қойылмаған. Мысалы: «Tamaoь qardan həm, bijhtar» (1939 жылғы жинақ, 32-бет) деген жолдағы «həm» дегеннен кейін үтір орынсыз қойылған. Сондай-ақ, алтыншы жолдағы «ғашық» деген сөз мұнда «ғичық» болып қате берілген. Негізі қадім үлгісінде «عاشق» түрінде жазылып, «ғашық» болып транслитерациялануы тиіс. Ал, қадімшадағы «ғишқ» («عشق») сөзі махаббат, сүйіспеншілік деген мағына беретіндігі белгілі. Абайдың 100 жылдығына орай 1945 жылы кирилл әрпінде жарық көрген жинақта да осы қате қайталанған (1945 жылғы жинақ, 4-бет). Бұл басылымда мәтіндегі түсініксіз сөздердің сөздігі астына қоса беріліп, қай тілден енгендігі ашып көрсетілген.

1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиет институты ғалымдары тарапынан дайындалған «Абай Құнанбаев шығармаларының толық жинағына» ақынның түркі әдеби тілінде жазған бұл өленді енбеген. Құрастырушылар бұл жинақтың 1909 жылғы литография мен Мүрсейт қолжазбалары негізінде дайындалғанын алға тартқан. Одан кейін ақынның жинағы Әбіш Жиреншиннің құрастыруымен 1961 жылы жарық көргені белгілі. Абайдың түркі әдеби тіліндегі

---

[1] Жүзі раушан, көзі гауһар,
Лағылдек бет ұчы ақмар.
Тамағы қардан һәм бийһтар
Қачың құдрат қолы чыга
Өзәң гиурай, лара – раһбар,
Саңа ғышығ болып кам-тар,
Сулайман, Жамчийд, Искәндәр,
Ала-алас барча мүлкіга.
Мүбәдә өлсә, ол бір кәз;
Тамача қылса йүрма йүз;
– Кетіп құуат, йұмылып көз,
Бойын сал-сал бланийгә?

осы өлеңдері «Шығыс ақындарынша» деген айдармен берілген (1961 жылғы жинақ, 58-бет). Бұл басылымда ақынның «Йүзі – раушан» деген өлеңі қадімшаға жақын үлгіде берілген, тыныс белгілер де орнымен қойылған. Толық болмаса да, мәтінде кездесетін он бір кірме (араб, парсы және түркі) сөздің сөздігі де бар. Десек те, үшінші жолдағы «hәм» («هم») сөзі мұнда «әм» болып жазылғанын айта кеткен жөн.

1977 жылғы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағына да бұл өлең «Шығыс ақындарынша» деген айдармен енген. Алдыңғы басылымдарда түркі әдеби тіліндегі бұл өлең «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деген өлеңінен кейін орын алатын. Бұл жинақ «Йүзі – раушан» деген өлеңмен басталған (1977 жылғы жинақ, 27-бет). Бұл басылымда да 1961 жылғы қате орын алып, «hәм» («هم») сөзі «әм» болып басылған. «Ғашық» («عاشق») сөзі «ғишық» деп берілген. Сондай-ақ, бесінші жолдың «Өзүң» деген бірінші сөзі «Өзәң» болып қате жазылған. Араб, парсы кірме сөздерінің аудармасы берілгенімен де, қай сөздің қай тілден енгендігі және оның қалай оқылатыны ашып көрсетілмеген.

Ақынның 150 жылдық мерейтойына орайластырылып 1995 жылы жарық көрген жинақта бұл өлең «Шығыс ақындарынша» деген айдармен басылған (1995 жылғы жинақ, 32-бет). Бұл жинақта 1977 жылғы қателер тағы қайталанған. Араб, парсы кірме сөздерінің сөздігі толық берілген, олардың сол тілде қалай оқылатыны да ашып көрсетілген.

«Йүзі – раушан» өлеңінің не түпнұсқасы, не асылнұсқасы табылмағандықтан баспаға дайындаушылар мәтінді беруде бірізділікті сақтай алмаған. 1933 жылғы басылымда бұл өлеңнің кейбір жолдары қате берілгені соншалық, түпкі мағынасын шығару мүмкін емес. Ал, кейінгі 1939, 1945, 1977, 1995 жылғы басылымдарда, негізінен, бір қате қайталанып отырған. 1961 жылғы басылымда бұл өлең басқа жинақтарға қарағанда сапалы дайындалған. Ал, 2020 жылғы академиялық жинақта берілген бұл өлең қадім үлгісіне сәйкес берілген.

Өлеңнің не түпнұсқасы, не асылнұсқасы сақталмаған. Түркі әдеби тілінде жазылған бұл өлең әсілі төмендегіше жазылары анық:

یوزی روشن کوزی گوهر
بیت اوچی لعلدیک احمر
تماغی قاردن هم بهتر
قاشینگ قدرت قولی شیکا

اوزونگ گوزللارا رهبر
سنگا عاشق بولوب کمتر
سلیمان جمشید اسکندر
الالماس بارچه ملکیگا

مباده اولسه اول بر کز
تماشا قیلسه یوزمه یوز
کیتب قوت یوملوب کوز
بویونگ سال سال بولا نیگا

3) «Физули, Шәмси, Сайхали» (1858). Абайдың түркі әдеби тілінде жырлаған келесі бір өлеңі – өзінен бұрын өткен классик шайырлардың атын атап, ша-

быт (илһәм – Т. Қ.) шақырған туындысы. Ақынның бұл өлеңінің не түпнұсқасы, не асылнұсқасы сақталмаған. Араб графикалы басылымдарға (1909, 1921, 1922) да енбеген. Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы басылымда «Иран, Чағатай ақындарынча» деген айдармен «Йүзі – раушаннан» кейін берілген (1933 жылғы жинақ, 71-бет).

Fьzuvlь, casь(?), sajqalь,
Navajь, saoɳьdьj, fer davьsь,
Qoça Qapьiz bul həmmasь,
Mədet ber, jə caoɳгьj fyrijat (?)!

Осы басылымдағы емлелік қателерді есепке алмағанда, «Шәмси» («شمسی») сөзі – «Шасы», ал, «фәрийәд» («فریاد») – «фырийат» болып берілген. Ал, латын әліппесімен басылған 1939 жылғы жинақта бұл қателер түзеліп, тыныс белгілер орнымен қойылған. Кітаптың соңына өлеңде аты аталатын ақындар туралы қысқаша мәлімет те берілген (1939 жылғы жинақ, 34-бет). Алғаш рет кирилл әрпімен басылған 1945 жылғы жинақта ақын өлеңдері қадімшаға жақын үлгіде берілген, бірақ «*Хожа хафиз бу хәммәси, Мәдәд бер я шағири фәрияд*» (1945 жылғы жинақ, 5-бет) деген жолдарға тиісті тыныс белгілер қойылмаған. 1954 жылғы басылымға бұл өлең енбеген. Ал, 1961 жылғы жинақта қазақтың дыбыстық ерекшелігі ескерілмеген (Навои – Науаи) (1961 жылғы жинақ, 59-бет). Сондай-ақ, төртінші жолдағы «*Мәдәд бер я шағири фәрияд»* дегенде тиісті тыныс белгілері қойылмаған. Мәтіннің төменгі жағына «мәдәд», «шағири» және «фәрияд» сөздерінің қай тілден енгені және аудармасы берілген.

1977 жылы жарық көрген Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағының бірінші томында 1961 жылғы қателер қайталанған. Сондай-ақ, соңғы жолдағы «*Мәдәд бер шағири фәрияд»* болып, «я» қаратпа сөзі түсіп қалған (1977 жылғы жинақ, 28-бет).

1995 жылы шыққан екі томдықта да алдыңғы екі басылымдағы қателер қайталанған (1995 жылғы жинақ, 33-бет). Бір айырмашылығы – мәтіндегі «шағири», «фәрияд» сөздерінің аудармасымен бірге араб графикасындағы жазылу емлесі де қатар берілген.

Түркі әдеби тілінде жазылған бұл өлеңнің асылмәтіні төмендегіше болары анық:

فضولی شمسی سیخالی
نوایی سعدی فردوسی
خواجه حافظ بو همه سی
مدد بیر یا شاعرفریاد

4) «Әлифбә» (1864). Абайдың түркі әдеби тілінде жазған үш өлеңінің ішіндегі көлемдісі – «Әлифбә». Отыз екі жолдан тұратын өлеңді ақын шығыс мұсылман әдебиетінің үлгісінде жазып шыққан. Араб, парсы шайырларын былай қойғанда, ортағасырлық түркі ақындары да осы әліппе жанрында шығарма жазған. Қадім медресесінде тәлім алған Абай да сол ақындардың ізімен қалам тербеген. Өкінішке орай, бұл өлеңнің де не түпнұсқасы, не асылнұсқасы сақталмаған. Араб графикасымен басылған 1909, 1921 және 1922 жылғы басылымдарға да бұл туынды енбеген. Алғаш рет 1933 жылы латын әліппесімен басылған жинақта жарияланған. Мәтіннің арабша нұсқасы болмағандықтан да, латын және кирилл әріптерімен

басылған жинақтарды құрастырушылар осы өлеңді транслитерациялауда қателіктерге жиі бой алдырған. Негізінен, бірінің қатесін бірі қайталаған десек те болады. Мысалы, 1933 жылғы басылымды алайық:

Əlip, dep (?) ai çyziŋe (?) oьjbrat ettim,
Bij, balajь dəretiŋe (?) nьspat ettim,
Tij, tiliŋnen (?) sьoqarьp tyrli əbijat
Sij, sanaj madaoqьŋe (?) qurmat ettim.

Çem, çamalьŋ qandaj aq ruvzь maoqan,
Qьjkalajьq (?) tappadьm çənen (?) saoqan.
Fьjkalajьq (?), men emes, bəri ьntьzar,
Dal, darьjoqa oьjcьq otь bermes aman.

Алғашқы шумақтың бірінші жолындағы «Əліп-дек» («الف دیک»), «Əліп-дей, əліп сияқты» деген сөздегі «дек» («دیک») «dep» қате берілген. Əрі «əліп» пен «деп»-тің арасына орынсыз үтір қойылған. Түркі əдеби тілі «ж»-ға емес, «й»-ға жақын дыбысталатындықтан да, «йүзіңə» («یوزونگا») деген сөз «жүзіңе» болып жазылған. Екінші жолдағы «дəртіңə» («دردینگا»), яғни «дертіңе» деген сөз «дəретіңе» («dəretiŋe») болып берілген. Үшінші жолда кездесетін «тілімнән» («تلیمنان») деген сөз «тіліңнен» («tiliŋnen») деп өзгеріске ұшыраған. Əсілі, автор бірінші жақтан айтып отырғандықтан да, «тілімнен» деп берген қисынға келеді.

Ал, алтыншы жолдағы «Хə – хəлиллик» («ح – حلیل لیک») деген сөз, «қыйкалайық» («qьjkalajьq») деп, түсініксіз берілсе, осы жолдың астындағы «Хə – халайық» («خ – خلائق») деген сөз де, «фыйкалайық» («fьjkalajьq») деп қате жазылған. Осы алтыншы жолда кездесетін «жаным» («جانیم») деген сөз, «жəнен» («çənen») деп басылған. Оныншы жолдағы «Ре – риза қылмағыңды, яр, өзің біл» («رضا قیلماقینگنی – یار اوزونگ بیل ر») деген жол «Ра, рыйза қылғың жер өзің біл» («Ra, rьjza qьloqьŋ çer özіŋ bil») деп басылған.

Он бесінші жолдағы «өмірім» («عمریم») деген сөз «ой үмірім» («oj ymirim») деп басылса, он алтыншы жолдағы «əйтеуір» («ایتویر») деген сөз «əйтейр» («əjteir») болып, түсініксіз жазылған.

«Лəм – ləбіңнен ем қылсаң» («ل – لبینگنان ایم قیلسانگ») деп басталатын алтыншы шумақтың үшінші жолындағы «ем» («ایم») деген сөз «ең» («eŋ») болып қате берілген.

1939 жылғы басылымда бұл өлең «ƏLIP BI» ƏLEƊI» деген атпен басылған. Əр тармақтың тұсына əріптің арабша таңбалануы қоса берілген.

/ا/ Əlifdek a (?) iuzjŋe oqibrat ettjm,
/ب/ Bi, bələij dərtiŋa nisfat (?) ettjm,
/ت/ Tij, tilimnən sьoqarьp tyrlj əbiət
/ث/ Sij, sənaiьi (?) mədxjŋa xurmət ettjm.
/ ج/ Çem, çamalьŋ qandai aq ruzi maoqan,
/خ/ Xi, xalallьq tappadьm canьm sənan.
/ح/ Xa, xalaiьq men emes, bərj ьntizar,
/د/ Dal, darioqa oqicq otь bermes aman.

Алғашқы шумақтың бірінші жолында «ай» «آی» деген сөз, «а» болып қате басылса, «нисбəт» («نسبت») «нисфəт» («nisfat») болып жазылған. Сондай-ақ, бірінші шумақтың төртінші жолында кездесетін «сəнəи» («ثنای») деген «сəнаиыи»

деп түсініксіз жазылған. «Сәнә» («ثنا») мадақ, ал мұндағы «и» («ی») изафет. «Мәдх» («مدح») та, мадақ деген мағына бергенімен де, «сәнә» тек қана Жаратушыны ұлықтауға қатысты қолданылатыны белгілі.

1945 жылы кирилл әрпімен басылған жинақта бұл өлең «Әліфби» өлеңі» деген атпен басылған. Әріптердің арабша жазылуы да қоса берілген. «*Хә – хәлиллик тапмадым, жаным, сәнан*» («ح – حليل ليک تابمادیم جانیم سنان») деген алтыншы жолдағы «*хәлиллік*» («حليل ليک») деген сөз, «*Хи, халайық таппадым жаным сәнан*» болып қате жазылған (1945 жылғы жинақ, 7-бет). Жалпы, алдыңғы басылымдар секілді бұл жинақта да тиісті жерге тыныс белгілер қойылмаған.

1961 жылғы басылымда әріптердің тұсындағы арабша жазулар берілмеген. Өлең 1945 жылғы жинақтағы мәтінге сәйкес келгенімен де, жиырма жетінші жолдағы «*Һи – һеш файдаң тимесе өлді ойлаңыз*» («ه هیچ فائدانگ تیماسا اولدی اویلانگیز –») деген сөз «*Һи – Һеш файдаң тимесе, елді ойлаңыз*» (1961 жылғы жинақ, 61-бет) деп берілген. Сондай-ақ, мәтіннің астына берілген сөздікте «бәла» («بلا») деген парсының сөзін «ұлы, жоғары» деп түсіну керектігі айтылған. Парсыда жоғары, ұлы деген сөз «بالا», яғни «бала» (боло) деп жазылатыны белгілі. Алайда, ақынның мұндағы айтып отырғаны «بلای درد» «бәла-е дәрд», яғни «дерттің пәлесі».

1977 жылғы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында берілген бұл өлең 1961 жылғы басылым негізінде жасалғанын аңғару қиын емес. Тіпті, мәтіннің астында берілген сөздіктер де сол қалпы қайталанған. Бір айырмашылығы – 1977 жылғы жинақта араб, парсы сөздерінің оқылуы мен қай тілден енгені ашып көрсетілмеген. Соңғы шумақтың екінші жолындағы «*Мәд – қасың, тәшдид – кірпік, сукун – көзің*» («قاشینگ – کربیک ْ – کوزونگ») дегендегі «сукун» сөзі «секін» болып, қате басылған (1977 ж. 30-б.).

1995 жылғы басылымда бұл өлеңдегі кірме сөздердің сөздігі толықтырылған. Яғни, араб, парсы сөздерінің сол тілде жазылуы, оқылуы, қайдан енгені және аудармасы қоса берілген. Осы сөздікте алғашқы шумақтың екінші жолында кездесетін «*нисбәт*» («نسبت») сөзіне «*байланыс, бір нәрсемен байланыста болу. Бұл арада ем таптым деген мағынада*» деген анықтама берілген. Арабша «*нисбәт*» – байланыс, қатынас, бір нәрсемен байланыста болу деген мағына беретіні анық. Бірақ, «*Бұл арада ем таптым деген мағынада»* емес, қайта ақын бұл жерде «*дерттің пәлесіне, яғни махаббаттың айықпас дертіне шалдықтым*» деп отыр. Себебі, діни-сопылық әдебиетте дертке шалдығу – ғашықтықтың айықпас дертіне ұшырау дегенді білдіреді. Ғашықтың дәрманы, яғни емі – машұқтың өзі ғана (Машраб). Бұл ойымызды осы өлеңнің соңғы жағында келетін «*Ләм – ләбіңнен ем қылсаң мен дәртліге, Мим – меһріңнен қалмас ед бар апатым*» («مهرنگنان قالماس – لبینگنان ایم قیلسانگ من دردلیگا ل ایرد بار آفتیم م;–») деген жолдар нақтылай түседі. Ғашықтық дертіне шалдыққан ғашықтың бар емі – машұқтың балдай ерні («шәкәр ләб» («شکرلب»). Сонда ғана ғашықтың бар мұң-зары, уайым-қайғысы (апаты) жойылады.

Сондай-ақ, мәтіннің астына берілген сөздікте бірінші шумақтың төртінші тармағында кездесетін «сәнә-е» («ثنای») сөзі туралы «*Сәнаи (арабша) – سنائ – сұлу, әдемі, шебер*» деген анықтама берілген. Мұнда ақын «сын» («س») әрпі туралы емес, «сә» («ث») әрпі туралы айтып отыр. Мәтінде автор «*Сәнә-е мәдхіңә хурмәт еттім*» («ثنای مدحنگا حرمت اتیم»), яғни «сенің мақтап-мадақталуыңа құрметпен қарадым» деп отыр. Араб тілінде «ثنا» («сәнә») – мадақтау, ұлықтау деген мағына беретіні анық.

Алғашқы шумақтың төртінші жолындағы «мәдхіңә» («مدحنگا») деген сөз «мәдхия» болып берілген. Ақын мұнда «мәдхіңә», яғни сенің мақталып, мадақталуыңа құрметпен қараймын» деп отыр. Сондай-ақ, «*Мәд – қасың, тәшдид – кірпік, сукун – көзің*» («قاشینگ ّ– کربیک ْ- کوزونگ ّ– ْ») деген жолдағы «сукун» деген сөз бұл басылымда «сәкін – көзің» деп берілген. Осы сөз 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда «сәкін», ал 1961, 1977 жылғы басылымдарда «секін» болып қате жазылған. Негізінде, араб харекеттерінің бірінен саналатын бұл харекет – сукун.

Абайдың бұл «Әлифбә» өлеңі латын (1933, 1939) және кирилл (1945, 1961, 1977, 1995, 2020) алфавитімен басылған жинақтарға енген. Десек те, осы басылымдарды құрастырушылар негізгі мәселеге назар аудармаған. 1933 жылы кеткен қателік кейінгі басылымдардың бәрінде қайталанған деуге негіз бар. Арабтың «*бә*» («ب»), «*тә*» («ت»), «*сә*» («ث») деген әріптері жинақтардың бәрінде «*би*», «*си*» болып қате оқылған. Бұлай оқу өлеңнің құрылымын бұзбағанымен де, дыбыс үндестігіне нұқсан келтірері анық. Себебі «*Би – бәләи*» емес, негізі «*Бә – бәләи*» деп, «*Си – сәнәи*» емес, қайта «*Сә – сәнәи*» болып жазылуы тиіс. Себебі Абай әр әріпті бергенде келесі сөзді сол таңбаның дыбысталуына сәйкес сөз қолдануға тырысқан. Мысалы: «*Дә*л – *дариға*», «*зә*л – *зәлиллік*», «*қа*ф – *қабыл*», «*кәф – кәміл*» және т.б.

Қадім медреселерінде «ط» әрпі «ытқы», ал «ظ» әрпі «ызғы» болып жаттатылған. Кейбір медреселерде «Та», «За» болып та үйретілген. Сондықтан да, 1933 жылғы басылымдағы он алты және он жетінші жолдардағы әріптер «Т» («ط»), «Z» («ظ») болып, қалай оқылатыны ашып жазылмаған (1933 ж. 72 б.). Құрастырушылар қалай оқылу керектігін оқушылардың құзырына қалдырған болуы ықтимал. Ал, 1935 және 1945 жылғы басылымдарды «Тый», «Зый» деп берілсе, 1961, 1977 және 1995 жылғы жинақтарда «Тай», «Зай» болып жазылған. Ал, 2020 жылғы басылымда «Та», «За» деп оқу ұсынылған.

Сондай-ақ, жиырмасыншы әріп «ف» – қадім медреселерінде «фле» болып жаттатылған. Бірақ латын және кирилл әрпіндегі басылымдардың бәрінде (1933, 1939, 1945, 1961, 1977, 1995, 2000) «*фи*» деп жазылған. «*Фи – файдаң*» дегенде дыбыс үндестігі сақталмайды. «*Фле – файдаң*» дегенде де, дыбыс үндестігі толық үйлеспейді. Алайда, қадімша оқуда дұрыс келері анық.

Қадімша жазылған бұл өлеңнің асылмәтіні төмендегіше болары анық:

الف دیک – آی یوزونگا عبرت اتدیم
ب – بلای دردینگا نسبت اتدیم
ت – تلیمدین چقاریب تورلی ابیات
ث – ثنای مدحنگا حرمت اتدیم
ج – جمالینگ قاندای آق روزی مغان
ح – حلیل لیک تابمادیم جانیم سنان
خ – خلائق من ایماس باری انتظار
د – دریغا عشق اوتی برماس آمان
ذ – ذلیل لیک کورگان سونگ سایرای بیر تیل
ر – رضا قیلماقینگنی یار اوزونگ بیل
ز– زهردای کویدوردی عشقینگ قاتی
س – سلامت قالماغیم بولدی مشکل
ش – شکرلب ایسیما توشکن سایین

ص – صبریم قالمادی من نه ایلایین
ض – ضائع عمریم اوتی منینگ بیکار
ط – طلب دان ایتویر قور قالمایین
ظ – ظالم کوب قلیچ بوب جانغا اوقتالدی
ع – عقلمنی باشیمنان تارتیب آلدی
غ – غریب لیک باشیما توشکدین سونگ
ف – فائدانگ تیه مه دیب جزا سالدی
ق – قبول بولار ما ایکان جازغان خطیم
ک – کامل عقلینگ اسل زادیم
ل – لبینگدین ایم قیلسانگ من دردلیگا
م – مهرنگنان قالماس ایرد بار آفتیم
ن – ناله غیب قایغونگمین کویدوردینگ کوب
و – ویلانا عشقینگ واییم ییب
ه – هیچ فائدانگ تیماسا اولدی اویلانگیز
لا – لا اله الا الله دیب
ی – یاریم قالای بولار جواب سوزونگ
قاشینگ ّ- کربیک ْ – کوزونگ – ~
وترمین آستی-اوستی جازودا بار
بولوغا آستی-اوستلی کونسانگ اوزونگ

5) «Шәріпке» («Түңлікбайдың қатыны, атың Шәріп») (1870). Алғаш рет 1933 жылғы жинақта (72-бет) жарияланған. Бұл басылымда «Шәріп – Түңлікбай дегеннің қатыны. Түңлікбай Абай ауылдарының көршісі болған – М. А.» (72-бет) деген сілтеме беріледі.

«Абайда ақындық талант, нағашыларынан мұра болған сайқымазақ жас шағынан өзіне біткен қасиеті. Мысалы, тоғыз жасында айтқан өлеңі «Кім екен деп келіп ем түйе қуған», «Түңлікбайдың қатыны – атың Шәріп» деген өлеңі және «Абыралыға» деген өлеңі, нағашысы Қантай-Тонтайдан мирас болған сайқымазақ екенін анық көріп тұрады» (Ә. Ысқақов. Абайдың өмір жолы, 151-бет).

Төрт жол өлеңнің мәтіні бұл басылымға редакциялық кеңестің ұйғарумен тыныс белгілері бойынша түзетулер жасалып берілді.

6) «Абыралыға» («Мен жасымнан көп көрдім») (1876). Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта (73-бет) басылған.

Абыралы Ысқақ (ақынның інісі) болыс болғанда алты жыл оған кандидат болған. Абаймен жетінші атадан туысады әрі замандас құрдасы. Өлеңді Абай сол Абыралының намазда қосымша оқылатын Құран сүрелерін бұзып, теріс оқитындығын келеке етіп шығарған.

М. Әуезов «Абыралыға» өлеңі арқылы Абайдың «діншілдігін, мұсылманшылдығын салмақтауға болады» деп тұжырым жасайды. 1933 жылғы жинақта «өлеңнің аяғы ұзағырақ болса керек, бірақ ешкімнің есінде қалмаған» деген сілтеме түсінік беріледі.

Өлеңде «мұсылман», «кәпір», «намаз», «қирағат», «нәпіл», «намазшам» сияқты діни терминдер мен қасиетті Құранның «Кәусар» сүресінен аяттар келтіріледі.

Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында өлеңнің тыныс белгілерінде айырмашылықтар кездеседі. Бұл кітапта өлең қазақ тілінің емле ережелеріне сай түзетіліп басылды.

7) Жақсылыққа («Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық») (1880). Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта (73-бет) жарияланған. Осы жинақта өлеңнің жазылу тарихы туралы мынадай деректер айтылады: «Абай 1880 жылы «Қоңыр Көкше» деген елге назначение – атап сайлаумен болыс болады. Сонда өзінің жарамсыз қылығынан борышты болған Мырза руының Жақсылық деген кісісі «Борышымды елге бөліп салып, мені құтқар» деп Абайға келеді. Абайдың сондағы айтқаны еді деп, өлең мәтіні Көкбай Жанатайұлы жиған өлеңдердің ішінде жазылған» (1933 жылғы жинақ, 323–324-беттер).

Өлеңнің 1933 жылғы жинақта «Аяғыңды *аңдып* бас, ей *жақсылап*» болып берілген алғашқы тармағы 1954, 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «*...аңдып* бас, ей, *Жақсылық*»; 1945, 1995 жылғы басылымдарда – *«аңдап»* болып жазылған.

Бұл жинақта «аңдап» сөзі алынды.

8) «Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» (1880). «М. Ю. Лермонтовтың «Дитя в люльке» (1829) атты шығармасының еркін аудармасы. Түпнұсқасы неміс ақыны Д. Шиллерден алынған («Das Kind in der Wiege», 1796).

Абай шығарманың жалпы мазмұнын сақтап, еркін аударған. Алғаш 1933 жылғы жинақта басылып, содан бергі негізгі басылымдарына енгізіліп келеді.

Абай аударған түпнұсқа:

«Счастлив ребенок!
И в люльке просторно ему,
Но дай время сделаться мужем –
И тесен покажется мир».

9) «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім». Өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта «Жылы белгісіз өлеңдер» ретінде басылған (231-бет). Мүрсейіт қолжазбаларында бар (1907, 1910). Өлеңнің 1933 жылы басылған нұсқасының көлемі – 30 жол. Түсінік берілмеген. 1939 жылғы жинақта басылған нұсқасы – 59 жол (231–232-беттер). Бұл нұсқасы туралы жинақта: «Бұл – Абайдың бозбала күнінде өзіне-өзі айтқан өлеңі. Абай өлеңдерінің 1933 жылы шыққан жинағында алғаш рет жарияланған. Бірақ онда түгел табылмай, жарым-жартысы ғана басылған болатын. Қазір сол олқылары түгелденіп, бірінші рет толық басылып отыр», – деген түсінік бар (1939 жылғы жинақ, 231-бет).

Өлеңнің жазылу тарихы туралы толығырақ түсінік 1945 жылғы жинақта берілген: «Мұны Мұхтардың көрсетуі бойынша, Абай өзінің жігіт шағында жазған көрінеді және сол жігіт шағынан қалған өлеңдерінің ішіндегі ең көлемдісі, көркемі. ...Мұны бұрын Абай жас кезінде өзі ғашық болған бір әйелі – Сүгірдің қызына айтқан дейді екен. Бірақ, соңғы айтушылардың сөзіне қарағанда, бұл өлең Сүгір қызына емес, Сүйіндік қызы Тоғжанға арналған көрінеді. Жігітектер мен Құнанбай жауласып жүргенде, Абайдың қауіп-қатерге қарамастан, бейнетпен барып жүрген қызы – сол Тоғжан. Ерболмен достығы да сол қыз арқылы болған. Және Тұмабайдың айтуынша, бұл өлеңдегі қыз Сүйіндік қызы екенін білдіретін:

«– Қыз ағасы Әлібек
Ұстап ап дүре салмай ма», –

деген бір-екі жол өлең де бар екен. Жалғыз-ақ, кейінгі айтуында ол жолдар түсіп қалыпты. Біз орнын білмегендіктен, бұл екі жол өлеңді баспаға қоспадық. Соңғы нұсқасы Мүрсейіт жазбасынан алынған» (445–456-беттер).

Өленнің соңғы тармағы 1995 жылғы жинақта – «Сонда *да* көңіл толмай ма?». 1907 жылғы көшірме қолжазбада – «Сонда көңіл толмай ма?». Бұл басылымда осы тармақ 1907 жылғы қолжазба бойынша берілді.

10) «Бородино» (1882). М. Ю. Лермонтовтың осы аттас шығармасының аудармасы. Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған. Сонда: «Айтшы, аға, не ғып жеңілдің» деген өленді Лермонтовтың «Бородино» деген өленінен аударған екен. Бірақ соңғы уақытқа шейін ескеріліп жиналмағандықтан, мына аударманың ортасы да жоқ, аяғы да жоқ, ұмытылып қалыпты. Табылмады», – деп түсінік берілген (1933 жылғы жинақ, 324-бет).

Соңғы басылымдарға дейін аудармада түпнұсқаның кейбір тармақтарының орны ауысып кетіп жүрді.

11, 12, 13-тармақтары 1933 жылғы жинақта ең соңында берілген. 1940-та солай, 1945-те солай. 1954 жылғы басылымда да солай.

Өленнің бірінші тармағы 1933 жылғы жинақта «*Айтшы, аға, неғып жеңілдің?*» (1957). 1940, 1945-те, 1954-те де *«Жеңілдік!»*

1995 жылғы басылымда «*Айтшы, аға, неғып жеңілдік?*» деп берілген. Түпнұсқада сөзбе-сөз келетін жол жоқ. Бұл басылымында өленнің бірінші тармағы 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

Шығарма ілкі басылымдар негізінде салыстырылып беріліп отыр. Лермонтов өленінің Абай аударған үзінділері мынадай:

БОРОДИНО

«Скажи-ка, дядя, ведь недаром
Москва, спаленная пожаром,
Французу отдана.
Ведь были ж схватки боевые?
Да, говорят, еще какие!
Недаром помнит вся Россия
Про день Бородина!»

– Да, были люди в наше время,
Не то, что нынешнее племя:
Богатыри – не вы!
Плохая им досталась доля:
Не многие вернулись с поля...
.....
.....
Мы долго молча отступали,
Досадно было, боя ждали,
Ворчали старики:
«Что же мы? на зимние квартиры?
Не смеют что ли командиры
Чужие изорвать мундиры
О русские штыки?»
.....
.....
Повсюду стали слышны речи:
«Пора добраться до картечи!»
И вот на поле грозной сечи
Ночная пала тень».

22 – 9113

11) «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884). Өлең алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылды (9-бөлік. «Сұлу ұрғашы туралы»). Шығарма Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларында бар (1906, 1907, 1910).

Бұл өлеңнің 2-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірме қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта «*Аласыз* қара көзі нұр жайнайды», ал 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Аласы аз*» деп берілген. Бұл жинақта «*Аласыз* қара көзі нұр жайнайды» болып алынды.

Өлең 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда 38 тармақтан тұратын бір өлең болып алынған. 1977 жылғы жинақта «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған» деген тармағынан бастап, әрі қарайғы 18 жол бөлек шығарма боп басылған. Бұл жинаққа Абай шығармаларының әр жылдардағы (1909, 1933, 1939, 1945, 1957, 1995) басылымдары мен Мүрсейіт Бікіұлының (1906, 1907, 1910) қолжазба көшірмелерімен салыстырылып, «*Қандай қызда ләззат бар жан татпаған*» өлеңінен бөлек берілді.

12) «Қандай қызда ләззат бар жан татпаған» (1884). Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында, 1909 жылғы жинақта «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңімен бір шығарма боп басылған. 1977 жылғы басылымында екі бөлек өлең боп беріліп, түсіндірмесінде: «Бұл жинақта мағынасына қарай дербес алынды» делінген (1977 жылғы жинақ, I том, 357-бет). 1995 жылғы жинақта да бұл екі өлең бір шығарма ретінде жарияланған. Осы басылымға 1977 жылғы жинаққа сүйеніп, бөлек шығарма ретінде беріліп отыр. 1909 жылы 31, 32-тармақтар көп нүктемен берілген. Осы екі тармақ 1907 жылғы көшірме қолжазбада, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда:

«Кей жігіт мақтан үшін қылық қылмай,
Бойына майдалықпен сыр сақтаған», –

деп жазылған.

Бұл басылымда өлеңнің 9-тармағы 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтар бойынша «*Әуелден* сұлу жайы бізге мәлім» деп берілді. 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта – «*Әуелде* сұлу жайы бізге мәлім».

35-тармақ 1907 жылғы қолжазбада «*Орынсыз* іске жүріп, ой таппаған» деп жазылған. 1909, 1995 жылғы жинақтарда – «*Орынды* іске жүріп, ой таппаған».

Бұл басылымында өлең бөлек шығарма ретінде берілді.

13) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» (1885). Бұл өлең ең алғаш 1909 жылғы жинақта (3-бөлік. «Өзі туралы») басылған.

Өленге 1933 жылғы жинақта Тұрағұл Абайұлының естелігі бойынша алғаш рет түсінік берілді. «Патша құдай сыйындым» деген өлеңі мен «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңдері Ғабдырахым деген баласы (Әбдірахман – ред.) Түмендегі реальный училищеде, Мағауиясы бір Күлбадан деген әйел баласымен Семейде оқып жүргенде айтқаны.

«Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы» деген өленді де сол кезде айтса керек» (Абай туралы естеліктер, 191-бет).

6-тармақ 1933 жылғы жинақта: «Қолымды дөп сермесем, *өстір* ме едім?».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда: «Қолымды дөп сермесем, *өстер* ме едім?». Бұл жинақта 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

14) «Әм жабықтым, әм жалықтым» (1895). М. Ю. Лермонтовтың «И скучно, и грустно» атты өлеңінің Абай аударған бір шумағы. Алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта жарияланған.

«Абай» энциклопедиясында бұл өлең 1909 жылғы жинақта жарияланды деп көрсетіледі. («Абай» энциклопедиясы, 123-бет). Алайда бұл аударма Абайдың алғашқы 1909, 1922 жылдардағы жинақтарында жоқ. Тек 1933 жылғы толық жинаққа еніп (93-бетте), онда ешқандай түсіндірме берілмеген. «Пушкиннен» деп жазылған. Ал 1940 жылғы толық жинақта «Лермонтовтан» деп түзетіліп: «...Лермонтовта бұл өлең 13–14 жолдай, Абай тек басқы жолдарын аударған сияқты. Лермонтов өлеңдерінің кейінгі жолдарын Абай аударды ма, жоқ па, белгісіз» деген түсінік берілген (1940 жылғы жинақ, 528-бет). 1954 жылғы жинақта да осы түсінік қайталанады (1954 жылғы жинақ, I том, 415-бет). Ал 1957 жылғы жинақтың түсінігінде Абайдың Лермонтов өлеңін екіге бөліп, дербес өлеңдер ретінде аударғаны айтылған (1957 жылғы жинақ, 259-бет).

Бұл шумақтың орысша түпнұсқасы мынадай:

И скучно и грустно, и некому руку подать,
В минуту душевной невзгоды...
Желанья!.. что пользы напрасно и вечно желать?..
А годы проходят – все лучшие годы!

Бұл жинақта 1945 жылғы жинақ бойынша берілді.

15) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» (1886). Өлең мәтіні Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) жазылған. Алғаш 1909 жылғы жинақтың «Халық туралы» атты бірінші бөлімінде жарияланған.

Тұрағұл Абайұлы «Әкем Абай туралы» естелігінде мынадай деректі айтады: «Әкем айтып отырушы еді: қайғы жас жүрекке қатты батады екен, Бәкемнің өліміндей қатты батқан өлім көрмедім деп (Құдайбердіні Бәкем деуші еді). Мағауияның өлгендегісін өлшеп айтқан жоқ, бұрынғы Оспан мен Ғабдрахманның өлімін өлшеп айтып еді. Сқақтың үш сайлауынан кейін, Бәкемнің орнына беремін деп, жиырмадан жаңа асқан Шәһкәрім қажыны болыстыққа сайлатыпты. Шәһкәрім қажы болыс болған соң астыртын ел құрып, әркіммен анттасыпты. Келесі сайлауда Оспанды сайламақ болған екен, оған ел де, Шәһкәрім қажы да қарсы болып, барлық адал деп, әкесі үлкен қажының айтқанына бұрылмай сеніп жүрген достары, құрдасы бұзылып, Күнту дегенді болыс сайлаған жерде бірақ біліпті. Ел бұзылды, сені алдап жүр деп Сқақ келіп айтса, Ербол деген бір досын шақырып сұрапты, ол: «жоқ, Абай, Сқақ бекер айтады», – десе, сеніп отыра беріпті, өзі азырақ сырқат екен.

Осы сайлау 1884-ші жылы болғанда, содан кейін достан, елден түңіліп соққы жегендіктен осы өлеңдерді айтқан секілді: «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» (Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том, 118-бет).

Өлеңнің Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы қолжазбасында бастапқы 29 жолы, 1907 жылғы көшірмесінде 18 жолы хатқа түспеген, көп нүктемен беріледі. 1909 жылғы кітапта өлеңнің құрылысы әркелкі, он екі тармақты, жиырма тармақты, төрт

тармақты шумақтардан құралған. 1933 жылдан бастап кейінгі жинақтарда төрт тармақтан қайырылып, он екі шумақ боп басылған (мәтінтанулық салыстыруда осы ретті ұстандық – ред.).

1909 жылғы жинақта өлеңнің 2-шумағының 2-жолы «Тағдыр жоқ өткен *адам* қайта келмек» болып жазылған. Бұл тармақ кейінгі басылымдардың бәрінде «Тағдыр жоқ өткен *өмір* қайта келмек» деп беріледі. Редакциялық алқаның ұйғарымымен бұл жаңа басылымда «өмір» сөзі қалдырылды.

1909 жылғы басылымда «Екеуінің бірі жоқ, ауыл *кезбек*» деп келетін 5-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесінде және жоғарыда аталған жинақтарда «Екеуінің бірі жоқ, ауыл *кезіп*» болып басылған. Бұл жинаққа 1909 жылғы нұсқасы алынды.

1909 жылғы жинақта «... – ақылды құлаққа ілмек» деп көп нүктемен берілген 6-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазба бойынша бұл басылымда «*Наданға арам* – ақылды құлаққа ілмек» болып алынды.

1907 жылғы көшірмеде және әр жылдардағы жинақтарда әрқилы басылып келген «Наданның сүйенгені – *көппен* дүрмек» дейтін 8-шумақтың соңғы тармағы редакциялық кеңестің шешімімен жалғаулық шылау ретінде *«көп пен»* болып бөлініп жазылды.

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы басылымдардың бәрінде «Ел бұзылса, *табады* шайтан *өрнек*» деп басталатын 10-шумақтың 1-жолы 1907 жылғы қолжазбада – «Ел бұзылса, табады шайтан *өрмек*», 1995 жылғы жинақта «Ел бұзылса, *құрады* шайтан *өрмек*» болып басылған. Бұл жинақта 1909 жылғы басылымы бойынша қалдырылды.

1909 жылғы кітапта «Қолдан келе бере ме жұрт *іңгермек*» болып жазылған соңғы шумақтың бастапқы жолы қолжазбалар мен кейінгі басылымдар бойынша «Қолдан келе бере ме жұрт *меңгермек*» деп алынды.

Өлең мәтіні жинаққа Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдары мен көшірме қолжазбалары салыстырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

16) «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» (1886). Өлең мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының (1906, 1907, 1910) қолжазбаларында бар. 1906 жылғы қолжазбада бұл өлеңнің басым бөлігі көп нүктемен беріледі. Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған.

1906 жылғы көшірмеде «*...қайғы ойладық,* ұлғайды арман» деп басталатын өлеңнің бастапқы жолы 1907 жылғы қолжазбада және 1995 жылғы жинаққа дейінгі барлық басылымдарында «*Қартайдық, қайғы ойладық,* ұлғайды арман», 1995 жылғы кітапта «*Қартайдық, қайрат қайтты,* ұлғайды арман» болып жазылған. Бұл басылымға 1907 жылғы қолжазба бойынша берілді.

1909 жылғы жинақта көп нүктемен берілген:

«Сұм-сұрқия сұмдықпен еп берем деп,

Сүйер жансып, сүйкімді бет берем деп» дейтін 5-шумақтың алғашқы екі жолы 1933 жылғы толық жинақта түсіп қалған. Бұл тармақтар кейінгі басылымдарда Мүрсейіттің 1907 жылғы көшірмесі бойынша толықтырылған.

1907 жылғы көшірмеде «*Мал сойсаң,* сен мендік бол деп берем деп» деген 6-шумақтың 2-тармағы 1909, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*Мал берсем,* сен мен-

дік бол деп берем деп», 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы кітаптарда «*Ет берсем,* сен мендік бол деп берем деп» болып басылған. Бұл жинаққа 1909 жылғы литографиялық басылымы бойынша алынды. Осы шумақтың 3-жолы Мүрсейіт көшірмелері мен 1909, 1933 жылғы жинақтарда «Қара қарға секілді *шуласын* жұрт» деп берілсе, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы кітаптарда «Қара қарға сықылды *шуласар* жұрт» болып өзгерген. Бұл кітапта «шуласар» сөзі қалдырылды.

7-шумақтың 4-жолы 1906 жылғы көшірмеде – «Мен қапсам, *тап бір жер.....*», 1909, 1933, 1939 жылғы жинақтарда «Мен қапсам, *тап бір жерін бөксерем деп*» болып жазылған. Бұл тармақ 1907 жылғы қолжазбада және кейінгі басылымдарда «Мен қапсам, *бір жеріңді* бөксерем деп» болып басылып келеді. Бұл жинаққа 1907 жылғы қолжазба негізінде «бір жеріңді» деп қабылданды.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933 жылдан бастап кейінгі басылымдарының бәрінде «*Орыс айтты* өзіңе ерік берем деп» деген 8-шумақтың 1-жолы 1909 жылғы жинақта «*....ты* өзіңе ерік берем деп» болып көп нүктемен берілген. Осы басылымға қолжазбалар мен кейінгі жинақтарға сүйене отырып, «Орыс айтты» деп қалдырылды.

9-шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда – «*Бай жүрген жұрт бар ма екен* қанағатпен», 1909 жылғы жинақта – «*Бар ма екен жай жүрген жұрт* қанағатпен», 1933 жылғы толық жинақтан бастап кейінгі барлық басылымдарында «Бар ма екен жай жүрген *жан* қанағатпен» болып басылған. Бұл жинаққа 1909 жылғы нұсқасы алынды.

10-шумақтың алғашқы екі тармағы 1906 жылғы көшірмеде – «Атаны бала *аңдыған*, ағаны – іні, Ит қорлық ...», 1907 жылғы қолжазбада – «Атаны бала *аңдыған,* ағаны – іні, Ит қорлық *немене екен көрген* күні?» деп жазылған. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «Атаны бала *аңдиды,* ағаны – іні, Ит қорлық немене екен *сүйткен* күні?» болып басылып келеді. Бұл басылымда жинақтарға сәйкес өзгертусіз қалдырылды. Осы шумақтың 3-жолы Мүрсейіт қолжазбаларында және 1933 жылдан бастап жоғарыдағы басылымдардың бәрінде «*Арын сатқан* мал үшін антұрғанның» деп берілсе, 1909 жылғы жинақта «*Жанын сатқан* мал үшін антұрғанның» болып басылған. Бұл басылымға 1909 жылғы кітап бойынша алынды.

1906, 1907 жылғы көшірмелерде және 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда өлеңнің соңғы 12-шумағының «*Ант ішіп* күнде берген жаны құрсын» дейтін алғашқы жолы 1909, 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарында «*Ант ішкен,* күнде берген жаны құрсын» болып жазылған. Бұл кітапта қолжазбалар бойынша берілді.

17) «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмелерінде мәтіндік нұсқасы сақталған (1906, 1907, 1910).

1909 жылғы жинақта 7, 8-тармақтар көп нүктемен берілген. Мүрсейіт қолжазбалары негізінде 1933 жылғы жинақта басылды. Бұл тармақтар 1907 жылғы қолжазба негізінде, сондай-ақ, 1933, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтар бойынша:

«Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап», –

деп берілді.

18) «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» (1886). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар. Алғаш рет 1909 жылғы жинақта (1-бөлік. «Халық туралы») жарияланған.

Өлең 1933, 1939, 1977 жылғы жинақтарда шумақтарға бөлінбей берілген.

1906, 1907 жылғы көшірмелерде – «Бір күн тыртың етеді, бір күн – *жыртың*» дейтін өлеңнің 12-тармағы 1909 жылдан бастап барлық жинақтарда «Бір күн тыртың етеді, бір күн – *бұртың*» болып басылған. Бұл басылымда жинақтар негізінде «бұртың» сөзі алынды.

Қолжазбалар мен 1909 жылғы кітапта «*Өз басына* би болған өңкей қиқым» деп келетін 13-тармақ 1933 жылғы толық жинақтан бастап кейінгі барлық басылымдарда «*Бас-басына* би болған өңкей қиқым» деп өзгертілген. Жинақта өлеңнің мазмұнына сәйкес «бас-басына» болып қалдырылды.

Өлеңнің 16-жолы Мүрсейіт көшірмелерінде, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Өз қолыңнан *кеткен соң* енді өз ырқың» деп жазылған. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1977 жылғы кітаптарда «Өз қолыңнан *кетпесе* енді өз ырқың» болып басылған. Жинаққа «кеткен соң» деп қолжазбалар бойынша берілді.

2-шумақтың 5-жолы 1906 жылғы қолжазбада «Баста ми, қолда малға *талас қылып*» деп келсе, 1907 жылғы көшірмеде және барлық басылымдарында «Баста ми, қолда малға *талас қылған*» болып жазылған. Бұл жинаққа 1907 жылғы қолжазба нұсқасы алынды.

1909 жылғы кітапта «*Пых-пых* демей қала ма ол да астыртын?» дейтін өлеңнің соңғы тармағы қолжазбалар мен 1933 жылдан бастап барлық жинақтарда «*Пыш-пыш* демей қала ма ол да астыртын?» болып берілген. Бұл басылымда қолжазбалар бойынша қалдырылды.

19) «Байлар жүр жиған малын қорғалатып». (1886). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) бар. Алғаш 1909 жылғы жинақта (1-бөлік. «Халық туралы») жарияланған.

Өлең 1954, 1961 жылғы жинақтарда екі шумаққа бөлініп берілген.

1906 жылғы қолжазбада және барлық басылымдарда «*Беріп келсе бір арыз* бұтып-шатып» деп келген 6-тармақ 1907 жылғы көшірмеде «*Бірге арыз беріп келсе* бұтып-шатып» деп жазылады.

Өлеңнің 14-жолы 1907 жылғы көшірме қолжазбада «Шаптырады қалаға бай да *аңдатып*» деп берілсе, 1906 жылғы көшірме мен барлық жинақтарда «Шаптырады қалаға бай да *андатып*» болып жазылған.

Өлең мәтіні бұл басылымға 1906 жылғы қолжазба негізінде алынып, тыныс белгілері түзетіліп басылды.

20) «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік, «Халық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) жазылған.

Өлеңнің жазылу тарихын Мұхтар Әуезов ел ішіндегі нақтылы жағдайлармен байланыстырады: «1886–1889 жылдардағы Абай өлеңдерінің әлеуметтік өмір сарыны тобықты арасындағы уақиғаға тіреледі. Бұл кезде тобықты ішінде жаңа адамдар шығып еді. Оның бірі – алғаш Абайға да дос болып, соңында жау болған Оразбай.

Ол кезде тобықты Құнанбай заманындағыдай емес, Семей ұлығына бағынған

кезі. Бұл кезге шейін Абай ел жұмысына араласып жүрген шешен, алғыр, әділ би болған. Әділдігі сонша, Абайға досынан гөрі дұшпаны көбірек билік айтқызған.

Ірі дау болғанда, патша үкіметі өзі шеше алмай әуре болған. Осындай дау тұсында ел әділетшіл билік иесіне мұқтаж болатын. Сондай би де, елдің пана іздейтіні де Абай еді. Құнанбай балаларының әмірі ел ішінде бертінге шейін басым болып келді. Бірақ Абай бір рет би болып, сонан кейін билікті басқа жақтың дос-жарларына береді. Сонда да ел оны билік айтуынан қалдырмай келді. Оразбайлар Абайға іштей бәсеке болады. «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да» өлеңінде елді адамдық сипатынан айыратын адамдардың мінезін жыр етуі жоғарғы айтылғандарға байланысты» (Әуезов М. Абайтану дәрістері, 48-бет).

Абай бірнеше қайтара арнайы аталып сайланып (назначениемен), шар салу сайлауымен болыс болған. Абай өмірбаянына қатысты архив деректерін келтіре отырып, Бейсембай Байғалиев Абайдың үстінен 1876, 1877, 1879, 1883 жылдарда арыз түсіп, 8 жылдан астам уақыт істі болып, сол шағымдарды теріске шығарғандығын нақтылы іс-қағаздарымен, құжаттармен растаған (Байғалиев Б. Абай өмірбаяны архив деректерінде, 98-бет).

Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1907 жылғы көшірме қолжазбаларында өлең алты шумақ көлемінде көшіріліп жазылған. Абай шығармаларының 1910 жылғы қолжазбада, 1909, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдарындағы «Бектікте біреу бектеп тұра алмай жүр» деп басталып, әрі қарай берілген бес шумақ бұл қолжазбаларда жоқ.

1906 жылғы көшірмеде өлеңнің 1, 2, 3, 4-тармақтары тұтас жазылмаған. Мәселен, 2-шумақтың 2-тармағындағы «Ол» сөзінен соң көп нүкте қойылыпты.

1-шумақтың 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1909 жылғы жинақта «Көңілім қайтты достан да, *дұспаннан* да».

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда: «Көңілім қайтты достан да, *дұшпаннан* да». Бұл жинақта 1933 жылғы басылым бойынша берілді.

2-шумақтың 3-тармағы 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда және 1909, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «Мұнан менің *қай жаным* аяулы деп». 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«жерім».* Бұл басылымында «*жаным*» сөзі алынды.

4-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «*Ыржайып ызаменен* күле алмай жүр».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Ызаменен ыржиып* күле алмай жүр».

1933, 1939 жылғы жинақтарда: «Аза менен ыржиып күле алмай жүр» деп басылған. Бұл жинақта 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

5-шумақтың 4-тармағы 1905 жылғы қолжазбада, 1933, 1939 жылғы жинақтарда: «*Арсыз жұрттың* көңілі тына алмай жүр».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Арсыз жұрттан* көңілі тына алмай жүр».

6-шумағының 4-тармағы 1905 жылғы қолжазбада, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақта «*Кісі екен деп үлкеннен ұялмай жүр*» болып жазылған. Бұл жинақта 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1933, 1939, 1995 жылғы жинақтардағы «*Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр*» нұсқасы алынды.

7-шумақтың 1-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1977 жылғы жинақтарда: «Бек-

тікте біреу *бектеп* тұра алмай жүр». Бұл жинақта 1909 жылы басылым бойынша берілді.

1933 жылғы жинақта – «Бектікте біреу *бек деп* тұра алмай жүр».

1961, 1995 жылғы жинақта – «Бектікте біреу *бекіп* тұра алмай жүр».

Бұл жинақта 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

21) «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» (1886). Өлең Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) сақталған. Тұңғыш рет 1909 жылғы жинақта (1-бөлік, «Халық туралы») басылған.

Өлең 1933, 1945, 1961, 1977 жылғы жинақтарда шумақтарға бөлінбей берілген.

1907 жылғы қолжазба мен барлық басылымдарында «Әсте жоқ кеселді *істен* биттей қорықпақ» деп келетін бастапқы шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы көшірмеде «Әсте жоқ кеселді *иттен* биттей қорқпақ» болып жазылған. Бұл жинақта 1907 жылғы қолжазба негізінде басылды.

2-шумақтың 3-жолы 1906, 1907 жылғы көшірме қолжазбаларда және 1909, 1945, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «*Қас* алдына жымырып келтірем деп» боп берілсе, 1933, 1939, 1954, 1977 жылғы басылымдарында «*Қарсы* алдына жымырып келтірем деп» болып өзгерген. Бұл жаңа басылымда қолжазбалар бойынша алынды.

3-шумақтың алғашқы жолы 1906 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында, 1909, 1945 жылғы кітаптарда «Жаздыгүні ақ бөркі *бүктелмейді*» болса, 1907 жылғы көшірмеде және 1933, 1939, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарында «Жаздыгүні ақ бөркі *бүктелмейді-ақ*» деп жазылыпты. Бұл жинаққа 1906 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы негізінде «бүктелмейді» деп берілді. Осы шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазба көшірмелерде, 1909, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Қолында бір *сабау* бар, *о дағы* аппақ», 1961-де – «Қолында бір сабау бар *о-дағы* аппақ», 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы кітаптарда «Қолында бір сабау бар *олдағы* аппақ» болып басылыпты. Бұл жинақта қолжазбалар бойынша «о дағы» сөзі алынды.

1907 жылғы қолжазбада жазылған өлеңнің «Қу шалбар қулығына болған айғақ» деп басталатын 4-шумағы 1906 жылғы көшірмеде және 1909 жылғы жинақта тұтастай көп нүктемен берілген. Бұл шумақ 1933 жылғы толық жинақта түсіп қалған. Осы бір шумақ 1939 жылдан бастап кейінгі басылымдарда қосылған. Бұл кітапта да шумақтар қалпына келтіріліп басылды.

22) «Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында көшірілген нұсқалары сақталған (1906, 1907).

1-шумақтың 4-тармағы 1933, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «...Дейміз бе еш нәрседен *қорғаналық*», 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1909, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда – «...Дейміз бе еш нәрседен *құр қалалық*».

2-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы көшірмеде, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Біреуді қалжың *қылып* қолға алалық» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазбада – *«қылсақ».*

2-шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда – «Қызды ауылға қырындап *үйір болсақ».*

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Қызды ауылға қырындап *үйір болса».*

3-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы кітапта «Демеңдер *ойнас* іске жұбаналық» болып жазылған. 1905, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*өнбес*» сөзімен келген. Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

3-шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1909, 1933, 1939, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Қызды сүйсең, *бірді-ақ* сүй, таңдап тауып». 1945 жылғы жинақта – «Қызды сүйсең, *бірде-ақ* сүй, таңдап тауып».

6-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Ehe-eheге»* елірме, бозбалалар». 1909 жылғы жинақта «Епе-епегіне» елірме, бозбалалар» болып басылған.

7-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада: «Алдында *уайым бар* шошынарлық».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда: «Алдында *уайым көп* шошынарлық».

7-шумақтың 4-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда *«Икемі, сүйкімі жоқ* шалдуарлық».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Сүйкімі, икемі жоқ* шалдуарлық».

1961 жылғы жинақта бұл тармақ – «*Сүйкімі киімі жоқ* шалдуарлық» деп басылған.

8-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – **«***Жұмыс қып болмаған соң* мал табарлық».

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Болмаған соң жұмыс қып* мал табарлық».

9-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «*Әке айтпаса жасында* ақыл жарлық», 1907 жылғы қолжазбада – «*Әке айтпаса басында* ақыл жарлық».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Басында әке айтпаса* ақыл жарлық».

9-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «*Ағайын табылмайды* ой саларлық».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Ағайын табылмаса* ой саларлық».

9-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Қалжыңбассып өткізген *қайран өмір*».

1907 жылғы қолжабада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Қалжыңбассып өткізген *қайран дәурен».*

Өлеңнің 10-шумағындағы 2-тармақ 1909 жылғы басылымда *«Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық»* болып берілген. Осы тармақ Абайдың 1933 жылғы толық жинағында *«Үзілмес үмітпенен бас құрадық»* деп өзгеріп, мынандай түсіндірме берілген: *Бұрын «Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық»* делінген сөзді Абай өзі осылай түзеген екен. М. А*» (1933 жылғы жинақ, 83-бет).

Бұл тармақ 1945, 1954 жылғы жинақтарда – *«Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық»* деп басылған.

1906, 1907, 1910 жылғы қолжазбаларда, 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Үзілмес үмітпенен бос қуардық»* деп берілген. Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

Өлең мәтіні әр жылдардағы қолжазба, жинақтармен салыстырылып берілді.

23) «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта басылды (1-бөлік. «Халық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1905, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

1-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда *«Нәрсе ғой екі түрлі* сыр мен сымбат», 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Екі түрлі нәрсе ғой* сыр мен сымбат».

2-шумақтың 3-тармағы 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар*» болып берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) «кейбіреу» сөзінің орнында «біреулер» сөзі жазылыпты. Бұл басылымында «біреулер» болып берілді.

2-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта «*Абайла,* әрбір сөзді өз халынша», 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Абайлар* әрбір сөзді өз халынша».

3-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «Бір *сөзбенен* тұрса екен, жанса-күйсе».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Бір *сөзімен* тұрса екен, жанса-күйсе».

3-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Оңғақ пұлдай* былғайды бір дым тисе» деп жазылған. 1906 жылғы көшірме қолжазбада, 1909 жылғы жинақта «*Оңғақ болса*» болып келген. 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда *«оңғақ бұлдай».* Бұл басылымда осы нұсқа алынды. Бұл сөз осы басылымда «оңғақ бұлша» деп берілді.

4-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта «Кейбір жігіт жүреді мақтан *күліп*» болып келген. 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1939 жылғы жинақта бұл сөз «*күйлеп*» деп жазылған. 1933, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*көйлеп*» болып тұр. 1995 жылғы жинақта Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берген. Мұхтар Әуезов 1933 жылғы жинаққа жасаған түзетулерінде: *«Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп»* деп өзгерткен (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 25-бет). Бұл жаңа жинақта 1906, 1907 жылғы қолжазбалар негізінде «мақтан күйлеп» деп берілді.

6-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта, «*Біріңді бірің* сөйле сөзің тосып», 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Біріңнің бірің* сөйле сөзің тосып».

6-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақтағы қалпынша «*Біріңді бірің ғиззәт, құрмет қылыс*» деп берілді. 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«қылыс»* сөзі *«етіс»* деп берілген. 1906 жылғы қолжазбада – «қылып».

8-шумақтың 4-тармағы 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы жинақта – «Төбетке өлекшіннің бәрі бір *бас*».

1909, 1954, 1995 жылғы жинақтарда – «Төбетке өлекшіннің бәрі бір *бәс».* Бұл жинақта 1909 жылғы басылым бойынша алынды.

10-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы басылым бойынша «Көп жүрмес, жеңсікқойлық *тез-ақ* тозар» болып берілді. 1933, 1961 жылғы жинақтарда – *«тез-ақ».*

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«әлі-ақ».*

12-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта *«*Кімі *ипаңдау* келеді, кімі – тантық» деп қате басылған.

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Кімі *паңдау* келеді, кімі – тантық».

13-шумақтың 4-тармағы 1905, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – **«**Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады *ерек*».

1933 жылғы жинақта – **«**Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады *ермек».*

14-шумақтың 4-тармағы: *«Тату болса, райыс үстіндегі үй»* деп, 1909 жылғы жинақтағы қалпында берілді. Бұл сөз кейде *«риаз»* (1995 жылғы жинақта) болып та жазылып келген. 1933 жылғы басылымда осы сөзді Мұхтар Әуезов өз қолымен «райыс» деп түзеткен (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 26-бет).

1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақта бұл сөз *«райыс»* деп берілген.

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1995 жылғы жинақтарда – *«риаз».*

17-шумақтың 2-тармағы 1905, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1909, 1933, 1961 жылғы жинақтарда «*Сазданбасын* қабақпен имендіріп» болып жазылған. 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «*Сазданба сен* қабақпен имендіріп». Бұл сөз 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Сызданбасын».* Біз алғашқы нұсқаны жөн көрдік.

20-шумақтағы *«меліш»* сөзі 1909 жылғы жинақ бойынша берілді. 1933 жылғы толық жинаққа түзетулер жасағанда Мұхтар Әуезов *«мәліш»* деп көрсеткен (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 26-бет).

1906,1907 жылғы қолжазбаларда, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақта *«меліш».*

1961, 1977 жылғы жинақтарда – *«мәліш».*

21-шумақ 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1939, 1945 жылғы жинақтарда – «Асық ұтыс *секілді* алыс-беріс».

1909, 1933, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Асық ұтыс *сықылды* алыс-беріс».

23-шумақ 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда – «*Бұрқылдар ата-анасы* онан жаман».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Ата-анасы бұрқылдар* онан жаман».

24-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы басылымда – *«Өзі зордың болады иығы да зор»*. 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда «*Өзі зордың болады иығы да зор*» болып жазылған. 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «*ығы*». Бұл жинақта оқырмандар санасында қалыптасып қалған *«ығы»* сөзін өзгертпедік.

Өлеңнің соңғы шумағы 1909 жылғы жинақта жоқ, алғаш рет Абай шығармаларының 1933 жылғы толық жинағында Мұхтар Әуезовтің ескертпесімен берілген.

«Осы соңғы бір ауыз өлең бұрынғы жазба, баспаларынан қалып жүрген. М. А.» (1933 жылғы басылым, 86-бет). 1909 жылғы жинақта бұл өлең төрт тармақты 24 шумақ көлемде басылған. 25-шумақтың орнына 4 тармақ көп нүктемен берілген.

25-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «*Қылт еткенде* дап-дайын бір жаласы». 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Қылт етерде* дап-дайын бір жаласы».

25-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «*Пысықтықтың белгісі – ыртақ-жыртақ*» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазбада *«ыртақтың»* орнына көп нүкте қойылыпты. 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Пысықтықтың белгісі – арыз беру»* деп берілген. Бұл жаңа басылымда 1933 жылғы жинақ бойынша берілді.

Соңғы шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «*Жоқ еді ғой* бес бересі, алты аласы».

1907 жылғы қолжазба бойынша «*Жоқ еді бес бересі, алты аласы*» деп түзетілді.

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Жоқ тұрса* бес бересі, алты аласы».

Өлең мәтіні бұл жинаққа Абай шығармаларының әр жылдардағы жинақтары, қолжазбалары (1906, 1907) салыстырылып, 1909 жылғы жинақтағы көп нүктенің орыны толықтырылып берілді.

24) «Патша Құдай сыйындым» (1886). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) жазылған. Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта (3-бөлік. «Өзі туралы») басылған.

Бұл өлең туралы Кәкітай: «Өзге алыс ел құмар болып, Абайдың өлеңдерін жаздырып алып, жиылған топта Абайдың нәсихатын, ұқса, ұқпаса да, құлақ қойып тыңдап отырғандарына қарағанда, қайта ең жақын туысқан елі тобықтының көбі айтқан сөз, жазған өлеңімен ісі жоқ болып, өзіне жаулық ойлайтұғынына ыза болып жазғаны» (1909 жылғы жинақ, 110-бет; 1995 жылғы жинақ, 263-бет), – десе, Тұрағұл өз естелігінде былай дейді: «Патша құдай сиындым» деген өлең мен «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген өлеңдері Ғабдырахим деген баласы Түмендегі реальный училищеде, Мағауияны бір Күлбадан деген әйел баласымен Семейдегі городскойде оқытып жүргенде айтқан» (Абайтану, таңдамалы еңбектер. I том, 120-бет).

Өлең 1954, 1961 жылғы жинақтарда екі шумаққа бөлініп берілген.

Өлеңнің соңғы 20-жолы барлық басылымдарында «*Тәңірінің* құрған тезіне?», 1906 жылғы көшірмеде «*Алланың* құрған тезіне?» деп жазылған. Бұл жаңа жинаққа «Тәңірінің» болып кітаптардағы нұсқасы қалдырылды.

25) «Базарға қарап тұрсам, әркім барар» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта жарияланған (6-бөлік. «Насихат туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

Өлеңнің 14-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «Шамданбай-ақ**,** *шырағым,* ұқсаң жарар».

1907 жылғы қолжазбада, барлық жинақтарда – «Шамданбай-ақ**,** *шырақтар,* ұқсаң жарар». Бұл кітапқа осы нұсқа қалдырылды.

Өлеңнің тыныс белгілері Абай жинақтарымен салыстырылып, түзетіліп берілді.

26) «Интернатта оқып жүр» (1886) деп басталатын өлең 1909 жылғы кітапта «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңімен бір шығарма болып басылған (6-бөлік. «Насихат туралы»).

1933 жылғы жинақта «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба» деген атаумен екі бөлініп басылған. 1995 жылғы жинақта қайтадан бірге берілген.

20-тармақ 1909 жылғы жинақта – «Көп қазаққа *епсініп*» болып берілген.

Бұл жолы 1907 жылғы қолжазба, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтардағы *«епсінсе»* сөзіне тоқтадық.

28-тармақ 1907 жылғы қолжазбада «Я қазақтың *баласы?*», 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Я қазақтың *аласы*?».

53-тармақ 1909 жылғы жинақта – «*Қиық* етуге бата алмай». 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Қит* етуге бата алмай».

66-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Счетың* тура келуге» деген нұсқада алынды. 1933 жылғы жинақта – *«ісшотың».* 1939 жылғы басылымда – *«шотың».*

*73-тармақ 1933, 1909 жылғы жинақтарда «*Я өз *бетіңнен* тәуекел», 1907 жылғы қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Я өз *бетіңмен,* тәуекел». Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

74-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Занимайся прямотой»* деген нұсқасында қалдырылды. 1933 жылғы жинақта – *«Занимайся промыслом».*

Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша жекелеген түзетулер жасалып, жеке өлең ретінде берілді.

Тыныс белгілері бойынша Мұхтар Әуезов әзірлеген басылымдар (1933, 1939, 1957) назарға алынып, бірнеше түзетулер жасалды.

27) «Ғылым таппай мақтанба» (1886). Өлең алғаш 1909 жылғы басылымда жарық көрген. Ілгеріде айтқанымыздай, әр жылдардағы жинақтарда «Интернатта оқып жүр» өлеңімен бірде бірге, бірде бөлек берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында жеке өлең болып көшірілген. 1995 жылғы жинақта екі өлең бірге басылған.

Өлеңнің 6-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «Бес нәрсеге *ғашық* бол» деп жазылыпты. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда бұл «*асық*» сөзімен берілген.

13-тармақ 1907 жылғы қолжазбада «Талап**,** *труд,* терең ой» болып жазылған. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*еңбек*».

24-тармақ 1907 жылғы қолжазбада «*Ғылым* болмай немене...» болып жазылған. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Ғалым* болмай немене...» деп келген.

42-тармақ 1909 жылғы жинақта «*Шынменен* өлсеңіз» болып берілген. 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Шын сөзбенен* өлсеңіз» деп жазылған. Бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

44-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933 жылғы жинақтарда «*Кәпір болдың демес қой*» деп жазылған. 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«күпір».*1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

46-тармақ 1907 жылғы қолжазбада және 1945, 1954, 1977 жылғы жинақтарда «Көп *көзіне* көріне айтпа» деп келген.

1909, 1933, 1939, 1961, 1995 жылғы жинақтарда – «Көп *орында* көріне айтпа».

60-тармақ 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «Деме көптің сөзі *бұл*». 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы жинақта – «Деме көптің сөзі *пұл*».

77-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы кітапта «*Ғұламаи Дауани*» деп басылған. 1933 жылғы жинақта *«Ғұламасын – Дауани».* 1939 жылғы жинақта *«Ғұламһи – Дауани».* 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Ғұламаһи Дауани».*

«Ғұламаһи Дауани – адамның аты-жөні емес. Ғұлама Дауани деген тегі бар адамның зыйындылық сапасын (интеллектісін, рухани мәртебесін – ред.) көрсетіп тұрған сөз. «һи» – парсы тіліндегі артикль» (Т. Қыдыр).

79-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Сөзін *оқы* және ойла». 1909, 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «*оқып*».

Өлең бұл басылымында әр жылдардағы басылымдар салыстырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

28) «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» (1886) атты өлеңі Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдардың бәрінде кездеседі. Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларында «Ат мақтауы» деген атпен көшірілген. Десек те толық емес. Соңғы төрт шумақ түсіп қалған. 1909 жылғы алғашқы басылымда «16-шы бөлік. Аттың сыны» (1909 жылғы жинақ, 97-бет) деп берілсе, 1933 жылғы басылымда «Қызыл ауыз атқа» деген атпен жарияланған (1933 жылғы жинақ, 89-бет). Қалған басылымдарда арнайы тақырып қойылмаған.

1945 жылғы басылымда осы өлеңнің соңғы шумағы кездеспейді.

Бірінші шумақтың үшінші жолында келетін «*майда жалды*» деген сөз Мүрсейіт қолжазбасында «*майда жалд-ау*» деп көшірілген. Осы шумақтың төртінші жолы 1909 жылғы қадім үлгісінде басылған кітапта «*Ой желкелі үңірейген болса сағақ*» деп жарияланған. Бұл тармақ басқа басылымдарда «Ой желке үңірейген болса сағақ» деп келеді.

Екінші шумақтың төртінші жолында келетін «*салқы төсті*» деген сөз 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда «*салқы түсті*» деп басылған (1933 жылғы жинақ, 89-бет). Осы сөз 1939 жылғы кітапта «*салық төсті*» деп берілген.

Үшінші шумақтың алғашқы тармағында келетін «*жұмыр тұяқ*» деген сөз 1939 жылғы жинақта «*жұмыр тұтақ*» болып қате басылған.

Үшінші шумақтың соңғы тармағында келетін «*жалпақ тақтайдай-ақ*» деп келетін сөз 1933 жылғы кітапта «*жалпақ тақтай ақ*» деп жарияланған (1933 жылғы жинақ, 89-бет).

Төртінші шумақтың екінші тармағы 1909, 1933, 1939 жылғы басылымдарда «Алды-арты *бірдей келген* ерге жайлы» деп берілсе, қалған жинақтарда (1945, 1954, 1961, 1977, 1995) «Алды-арты *бірдей келсе* ерге жайлы» деп басылған.

Төртінші шумақтың соңғы тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1995 жылғы басылымдарда «*көтендігі сығыңқы*» деп берілсе, қалған 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*көтендігі шығыңқы*» болып басылған.

Алтыншы шумақтың екінші тармағында келетін «*мініп жүрсек*» деген сөз 1933 жылғы басылымда «*мініп жүрсең*» деп берілген.

Осы шумақтың соңғы жолында кездесетін «тыныш тұрса» деген сөз 1933 жылғы кітапта «тыныш тұрсын» деп басылған.

Жетінші шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылымда «*Тығылмай, сүрінбестен* жүрсе көсем» деп берілген. Бұл тармақ басқа жинақтарда «*Тығылмай әм сүрінбей* жүрсе көсем» деп басылған. Осындағы «*Тығылмай әм*» деген сөз 1939, 1945 жылғы кітаптарда «*Тығылмай һәм*» деп қадімша берілген. Осы жолда келетін «*жүрсе* көсем» деген сөз 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*жүрдек* көсем» деп түзетілген.

Осы шумақтың екінші жолы 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «Иек қағып, еліріп *жүрсе* әсем» деп берілсе, соңғы академиялық жинақтарда (1995, 2020) «Иек қағып, еліріп *басса* әсем» деп басылған.

Жетінші шумақтың үшінші жолында келетін «*шапса жүйрік*» деген сөз 1933 жылғы кітапта «*шапшаң жүйрік*» деп басылған.

Соңғы шумақтың алғашқы жолында келетін «*аяңы тымақты*» деген сөз 1933 жылғы басылымда «*аяңы тымықты*» деп берілген.

Осы шумақтың екінші тармағы 1933, 1961 жылғы жинақтарда «Кісіні *бұлбұл* қағып жүргізгендей» деп басылған. Бұл жолдың басқа басылымдарда (1945, 1977, 1995) «Кісіні *бол-бол қағып* жүргізгендей» деп келетіні белгілі. Осындағы «*бол-бол қағып*» деген сөз 1939 жылғы кітапта «*бұлбыл-қағып*» деп қате берілген. Ал, 1954 жылғы кітапта осы сөз «*бұл-бұл*» деп жарияланған. Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

Осы шумақтың үшінші жолында келетін «*бөкен желіс*» деген сөз алғашқы басылымда (1933) «*бөкен желік*» деп берілген.

Өлең бұл жинаққа әр жылдардағы басылымдармен салыстырылып берілді.

29) «Қансонарда бүркітші шығады аңға» (1886). Өлең Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі жылғы барлық басылымдарға енген. Алайда, жинақтарда мәтіндерді беруде бірізділік сақталмаған әрі өлеңнің жазылу тарихына қатысты ортақ пікір қалыптаспаған. 1909 жылғы алғашқы басылымда бұл өлең 1886 жылы жазылған деп көрсетілсе, 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда 1882 жыл деп берілген. Ал, 1961 жылғы кітапта «1881–1885» жылдары жазылған шығармалар деп көрсетіліп, бірінші осы өлең берілген. Соған қарағанда бұл жыр жолдарының 1881 жылы жазылғанын алға тартқан болуы мүмкін. Ал, 2020 жылғы академиялық жинақта бұл өлеңнің 1886 жылы жазылғаны көрсетілген.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы араб әліппесімен жарық көрген басылымда тоғызыншы жол «Томағасын *тартқан соң* бір қырымнан» деп берілген. Осындағы «*тартқан соң*» деген сөз 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 және 1995 жылғы жинақтарда «*тартқанда*» деп көрсетілген. Бұл сөз 1909 жылғы жинақ бойынша «*тартқан соң*» деп берілді.

Осы өлеңнің он үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1933, 1939 жылғы басылымдарда «*Көре* тұра қалады *сонда түлкі*» деп берілсе, 1909 жылғы қадім үлгісінде басылған литография мен 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Көре* тұра қалады *қашқан түлкі*» деп оқырман назарына ұсынылған. 1945 жылғы жинақта «*Кере* тұра қалады қашқан түлкі» деп басылған. Осы өлеңнің текстологиясын арнайы қарастырған Қ. Мұқамедханов: «Ақын бұл арада аспанға шығып алып, шүйілген қыраннан

құр қаша бергеннен құтыла алмайтынын білген түлкінің жанын қорғау үшін қайрат қылмақ болып *кере* тұра қалған жайын ақын дәл суреттеп отыр. Түлкі аңшыны көргенде тұра қалмайды, қашады. Үстінен төніп келген бүркіттен қашып құтыла алмайтын болған соң *кере* тұра қалады», – деп (1959 жылғы жинақ, 12-бет), «*Кере* тұра қалады қашқан түлкі» деген жолға тоқтау керектігін алға тартқан.

Осы өлеңнің он жетінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «Қызық көрер, *көңілді аңшылардың»* деп берілген. Осы тармақ басқа басылымдардың бәрінде «Қызық көрер, *көңілді болса аңшылар*» деп басылған.

Он сегізінші жол Мүрсейіт қолжазбаларында «Шабар жері *қарамас* жығылғанға» деп берілсе, 1909 жылғы литографияда «Шабар жері *қарамай* жығылғанға» деп басылған. 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда «*Борбайлап шап қарамай жығылғанға*» болып жазылған. 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*Шабар жерін қарамас жығылғанға*» деп берілсе, бұл кітапта 1995 жылғы басылымға сүйеніп, «*Шабар жері қарамай жығылғанға*» болып берілді.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы қадім жазу үлгісінде жарияланған басылымда, сондай-ақ, 1933, 1939, 1945, 1977, 2020 жылғы жинақтарда жиырмасыншы жолдың бірінші сөзі «*О да*» деп басталса, 1961, 1995 жылғы кітаптарда «*О дағы*» болып берілген.

Жиырма бірінші жол Мүрсейіт қолжазбалары мен алғашқы басылымда (1909) «*Сегіз найза қолында, көз аудармай*» деп берілгені мәлім. 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген жинақта «*Сегіз найза қолында, көз төңкермей*» болып басылған. Қалған жинақтардың бәрінде осы жол 1909 жылғы басылым негізінде берілген.

Жиырма тоғызыншы жолда келетін *«*Қар – аппақ, *бүркіт – қара, түлкі – қызыл»* деген сөздер Мүрсейіт қолжазбаларында «Қар – аппақ*, түлкі – қызыл, бүркіт – қара*» деп көшірілген.

Осы жолдан кейін келетін «Ұқсайды *хаса* сұлу шомылғанға» деген тармақтағы «*хаса*» сөзі араб тілінде таңдаулы, ерекше, айрықша деген мағына беретіні анық. Осы сөз 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «қаса» болып берілген. 1995 жылғы басылымда «*хасса*» болып жазылғанымен де, астындағы сөздікте «*Қаса*» («قاصا») деп жазылып, өте сұлу, кемелге жеткен сұлулық деген мағына беретіні жазылған. Ал, бұл басылымда осы сөз «*хаса*» деп берілді.

Осы өлеңнің отыз бес, отыз алтыншы жолдары 1909 жылғы араб әрпімен жарық көрген басылымда «Күйеуі ер, қалыңдығы *сұлу болып, Және ұқсар* тар төсекте жолғасқанға» деп берілсе, осы екі жол Мүрсейіт қолжазбаларында «Күйеуі ер, қалыңдығы *сұлу келіп, Бейне ұқсар* тар төсекте жолғасқанға» деп көшірілген. Ал, кейінгі жинақтарда осы сөздер «*сұлу болып*», «*және ұқсар*» деп берілген.

Отыз тоғызыншы жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1945, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «Құсы да, *иесі де* қоразданар» деп берілген. Ал, 1933, 1939, 1995 жылғы жинақтарда «Құсы да *иесіне* қоразданар» болып басылған.

Қырық екінші жол 1909 жылғы литография мен 1933, 1939 жылғы басылымдарда «*Жасы үлкендер* жанына байланғанда» деп берілсе, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақта «*Жасы үлкені* жанына байланғанда» деп, оқырман назарына ұсынылған.

Осы өлеңнің текстологиясын зерделеген Қ. Мұқамедханов қырық бесінші тармақта келетін «Таудан жиде тергендей ала берсе» деген жолға қатысты:

«Осыған байланысты өлеңнің бірнеше жолын оқып көрейік. Сонда «берсе» деген сөз басқа жолдардағы сөздермен (етістіктермен) қиыспай түпнұсқадан алшақ тұрғанын аңғарамыз. «Ала берсе» деген етістік үшінші жақта тұрса, өлеңдегі басқа етістіктер екінші жақта тұр», – деп, «берсе» сөзін «берсең» деп берген дұрыс дейді. Қ. Мұқамедхановтың пікірі қисынға келгенімен де, Мүрсейіт қолжазбалары мен араб, латын һәм кирилл басылымдарының бәрінде де бұл сөз «берсе» деп жазылғанын атап өткен жөн.

30) «**Жаз**» (1886). Өлең Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылдан бастап барлық басылымдарда жарияланып келеді. 1909 жылғы литографияда «Жазды күн» («جازدی کون») деп берілсе, 1933 жылғы басылымда «Жазда күн», 1939, 1945 жылғы кітаптарда «Жазды күн», 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «Жаздыкүн», ал, 1995 жылғы академиялық басылымда «Жаздыгүн» болып берілген. Орфографиялық тұрғыдан неше түрлі жазылғанымен де, бәрі де бір мағына берері анық.

Осы өлеңнің «Шалғыннан *жоны* қылтылдап» деген жетінші тармағы 1939 жылғы басылымда «Шалғыннан *жүні* қылтылдап» деп қате басылған.

Мүрсейіт қолжазбаларында осы туындының сегізінші жолдан он бірінші жолға дейін:

Суда тұрып шылпылдап.
Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Құйрығымен шылпылдап, –

деп берілген. Ал осы жолдар басылымдардың бәрінде:

Ат, айғырлар, биелер
Бүйірі шығып, ыңқылдап,
Суда тұрып шыбындап,
Құйрығымен шылпылдап, –

деп келетіні белгілі.

Он тоғызыншы жол 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1977 жылғы басылымдарда «*Әзілдесіп* сыңқылдап» деп берілсе, Мүрсейіт қолжазбаларында осы тармақ «*Сыбырласып* сыңқылдап» деп кездеседі.

Жиырма үшінші жол басылымдардың бәрінде «*Аяңшылы* жылпылдап» деп келсе, Мүрсейіт қолжазбаларында «*Ырбаңдайшылы* жылпылдап» деп көшірілген.

Жиырма алты және жиырма жетінші жолдар Мүрсейіт қолжазбаларында:

Жасы үлкені бір бөлек
Әзілдесіп, күліп сылқылдап, –

деп берілсе, осы жолдар 1909, 1977, 1995 жылғы жинақтарда:

Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап, –

деп жазылған. 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда:

Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап, –

деп басылған.

23 – 9113

Ал, 1961 жылғы кітапта бұл тармақ:

Сабадан қымыз құйдырып,
Ортасына қойдырып,
Жасы үлкендер бір бөлек
Кеңесіп, күліп сылқылдап, –

деген жолдар мүлдем түсіп қалған.

Қырық үшінші тармақ «*Бай байғұсым* десін деп» деген жол 1933 жылғы басылымда «*Бай «байқұссыз* десін» деп» деп берілген. Осы тармақ 1961 жылғы жинақта «*Бай байғұсын* десін деп» болып басылған.

Қырық сегізінші жол 1933 жылғы литографияда «Жылқышылар кеп *тұр*» деп берілген, ал қалған басылымдар мен Мүрсейіт қолжазбаларында «Жылқышылар кеп *тұрса*». Сондықтан да, 1933 жылғы басылымда «*тұр*» деген сөз қате басылған деуге негіз бар.

Қырық тоғызыншы жолда келетін «*Таңертеңнен* салпылдап» дегендегі «*таңертеңнен*» сөзі 1945, 1954 жылғы жинақтарда «*таңертеңмен*» деп қате басылған.

Елу алтыншы жол 1933 жылғы басылымда «Өткен күннің бәрі *ұміт*» деп берілген де, төмен жақтағы түсініктемеде «Осы екі жол бұрын басқаларға (?) кірмей қалған» деп жазылған (1933 жылғы жинақ, 91-бет). Расында да, «*Өткен күннің бәрі ұмыт, Қолдан келер қайрат жоқ*» деген екі тармақ 1909 жылғы литографияда кездеспейді. 1933 жылғы басылымдағы «үміт» деген сөз баспагерлер тарапынан жіберілген қате екені анық. Өйткені, қалған басылымдардың бәрінде де «Өткен күннің бәрі *ұмыт*» деп анық жазылған.

Ал, Мүрсейіт қолжазбаларында:

Қолдан келер қайрат жоқ,
Өткен күннің бәрі ұмыт, –

деп, елу бесінші жол мен елу алтыншы жолдардың орны ауысып түскен.

31) Көкбайға («Сорлы Көкбай жылайды») (1886). Өлең мәтіні тұңғыш рет 1933 жылғы толық жинақта (93-бет) басылған. Аталмыш жинақтың түсінігінде М. Әуезов: «Сорлы Көкбай жылайды» деген өлеңді Абай өзіне айтқан. Себебі 1886 жылға шейін жазып жүрген өлеңдерінің барлығын бұрын Көкбай айтты деп жаяды екен. 86-жылдың аяқ кезінде ғана өлеңдерін өз атынан шығарыпты. Мынау өлеңді сол Көкбай болып шығарып жүрген өз сөздерін ойлап айтыпты», – дейді де, «Бірталай өлең еді, көбі есімде қалмапты» деген Көкбай естелігіне сүйене отырып, өлеңнің толық емес екенін ескертеді (1933 жылғы жинақ, 324-бет). Сонымен бірге М. Әуезов Абайдың бұл өлеңін «Көңілім қайтты», «Патша құдай, сыйындым» сынды «ойлы жалғыздың, бітімшіл, сыншыл уайымы» жайылған, «өз басының ой-мұңымен байланған көңіл сыры» түскен өлеңдерінің қатарына жатқызады (Әуезов М. Абай Құнанбаев, 148-бет).

Әр жылдардағы басылымдармен салыстырғанда өлеңде мәтінтанулық өзгерістер кездеспейді. Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

32) Көжекбайға (Жамантайдың баласы Көжек деген) (1886). Алғаш 1933 жылғы жинақта (93–94-беттер) тақырыпсыз жарияланған. Абай шығармаларының кейінгі басылымдарында «Көжекбайға» деген атпен беріліп жүр.

«Мамай ішінде Еламан руынан шыққан Көжекбайдың әкесі Жамантай Ұлжанды өзіне өкіл қыз етіп, Құнанбайға өзі өкіл ата болған. Ағайындарымен жерге таласып, төбелесіп, Жамантай жазым болғанда, Құнанбай «атадан жас, ақылдан бос қалған» Көжекбай, Тезекбай, Мақыш деген үш баланы қамқорлығына алып, өз баласындай еркелетіп өсіреді. Сол Көжекбай ел бұзылғанда жеңген жаққа шығатын жаман мінезбен болыс болған Күнтумен құдаласады. Тобықтыға жау ағайын саналатын Жігітек руындағы Базаралы деген кісі Абайдың қасынан кетіп, өздеріне еріп жүрген Көжекбайды бірде: «Кімнің жүгі биік болса, соған қарғып шығатын мысық келді, енеңді ұрайын», – деп боқтайды.

Абай бұл өлеңін 1886 жылы Құнанбай қайтыс болғанда Көжекбай: «Қажының басқа балалары жабдық әкелмеді, болыспады», – деп Абайды өзге бауырларымен шағыстырмақ болғанда айтқан» (1933 жылғы жинақ, 324–325-беттер).

Төрт жол өлең 1933 жылғы толық жинақ бойынша берілді.

33) «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» (1886). Өлең Мүрсейіт қолжазбаларынан (1907, 1910) алынып, 1939 жылғы жинақта тұңғыш жарияланған (1-том, 70–71-беттер).

4-шумақтың *«Сенімі жоқ серменде сырды бұзды»* деген 1-тармағындағы *«серменде»* сөзіне 1995 жылғы басылымда *«сенделіп босқа жүрген адам. Негізі парсының «шаһр-бант» деген сөзінен шыққан»* деп сілтеме түсінігі берілген (78-бет).

Бұл басылымдағы сілтеме түсінігінде «серменде» сөзінің парсы тілінде «*шерменде*» боп айтылатыны жазу нұсқасында көрсетіліп берілді. 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – *«серменде»*.

1995 жылғы жинақта 7-шумақтың 1-тармағы «Құдай берген бұл достық – кәннің бірі» болып келген. Осындағы «кән» сөзі 1907 жылғы қолжазбада «киннің бірі» деп жазылған.

Өлеңнің 1995 жылғы жинақта сілтеме түсінігі берілген *«кән»* сөзі парсы тіліндегі сөз. Бастапқы айтылуы «ганж» (парсыша жазылуымен), содан «кәнж», «кәнз» болып түрленіп, қазақ тілінде «кән» болып айтылып кеткен.

Түркі тілінде «игі жақсылар қазынасы» мағынасын беретін «Кәнзұл Абрар» тіркесі бар. Низами хамсасының бір атауы – «Пәнж кәнж» («Бес кеніш»).

Бұл жинақта өлең 1939 жылғы басылымы бойынша, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

34) «Сабырсыз, арсыз, еріншек» (1887). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) сақталған. 1906 жылғы көшірмеде өлеңнің біршама тармақтары қағазға түспей, көп нүктемен келеді.

Бұл туынды алғаш 1909 жылғы жинақта (1-бөлік, «Халық туралы») жарияланған.

Өлең Мүрсейіт көшірмелерінде, 1909, 1995 жылғы жинақтарда шумақтарға бөлініп берілген.

Өлеңнің 10-жолы 1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда «Іс қылмай ма *үлгісі?*» деп басылса, көшірме қолжазбалар мен 1909, 1933, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «Іс қылмай ма *ол кісі?»* болып жазылған. Бұл жинаққа қолжазбаларға сүйеніп «ол кісі» деп алынды.

1906 жылғы көшірмеде «Өз үйінде *қисаңдап*» болып жазылған 59-тармақ 1907 жылғы қолжазбада және барлық жинақтарда «Өз үйінде *қипаңдап*» деп басылады. Бұл жаңа басылымда жинақтар бойынша берілді.

1906 жылғы көшірме қолжазба мен 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «*Айбаттайды,* даттайды» болып жазылған 62-жолы 1907 жылғы көшірмеде, 1909, 1995 жылғы кітаптарда «*Ғайбаттайды,* даттайды» деп берілген. Бұл тармақ осы жинақта 1909 жылғы кітап бойынша қалдырылды.

1906 жылғы қолжазба нұсқада «... бақтың *дұспаны*», 1933, 1939 жылғы басылымдарда «Мал мен бақтың *дұспаны*» дейтін 65-тармақ 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесі мен қалған барлық жинақтарда «Мал мен бақтың *дұшпаны*» деп жазылған. Бұл жинаққа өлең мәтіні 1907 жылғы қолжазба бойынша берілді.

35) «Бөтен елде бар болса» (1887). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) сақталған. Алғаш рет 1909 жылғы жинақта (1-бөлік. «Халық туралы») басылған.

Мүрсейіт көшірмелері мен 1909, 1954, 1995 жылғы жинақтарда тақырыпсыз берілген өлең өзге басылымдарда «Көжекбайға» деген атпен жарияланған және қолжазбаларда, 1909, 1995 жылғы кітаптарда шумақтарға бөлініп басылған.

Абай «Бөтен елде бар болса, ежеттесің, сырласың» деген өлеңді де сол Көжекбайға, жаңағыдай мінезбен жүргенде айтыпты. Бірақ басы соған арналып басталса да, артын жалпыға бола айтып кеткен. Мұны Көжекбайға айтуының себебі: «Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңді жазып болып оқыса, ылғи қасында атын ерттеп жүретін жолдасы Қара сақау деген: «Көжекбай қалды ғой», – депті. Сол сөзден барып «Бөтен елдені» Көжекбайға арнап бастаса керек» (1933 жылғы жинақ, 325-бет).

Өлеңнің 1907 жылғы көшірмеде және 1945 жылғы басылымында «*Иманның* жүзін тоздырар» дейтін 21-жолы өзге жинақтарда «*иман* жүзін» деп басылған. 1906 жылғы қолжазбада бұл сөздің орнына көп нүкте қойылған. Бұл басылымға «иман жүзін» деп 1909 жылғы жинаққа негізделіп алынды.

1907 жылғы көшірме қолжазба мен 1954 жылғы кітапта «*Жаттан* бетер жамандар» болып жазылған 40-тармақ 1906 жылғы көшірмеде және 1909 жылғы жинақтан бастап барлық кейінгі басылымдарында «*Жаудан* бетер» деп басылған. Бұл жинаққа 1906 жылғы қолжазба бойынша алынды.

Қолжазбаларда жазылған өлеңдегі «*Араздығы сөз болса*» дейтін 57-жолдың орнына 1909 жылғы жинақта көп нүкте қойылған. 1933, 1939, 1961 жылғы жинақтарда бұл тармақ түсіп қалған. Дегенмен, 1939 жылғы кітапта: «...кейбір көшірмеде бұл жол кездеседі. Бірақ басқа көп көшірмеде ол жоқ. Тегі Абай өзі кейін алып тастаған болу керек – ред.» (1939 жылғы жинақ, 75-бет), – деп сілтеме түсінік береді. 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы басылымдарда бұл бір жол қосылады. Осы жинақта да өлең тармақтары қолжазбаларға негізделіп толықтырылып басылды.

1977 жылғы жинақтан өзге басылымдарда және қолжазбаларда «Кіржіңдеп жүріп *кекерді*» дейтін 61-тармақтағы «кекерді» сөзі редакциялық алқаның ұйғаруымен «*кекер-ді*» болып тыныс белгісі түзетіліп берілді.

1909 жылғы жинақта «*Төленшені* қырам деп» болып жазылған өлеңнің 66-жолы Мүрсейіт көшірмелер мен өзге барлық жинақтарда «*Түгеншені*» деп беріледі. Бұл жаңа басылымға 1909 жылғы басылым бойынша қалдырылды.

Көшірме қолжазбаларда «*Кесел сондай* туысқан» болып жазылған 107-тармақ барлық жинақтарда «*Сондай кесел* туысқан» деп басылған. Бұл басылымда да жинақтар бойынша қалдырылды.

Әр жылдардағы жинақтарда «Көп пысыққа *молықты*» болып басылған 146-тармақ Мүрсейіт көшірмелерінде «*жолықты*» деп жазылған. Жинаққа кітап бойынша алынды.

Өлеңнің 162-жолы 1909, 1933, 1954, 1961 жылғы жинақтарда – «*Сыйымсыз* болды алашқа»; қолжазбалар мен 1939, 1945, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*Сенімсіз* болды алашқа» болып жазылған. Бұл басылымға 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

36) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» (1887). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. «Өлең туралы»). Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай: «Соңғы уақытта Абай өзі өлеңнің өнер екенін біліп, жаза бастаған соң, бұрынғы ақындар надандықпен, өлеңді өнер орнына ғибрат үшін айтпай, тіленшілік орнына айтқандықтан, ақындықтың да, өлеңнің де қазақ ортасында бағасы кеткендігін айтып, өзін солардың ретінен басқа қылып, алмақ пайда үшін емес, халықты ғылымға ұмтылтып, көңіл көзін ашпаққа ғибрат үшін жазғанын білдіріп өлең шығарған», – дейді (1909 жылғы жинақ, 107-бет).

Осы өлеңдегі «Өлең» сөзінен кейін бір басылымда сызықша қойылып (1909), енді бір жинақтарда («Нәсихат қазақия», 1933, 1977 жылғы жинақтар) сызықша қойылмай жазылуы тұрғысында бір ұйғарымға келе алмай жүрген уақыттар болды. Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» болып алынды.

1-шумақтың 2-тармағы 1933 жылғы жинақта – «*Қиырдан* қиыстырар ер данасы».

1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Қиыннан* қиыстырар ер данасы».

1-шумақтың 3-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп».*

1933 жылғы жинақта *«Тілге жеңіл, жүрекке жеңіл тиіп».*

3-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақта «Қосарлы *бәйіт самал* келді арасы».

1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда – «Қосарлы *бәйіт сымал* келді арасы».

1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Қосарлы *бәйітмысал* келді арасы» деп екі сөз бірге жазылған. Бұл жинақта 1933 жылғы жинақ бойынша берілді.

3-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Неге айтсын *пайғамбармен және Алласы».*

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Неге айтсын *пайғамбармен оны алласы».*

4-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Мүнәжәт *ғалымдардың* зар наласы».

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Мүнәжәт *уәлилердің* зар наласы».

5-шумақтың 3-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Іші алтын, сырты күміс сөз *жақсысын*» деп басылған.

1933 жылғы жинақта «Іші алтын, сырты күміс сөз *сарасын*» деп жазылған.

6-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Мақалдап *айтады,* сөз қосарлап»;

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Мақалдап *айтады екен,* сөз қосарлап».

7-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Қобыз бен домбыра алып *түнде сарнап*», 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Қобыз бен домбыра алып *топта сарнап*».

9-шумақтың 4-тармағы 1933 жылғы жинақта – «...Былжырақ көрінеді *соларды аңдап*», 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «...Былжырақ көрінеді *бәрі даңдақ*».

1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «...Былжырақ көрінеді *соларды аңдап*».

Ал 1909 жылғы жинақта «...Былжырақ көрінеді *солар даңдақ*» деп дұрыс басылған. Текстологиялық салыстырулар негізінде соңғы нұсқа қабылданды.

11-шумақтың соңғы екі жолындағы екі сөз 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – *«*...Әншейін күн өткізбек *әңгіме үшін,* Тыңдар едің *бір сөзін* мыңға балап*».*

1977 жылғы жинақта *«*...Әншейін күн өткізбек *әңгімеге,* Тыңдар едің *бір сөзін* мыңға балап*».* 1909, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «...Әншейін күн өткізбек *әңгімеге,* Тыңдар едің *әр сөзін* мыңға балап*».*

15-шумақтың соңы екі жолы 1909 жылғы жинақта – *«Терең ғылым, терең ой* іздемейді, *Өтірікті өсек пен жүнді* сабап».

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Терең ой, терең ғылым* іздемейді, *Өтірік пен өсекті жүндей* сабап».

Бұл жинаққа әр жылдардағы басылымдар салыстырылып берілді.

37) Назарға («Мынау келген Назар ма?») (1887). Бұл экспромт өлең алғаш 1933 жылғы жинақта (101-бет) жарияланған.

«Назар – Тобықтының ішіндегі Қанай руынан шыққан адам, Абайдың замандасы. Қанайлардың жері от, малы аз болған. Соғымға жылқы алып, жерін жалдайтын болған. Оспанның жылқысы Қанай жерін қыстайды екен» (1961 жылғы жинақ, 663-бет).

Көкбай Жанатайұлының айтуынша, Абай бұл өлеңді Назар ақсақал бір аттың майын сұрап келгенде айтқан (1995 жылғы жинақ, 296-бет).

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

38) «Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» (1888). Өлең мәтіні Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907) бар. Алғаш рет 1909 жылғы кітапта **(**2-бөлік**,** «Өлең туралы», 32–33-беттер) жарияланған.

Т. Жұртбай Абай бұл өлеңінде бұрынғы ақындар мен жырауларды мазақтамайтынын, «өткен күннің ақындарының бетіне күл шашып отырмағанын» айта келіп: «Абай қазақ жырауларының екеуінің де баспадан шыққан кітабын алып оқыған. Тіпті екеуінің де қолжазба нұсқасы Абайда болуы да мүмкін. Өзге-өзге, Дулаттың өлеңдерін жасынан жаттап өскені, көшіріп алғаны, үлгі тұтқаны анық. Енді кітап пен қолжазбаны, не өзі жатқа білген тұстарды кітаптағы мәтінмен салыстырған. 1888 жылы шыққан Шортанбайдың кітабы мен 1880 жылы шыққан Дулаттың кітабын салыстырған. Ең бастысы және сөзіміздің басты дәлелі «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» өлеңі де сол 1888 жылы жазылған. Өлеңнің шығуына басты себеп болып отырған жағдай да сол кітаптың ала-құла құрастырылуы. Шындығында да бір өлеңнің басы бар, аяғы жоқ. Екінші өлеңнің басында үшінші толғаудың аяғы жүр. Ырғағы да, ұйқасы да, мағынасы да, желісі де бұзылған» (Malim.kz), – дейді.

1907 жылғы қолжазба мен 1945 жылғы жинақта «Бұрынғы жақсылардан *қалған мирас*» болып жазылған 3-шумақтың 3-жолы 1906 жылғы көшірмеде көп нүктемен берілген. Бұл тармақ 1909, 1933, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «Бұрынғы жақсылардан *өрнек қалған*» деп басылған. Осы басылымда жинақтар бойынша қалдырылды.

Өленнің өзге басылымдарда «Айтсаң да, *үддесінен* шыға алмайсың» дейтін 5-шумағының 2-тармағындағы «*үддесінен*» сөзі бұл басылымда «*үдесінен*» болып өзгертілді.

Өленнің 7-шумағының бастапқы тармағы 1907 жылғы көшірме қолжазбада және 1909, 1995 жылғы жинақтарда – «Қарны тоқ *хасса* надан ұқпас сөзді»; 1906 жылғы көшірмеде – «*қасса*»; 1933, 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы кітаптарда «*қаса*»; 1977 жылғы басылымда «*қас*» болып жазылған. Бұл сөз осы жинақта қазақ тілінің орфоэпиялық ерекшелігін, бүгінгі оқырманның рецептивті талғамын ескере отырып, редакциялық алқаның ұйғаруымен «*қаса*» деп қабылданды.

8-шумақтың 3-жолы 1906 жылғы көшірмеде – «*Сүйсінерлік адамға* сөз құрмет қыл»; 1907 жылғы қолжазбада – «*Сүйсінерлік адамды* сөз құрмет қыл»; 1909, 1995 жылғы кітаптарда «*Сүйсінерлік адамды құрмет қыл*»; 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарда «*Сүйінерлік* адамды *сүй, қызмет* қыл»; 1954 жылғы толық жинақта «*Сүйінерлік* адамды құрымет қыл»; 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*Сүйенерлік* адамды құрмет қыл» болып жазылған. Бұл тармақ осы басылымға 1909 жылғы кітап бойынша берілді.

10-шумақтың 2-тармағы 1906 жылғы көшірмеде – «Өленді *бәрі* – жамау, *көбі* – құрау»; 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Өленді *бірі* – жамау, *бірі* – құрау»; 1909, 1954, 1961 жылғы жинақтарда «Өленді *бәрі* – жамау, *бәрі* – құрау» деп басылған. Бұл кітапқа 1907 жылғы қолжазба бойынша алынды.

39) «**Күз**» (1888). Өлең 1909 жылғы литографияда «12-ші бөлік. Күз» деген атпен басылған (1909 жылғы жинақ, 68-бет). Осы 12-ші бөліктің екінші жартысына ақынның «Қараша, желтоқсанмен сол бір-екі ай» атты өленді берілген. Астына өленнің 1889 жылы жазылғаны ашып көрсетілген. Аталған жылдың «Күз» өленіне қаншалықты қатыстылығы айтылмаған. Алайда, 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда бұл өленнің 1889 жылы жазылған деп көрсетілсе, 1995 жылғы басылымда 1883, ал, 2020 жылғы академиялық жинақтың түсініктерінде бұл туындының 1888 жылы жазылғаны айтылған.

Алғашқы шумақтың екінші жолы 1933, 1939, 1945 жылғы басылымда «*Күз болса*, дымқыл тұман жерді басқан» деп берілген. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Күз болып*, дымқыл тұман жерді басқан» деп басылған.

Осы шумақтың үшінші тармағы 1909, 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда «*Тойғаны ма, білмеймін,* тоңғаны ма» деп берілсе, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда осы жол «*Білмеймін тойғаны ма,* тоңғаны ма» деп жазылған.

40) «**Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай**» (1888) деген өленді 1909, 1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарда 1889 жылғы жазылғандығы ашып көрсетілсе, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда 1888 жылы жазылған өлендер қатарында

берілген. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда осы туындының алғашқы жолы «Қараша, желтоқсан мен *ол бір-екі ай*» деп, соңғы жағы «*ол бір-екі ай*» деп берілсе, кейінгі басылымдардың бәрінде «*сол бір-екі ай*» болып жазылған.

Екінші шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Мұздаған иін* жылытып» деп басталса, 1909 жылғы алғашқы басылымнан бастап, кейінгі жинақтардың бәрінде «*Тоңған иін* жылытып» деп берілген.

Осы шумақтың «*Шекпен тігер* қатыны бүрсең қағып» деген төртінші тармағы 1939 жылғыда «*Шекпен тоқыр* қатыны бүрсең қағып» деп қате басылған.

Үшінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «Талтайып *қақтана алмас*, өле жаздап» деп көшірілсе, кейінгі басылымдардың бәрінде «Талтайып *қақтана алмай*, өле жаздап» деп берілген. Осы шумақтың төртінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары және 1933, 1939, 1954, 1977 жылғы жинақтарда «Бір жағынан қысқанда *жел де азынап*» деп жазылса, 1945, 1961, 1995 жылғы басылымдарда осы жолдың соңғы жағы «*о да азынап*» деп, өзгеріске ұшыраған.

Абай шығармаларының текстологиясын арнайы қарастырған Қ. Мұқамедханов: «...Абай қараша айында жағатын отыны жоқ кедей үйдің ауыр халін суреттейді. Жас баласы қақтанып, жылынатын үйінде оты жоқ, оның үстіне үйінде кемпір-шалы бар болса, бір жағынан о да (кемпір шал да) азынап қысса қандай қиын деп кедей үйдің аянышты халін сипаттайды», – деп жазады (1959 жылғы жинақ, 28-бет). Ғалымның осы пікірі қисынға келетіндіктен де, соңғы жылдардағы басылымдардың бәрі «*о да азынап*» деп басылып келеді.

Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,
О да өзіңдей ит болсын, азғыр-азғыр.
Асын жөндеп іше алмай қысылады,
Құрбысынан ұялып өңшең жалбыр, –

деген шумақтар Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда кездеспейді. 1933 жылғы жинақтан бастап, қалған басылымдардың бәрінде осы екі шумақ өлеңнің алтыншы һәм жетінші шумақтарын құраған. 1933 жылғы жинақты құрастырған М. Әуезов осы екі шумақ туралы «Осы екі ауыз өлең бұрынғы баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан» деп жазады (1933 жылғы жинақ, 126-бет). 1939 жылғы басылымда редакция атынан «Осы екі шумақ 1933 жылғы баспасына шейінгі баспаларға кірмей қалған. Елдегі жазбаларда да жоқ. Тәңірберді деген ағасының бала асырағанын көріп отырып айтқан. Ред.» деп, 1933 жылғы түсінікті қайталаған. Содан 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдардың бәріне де осы екі шумақ енген.

Басылымдардың бәрінде «*Жалшы үйіне жаны ашып*, ас бермес бай» деп берілген тармақ Мүрсейіт қолжазбаларында «*Жаны ашып жалшы үйіне* ас бермес бай» деп, алғашқы сөздердің орны ауыстырылып көшірілген.

Осы шумақтың үшінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда «*Байда пейіл, жалшыда мейір* де жоқ» деп берілген. Ал, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Байда мейір, жалшыда пейіл* де жоқ» деп жазылған. Осы өлеңнің текстологиясын арнайы қарастырған Қ. Мұқамедханов: «Абайша: жалшыны қанап отырған байда бейіл жоқ, рахым жоқ. Ал, өзін қанап отырған бейілсіз, рахымсыз байға жалшы да мейірімсіз, яғни қанаушы байға жалшы табыспас мейірімсіз дұспан деген пікірді ақын айқын айтып отыр.

Олай болса 1909 жылғы жинақта:

Байда пейіл, жалшыда мейір де жоқ, – деп дұрыс басылған», –

дейді.

41) «Қыс» (1888). Өлең Мүрсейіт қолжазбаларында кездеседі. 1909 жылғы литографияға «13-інші бөлік. Қыс» деген атаумен енген (1909 жылғы жинақ, 70-бет). Қолжазбалар мен тасбаспаларда бұл туындының қашан жазылғаны ашып көрсетілмеген. Ал, 1933, 1939, 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда бұл өлеңнің 1888 жылы жазылғаны айтылған. Мысалы, 1945 жылғы басылымның түсініктемесінде: «Бұл өлеңді 1884 жылы Шыңғыс елінде қатты жұт болып, қар апрельдің басына дейін жатқан екен, сол қысты еске алып отырып, 1888 жылы жазған», – деп, туындының жылы анық көрсетілген (1945 жылғы жинақ, 120-бет).

Осы туындыдағы үшінші шумақтың «Бұлттай *қасы жауып* екі көзін» деп келетін алғашқы тармағы 1933 жылғы басылымда «Бұлттай *жасы жауып* екі көзден» деп берілген. Осы шумақтың үшінші жолында келетін «*Борандай*» деген сөз осы басылымда «*Боранбай*» де қате басылған. Ал, 1939, 1977 жылғы жинақтарда осы сөз «*Бурадай*» деп берілген. Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

Осы 1933 жылғы басылымда бесінші шумақтың екінші тармағы «Титығы құруына *тез айналды*» деп басылған. Осы жол 1939, 1945, 1954, жылғы жинақтарда «Титығы құруына *тез тақалды*» деп берілген. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда, сондай-ақ, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Титығы құруына *аз-ақ қалды*» деп басылған.

42) Күлембайға («Уағалайкүмүссалам») (1888). Өлең ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (103-бет) басылған.

«Әкем Абай туралы» естелігінде Тұрағұл Абайұлы: «...Мұқыр деген елге өзінің құрдасы, нашар атаның ұлы Күлембай деген кісі дәулетінің арқасында болыс болып, 1888-ші жылы Бақанас деген өзен бойында өткен черезвычайный съездегі айтқандары:

«Уағалейкумүссалам, болыс, мал, жаныңыз аман ба,

Мынадайға кез болдың аума, төкпе заманда,

Болыс қалып қалындау кешегі бір алаңда» (Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том, 120-бет), – деп «Болыс болдым, мінекей» өлеңімен бір туынды ретінде айтады. Бірақ Абай жинақтарында «Болыс қалып қалындау кешегі бір алаңда» деп келетін Тұрағұл келтірген тармақ кездеспейді.

Өлең құрылымы 1995 жылғы жинақ бойынша шумақтарға бөлініп берілді.

43) Көкбайға («Бұралып тұрып») (1888). Өлең ең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (104-бет) басылған.

Өлеңнің жазылу тарихы туралы Көкбай: «Бойын бағып қымтырылып, «пәлен көрінем, түгілен көрінем» деп қолдан пішіп жасайтын мінезді көре бастаса, қытығы-

на тигендей жақтырмай қалатын. Ондайды кекетіп, мысқыл қылып, қалжыңмен өлең айтып жіберетін. Қалжың өленнің көбі маңайындағы жұрттың осындай мінездерінен туады. Бір күні осындайдың тұсында, өзімді де өлең қылды. Ел ішінің бір тобынан келе жатыр едік, жолда бірер сөз, бірер мінезді Абайдың жақтырмай қалғанын сездім. Ауылға жақындағанда Абай бізден озып кетіп еді. Үйге келсем, қолына бір табақ қағаз бен қарындашты алып, жазып жатыр екен. «Не қылса да, өзімді өлең қылып жатыр-ау» деп, ішіме сезік кіріп, қасына жетіп келіп едім, мына өленді оқып қоя берді:

«Бұралып тұрып,
Буыны құрып,
Қисайта тартып мұрынын;
Әсемсіп, сәнсіп,
Білгенсіп, бәлсіп,
Әр нәрсенің орынын;
Керенау, кердең бір керім,
Жақпайды маған сол жерің!» –

деп өзімді өлең етіп қойыпты. Сонан соң жалынып отырып сұрап алдым да, көзінше жыртып тастадым. Өленін өзімнен басқа ешкім білген жоқ. Сол бір оқып шыққанда есімде қалған осы еді», – дейді» (1995 жылғы жинақ, 273-бет).

44) «Желсіз түнде жарық ай» (1888). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Өлең мәтіні 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбалары негізінде (1906, 1907) басылым көріп келеді.

Бұл басылымда 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

45) «Ішім өлген, сыртым сау» (1889) деген өлең Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы мен 1909–1995 жылғы басылымдарда кездеседі.

Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасында бұл туынды «*12-ші, 1889-шы жылы*» деп көшірілсе, 1909 жылғы жинақта «*1-ші бөлік. Халық туралы*» деген өленлер топтамасының аясында берілген.

Жетінші жолы 1933, 1939 жылғы басылымдарда «Кісі алдына *келгенде*» деп берілген. Бұл жол басқа жинақтарда «Кісі алдында *кірбеңдеп*» деп басылған. Осы жол 1945 жылғы кітапта «Кісі алдына *барғанда*» деп өзгертілген.

«Мұндай ма *едің* ана күн» деп келетін тоғызыншы жол 1933 жылғы жинақта «Мұндай ма, *еді* ана күн» деп берілген.

Он бірінші жолда келетін «*Үш күн арқаң босаса*» деген жол 1933 жылғы басылымда түсіп қалған.

«Берерменде *бесеусің*» деп келетін он тоғызыншы тармақ 1961 жылғы жинақта «Берерменде *бесеуің*» деп берілген. Осы жол 1977 жылғы басылымда «Берерменде *береусің*» деп қате басылған.

Жиырма бесінші жол 1909 жылғы басылымда «*Қайтып* кірер есікті» деп берілген. 1995 жылғы жинаққа осы жол «*Қайта* кірер есікті» деп басылған. Осы тармақ 1933, 1939, 1945, 1961 жылғы кітаптарда «*Қайтып келер* есікті» деп жазылған. Ал, 1954, 1977 жылғы басылымда «*Қайта келер* есікті» деп өзгертілген.

46) «Болыс болдым, мінеки» (1888). Бұл өленнің мәтіні Мүрсейіт көшірме-

лерінде (1906, 1907, 1910) бар. Өлеңнің толық нұсқасы тұңғыш рет 1909 жылғы кітапта (1-бөлік, «Халық туралы») басылған.

Ал 148 жол өлеңнің 86 жолы Абайдың көзі тірісінде 1889 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 12-санында Көкбай Жанатайұлының атынан жарияланған. Зерттеуші Зарқын Тайшыбай «Дала уәлаятындағы» жарияланған нұсқада өлең «Болыс болды кей кісі, Бар малдарын шығындап...» деп үшінші жақта жазылғандығын айтады («Абай шығармаларының канондық мәтіні жоқ» // «Астана ақшамы», 4 ақпан, 2020 жыл).

Тұрағұл Абайұлы өзінің естелігінде «Болыс болдым, мінекейді» Абай құрдасы Күлембайдың мал-дәулетінің арқасында болыс болғанын сынап айтқаны деп, «Күлембайға» («Уағалейкумүссалам, болыс, мал, жаныңыз аман ба) өлеңімен бір шығарма ретінде атайды (Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том, 120-бет).

1954 жылғы толық жинақта: «Өлең 1888 жылы Семей облысындағы Ақша таудағы болыс сайлауына байланысты туған. Абай шығармалары жинағындағы комментарийлерде бұл өлең Күлембай болысқа байланысты жазылды делініп келді. Ол дұрыс емес. Осы жылы Семей губернаторы жергілікті әкімдердің салақтығын еске алып, ерекше приказ шығарған.

Өлеңде болыстардың әкімшілігіндегі қайшылықтары және олардың саясатының жүргізілуін байлардың, феодалдарың жақтауы, оған бұқара халықтың көрсеткен қарсылығы әшкереленген.

Абай болыстардың отарлау әкімдерінің және бай-феодалдардың белгілі топтарының қолындағы ойыншық екенін көрсете келіп, 1868 жылғы сайлау ережесінің халық тілегіне қарсы, қанаушылыққа негізделгенін ашып береді» (1954 жылғы жинақ, I том, 272-бет), – деп түсінік береді.

Өлең Абайдың 1995 жылға дейінгі барлық басылымдарында 1889 жылы жазылған шығармаларының қатарында басылып келген. 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «Күлембайға» деген атпен жарияланады. 1909, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда өлең шумақтарға бөлініп берілген.

Өлеңнің 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада және 1909, 1995 жылғы жинақтарда «Түйеде қом, атта *май*» деп жазылған. Бұл жол 1933 жылғы толық жинақтан бастап кейінгі барлық басылымдарда «атта *жал*» болып өзгерген. Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша қалдырылды.

20-тармақ 1907 жылғы көшірме қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Жүрек кетті *лүпілдеп*»; 1933, 1977 жылғы кітаптарда «*дүпілдеп*»; 1909 жылғы басылымда «*дуылдап*» болып жазылған. Бұл жинаққа 1907 жылғы қолжазбаға негізделіп «лүпілдеп» деп алынды.

1907 жылғы қолжазбада «Старшын, биді *шақырдым*» болып жазылған 23-тармақ барлық жинақтарда «*жиғыздым*» деп басылған. Осы басылымында да жинақтар бойынша қалдырылды.

(Өлеңнің «Ақтармын осы жол сүтін деп» дейтін 30-тармағындағы «сүтін» сөзін редакциялық алқа «үмітін» болуы мүмкін деп топшылайды).

1909 жылғы кітапта «*Бергім* жоқ, – деп, – белімді» болып басылған өлеңнің 36-жолы 1995 жылғы басылымында «*Бергем* жоқ»; қолжазба және өзге жинақтарда «*Бергенім* жоқ» деп жазылған. Бұл басылымға 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

1909, 1933 жылғы жинақтарда «Қазақты жеген қайратты «*ел*» деп келетін 43-тармақ 1907 жылғы көшірме қолжазба мен 1939 жылдан бастап кейінгі барлық

басылымдарда «қайратты «*ер*» болып басылып келген. Бұл кітапқа да қолжазба бойынша алынды.

48-тармақ 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда – «Ноқтаға басы *керілді*»; 1945, 1954 жылғы жинақтарда «*кірілді*» деп берілген. Бұл жаңа жинаққа қолжазба нұсқасы қалдырылды.

Өлеңнің 1907 жылғы көшірмеде, 1909, 1933, 1939, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «Мақтанның көті көрінді», «Болыстың көті шөмейді», «Ат көтіне жалпылдап», «Әуелде көтім бос кәпір» деп келетін 42, 58, 64, 91-тармақтары 1954, 1977, 1995 жылғы басылымдарында «к...» деп көп нүктемен жазылған. Бұл жинаққа 1909 жылғы кітап бойынша берілді.

1907 жылғы қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Жақсы ақыл» деп *құп деймін*» дейтін 104-тармақ 1909 жылғы кітапта «*жұп* деймін»; 1933 жылғы толық жинақта «Жақсы ақыл» деп *жұтпеймін*» деп басылған. Бұл басылымға 1907 жылғы қолжазба бойынша алынды.

1907 жылғы көшірме қолжазба мен 1909 жылғы кітапта «*Ақылы жеткен* туғандар» болып жазылған 117-тармақ 1933 жылғы жинақтан бастап барлық басылымдарында «*Ақыл айтар*» деп түзетілген. Бұл кітапқа 1933 жылғы толық жинақ бойынша қалдырылды.

1909 жылғы тұңғыш жинақта «*Кірік* болып түскен соң» боп басылған өлеңнің 131-жолы 1907 жылғы қолжазбада және кейінгі барлық кітаптарда «*Кірлі*» деп өзгертілген. Бұл тармақ жаңа басылымға 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

47) «Біреуден біреу артылса» (1889). Өлең мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларында (1906, 1907) сақталған. Бірақ 1906 жылғы көшірмеде соңғы үш шумақ және өлеңнің кейбір тармақтары көп нүктемен келеді.

Бұл туынды алғаш 1909 жылғы тұңғыш жинақта (1-бөлік. «Халық туралы») жарияланған. 1933 жылдан бастап кейінгі басылымдарда «Әсетке» деген атпен, тек 1954, 1995 жылғы жинақтарда тақырыпсыз басылған.

Тұрағұлдың естелігінде: «Біреуден біреу артылса» деген өлеңді сол жылы бізге музыка үйретемін деп Мұқа деген скрипкашыны әкеліп, әм Әсет деген ақынды да сақтаған. Әсет терісі тар, ызақор, кісімсіген адам еді, соған арнап жазған» (Абайтану. Таңдамалы еңбектер. I том, 123-бет), – дейді.

Дегенмен бұл өлең туралы зерттеуші Б. Абылқасымов: «Әсетке» өлеңін ойлана оқысаңыз, сөз астарына зер салсаңыз, мұндағы «надан» деген сөзде жекеліктен гөрі жалпылық мән басым. Сөз белгілі бір надан емес, жалпы надандық туралы болып отыр. ...Өмір жолына үңілсек, творчествосына ой жүгіртсек, Әсет надан болмаған ғой. ...Әсіресе, Рысжанмен айтысынан кейін Абай оған мұндай баға беруі мүмкін емес», – дей келе, «Абай өлеңдерін әркімдер қастерлеп жүргеніне дәлел көп екенін білеміз. Ұлы ақынның ауылында болған Әсет қоштасар сәтте Абай өлеңдерін арнап жаздырып ала кетпекші болуы да ғажап емес. Абай оған мына сөз болып отырған өлеңін көшіртіп беріп, парақтың шетіне «Әсетке» деп белгі соға салуы (яғни Әсетке берілетін өлеңдер деуі), ал кейінгі көшірушілер оны осы өлеңнің тақырыбына айналдырып жіберуі әбден ықтимал» (Қазақ әдебиеті, 1972, 16 маусым), – деген болжам айтады.

Қолжазбаларда «*Соқырдай* болмас ақ көзді» деп келетін 2-шумақтың 2-тармағы барлық жинақтарда «*Надандай*» болып жазылған. Бұл басылымда кітап нұсқасы қалдырылды.

1907 жылғы қолжазбада «Тіленіп, *ізден, телміріп*» деп жазылған 4-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы көшірмеде «Тіленіп, *телміріп* .....»; 1909 жылғы кітапта «Тіленіп, *телміріп, ізденіп*»; қалған барлық жинақтарда «Тіленіп, телміріп *ізденер*» болып басылған. Бұл тармақ осы басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша берілді. Осы шумақтың келесі «Тыйын ба, яки бір сом ба?» деген тармағындағы «тыйын» сөзі осы басылымда «тиын» болып түзетілді.

1909, 1945, 1954 жылғы жинақтарда «*Не білсін* өнер ізденіп» болып жазылған 5-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада және 1933, 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*Не қылсын*» деп беріледі. Осы сөз бұл басылымға қолжазба бойынша алынды.

48) «Мәз болады болысың» (1890). Өлең мәтіні Мүрсейіт көшірмесінде (1907) бар. Алғаш 1909 жылғы кітапта (1-бөлік. «Халық туралы») басылған.

1933 жылғы толық жинақта өлең 1889 жылы жазылған деп көрсетілген. Алайда бұл туынды туралы Тұрағұл Абайұлы мынадай дерек айтады: «Мәз болады болысың» деген өленді 1890 жылы Семейге барон Таубе деген генерал-губернатор келіп, бірсыпыра болыс, билерге шекпен, қылыш сыйлаған, сондағы шекпен алған болыстардың қуанғанына ыза болып жазған. Өзіне де қос ауыз мылтық сыйлап еді» (Абай туралы естеліктер, 195-бет).

Өлең 1945 жылғы жинақта шумақтарға бөлінбей берілген.

5-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы кітапта «*Бір тәттіні* татқанға» деп жазылса, кейінгі жинақтардың бәрінде «*Бір дәмдіні*» болып өзгертілген. Бұл жинақта 1909 жылғы басылым бойынша алынды.

49) «Білімдіден шыққан сөз» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік, «Халық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) көшірме нұсқалары сақталған.

3-шумақтың 1-тармағы 1905 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1995 жылғы жинақтарда – *«Әбілет басқан елерме».*

1933 жылғы жинақта *«Әбілет басқыр өлерме»* деп басылған.

1945 жылғы жинақта *«Әблет басқан елер ме»* деп басылған.

1954, 1961, 1977 жылғы жинақта «*Әблет басқан елерме»* деп басылған.

5-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «Жас баладай *жеңсік қой*».

1933 жылғы жинақта «Жас баладай *жаңысқой*».

1939, 1954, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*жеңсіққой*» болып бірге жазылған.

7-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада «*Жаралы ішке* ем көріп».

1933 жылғы жинақта – «*Дертті ісіне* ем көріп». 1939 жылғы жинақта *«Дертті ішінде* ем көріп».

1909, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Дертті ішіне* ем көріп». Бұл жинақта 1909 жылғы басылым бойынша берілді.

8-шумақтың 2-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939 жылғы жинақта «Қулық, сұмдық *я* өсек». 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Не».* 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

Өлең бұл жаңа басылымында әр жылдардағы жинақтармен салыстырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

50) «Сегіз аяқ» (1889) Өлең Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылдан бастап кейінгі басылымдарда кездеседі.

Алғашқы шумақтың төртінші тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Қиуадан шауып» деп көшірілген. 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда «Қыйудан шауып» деп қате берілген. Қалған жинақтардың бәрі Мүрсейіт қолжазбасы негізінде басылған.

Осы шумақтың «*Тағыны* жетіп қайырған» деп келетін алтыншы тармағы 1909 жылғы араб әліппесімен жарық көрген басылымда «*Тағына* жетіп қайырған» деп жарияланған. Осы сөз 1933 жылғы басылымда «*Тағыны*» деп берілген де, астына «Тағы – аң, жабайы» деп түсініктеме берілген (1933 жылғы жинақ, 111-бет).

Төртінші шумақтағы:

Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, беркін
Деп насихат бергенде,
Ұятсыз, арсыз салтынан,
Қалғып кетер артынан, –

деп келетін жолдардағы «беркін», «салтынан» деген сөздерге қатысты осы туындының текстологиясын қарастырған Қ. Мұқамедханов Оразке Уақбаевтың қолжазбасына сүйеніп, «бекін», «қалпынан» болу керектігін алға тартқан (1959 жыл, 31-бет). Өкінішке орай, Оразкенің қолжазбасы біздің қолымызда жоқ. Десек те, Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі жинақтардың бәрінде де осы сөздер «беркін», «салтынан» деп берілген.

Бесінші шумақтың үшінші тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдарда «Мейірленбес *еш* сөзге» деп берілсе, 1933 жылғы жинақта «Мейірленбес *еп* сөзге» болып жазылған. Соған қарағанда баспагерлер тарапынан жіберілген техникалық қателік болуы мүмкін.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда «*Пайдасыз тақыл, Байлаусыз ақыл*» деп келетін жолдар 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы басылымдарда «*Пайдасыз ақыл, Байлаусыз тақыл*» болып басылған. Қалған жинақтар 1909 жылғы литография бойынша берілген. Осы сөздерге назар аударған Қ. Мұқамедханов: «Байлауы жоқ ақыл, пайдасы жоқ тақыл деген ұғым өлең мазмұнына сөзді орнымен қолдану талабына сай келіп тұр», – деп жазады (1959 жыл, 32-бет).

Алтыншы шумақта келетін «Күпілдек *мақтан*, Табытын *қаққан*» деп келетін төртінші және бесінші жолдар 1909 жылғы жинақта «Күпілдек *мақтаны*, Табытын *қаққаны*» деп берілген. Бұл жерде өлеңнің ұйқасына келмей тұрғандықтан да, баспагерлер тарапынан жіберілген қателік екені анық. Осы шумақта келетін «Құмардан *әбден* шыққаны», «Ойлаған жан жоқ, *жауып* қой» деген жолдар 1933 жылғы басылымда «Құмардан *әлден* шыққаны», «Ойлаған жан жоқ, *жауап* қой» деп басылған.

Жетінші жумақтың алтыншы тармағы 1933 жылғы жинақта «Бола ма дәулет, нәсіп, *пұл*?» деп басылған. Осы жол Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі араб, латын және кирилл әрпімен басылған жинақтардың бәрінде «Бола ма әулет, нәсіп *бұл?*» деп берілген.

Осы өлеңнің сегізінші шумағы басылымдардың бәрінде былай келетіні белгілі:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адал бол – бай тап,
Адам бол – мал тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос.

Осы шумақ Мүрсейіт қолжазбаларында:

Егіннің ебін,
Сауданың тегін
Үйреніп, ойлап, мал ізде.
Адам бол – мал тап,
Адал бол – бай тап,
Қуансаң қуан сол кезде.
Біріңді қазақ, бірің дос
Көрмеген істің бәрі бос, –

деп, төртінші және бесінші жолдардың орны ауысып түссе, соңғы жолда келетін «*көрмесең*» деген сөз «*көрмеген*» деп көшірілген.

Осы өлеңнің тоғызыншы шумағы осы Мүрсейіт қолжазбаларында былай көшірілген:

Басыңды дауға
Малыңды жауға,
Қор қылма, қорға, татулас.
Өтірік, ұрлық,
Үкімет зорлық
Құрысын, көзің ашылмас.
Ұятың, арың оянсын,
Бұл сөзімді ойлансын.

Кейінгі араб, латын және кирилл әріптерімен басылған жинақтардың бәрінде бірінші жол мен екінші жолдың орындары ауысып берілген. Осы екі тармаққа назар аударған Қ. Мұқамедханов: «Оразке қолжазбасында:

Басыңды дауға
Малыңды жауға, –

деп жазылған. Бізше Оразкенің қолжазбасы дұрыс. Абай ешқашан адамның басынан малды жоғары қойған емес», – деп жазады (1959 ж. 32-б.).

Осы шумақтың үшінші жолы 1933 жылғы латын графикалы басылымда «*Қор қылма құрға, атулас*» деп қате басылған.

Оныншы шумақтың алтыншы тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Қор болып, қолда барасың*» деп көшірілген. Бұл жолдың кейінгі басылымдардың бәрінде де «*Қор болып, құрып барасың*» деп берілгені белгілі.

Он бірінші шумақтың алтыншы тармағы 1909, 1995 жылғы басылымдарда «Та-

былар кісі *жөн дерге*» деп басылса, кейінгі жинақтардың бәрінде «Табылар кісі *жөндерге*» болып, соңғы екі сөз біріктіріліп берілген.

1909 жылғы литография мен 1939 жылғы басылымда «*Не болады құр қожақ?!*» деп келетін он үшінші шумақтың алтыншы жолындағы «*қожақ*» сөзі «*қу жақ*» болып қате басылған.

Он төртінші шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1933, 1939, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Жөн кісі сұмға» деп берілсе, 1945, 1954, 1977 жылғы басылымдарда «Жүз кісі сұмға» деп жарияланған.

«*Басы-көзі қан боп*» деп келетін он сегізінші шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылымда «*Басы, көз қан боп*» деп берілген. Осы шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «Арқа-басы *шаң болып*» деп қате көшірілген. Бұл жол кейінгі басылымдардың бәрінде «Арқа-басы *шаң боп*» деп басылғаны белгілі. Егер «болып» деп берілсе, өлеңнің ұйқасын бұзары анық.

Он бесінші шумақта келетін «*Именсе елің, баптанбақ*» деген алтыншы жолға қатысты Қ. Мұқамедханов: «Өлеңнің мағына, мазмұнына, сөз ретіне қарағанда:

«Именсе елі баптанбақ» делініп оқылса, баспада қате басылған Абай сөзі түпнұсқасына сай келер еді», – деп жазады. Алайда, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1922 жылғы литографияларда, сондай-ақ кейінгі латын һәм кирилл графикасымен басылған жинақтардың бәрінде де «*Именсе елің, баптанбақ*» болып басылған.

Он тоғызыншы шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылымда «*Ит ұрсын бала*» деп басылған. Бұл жол басқа басылымдардың бәрінде дерлік «*Ит үрсе, бала*» деп берілген.

Жиырмасыншы шумақтың екінші жолы 1909 жылғы литографияда «*Болсашы* қол бос» деп басылған. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі жинақтардың бәрінде де, «*Болсайшы* қол бос» деп берілген. Бұл жинаққа 1909 жылғы басылым негіз етіп алынды.

Жиырма екінші шумақтың төртінші тармағы 1933, 1939, 1945, 1954 «*Есітіп үнін*» деп берілсе, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Есітсем үнін*» деп басылған.

Осы шумақтың алғашқы тармағында келетін «Жартас» сөзіне 1933 жылғы басылымда «Жар тас деп бұл жерде жолдас Көкпайды айтып отыр» деген түсінік берілген (1933 жылғы жинақ, 115-бет).

Жиырма үшінші шумақ кейінгі басылымдарда былай келетіні белгілі:

Жаяуы қапты,
Аттысы шапты,
Қайрылып сөзді кім ұқсын.
Іште дерт қалың,
Ауыздан жалын
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.
Күйдірген соң шыдатпай,
Қоя ма екен жылатпай?

Осы шумақтың екінші жолы 1933 жылғы басылымда «*Атшысы* шапты» деп қате басылған.

Жиырма төртінші шумақтағы «Баяғы қулық, бір алдау, Қысылған жерде – *жан жалдау*» деген жетінші және сегізінші жолдар 1954 жылғы басылымда «Баяғы қулық, бір алдау, Қысылған жерде – *жанжал-дау*» деп басылған.

Жоқ, олай емес. Қулық-сұмдығы, алдау-арбауы әшкереленіп қолға түсіп, қысылған залым жанжал, дау шығара алмайды. Өтірік айтып ант ішеді, жан береді (жанын жалдайды)», – деген пікірі қисынға келеді.

1933 жылғы басылымда «*Жан жалдау*» дегенге «ант ішу» деген түсінік берілсе, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «*Жан жалдау* – бұл жерде ант ішу, нандыру» мағынасында деген түсінік берілген.

51) «Сәулең болса кеудеңде» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. «Насихат туралы»). 1907 жылғы қолжазба көшірмеде жоқ. (Қолжазбада жоғалған парақтар бар. Сол тұстарда көшіріліп, кейінде не жыртылып қалуы, не біреулер алып кетуі мүмкін – ред.).

2-тармақ 1995 жылғы жинақта «Мына сөзге *көңіл* бөл» болып жазылған. 1905 жылғы қолжазбада, 1933, 1909, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – *«көңілің».* Бұл жинақта 1906 жылғы қолжазба бойынша алынды.

3-тармақ 1906 жылғы қолжазбада – «Егер сәулең *жоқ болса*».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Егер сәулең *болмаса*». Бұл жинақта 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

18-тармақ 1906 жылғы қолжазбада – «Өзгеше *болып* өсер тел».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Өзгеше *боп* өсер тел».

21-тармақ 1909 жылғы жинақта «*Қосыл* қаңқылдап, жағалап» деп келген. 1905 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Құс* қаңқылдап, жағалап».

Өлеңдегі 24-тармақ 1909, 1933 жылғы жинақтарда «*Ел ит* болса, жақсы сол» деп басылған. Мүрсейіт қолжазбасы (1906) бойынша 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарында «*Ел тыныш* болса, жақсы сол» деп берілген.

Өлең мәтіні 1909, 1995 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша алынды.

52) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889). Өлең Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдардың бәрінде кездеседі.

1-шумақтың екінші тармағының басында келетін сөз 1933, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда *«жоқ-барды»* деп жазылса, 1939, 1945 жылғы жинақтарда *«жоқ, барды»* деп екі сөздің арасы үтірмен ажыратылған.

1-шумақтың алтыншы жолы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1933, 1939, 1945, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Көңілінің көзі ашық, *сергек* үшін» деп берілсе, осы 1954, 1977 жылғы басылымдарда «Көңілінің көзі ашық, *сергегі* үшін» деп, «сергек» сөзі «сергегі» деп өзгеріске ұшыраған. Осы айырмашылыққа назар аударған Қ. Мұқамедханов: «Абай бұл арада өлеңді кімге арнап жазып отырғанын, яғни көңілінің көзі ашық, сергек жастарға арнағанын айтып отыр», – деп, «сергек» деген сөздің дұрыстығын алға тартқан (1959 жыл, 43-бет).

2-шумақтың «Таң қаламын *алдыңғы айтқанды* ұқпай» деп келетін бесінші тармағы 1933 жылғы басылымда «Таң қаламын, *айтқанды ұқпай*» деп қате басылған (1933 жылғы жинақ, 117-бет). Осы басылымда 3-шумақтың екінші жолында келетін «*сары ала қыз*» деген жол «*сера ала қыз*» деп қате берілген. Осы сөз 1954, 1994 жылғы басылымдарда «*сары-ала қыз*» деп жазылған. Осы шумақтың бесінші

24 – 9113

тармағы 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда «*Әсіресе, қызыл емес деп жиенбеңіз*» деп берілген. Осы жолдар қалған басылымдарда «*Әсіре қызыл емес деп, жиренбеңіз*» деп келетіні белгілі.

3-шумақтың екінші тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы араб графикалы литографияда «*Елде кәрі жамандап, өлім тілеп*» деп берілсе, кейінгі жинақтардың бәрінде осы жол «*Кәрілікті жамандап, өлім тілеп*» деп басылған.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1933, 1995 жылғы басылымдарды осы өлеңнің 4-шумағының «*Қинамай қызыл тілді* кел, тілді ал, қой!» деп келетін алтыншы тармағы 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы басылымдарда «*Қиналмай, қызыл тілім,* кел тілді ал, қой» деп басылған. Ал, 1977 жылғы екі томдықта осы тармақ «Қинамай, қызыл тілім, кел тілді ал, қой!» деп берілген.

5-шумақтың бесінші тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен басылымдардың бәрінде «*Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез*» деп келетіні белгілі. Осы жол 1933 жылғы жинақта «*Сәнқой, денқой, ойнасшы, қарлық-ұрлық*» деп қате басылған.

Абайдың осы өлеңінде «бәңгі» деген бір сөз ғана кірме сөз. Осы сөзге 1933, 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы басылымдарда «меңіреу, көк мый» деген анықтама берілсе, 1977 жылғы екі томдықта «меңіреу» деп түсінік жазылған. 1995 жылғы жинақта осы сөздің «Бәңгі (парсыша) – بنگی – нашақор» деген мағына беретіні жазылса, ал, 2020 жылғы академиялық басылымда бұл сөздің «بانگ – (парсыша). [банг] – айқай, шу» деген парсы сөзі екені көрсетілген.

1933 жылғы латын графикалы басылымда Мұхтар Әуезов өлеңдегі кейбір сөздердің кімдерге арналып жазылғанын мәтіннің астына бірден ашып көрсетіп отырған. 3-шумақтың алғашқы жолында келетін «Сөз айттым, Әзірет Әлі айдаһарсыз» дегеннен соң, мәтіннің астыңғы жағына «Көкпай жазған қиссаны кекеткені» деп, түсініктеме берсе, екінші тармақта келетін «Мұнда жоқ алтын иек, сары ала қыз» деген жерге «Әріптің өлеңін ағытып айтқаны» деген анықтама берілген. Ал, осы шумақтың үшінші жолындағы «Кәрілікті жамандап, өлім тілеп» деген жерге мәтіннің соңында «Шәкәрім өлеңі» деп көрсетілген.

Кез келген өлеңнің жазылу тарихы болатыны секілді, Абайдың бұл туындысының дүниеге келуі туралы ақынның ұлы Тұрағұл: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңі Шәкәрім қажының жас күнінде кәрілікті жамандап: «Алпыстан аспай өлейік, кәрі ит, жат деп, былшылдап шат деп айтады» деп жазған. Шәкәрімнің бозбалашылықты мақтап жазған «Шіліктен шымылдық құрып, томашадан жастық қып» деген өлеңі болған. Көкбай молданың «Әзірет Әлі айдаһармен алысыпты» деген өлеңі болған. Әріп деген Сыбан, өлең жазғыш жігіт «Зияда» деген өлең жазған, қызды мақтамақшы болып суреттегенде, «көзі – гауһар, иегі – алтын» деп, осы сықылды асыл тастардың түсіне қарамай, сұлудың бетіне жапсыра берген. Сол үшеуіне ой салып, құбыла көрсетпекші болып жазып ед», – деп жазады (Абай туралы естеліктер, 195-бет).

53) «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» (1899). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

1909, 1933 жылғы жинақтарда «Ғашықтық, құмарлықпен, ол екі жол» өлеңімен бірге бір өлең ретінде жарияланған.

1954 жылғы жинақтан бері алғашқы үш шумағы – «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» бір жеке (90-бет) өлең болып, келесі үш шумағы – «Ғашықтық құмарлық пен ол – екі жол» (91-бет) екінші өлең болып басылып келеді.

1-шумақтың 3-тармағы 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «Тоқтаулылық, *талапты*, шыдамдылық» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы жинақта: «Тоқтаулылық, *қалыпты*, шыдамдылық».

Бұл жинақта өлең 1909 жылғы басылымы бойынша берілді.

54) «Ғашықтық, құмарлық пен - ол екі жол» (1889). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңімен бір шығарма ретінде басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»). Өлеңнің 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «*Асықтық, құмарлықпен* – ол екі жол», 1977 жылғы кітапта «*Ғашықтық, құмарлық пен* ол екі жол» деп келетін бастапқы тармағы бұл басылымда «*Ғашықтық құмарлық пен – ол екі жол*» деп алынды.

Өлеңнің 5-шумағының 1-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда және 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Көңілімнің рахаты сен *болған соң*». 1909 жылғы жинақта – «*болғансың*».

Бұл тармақ жоғарыда аталған қолжазбалар (1906, 1907) мен басылымдардағы (1977, 1995) қалпынша қалдырылды.

55) «Қор болды жаным» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»). Шығарма мәтіні Абай шығармаларының 1909, 1933, 1957, 1995 жылғы басылымдары мен Мүрсейіт қолжазбалары (1906, 1907, 1910) бойынша салыстырылды.

1906, 1907 жылғы қолжазбалар мен 1909 жылғы жинақта 6 тармақты 4 шумақ болып, өлең тармақтары бір түзудің бойымен берілген.

1977, 1995 жылғы жинақтарда әрбір шумақтың 5, 6-тармақтары негізгі өлең қатарынан абзац түрінде оқшау жұптастырылып, шумақ құрылымына графикалық тұрғыдан өзгеріс енгізілген.

Мұхтар Әуезов Абайдың бұл өлеңді шығыстық сарында жазғанына мән береді (М. Әуезов, 15 т., 130-бет).

56) «Сен мені не етесің?» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Мазмұн-мағынасы және ұйқас жүйесіне қарай, өлең – 7 жолдық дербес екі түйдектен құралған 14 тармақты күрделі шумақтардан тұрады.

Бұл басылымда өлеңдегі әр түйдек пен шумақтың соңғы (7-ші) жолдары графикалық тұрғыдан жеке-жеке абзац түрінде берілген 1977, 1995 жылғы жинақтардағы үлгі сақталды.

Өлеңнің мазмұны мен құрылымдық-стилистикалық ерекшелігін ескере отырып тыныс белгілері түзетілді.

57) «Жігіт сөзі» («Айттым сәлем, қалам қас») (1889). Өлең алғаш «Жігіттің қызға айтқаны» деген тақырыппен 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

1907 жылғы қолжазбадағы атауы – «Жігіттің қызға айтқаны». 1909 жылғы жинақта – «Жігіт қызға айтқаны».

Өлеңнің 7-шумағының 3-тармағы 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында, 1909 жылғы тұңғыш жинақта «*Бой* шымырлап, *тән* еріп» деп берілген. 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Тән* шымырлап, *бой* еріп».

58) «Қыз сөзі» («Қиыстырып мақтайсыз») (1889). Бұл өлең «Қыз жігітке айтқаны» деп аталып, алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

1933 жылғы жинақта «шаһбаз» сөзінің сілтеме түсінігі «сабаз» деп берілген. 1995 жылғы басылымдағы сілтеме түсініктегі «ержүрек, батыр» сөзімен мәндес.

7-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «Сіз – бір сұңқар *шаһибаз*», 1909 жылғы жинақта – «*шаһи баз*».

1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*шаһбаз*».

9-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «*Тамағына шаншылып*» болып жазылған. 1909 жылғы жинақта – «*Салмағыңнан* шаншылып». 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Салмағыңнан *жаншылып*».

Өлең бұл басылымында 1909–1995 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша салыстырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

59) «Білектей арқасында өрген бұрым» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (9-бөлік. «Сұлу ұрғашы туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларының (1906, 1907, 1910) бәрінде бар.

Өлеңнің 2-шумағының 1-тармағы 1907 жылы Мүрсейіт қолжазбасында, 1909 жылғы тұңғыш жинақта – «*Аласыз* қара көзі айнадайын». 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Аласы аз*».

4-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Бетіңді тамағына таяп барсаң*».

1907 жылғы қолжазба мен 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Бетіңді таяп барсаң тамағына*».

Өлеңнің 2-шумағының 1-тармағы 1909 жылғы жинақ бойынша «*Аласыз қара көзі айнадайын*» деп берілді.

60) «Қажымас дос халықта жоқ» (1889). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған. (1-бөлік. «Халық туралы»).

1909 жылғы жинақта бұл өлең «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңіне қосылып беріледі. «Қажымас дос халықта жоқ» деп басталған тармақтан бастап жұлдызша (*) белгісімен бөлінген. «Ішім өлгеннің» құрылым үлгісі шумаққа бөлінбей келсе, «Қажымастан» басталған мәтін 4 тармақты 6 шумақ болып келеді. 1933 жылдан бастап, барлық жинақтарда екі бөлініп басылып келе жатыр.

Осы өлең Санкт-Петербургтегі Географиялық қоғамның архивінде сақталған князь Кудашев көшірмесінде «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңінің ішіндегі 17, 18-тармақтар болып жазылған.

(Бұл екі өлең 1909 жылғы жинақта да бірге берілгенімен, осы 3-шумақ жоқ – ред.).

Өлең 1897 жылғы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов құрастырған «Басшы» атты қолжазба жинақта «Ішім өлген, сыртым сау» өлеңімен бір туынды ретінде берілген. Кудашев нұсқасындағы 1-тармақ Шорманов нұсқасында 2-тармақ болып келіп отырған. Мәтін негізінен бірдей. С. Шорманов нұсқасында Кудашевта ұғынықсыз, қате басылған сөздер дұрыс жазылған.

1995 жылғы жинақ бойынша алғандағы 3-шумақтың 3-тармағы С. Шорманов нұсқасында «Жарыса өсек сөзінен» болып келген.

«Жақсы өмірім босқа өттің,
Жырлай алмай бір тегіс» (С. Шорманов нұсқасы. 6-т.).

«Жар таба алмай» емес. Абай туындысы қолжазба нұсқалар арқылы сақталып жеткендіктен, текстология бойынша жұмыс жүргізуде бұл нұсқалардың да өзіндік мәні бар.

1906 жылғы қолжазба нұсқасында өлең сегіз шумақ (жинақтарда 6 шумақ). 1906 жылғы қолжазбадағы өлеңнің 3, 4-шумақтарының сөздері анық оқылмаған. Мысалы:

.....
Бір түспеді қолыма,
Жарасар ма өзіме?
Иттің ерсең соңынан.

Жақтасарлық жақсының,
Кім танымас нұсқасын
Күнде өзімшіл .....
Несін адам .....

Өлеңнің 3-шумағының 3, 4-тармақтары 1906 жылғы қолжазбада «*Жарыс өсек* сөзінен, *Айта берсе* шарқ ұрып» деп жазылған. 1909 жылғы жинақта – «*Жарыс өсек* сөзінен...».

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Жарыса өсек* сөзінен, *Айта берсін* шарқ ұрып».

1995 жылғы жинақтағы 4-шумақ 1906 жылғы қолжазбада 7-шумақ.

Бұл шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «Жақсы өмірім *босқа еттің».*

1933, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Жақсы өмірім *әуре еттің».* 1939 жылғы жинақта – «Жақсы өмірім *әуре еттім*». 1945, 1954 жылғы жинақтарда *«Жақсы өмірім әуре өттің».*

Кітаптарда жоқ 1906 жылғы қолжазбада бар 8-шумақ:

Жақсы досың бар болып,
Жанды аяған жарамас.
Оңбаған дос жар болып,
Ұятыңа қарамас.

Жинаққа өлең әр жылдардағы басылымдармен, қолжабалармен салыстырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

61) «Жастықтың оты, қайдасың» (1889). Мүрсейіт қолжазбалары мен 1939 (115-бет), 1945 (105-бет), 1954 (121-бет), 1961 (158-бет), 1977 (141-бет), 1995 (129-бет) жылғы жинақтарда кездеседі.

2-шумақтың үшінші тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Қаруың көңіл сайласын*» деп берілген.

Осы шумақтың соңғы тармағы 1961, 1977 жылғы басылымдарда «Қолға *от* түспес бойламай» деп басылған. Қалған жинақтарда «Қолға *ол* түспес бойламай» болып берілген.

3-шумақтың алғашқы тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Махаббат *қы-*

зығын кім көрер» болып берілген. Осы жол 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Махаббат, *қызық* кім көрер» деп ұсынылған.

Осы шумақтың екінші жолы 1939 жылғы кітапта «*Оның* дәмін татпаса?» деп, «*Оның*» деген сөзден кейін келетін «*да*» жұрнағы түсіп қалған.

62) «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» (1889). Өлең 1916 жылы «Абай термесі» жинағында «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» өлеңімен бір өлең ретінде басылған.

1939 жылғы жинақта: «Мағына жағынан қарағанда бұл екі өлең сияқты. Бірінші өлең алғашқы екі ауыз да, қалғаны – екінші өлең. Бірақ ұйқасына қарағандықтан ба, әйтеуір көшірушілер ерте уақытта мұны бір өлең қылып кеткен. Екіге бөлерлік мықты дәлеліміз болмағандықтан, бір өлең қылып бастық», – деген түсінік берілген (1939 жылғы жинақ, 115-бет).

Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбасының негізінде (1906) 1954 жылғы жинақтан бастап Абай шығармаларының барлық басылымдарында бастапқы екі шумағы – бір өлең («Жарқ етпес қара көңілім не қылса да»), қалған шумақтары – бір өлең («Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да») болып, бөлек беріліп келеді.

Өлеңнің 2-шумағының соңғы жолы 1957, 1977 жылғы басылымдарда – «...Қорлық пен мазағына *табылса да*». Осы тармақ 1939, 1945, 1995 жылғы жинақтарда «...Қорлық пен мазағына *табынса да*» деп басылған.

Сондай-ақ, 1986 жылы шыққан Абай шығармаларының екі томдық шығармалар жинағында (Алматы, «Жазушы» баспасы. Жауапты шығарушы – Мұхтар Мағауин) бұл өлең жолы «Қорлық пен мазағына *таңылса да»* деп берілген (1-том, 108-бет). Бұл жинаққа осы 1986 жылғы басылым бойынша *«таңылса»* сөзі алынды.

63) «Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» (1889). 1909 жылғы жинақта «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңімен бір өлең ретінде жарияланған.

«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңінің екінші бөлімі 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтар бойынша бөлек өлең ретінде беріліп отыр.

Бұл өлең 1945 жылғы жинақта жоқ. *«Жарқ етпес...»* жылы белгісіз өлеңдер топтамасында тұр.

Мұхтар Әуезов бұл шығарманы Әйгерімге арнап шығарылған «Домбыраға қол соқпа» атты өлеңмен сабақтастықта қарастырған.

1-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1933 жылғы жинақта– «*Қай шеттен кім желігіп,* қағынса да».

1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақта – «*Кім желігіп, қай шеттен* қағынса да».

Бұл жаңа жинақта 1995 жылғы басылымы бойынша берілді.

64) Қара қатынға («Қара қатын дегенге, қара қатын») (1889). Өлең алғаш 1933 жылғы жинақта (137-бет) басылған.

Бұл бір шумақ өлеңді «Абай өзінің қасында жүретін жолдас, ертекшісі Баймағамбеттің үлкен қатыны қара қатынға қалжыңдап айтқан» (1933 жылғы жинақ, 326-бет).

Бұл жинақта өлеңнің соңғы тармағындағы «шарағатын» сөзі «шариғатын» деп алынды.

65) «Онегиннің сипаты». («Жасынан түсін билеп, сыр бермеген») (1889). Бұл шығарманың түпнұсқасы – А. С. Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин»

романының бірінші тарауы. Абай бұл тараудағы X, XI шумақты түгел, XII шумақтың алты жолын тәржімалаған.

Мүрсейіт қолжазбаларында бұл өлең «Онегинді сипаттаған Пушкиннің сөзінің переуоды» деген атпен көшірілсе, 1909 жылғы қадім үлгісіндегі басылымда «15-ші бөлік. Переуодтар. Онегиннің сипаты» деп басылған. Кейінгі басылымдарда «Онегин сипаты. А. С. Пушкиннен» деп жарияланған.

Өлең мәтіні 1909 жылғы жинақ, Мүрсейіттің 1906, 1907, 1910 жылдардағы қолжазбаларымен қатар, кейінгі басылымдармен де салыстырылып берілді.

Абай іріктеп аударған роман үзінділері мынадай:

X

Как рано мог он лицемерить,
Таить надежду, ревновать,
Разуверять, заставить верить,
Казаться мрачным, изнывать,
Являться гордым и послушным,
Внимательным иль равнодушным!
Как томно был он молчалив,
Как пламенно красноречив,
В сердечных письмах как небрежен!
Одним дыша, одно любя
Как он умел забыть себя!
Как взор его был быстр и нежен,
Стыдлив и дерзок, а порой
Блистал послушною слезой!

XI

Как он умел казаться новым,
Шутя невинность изумлять,
Пугать отчаяньем готовым,
Приятной лестью забавлять,
Ловить минуту умиленья,
Невинных лет предубежденья
Умом и страстью побеждать,
Невольной ласки ожидать,
Молить и требовать признанья,
Подслушать сердца первый звук,
Преследовать любовь, и вдруг
Добиться тайного свиданья...
И после ей наедине
Давать уроки в тишине!

XII

Как рано мог уж он тревожить
Сердца кокеток записных!
Когда ж хотелось уничтожить
Ему соперников своих,
Как он язвительно злословил!
Какие сети им готовил!

66) «Татьянаның Онегинге жазған хаты» («Амал жоқ – қайттым білдірмей») (1889). Бұл шығарманың түпнұсқасы – А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы «Татьянаның Онегинге хаты». 1909 жылғы жинақтан бергі барлық басылымдарда жарияланып келеді. Пушкинде – 79 жол, Абайда – 76 жол.

Бұл аударма туындының 1907 жылғы көшірмедегі атауы – «Татьяна қыздың Онегинге айтқаны».

Өлеңнің 3-шумағының 3-тармағы 1907 жылғы көшірмеде – «*Шыдар ем*»; 1909 жылғы кітапта – «*Шыдадым*»; Абайдың кейінгі негізгі жинақтардың бәрінде – «*Шыдар ем*».

Соңғы шумақтың соңғы тармағындағы «тесік» деген сөз (1909 жылғы жинақта) Мүрсейіт қолжазбасына (1907) және 1995 жылғы басылымға сүйене отырып, «несіп» деп алынды.

Өлеңнің орыс тіліндегі мәтіні:

ПИСЬМО ТАТЬЯНЫ К ОНЕГИНУ

Я к вам пишу – чего же боле?
Что я могу еще сказать?
Теперь, я знаю, в вашей воле
Меня презреньем наказать.
Но вы, к моей несчастной доле
Хоть каплю жалости храня,
Вы не оставите меня.
Сначала я молчать хотела;
Поверьте: моего стыда
Вы не узнали б никогда,
Когда б надежду я имела
Хоть редко, хоть в неделю раз,
В деревне нашей видеть вас,
Чтоб только слышать ваши речи,
Вам слово молвить, и потом
Все думать, думать об одном
И день и ночь до новой встречи.
Но говорят, вы нелюдим;
В глуши, в деревне все вам скучно
А мы ...ничем мы не блестим,
Хоть вам и рады простодушно.

Зачем вы посетили нас?
В глуши забытого селенья
Я никогда не знала б вас,
Не знала б горького мученья.
Души неопытной волненья
Смирив со временем (как знать?),
По сердцу я нашла бы друга,
Была бы верная супруга
И добродетельная мать.

Другой!.. Нет, никому на свете
Не отдала бы сердца я!

То в вышнем суждено совете...
То Воля неба: я твоя;
Вся жизнь моя была залогом
Свиданья верного с тобой;
Я знаю, ты мне послан богом
До гроба ты хранитель мой...
Ты в сновиденьях мне являлся,
Незримый, ты мне был уж мил,
Твой чудный взгляд меня томил,
В душе твой голос раздавался
Давно... нет, это был не сон!
Ты чуть вошел, я вмиг узнала,
Вся обомлела, запылала
И в мыслях молвила: вот он!
Не правда ль? Я тебя слыхала:
Ты говорил со мной в тиши,
Когда я бедным помогала
Или молитвой услаждала
Тоску волнуемой души?
И в это самое мгновенье
Не ты ли, милое виденье,
В прозрачной темноте мелькнул,
Приникнул тихо к изголовью?
Не ты ль, с отрадой и любовью,
Слова надежды мне шепнул?
Кто ты, мой ангел ли хранитель
Или коварный искуситель:
Мои сомненья разреши.
Быть может, это все пустое,
Обман неопытной души!
И суждено совсем иное...
Но так и быть! Судьбу мою
Отныне я тебе вручаю,
Перед тобою слезы лью,
Твоей защиты умоляю...
Вообрази: я здесь одна,
Никто меня не понимает,
Рассудок мой изнемогает,
И молча гибнуть я должна.
Я жду тебя: единым взором
Надежды сердца оживи,
Иль сон тяжелый перерви,
Увы, заслуженным укором!

Кончаю! страшно перечесть...
Стыдом и страхом замираю...
Но мне порукой ваша честь,
И смело ей себя вверяю...

67) «Онегиннің жауабы» («Таңғажайып бұл қалай хат») (1889). Бұл өлеңнің түпнұсқасы – А.С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы Онегиннің Татьянаның хатына қайтарған жауабы. (Романның төртінші тарауындағы XII–XVI шумақтарда – Онегиннің Татьянаға кездескенде айтқан сөзі). Өлең мәтіні 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша салыстырылып, 1995 жылғы жинақ негізінде алынды. Аударманың орыс тіліндегі мәтіні:

. . . . . .

...«Вы ко мне писали,
Не отпирайтесь. Я прочел
Души доверчивой признанья,
Любви невинной излиянья;
Мне ваша искренность мила;
Она в волненье привела
Давно умолкнувшие чувства;
Но вас хвалить я не хочу;
Я за нее вам отплачу
Признаньем также без искусства;
Примите исповедь мою:
Себя на суд вам отдаю.

XIII

Когда бы жизнь домашним кругом
Я ограничить захотел;
Когда б мне быть отцом, супругом
Приятный жребий повелел;
Когда б семейственной картиной
Пленился я хоть миг единый,
То верно б, кроме вас одной
Невесты не искал иной.
Скажу без блесток мадригальных:
Нашед мой прежний идеал,
Я, верно б, вас одну избрал
В подруги дней моих печальных,
Всего прекрасного в залог,
И был бы счастлив...сколько мог!

XIV

Но я не создан для блаженства;
Ему чужда душа моя;
Напрасны ваши совершенства:
Их вовсе недостоин я.
Поверьте (совесть в том порукой),
Супружество нам будет мукой.
Я, сколько ни любил бы вас,
Привыкнув, разлюблю тотчас;
Начнете плакать: ваши слезы
Не тронут сердца моего,
А будут лишь бесить его.

Судите ж вы, какие розы
Нам заготовит Гименей
И, может быть, на много дней!

XV

Что может быть на свете хуже
Семьи, где бедная жена
Грустит о недостойном муже,
И днем и вечером одна:
Где скучный муж, ей цену зная
(Судьбу, однако ж, проклиная),
Всегда нахмурен, молчалив
Сердит и холодно-ревнив!
Таков я. И того ль искали
Вы чистой, пламенной душой,
Когда с такою простотой,
С таким умом ко мне писали?
Ужели жребий вам такой
Назначен строгою судьбой?

XVI

Мечтам и годам нет возврата,
Не обновлю души моей...
Я вас люблю любовью брата
И, может быть, еще нежней.
Послушайте же меня без гнева:
Сменит не раз младая дева
Мечтами легкие мечты;
Так деревцо свои листы
Меняет с каждою весною.
Так, видно, небом суждено.
Полюбите вы снова: но...
Учитесь властвовать собою:
Не всякий вас, как я, поймет;
К беде неопытность ведет».

68) «Онегин сөзі» («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін») (1889). Алғаш рет 1945 жылғы 1 томдық толық жинақта жарияланды.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан еркін аударма (жоғарыда келтірілген аударманың екінші нұсқасы).

Түпнұсқада – 76 жол, аудармада – 48 жол.

Бұл нұсқа 11 буынды өлшеммен аударылған. Абайдың аударма шығармаларына берген түсініктерінде (1940 жылғы жинақ) Мұхтар Әуезов бұл нұсқаға да тоқталып өтеді: «Романның төртінші тарауындағы Онегиннің бақшада жолығып, Татьянаның жазған хатына өз жайын айтып ауызша берген жауабының, сөйлеген сөзінің аудармасы. Бұл өлең Абайдың бұрынғы басылымдарынан қалып қойып жүрген. Пушкинде Онегин сөзі ұзақ, бес шумақ (XI, XIII, XIV, XV, XVI) өлең, Абай

Онегиннің Татьянаға айтқан сөзін түгел аудармай, 70 жолды 44 жолға сыйғызыпты. XI шумақтың:

«Вы ко мне писали, не отпирайтесь,
Я прочел души доверчивой признанья,
Любви излиянья», –

деп басталатын басқы жолдарын Абай:

«Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін:
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағыналарын.
Жасырмай, жастықпенен, нанғыштықпен
Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін», –

деп аударады. Абай осылай аударып келеді де, Онегиннің сөзіне арналған шумақтарды түгел аудармаған сияқты, басқа түгел аударма болса, оны біз білмейміз».

Абайдың бұрынғы кейбір жинақтарында «Жамандығым жақсымнан *екі еседен*» деп басылып келген өлең жолы (8-шумақ, 2-тармақ) бұл басылымда «Жамандығым жақсымнан *екі есе ден*» деп, басым, артық деген мағынадағы «*ден*» сөзі бөлек жазылды.

69) Онегиннің Татьянаға хаты («Құп білемін, сізге жақпас») (1889). А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан еркін аударма.

Мұхтар Әуезов: «Онегиннің кейін жазатын хаты» («Хұп білемін, сізге жақпас») және «Татьянаның сөзі» («Тәңірі қосқан жар едің сен») бәрі де Пушкин текстінен алыстап кетіп, мейлінше еркін суреттелген болады. Бұл тұстарында Абай Пушкиннен аударма жасамай, оның орнына Пушкиннің ізімен жаңа жайларды жырлап кетеді», – деп жазады (Әуезов М. «Абай Құнанбаев», 203-бет).

10-шумақ 1909 жылғы жинақта (1995 жылғы жинақта 8-шумақ) «Он сегіз мың бұл ғаламның» деп берілген. 1907 жылғы қолжазбада – «Он сегіз мың *ғаламының*».

14-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Тәңірі *сенің* үшін шапқатыңмен».

Бұл 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы жинақта – «Тәңірі үшін шапқатыңмен».

15-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта «*Не боламын*, тез болайын» деп басылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы басылымда – «*Не болайын,* тез болайын». Бұл басылымында осы кейінгі нұсқа сақталды.

Аударма шығарма бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

Орысша нұсқасы:

ПИСЬМО ОНЕГИНА К ТАТЬЯНЕ

Предвижу все: вас оскорбит
Печальной тайны обьясненье.
Какое горькое презренье
Ваш гордый взгляд изобразит!
Чего хочу? с какою целью
Открою душу вам свою?
Какому злобному веселью,
Быть может, повод подаю!

Случайно вас когда-то встретя,
В вас искру нежности заметя,
Я ей поверить не посмел:
Привычке милой не дал ходу;
Свою постылую свободу
Я потерять не захотел.
Еще одно нас разлучило...
Несчастной жертвой Ленский пал...
Ото всего, что сердцу мило,
Тогда я сердце оторвал;
Чужой для всех, ничем не связан,
Я думал; вольность и покой
Замена счастью. Боже мой!
Как я ошибся, как наказан...

Нет, поминутно видеть вас,
Повсюду следовать за вами,
Улыбку уст, движенье глаз
Ловить влюбленными глазами,
Внимать вам долго, понимать
Душой все ваше совершенство,
Пред вами в муках замирать,
Бледнеть и гаснуть... вот блаженство!

И я лишен того: для вас
Тащусь повсюду наудачу;
Мне дорог день; мне дорог час:
А я в напрасной скуке трачу
Судьбой отсчитанные дни.
И так уж тягостны они.
Я знаю: век уж мой измерен;
Но чтоб продлилась жизнь моя,
Я утром должен быть уверен,
Что с вами днем увижусь я...

Боюсь: в мольбе моей смиренной
Увидит ваш суровый взор
Затеи хитрости презренной –
И слышу гневный ваш укор.
Когда б вы знали, как ужасно
Томиться жаждою любви,
Пылать – и разумом всечасно
Смирять волнение в крови;
Желать обнять у вас колени,
И, зарыдав, у ваших ног
Излить мольбы, признанья, пени,
Все, все, что выразить бы мог,
А между тем притворным хладом
Вооружать и речь и взор,

Вести спокойный разговор,
Глядеть на вас веселым взглядом!..

Но так и быть: я сам себе
Противиться не в силах боле;
Все решено: я в вашей воле
И предаюсь моей судьбе.

70) «Татьянаның жауабы» («Тәңірі қосқан жар едің сен») (1889). Бұл аударма алғаш рет 1909 жылғы жинақта «Татьянаның қайырған жауабы» деген атпен басылған. 1907 жылғы қолжазбада – «Татьянаның Онегинге айтқаны».

Абай Пушкин романындағы XII шумақтың соңғы 7 жолын және XII-XVIII шумақтарды бүтіндей алып, Татьянаның Петербургте Онегинге айтқан сөзін түпнұсқаның жалпы мағынасын сақтай отырып, еркін аударған.

8-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта «Өз *қорамның* қақпасын сен» деп берілген. 1907 жылғы қолжазбада, кейінгі басылымдардың бәрінде дерлік «Өз *қораңның* қақпасын сен» деп басылған.

Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбалары мен Абай шығармаларының негізгі басылымдарына сүйеніп беріліп отыр.

71) «Ленский сөзінен» («Барасың қайда, қайда, болмай маған») (1889). Өлең алғаш рет 1940 жылғы жинаққа енгізілген. Содан беріде жарық көрген Абай шығармаларының негізгі басылымдарының бәрінде жарияланып келеді.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының алтыншы тарауындағы XXI, XXII шумақтарынан аударма. Өлеңге Мұхтар Әуезов: «Онегинмен дуэльге шығар түні Ленский жазған өлеңді (романның алтыншы тарауы, XXI шумағының екінші жолынан кейін басталып, XXII шумақпен бітетін жері) Абай осылайша бастап аударған екен. Бірақ жазбасы да, көшірмесі де табылмады. Мынаны әнге салып айтып жүрген жігіттердің аузынан алдық. Пушкинде бұл өлең ұзағырақ. Абайдың қанша жерін аударғаны мәлім емес. Чайковский операсында Ленский айтатын ария:

«Куда, куда вы удалились,
Весны моей златые дни?» –

осы сөздермен басталады. Абайдың бұл аудармасы бірінші рет басылып отыр», – деп түсінік берген (Әуезов М. 15-том, 205-бет).

Түпнұсқаның Абай аударған жолдары:

«Куда, куда вы удалились,
Весны моей златые дни?
Что день грядущий мне готовит?
Его мой взор напрасно ловит,
В глубокой мгле таится он.
. . . . . .
. . . . . .
Блеснет заутра луч денницы,
И заиграет яркий день;
А я, быть может, я гробницы
Сойду в таинственную сень...»

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

72) Онегиннің өлердегі сөзі («Жарым жақсы киім киіп») (1889). Алғаш 1909 жинақта (15-бөлік. Переводтар) басылған. 1907 жылғы қолжазбада «Онегиннің сөзі» болып берілген. 1909 жылғы жинақта – «Онегиннің өлердегісі. Абай өзі шығарған».

Романда («Евгений Онегин»), шынында Онегиннің өлімі туралы әңгіме жоқ – соңғы эпизодта (сегізінші тарау, XLVIII шумақ) Пушкин өз кейіпкерін Татьянаның жауабын естіп, төбесінен жай түскендей есеңгіреген қалыпта қалдырады да («Она ушла. Стоит Евгений, – Как будто громом поражен»), оқырманымен қоштасады. Абай бұл роман үзінділерінің түпнұсқа негізін, жалпы мазмұнын сақтай отырып, мейлінше еркін аударғаны белгілі. Осы өлеңнің алдындағы аудармада да (Онегиннің Татьянаға жазған хаты – «Құп білемін, сізге жақпас») Онегиннің аузына:

Сен бетіңді әрі бұрсаң,
Шықты көзім, болды көр.
Жанды аларсың разы болсаң,
Біздің орын – қара жер, –

деген іспетті, сүйгенінен үміті үзілсе, өлуге даяр екенін білдірген Пушкинде жоқ біраз сөздер салады. Абайдың өз жағынан шығарған «Онегиннің өлердегі сөзі» – сол емеуріннің заңды тиянағы сияқты. Пушкин кейіпкерінің мінез-болмысы мен тағдырына әбден қанық Абай роман үзінділерінің өзі жасаған аударма нұсқасын Татьянаның жауабы күйреткен үмітсіз Онегиннің өлімімен аяқтауды жөн көргені анық.

Өлең Абайдың негізгі басылымдарына енгізіліп келеді.

Бұл басылымға өлеңнің Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909–1995 жылғы жинақтардағы мәтіндері салыстырыла отырып берілді.

73) «Бай сейілді» (1890). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»).

2-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Бас пен аяқ *бір есеп».* 1933, 1939 жылғы жинақтарда «Бас пен аяқ *бір қыйсап».*

1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Бас пен аяқ *бір қысап».*

Бұл тармақ 1957, 1939, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «...Үйден *үрген итке* ұсап».

1957 жылғы басылым түсінігінде осы тіркестің Мүрсейіттің 1906 жылғы көшірме қолжазбасында «*үйден үрген*»; 1907, 1910 жылдардағы қолжазбаларда «*үйден ұрған*» болып жазылғандығы ескертіледі.

1954 жылғы жинақта – «*үйден ұрған итке ұқсап*». Бұл жинақта *«үрген»* болып қалдырылды.

1907 жылғы қолжазбада «Ем таба алмай» өлеңімен бірге жазылған.

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда 5-шумақтың 1-тармағы – *«Шашты малын, бердім барын».* 1909 жылғы жинақта *«Шашты барын, Бердім малын».*

1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – *«Шашты малын, Берді барын».* 1995 жылғы жинақта – «*Шашты барын, Берді малын».*

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда 5-шумақтан кейін келген бір шумақ өлең 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда бар. 1909, 1995 жылғы жи-

нақтарда берілмеген (кейінгі 1977 жылғы жинақтан басқа басылымдардың барлығында да жоқ – ред).

«Ел де жаман, ер де жаман,
Аңдығаны өз елі.
Елде сияз, ойда ояз,
Оңбай-ақ тұр һәр түрі».

1907 жылғы қолжазбада 3-тармақ «Елде сияр, ойда ұяр» болып жазылған.

7-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Тайса аяғың, кім *көмбек?».*

1933, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда «Тайса аяғың, кім көмек?» деп жазылған. Бұл басылымында осы нұсқасы алынды.

1907 жылғы қолжазбада 9-шумақ «Ем таба алмай, от жалындай» болып басылған (Бұл 1909, 1977, 1995 жылғы жинақтарда бөлек өлең болып келген – ред.).

74) «Ем таба алмай» (1890). Өлең 1909 жылғы жинақта басылды (1-бөлік. «Халық туралы»).

Өлеңнің: «Жас жүрегім жанды менің» деп басталатын соңғы үш шумағы туралы Тұрағұл: «Ем таба алмай» деген өлеңнің артына «Жас жүрегім жанды менің» деген өлең тіркеліп кетіпті. Ол өз алдына бөлек өлең» деген (Абай туралы естеліктер, 195-бет).

Өлең 1909 жылдан бергі басылымдардың барлығында да бір шығарма есебінде беріліп келеді.

2-шумақтың 1, 2-тармақтары 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда – *«Текке именіп, Босқа ұялып».* 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Босқа ұялып, Текке именіп».*

4-шумақтың 3-тармағы 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «Жай таба алмай, *я, пірім!».* 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Жай таба алмай, *япырым!».*

6-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1933 жылғы жинақта «*Еш немеден* қайғысыз». 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «*Ештемеден* қайғысыз». 1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Еш нәрседен* қайғысыз». Бұл басылымында осы нұсқа алынды.

1907 жылғы қолжазбада «Бай сейілді» өлеңімен бірге жазылған бұл шығарма осы басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

75) «Келдік талай жерге енді» (1890). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік, «Өзі туралы»). Мәтіндік нұсқасы Мүрсейіт Бікіұлының көшірме қолжазбаларында сақталған (1906, 1907, 1910).

1906 жылғы қолжазбада 11-тармақ – «Өмірдің *өзенін* тауысып» 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Өмірдің *өрін* тауысып».

1906 жылғы қолжазбада 26-тармақ – «*Құлақ қойсаң ұққандар».* 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Салсын құлақ ұққандар».*

1933, 1945, 1954, 1977 жылғы жинақтарда – «Өтірікке *тұшынып».* 1939 жылғы жинақта «Өтірікке *тұншығып*». 1961 жылғы жинақта – «Өтірікке *түсініп».*

Бұл жинақта Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарында жасалып отырған түзетулер ескеріліп, қолжазба нұсқалар салыстырылды. 1909 жылғы

жинақта «Өтірікке түсініп» болып келген тармақ Мүрсейіт қолжазбалары негізінде «Өтірікке тұшынып» болып жазылды.

76) «Өзгеге, көңілім, тоярсың» (1890). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік, «Өзі туралы»).

Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) жазылған.

Өленнің 1906 жылғы қолжазбадағы 25, 26, 27, 28-тармақтары:

«Не пайда бар наданнан
Сыртын естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті,
Ішкі сырды аңғарсын».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1977, 1995 жылғы жинақтарда:

«Не пайда бар – мың надан
Сырттан естіп таңдансын.
Онан дағы бір есті,
Ішкі сырын аңғарсын».

Жаңа басылымында Абайдың 1909, 1933, 1939–40, 1945, 1954, 1957, 1961, 1995 жылдардағы жинақтары мен Мүрсейіт қолжазбалары (1906, 1907) негізінде салыстырылып, өленнің 1909 жылғы жинақтағы нұсқасы алынды.

77) «Кейде есер көңіл құрғырың» (1890). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»).

2-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Өлген соң *о* да үндемес». 1907 жылғы қолжазбада, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «ол да».

Абай тілінде «ол» жіктеу есімдігінің «о» формасы өнімді қолданылып отырған.

3-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада – «Махаббатсыз дүние дос»; 1909 жылғы жинақта «дүние дос»; 1977 жылғы жинақта «Махаббатсыз – дүние дос», 1933, 1945, 1954, 1957, 1961, 1995 жылғы жинақтарда – «Махаббатсыз – дүние дос». Өлең мәтіне емлелік түзету жасалды.

78) «Жазғытұры» (1890). Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі жылғы басылымдарда кездеседі.

Алғашқы шумақтың екінші жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Масатыдай құлпырып жердің жүзі*» болып көшірілген. Десек те, араб (1909 жылғы жинақ), латын (1933, 1939 жылғы жинақтар) және кирил қарпіндегі басылымдардың (1945, 1954, 1961, 1977, 1995) бәрінде де осы жол «*Масатыдай құлпырар жердің жүзі*» деп берілген.

Төртінші шумақтың алғашқы тармағы 1909 жылғы литографияда «Түйе боздап, қой қоздап – *қорада шу-шу*» деп басылған. Осы жол Мүрсейіт қолжазбалары мен қалған басылымдарда «Түйе боздап, қой қоздап – *қора да шу*» деп берілген.

Төртінші шумақтың екінші тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Көбелекпен, *құстар да* сай да ду-ду» деп басылған. Осы жол басқа басылымдарда «Көбелекпен, *құспенен* сай да ду-ду» деп басылған.

5-шумақтың 4-тармағы 1995 жылғы академиялық жинақта «Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауыл баз» деп берілген де, төменде «баз» деген сөздің парсы тілінен енгені, оның қаршыға деген мағына беретіні ашып жазылған (1995 жылғы жинақ,

25 – 9113

160-бет). Құрастырушылар «Дауыл баз» деп алу себебін кітаптың соңында: «Шынында, Абай бұл арада: үйрек, қазға салатын ұшқыр қыран қаршығаны «көк дауылға» теңеп, қаршығаға – «баз» дейтін парсы сөзін қолданған. Сондықтан өлеңнің бұл жолын дұрыстап:

...Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,
Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауыл баз, –

деп оқуымыз керек», – деп жазған (1995 жылғы жинақ, 295-бет).

6-шумақтың алғашқы жолы 1933 жылғы басылымда «*Көл жағалап* мамырлап қу менен қаз» деп берілсе, бұл жинақта «*Көл жағалай* мамырлап қу менен қаз» деп басылды.

Осы шумақтың төртінші тармағы 1933 жылғы басылымда «*Жарқ-жұрқ етіп (?) көк дауылпаз*» дегендегі «ілінер» сөзі түсіп қалған. Бұл жол «*Жарқ-жұрқ етіп ілінер көк дауылпаз*» болуы тиіс. Сондай-ақ, осы шумақтың бесінші тармағындағы «*қанжығаға*» деген сөз осы басылымда «*қанжағаға*» деп қате берілген.

Осы шумақтың соңғы тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографиялық жинақта «*Таудағы* үнін қосар байғыз, көкек» деп көшірілген. Осы жол қалған басылымдарда «*Тастағы* үнін қосар байғыз, көкек» деп басылғаны белгілі.

7-шумақтың үшінші тармағы 1933 жылғы басылымда «Шаруаның *біреуі* – екеу болып» деп берілген. Бұл жол Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдарда «Шаруаның *бір малы* екеу болып» деп басылған.

8-шумақтың алғашқы жолы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Безендірген жер жүзін* тәңірім шебер» деп көшірілген. Ал, қалған басылымдарда «*Безендіріп жер жүзін* тәңірім шебер» деп басылған.

Мүрсейіт қолжазбаларында 9-шумақ былай көшірілген:

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне Алланың *көңілің* сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі *өсіп ойнап күлер.*

Осы шумақ кейінгі жинақтарда былай беріледі:

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге
Рахметіне алланың *көңіл* сенер.
Мал семірер, ақ пенен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі *өсіп көтерілер.*

Осы шумақтың екінші жолы бұл басылымда «Рахматына Алланың көңіл сенер» деп берілді.

9-шумақтың соңғы тармағындағы «*Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер*» деген жол туралы Қ. Мұқамедханов: «*Адамзат көңілі өсіп көтерілер*» деп оқысақ:

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы», –

деп Абайдың өлеңге қойған шартына дәл келер еді», – деп жазады (1959 жылғы жинақ, 55-бет).

Соңғы шумақтың үшінші тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Қызыл арай *ақ*

күміс шатырына» деп көшірілген. Бұл жол басқа басылымдарда «Қызыл арай *сары алтын шатырына*» деп берілген.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда бұл өлеңнің құрылымында өзгешелік бар. «*Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар*» деп басталатын он бірінші шумақ он төртінші шумақтан кейін берілген.

9-шумақтың төртінші жолы 1933 жылғы латын әліппесімен жарық көрген басылымда «*Адам заттың көңілі кір ойнап күлер*» деп берілген де, «кір» деген сөзге мәтіннің астына «Кір – қайғысыз» деген түсініктеме берілген. Осы жол Мүрсейіт қолжазбалары мен басқа басылымдарда «*Адамзаттың көңілі өсіп, көтерілер*» деп берілген.

Он бірінші шумақтың төртінші тармағы 1933 жылғы жинақта «*Қиқу салар көлдегі қаз бен қу*» деп қысқа қайырылған. Қате басылғаны көрініп тұр. Себебі алдыңғы жолдардағы «*шулар*», «*қунар*» сөздеріне ұйқас ретінде «қулар» болып берілуі керек еді. Мүрсейіт қолжазбалары мен басқа басылымдарда «Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар» деп берілген.

1933 жылғы басылымда 11-шумақтың «*Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар*» деген алғашқы жолының астына «Бұл бір ауыз өлең бұрын өз орнынан ауысып, келіп, жаңылыс басылып жүрген. М.» деген түсінік берілген.

Он үшінші шумақтың екінші тармағы 1909 жылғы басылымда «*Екеуінің құмары* сондай күшті» болып берілген. 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақта «*Құмары екеуінің* сондай күшті» деп басылған.

Соңғы шумақтың үшінші жолында келетін «*шатырына*» деген сөз 1933 жылғы басылымда «*шақырына*» деп қате басылған.

79) «Асқа, тойға баратұғын» (1890). Өлең алғаш рет 1909 жылғы кітапта басылған (15-бөлік. «Переводтар»). Өлеңнің басында «Перевод Лермонтовтан» деген сөйлем бар. 1933 жылғы жинақта: «Бұл өлең Лермонтовтан аударылған болар деген жору бар. Лермонтовтың бөлек өлеңдері, поэмаларында Абай өлеңдерінде айтылған сипат, ұғым кездеспейді. Мүмкін Абай Лермонтовты өте өзгертіп, өзінше бір сипат бере аударған шығар», – деп түсінік берілген (1933 жылғы жинақ, 260-бет).

1954 жылғы жинақта «...Лермонтовта бұл шығарманың оригиналы жоқ» (294-бет) деп түсінік берілген.

1995 жылғы жинақта берілген түсінік бойынша, «Қалай дегенде де әлі зерттей түсуді қажет ететін өлең».

Лермонтовтың Г. Гейнеден еркін аударылған «Они любили друг друга так долго и нежно» деп басталатын бір өлеңінің соңғы жолы ғана Абай өлеңінің түйінді тармақтарымен сәйкеседі: «Но в мире новом друг друга они не узнали» (Лермонтов) – «Онда екеуі кез келсе, Бірін бірі танымас» (Абай). «Асқа, тойға баратұғынның» тек-төркінін Лермонтовтан іздеуге түрткі болған ілік-себеп те осы ғана болса керек. Тегінде, екі ақынның бұл шығармалары тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан өзара байланысы жоқ, бір-бірінен мүлде бөлек дүниелер. «Асқа, тойға баратұғын» – Абайдың анық төл туындысы екені күмән тудырмайды.

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында 1-шумақтың 3-тармағы «Қолға кетті жауға *деген*» деп жазылған. 1909 жылғы жинақтан бастап кейінгі басылымдардың барлығында бұл тармақ – «Қолға жетті жауға *бір күн*».

5-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Көйлегін *ақтап* тіккіштеп». 1907 жылғы қолжазбада және 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «ақтан». Бұл жаңа басылымында Мүрсейіт қолжазбасы негізінде «ақтан» деп берілді.

7-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада – «Ah!» деп *өлді* жар үшін». 1909, 1957, 1995 жылғы жинақтарда – «өтті».

1907 жылғы қолжазбада 10-шумақтың 1-тармағы «*Асық* үшін жар болса» деп жазылған.

Бұл тармақ 1909, 1933, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Шыны ғашық* жар болса».

1907 жылғы қолжазбада 10-шумақтың 3-тармағы «Онда екеуі кез *болса*» деп жазылған. Басқа жинақтарда – «келсе».

Өлең мәтіні бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

80) «Ата-анаға көз қуаныш» (1890). Алғаш 1933 жылғы жинақта жарияланған.

Мүрсейіт қолжазбаларында (1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Өлеңге Мұхтар Әуезов: «Ата, анаға көз қуаныш» деген өлеңді Ақылбай деген үлкен баласына ренжіп, талапты болмадың деп айтқан. (Бірақ Ақылбай күндегі өмірде талапты пысық болмаса да, Абайдың балаларының ішіндегі ең таланттысы болған. Бұл ірі ақын және музыкант домбырашы, іскріпке, ән шығарғыш болған. Мұның шығарған екі үлкен әңгіме өлеңі бар: бірі «Дағыстан», бірі «Зұлыс» деген. М.», – деп түсінік берген (1933 жылғы жинақ, 326-бет).

Бұл шығарманың «Тайға міндік, тойға шаптық» өлеңімен бір қолжазбада қосылып жазылғандығын, екі өлең екі бөлек туынды болуы мүмкін екенін 1933 жылғы жинақ түзетулері бойынша ескертпесінде Мұхтар Әуезов айтқан (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 31-бет). 1939 жылғы жинақтан бастап «Тайға міндік, тойға шаптық» бөлек өлең болып беріліп келеді.

Өлеңдегі 3-шумақтың 1-тармағы 1933, 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы жинақтарда «Ата *көңлі* жанбаса бір» болып келген. 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Ата көңіл жанбаса бір».

5-шумақтың 5, 6, 7-тармақтары 1907 жылғы қолжазбада:

«Қайғысыз *пенде*
Бар ма елде,
Өміріңде?»

1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда 5-тармақ – «Қайғысыз *бенде*».

1933, 1939, 19451957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда 6-тармақ – «*Көрдің бе*». Бұл жолдар 1957 жылғы жинақта:

Қайғысыз бенде
Көрдің бе
Өміріңде, –

деп алынады (1957 жылғы жинақ, 324-бет).

Өлеңге бұл басылымында 1907 жылғы қолжазба нұсқасы бойынша түзетулер енгізіліп, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

81) «Тайға міндік, тойға шаптық» (1890). Мүрсейіт қолжазбалары мен 1939 жылдан бастап кейінгі басылымдарда кездеседі.

Мұхтар Әуезов бұл өлең туралы: «102. Көңілің де. (Бұл «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңінің соңғы тармағы – ред.). Мүрсейіт молданың бір көшірмесінде осы өлеңнің аяғына осындай ұйқас, өлшеумен жазылған «Тайға міндік, тойға шаптық» деген бұрын басылмаған бір өлең қоса жазылыпты. Ол тегінде бөлек өлең болатын. Мүрсейіттің екінші бір көшірмесінде бөлек өлең болып жазылған да екен. Біз де оны мынадан бөліп, жеке жібердік» (Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар, 31-бет), – деп жазады.

Өлең жинаққа 1939, 1945, 1957, 1995 жылғы басылымдар мен Мүрсейіт қолжазбалары салыстырылып (1906, 1907) берілді.

82) «Заманақыр жастары» (1891). 1909 жылғы жинақта бұл өлең «Қайғы шығар ілімнен» өлеңімен бірге (1-бөлік. «Халық туралы») берілген (1909 жылғы жинақ, 59-бет).

1-шумақтың 3-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Біріне бірі *қастыққа...».* 1933 жылғы жинақта – «Біріне бірі *қастықса...».*

2-шумақтың 4-тармағы 1909, 1945, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Құр *тілменен* жиғаны». 1933, 1939 жылғы жинақта – «*Құр тіл мен малды жиғалы». 1954*, 1977 жылғы жинақтарда – «Құр тілменен *жиғалы».*

4-шумақтың 3-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Кекектеп, секек етем* деп..». 1933 жылғы жинақта – «*Кетіп, секке айтам* деп...».

Өлең бұл жаңа жинаққа 1995 жылғы басылымы бойынша беріліп, тыныс белгілері түзетілді.

83) «Көзінен басқа ойы жоқ» (1891). «Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. «Замандастары туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

1907 жылғы қолжазбада және 1995 жылғы жинақта 2-шумақтың 2-тармағы «*Дейді дағы – тәңірі ісі»* болып жазылған. 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – *«Дейді – ол дағы тәңрі ісі».* 1909, 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда – *«Дейді о-дағы – тәңірі ісі».*

1995 жылғы жинақта 1907 жылғы қолжазба, 1909 жылғы жинақ бойынша:

5-шумақтың 1-тармағы – «Кітапты молда теріс оқыр».

5-шумақтың 2-тармағы – «Дағарадай боп сәлдесі».

5-шумақтың 3-тармағы «Малқұмар көңілі – бек соқыр» болып берілген. 1933, 1939, 1945, 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда *«дағардай», «мал құмар» болып* келген.

6-шумақтың 2-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «Сөз болмайды *өзгесі»* деп жазылған. 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«өңгесі»* болып тұр.

Бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша беріліп, тыныс белгілері түзетілді.

84) «Жастықтың оты жалындап» (1891). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. «Насихат туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Өлеңнің 10-шумағының 3-жолы 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы кітапта және 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда «...*Мақтатып* жұртты шулатса» деп басылған.

1961, 1977 жылғы жинақта – «...*Мақтанып* жұртты шулатса».

Өлең мәтіні 1909 жылғы басылым бойынша беріліп, тыныс белгілері түзетілді.

85) «Қызарып, сұрланып» (1891). Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

1-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақта «*Дуылдап* жүрегі», 1933, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «*Лүпілдеп* жүрегі» деп берілген.

2-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта «Екі *ғашық* құмарлы» болып берілген. Осы жинақта 1907 жылғы қолжазбадағы және 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтардағы «Екі *асық* құмарлы» деген нұсқасы беріліп отыр.

Өзге басылымдарда «*Аялдап* ақырын» деп басталатын 3-шумақтың алғашқы жолы бұл жинаққа «*Аяңдап*» деп түзетілді.

8-шумағының 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «*Көкірегі* елжіреп» болып жазылыпты. 1909 жылғы жинақта – «*Көкірек* елжіреп».

Өлеңнің 1995 жылғы басылымда «*Жүрегі* елжіреп» деп басылған 8-шумағының 1-тармағы 1909 жылғы жинақ бойынша «*Көкірек* елжіреп» деп түзетілді.

Өлең 1909, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда 9 шумақ болып, «Жеңілдің, жеңілдің!..» деген тармақпен аяқталады.

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) – 14 шумақ. Кейінгі 5 шумағы Абай жинақтарында «Ысытқан, суытқан» болып, бөлек өлең ретінде беріліп жүр.

Өлең бұл жинаққа 1909, 1933, 1945, 1957, 1995 жылғы басылымдар мен Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмелері салыстырыла отырып (1906, 1907) берілді.

86) «Көзімнің қарасы» (1891). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) бар.

Өлеңнің 1909 жылғы кітаптағы мәтіні кейінгі басылымдарында түзетулердің түп себебі көрсетілмеген бірнеше өзгертулермен беріліп отырды.

1907 жылғы қолжазбада өлең «Қызға айтылған сөз» деген атаумен жазылған.

Өлеңнің 1-шумағының 4-тармағы 1922 жылғы Қазан басылымы мен Ташкент басылымында «*Ғашығыңның* жарасы» болып, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда «*Ғашықтың* жарасы», 1957, 1977 жылғы жинақтарда «*Ғашықтық* жарасы» деп берілген.

6-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Менен* кісі мұңайсын». 1907 жылғы қолжазбада – «*Сан* кісі мұңайсын».

Өлең құрылымы мен көлемі жағынан 1909, 1933, 1957, 1995 жылғы жинақтарда айырмашылықтар бар.

Осы өлеңнің 1995 жылғы жинақтағы 7, 8, 18-шумақтары 1957 жылғы басылымында берілмеген. Бұл шумақтар 1909 жылғы жинақта да жоқ.

«Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас.

Жүректе оты жоқ,
Адамда ми болмас.
Шын ғашық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас.
Арызымды айтайын,
Құй болар, құй болмас», –

деген шумақтар жайында әртүрлі түсінік бар (1957, 1961 жылғы жинақтар түсініктерін қараңыз – ред.).

1957 жылғы жинақта өлең мәтініне қатысты: «Он бесінші шумақтың:

«Артықша жаратқан
Алланың рахматы», –

деген соңғы екі жолы және он алтыншы шумақтың:

«Көрік – тәңірі дәулеті,
Қылса ұнар құрметі», –

деген алғашқы екі жолы 1933 жылғы басылған нұсқасының негізінде қосылып басылып отыр. Бұл жолдар 1909 жылғы жинақта да, Мүрсейіт қолжазбаларында да жоқ», – деп түсінік берілген (1957 жылғы жинақ, 328-бет).

Қайым Мұқамедханов 7, 8-шумақтардың 1954 жылғы жинақта енгізілгенін ескерткен. 1957 жылғы жинақта Мұхтар Әуезов 19 шумақтық қысқа нұсқасын қалдырған.

1909 жылғы жинақта жоқ мына екі шумақ 1907 жылғы қолжазбада берілген.

«Сауынсыз ой болмас,
Сәулесіз би болмас
Жүректе оты жоқ,
Кісіде ми болмас.

Шын асық сый болмас,
Сый болса, сыр болмас
Арзымды айтайын,
Құй болар, құй болмас».

Осындағы 1-шумақтың 1, 2-тармағы 1995 жылғы жинақта:

«Ақылсыз би болмас,
Сәулесіз үй болмас», –

деп берілген.

10-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда – «Аузың *бал*, қызыл гүл».

1957 жылғы жинақта – «*бар*».

14-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «Жолыңа *берсем аз*» болып жазылған. 1909 жылғы жинақта – «*берсем де аз*».

1907 жылғы қолжазба мен 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтар бойынша 20-шумақтың 4-тармағы – «Жүрегім *лүпілдеп*».

1909 жылғы жинақта – «*дүпілдеп*».

1907 жылғы қолжазбада 22-шумақтан кейін басқа басылымдарында жеке өлең болып жүрген «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңі жалғасып (2 шумақ) жазылған.

Өлең бұл басылымында 1907 жылғы қолжазба, 1909, 1957, 1995 жылғы жинақтар бойынша салыстырулар жасалып, мәтіндік түзетулермен берілді.

87) «Менсінбеуші ем наданды» (1891). «Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (7-бөлік. «Замандастары туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Осы өлеңнің жазылу тарихы туралы Кәкітай: «Абай соңғы уақыттарында елдің партиясынан да жалығып һәм айтқан сөзді ұғып, жұрт түзелетұғын сықылды емес екенін біліп, көңілі қалыңқырап, өзі сөзге араласпай, үйде жатамын деп жазғаны», – дейді.

3-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Кекиді кейін *шегініп*» болып жазылған. Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

1933 жылғы жинақта – «*Кекеді* кейін *шегеріп*».

4-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Жарылқа, Құдай, *жатқан ой*». Қолжазба нұсқалардағы (1906, 1907), 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтардағы – «Жарылқа, Құдай, *жатқанды*» мәтіні алынды.

6-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақ бойынша «*Мұны* ойла толғанып» болып алынды. 1933, 1939 жылғы жинақтарда – «*Мұны да* ойла толғанып». 1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Оны да*». 1909 жылғы нұсқа бойынша берілді.

8-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «*Татулық пен тыныштықты».*

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Татулықты, тыныштықты».*

Бұл жаңа басылымында өлеңі 1909 жылғы жинақ бойынша берілді. Тыныс белгілері түзетілді.

88) «Жұмбақ» («Алла мықты жаратқан сегіз батыр») (1890). Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған.

89) «Жұмбақ» («Қара жер адамзатқа болған мекен») (1891). Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған.

90) «Жұмбақ» («Сыналар, ей жігіттер, келді кезің») (1891). Тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған.

91) «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің» (1892). «Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

Өлеңдегі 6-шумақтың 3-тармағы 1933 жылғы басылымында «Білеткенің бәрі ақша»; 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «*Б... байы*»; 1909, 1939, 1995 ж.ж. – «*Білəткенің байы* – ақша» болып беріліп келеді. 8-шумақтың 1939, 1945, 1954, 1961, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Ойлай берсең,* у екен» деген соңғы тармағы 1933 жылғы кітапта – «*Ойламай берсең* у екен».

Өлең бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

92) «Жүрегім, ойбай, соқпа енді» (1892). Бұл өлең де 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»).

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында Абайдың шығармалар жинағында (1909, 1903, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарында) бөлек өлең болып басылым көріп келе жатқан «Алла деген сөз жеңіл» өлеңімен бір шығарма есебінде көшіріліпті.

1909 жылғы жинақта шумаққа бөлінбей 16 тармақ болып берілген өлеңдегі «Сенделеді ит жүрек» тармағын қадім жазуын қазіргі қаріпке көшірушілер бірде «ит жүрек», бірде «ет жүрек» деп алып жүр. Ескі жазудың дауысты дыбыстар қойылмайтын ерекшелігі – Абай сөзінің әр басылымда әр басқа болып берілуінің бір басты себебі. Осыны «ет жүрек», «ит жүрек» тіркестері және бір айғақтап тұр.

2016 жылғы жинақта (Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1: Өлеңдер мен аудармалар. 2016 – 296-бет) осы тіркеске қатысты түзету жасалғандығы айтылған.

«Өлеңнің үшінші шумағының бастапқы екі жолы 1909 жылғы кітапта (37-бет):

Сенісерге жар таба алмай,
Сенделеді ет жүрек, –

деп басылса, 1977 жылғы жинақта:

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек, –

деп қате басылған. «Ет жүрек» боп түзетілді» (2016, 1-том, 252-б.). 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «Сенделеді ит жүрек». 1995 жылғы жинақта – «Сенделеді ет жүрек». Бұл кітапта *«ит жүрек»* деп алынды.

Өлең тыныс белгілеріне қатысты жекелеген түзетулер енгізіліп берілді.

93) «Қайғы шығар ілімнен» (1892). Өлең 1909 жылғы кітапта «Заманақыр жастары» өлеңіне жалғанып, жұлдызшамен бөлініп 19-реттегі шығарма есебінде бірге басылған (1-бөлік. «Халық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

3-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда – «*Болды* балаң жөргекте».

1909, 1933, 1995 жылғы жинақтарда – «*Болады* балаң жөргекте».

4-шумақтың соңғы тармағы 1906 жылғы қолжазбада *«Тоқтатпасаң* құрықтап?». 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Ұстайсың қайтіп* құрықтап?». 1933 жылғы жинақта – *«Ұстай алмайсың* құрықтап». Бұл кітапта 1909 жылғы нұсқасы алынды.

Бұл шумақ 1906 жылғы қолжазбада 14 тармақ боп берілген.

«Қайғылы, қартаң, біздей шал,
Қарай берсең қайда жоқ».

Бұл екі тармақ 1909, 1933, 1939, 1945, 1995 жылғы жинақтарда жоқ.

1909 жылғы жинақта «Кейбіреуі *дүріп* жүр» болып жазылған 5-шумақтың 3-тармағы 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтар бойынша *«дүрсіп»* деп алынды. Бұл тармақ 1906 жылғы көшірме қолжазбада – «Кейбіреуі *дұрыс* жүр».

1909 жылғы жинақтағы «*Өтілген* қашан ол қарыз?» деген осы шумақтың соңғы

тармағы 1906 жылғы қолжазба мен 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтар бойынша «*Өтеген* қашан ол қарыз?» деп өзгертілді.

6-шумақтың 5-тармағы 1909, 1954 жылғы жинақтарда – *«Партия жиып, мал сойып».*

1906 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«Партия жиып, мал сойса».*

1906 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Итше *індет* тілемей» болып жазылған 6-шумақтың 9-тармағы 1909 жылғы жинақтағы «*Итше иттен тілемей*» нұсқасымен берілді.

Өлең бұл басылымда тыныс белгілері түзетіліп берілді.

94) Оспанға («Жайнаған туың жығылмай») (1892). Өлең Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) сақталған. Тұңғыш рет 1933 жылғы толық жинақта (158-бет) жарияланған.

Абай бұл өлеңді кенже інісі Оспан қайтыс болғанда жазған.

1933 жылғы басылымда өлең екі шумаққа бөлініп берілген. Өзге басылымдар мен Мүрсейіт қолжазбаларында шумақтарға бөлінбей, тұтас қалпында келеді.

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша тыныс белгілері түзетіліп берілді.

95) Кешегі Оспан («Кешегі Оспан – бір бөлек жан») (1892). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

Бұл өлең де алғаш 1933 жылғы толық жинақта (159-бет) жарияланған. Абайдың Оспан өліміне арнап жазған екінші өлеңі.

Тұрағұлдың естелігінде бұл шығарма «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» өлеңінің аяғы екендігі айтылады. Мүрсейіт көшірмелері мен 1939 жылғы жинақтан өзге басылымдардың бәрінде алты тармақтан қайырылып, шумақтарға бөлініп берілген.

1907 жылғы қолжазба нұсқада 1-шумақтың 4-тармағы «Ақша, *берсе*» боп жазылған. Бұл сөз кейінгі жинақтардың бәрінде «Ақша, *нәрсе*» деп түзетілген. Дәл осы көшірме қолжазба мен 1961 жылғы жинақта 2-шумақтың 4-жолы «*Кетті* қаптап» деп берілген. Бұл тармақ кейінгі басылымдарда (1933, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995) «*Келді* қаптап» деп өзгертілген. Өйткені дәл осы шумақтың 6-тармағында «*Кетті* мақтап тұрды ма?» деп «кетті» сөзі қайталанып келеді.

Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасы мен кейінгі басылымдардың барлығында «Жеке тартқан кетті *гүл*» деп келетін 4-шумақтың 3-тармағы 1995 жылғы жинақта «Жеке тартқан кетті *ер*» болып өзгертілген. Аталмыш басылымның түсінігінде «гүл» сөзі өлеңнің мазмұны мен ұйқасына қиыспайтындығы айтылады. Бұл жинаққа қолжазба бойынша қалдырылды.

Өлең мәтіні бұл жинаққа Абай шығармаларының әр жылдардағы басылымдарымен салыстырылып берілді.

96) «Күлімсіреп аспан тұр». Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдарда (1940, 1945, 1954, 1977, 1995) жинақтарда ғана жарияланған. Мүрсейіт қолжазбаларында бұл туынды «Лермонтов» деген тақырыппен көшірілсе, ал, 1957 жылғы жинақта «М. Ю. Лермонтовтан» деген атпен басылған. Өлеңнің басында М. Лермонтов шығармасынан аударылғаны көрсетілгенімен де, қай туындысынан тәржімаланғаны ашып айтылмаған. 1940 жылғы жинақта: «Бұл өлең қолжазбада Лермонтовтан делінген. Лермонтовтан аударылуы ықтимал, бірақ Лермонтов-

тың қай шығармасынан аударғаны мәлімсіз», деп қысқа қайырылған (1940 жылғы жинақ, 261-бет). 1954 жылғы жинақта: «Соңғы кезде бұл өлеңнің оригиналы М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу я один на дорогу» деген шығармасы екендігі анықталды. Абай оны екінші шумағынан бастап аударған екен... Осы төрт шумақты Абай жалпы мазмұнын сақтап еркін аударған», – деп (1954 жылғы жинақ, 309-бет), орысша төрт шумақ берілген.

2-шумақтың екінші тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1945, 1954 жылғы жинақтарда «Қуаныш жоқ *көңілімде»* деп берілген. Қалған басылымдарда (1940, 1977, 1995, 2020) «Қуаныш жоқ *көңілде»* деп жарияланған.

3-шумақта келетін «Өткен *күнге* өкінбен» деген үшінші тармақ 1977 жылғы жинақта «Өткен *күйге* өкінбен» деп басылған.

Соңғы шумақтың үшінші тармағында келетін «Мақтанынан не *туар*» дегендегі соңғы сөз 1940 жылғы кітапта «*тұрар*» деп қате берілген.

97) «Сұрғылт тұман дым бүркіп» (1892). Өлең алғаш рет 1933 жылғы басылымда жарық көрген. 1945 жылғы кітапта өлеңнің жазылу себебі туралы: «Бұ да Оспан өлімі жайлы жазылған өлең сияқты. Негізі Мүрсейіт қолжазбасынан алынған», – деп жазылса, 1933, 1954, 1961 жылғы жинақтарда: «Бұл шығарма «Не осенний мелкий дождичек» (сөзі А. А. Делвигтікі, музыкасы М. И. Глинканікі) жалпы мағынасы ғана сақталып өте еркін аударылған», – деп берілген (1954 жылғы жинақ, 300-бет) (1961 жылғы жинақ, 631-бет). 1995 жылғы академиялық басылымда: «Шындығында мұны жартылай аударма деп бағалаған жөн», – деп көрсетсе (1995 жылғы жинақ, 304-бет), бұл басылымда: «...Мазмұны мүлде бөлек. Сондықтан аударма емес, төл шығармалары қатарында берілуі керек» (Т. Шапай) деген қисынды пікір негізге алынып, өлең Абайдың төл шығармасы есебінде берілді.

Алғашқы шумақтың бірінші жолы 1933 жылғы кітапта «*Сұрғыл*» деп басылған. Қалған басылымдардың бәрінде «*Сұрғылт*» деп берілген.

Осы шумақтың бесінші жолы 1933, 1945, 1954, 1961 жылғы басылымдарда «*әйелмісін*» деп берілсе, 1939, 1995 жылғы жинақтарда «*әйелмісің*» деп басылған.

2-жолдың екінші жолында келетін «бейіш» деген сөз 1933 жылғы латын әліппесінде жарық көрген басылымда «бейіс» деп берілген. Екі түрлі жазылғанымен де, мағынасы бір сөз. Осы өлеңнің текстологиясын зерделеген Қ. Мұқамедханов: «Біз Абай «бейіс» деген түрін қолданған десек онда Абай өлеңінің ұйқасы да мүлтіксіз болып шығады. Жоғарыда айтылған қаусырма ұйқасты бір шумақ өлеңнің екінші жолының аяғы «бейіске» (бейішке емес) болып бітсе, төртінші жолдың аяғы өзі де «кейіске» болып бітіп тұр. Осылай болғанда Абай өлеңінің көркемдік түрі мүлтіксіз болып шығады», – деп жазады (1959 жыл, 61-бет).

98) «Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» («Дүрілдеген нажағай») (1892). Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған.

1945 жылғы жинақтың түсінігінде өлеңге қатысты мынадай анықтама берілген:

«Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» (1892) – бұл өлеңнің кімнен аударылғаны әзірше анықталмады. Өзі Пушкин, Лермонтов не Мицкевич сарынына жақын. Бұл өлең тұңғыш рет Абайдың 1933 жылғы жинағында (160-бет) 1940 жылғы баспасының II томында басылды (88-бет)» (430-б.).

1954 жылғы басылымда екінші томның аяғында «Негізгі нұсқасы белгісіз өлең-

дер» деген бөлімде орналастырылып, «Түсініктер» бөлімі мен мазмұнында «Жылы анық емес өлеңдер» деп көрсетілген.

Абай түпнұсқадағы үш шумақ өлеңнің алғашқы екі шумағын еркін аударған.

В АЛЬБОМ С. Б.

«Дни благодатные прошли,
Когда поля пестрели чудно,
Когда цветы везде росли...
Теперь цветок найти мне трудно.
Ненастье, бури и тоска...
На ниве, где завыла вьюга,
Не вижу я нигде листа,
Чтобы сорвать его для друга.
Все, что нашел – дарю такой.
Листок не должен затеряться:
Он подан дружеской рукой,
Он дар последний, – может статься».

(Сочинения А. Мицкевича под. ред. П. Н. Полевого, перевод Минаева, Сиб. 1882. Т. Стр. 336).

1995 жылғы жинақта: «Дүние жүзі әдебиеті кітапханасының» екінші серия-сындағы А. Мицкевич шығармалары топтастырылған томда (32) бұл өлеңнің тағы сол «С.Б. альбомына» деген тақырыппен Семен Кирсанов аударған жаңа нұсқасы берілген. Оның мәтіні мынадай:

«Дни миновали счастливые, нет их.
Было цветов – сколько сердце захочет.
Легче нарвать было сотни букетов,
Нежели ныне цветочек.

Ветер завыл, и дожди заструились,
Трудно найти средь родимого луга,
Трудно найти, где цветы золотились
Лист для любимого друга.

Будь же довольна осенним листочком,
В дружеской был он руке, хоть не ярок,
Будь ему рад, наконец, и за то, что
Это последний подарок».

Өлең арналған альбом иесі – поляк ақыны Юлиуш Словацкийдің шешесі Саломея Бекю деген әйел. Өлең 1824 жылы қарашаның 24-і күні Москвадан жер аударылар алдында жазылған», – деп, ескерту берілген (1995 жылғы жинақ, 307-бет).

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша тыныс белгілеріне түзетулер жасалып берілді.

99) «Ысытқан, суытқан бойыңды бір көңіл» (1893). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»).

Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) бар.

Бұл өлең Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында «Қызарып, сұрланып» өлеңімен бір шығарма болып жазылған.

1909 жылғы жинақта бұл өлең жеке 5 шумақ өлең болып беріледі. Кейінгі басылымдарында да (1957, 1977, 1995, 2020 жылғы жинақтарда) бөлек алынып келеді.

Өлең 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

100) «Бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» (1893). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы).

Мүрсейіт қолжазбаларына (1906, 1907, 1910) берілген.

Бұл жаңа басылымында 6-шумақтың 3-тармағына түзету енгізілді. *Сірә – сыпыра; жалмаң – жылмаң* болып алынды.

101) «Жақсылық ұзақ тұрмайды» (1893). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. Ой туралы).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Әр шумағы сегіз жолдан қайырылып отыратын үш шумақ – жиырма төрт жол өлең 1933 жылғы жинақта сегіз жолды шумақ төрт жолды шумақпен келіп, үш шумақ өлең алты шумақ болып шыққан. 1909 жылғы кітаптағы соңғы шумақтың «Мақтанмен алды мазамды» дейтін ақырғы жолы 1933 жылғы жинаққа кірмей қалған.

1939 жылғы жинақта бастапқы сегіз жолды шумақтың соңына 1906 жылғы Мүрсейіт көшірмесіндегі:

«Жер қорығыш желгек шал
Желіп жүріп, боздайды», –

деген екі жол қосылады.

1977 жылғы жинақта да өлеңнің 2-шумағына 1909 жылғы жинақта жоқ осы 2 тармақ қосылып берілгені айтылады.

Өлеңдегі 1-шумақтың 3-тармағы 1909, 1933 жылғы кітаптарда – «Үміттің аты *еліріп».* 1906 жылғы қолжазбада, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Үміттің аты *елеріп*». Бұл жинақта осы нұсқа алынды.

1909 жылғы жинақта – *«Қанша тікі* салсаң да» деп келген 2-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазба, 1933, 1961, 1977 жылғы жинақтар бойынша *«Қос тепкіні* салсаң да» деп берілді. 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда – *«Қанша тепкі* салсаң да».

1909 жылғы жинақта бұл тармақ берілмеген.

2-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «*Талаптың көңілі* елермес».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда **–** «*Талапты көңіл* елермес».

3-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1933, 1939, 1945, 1995 жылғы жинақтарда «Қасиетсіз туған – *о да жат*». 1954, 1961, 1977 жылғы кітаптарда – *«ол».*

1909 жылғы жинақта соңғы шумақтың 7-тармағы «*Сірә батыр* сұм құрбәт». 1906 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Сыпыра батыр* сұм құрбәт». Бұл тармақ қолжазба бойынша қалдырылды.

102) Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған («Әжінің жақсы-ақ қызы едім») (1893). Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта (163–164-беттер) басылған. Бұл басылымда: «Әжінің жақсы-ақ қызы едім» дегенді жаңағы қара қатынның атынан Баймағамбетке: «Сенің қатының осылай деп отыр» деп бір күні тысқа

шығып, қайта үйге келгенде айтып кірді», – деп түсінік берілген (1933 жылғы жинақ, 326-бет).

Абайдың осы және «Қара қатынға» өлеңі Баймағамбет пен оның әйелі Тілебалдының жанжалдаса беретініне қаратып айтылғандығы, Абайдың Баймағамбетке ашуланғаны туралы келіні Кәмәлияның естелігінде баяндалады (Абай туралы естеліктер, 388-бет).

Өлеңнің алғашқы жолы 1933, 1995 жылғы жинақтардан басқа басылымдардың бәрінде «*Ажынның* жақсы-ақ қызы едім» деп басталады. Мәтін бұл жинаққа 1995 жылғы басылым негізінде берілді.

103) «Ал, сенейін, сенейін» (1893). Өлең алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (3-бөлік. Өзі тұғралы).

Абай бұл өлеңді М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» атты шығармасынан еркін аударып, жалпы мазмұнын сақтаған.

Абайда 28 жол, Лермонтовта көлемі бірдей екі шумақтан тұратын 24 жол. Орысша түпнұсқасы автордың көзі тірісінде жарық көрмей, тұңғыш рет 1859 жылғы «Отечественные записки» журналында басылған.

Кәкітай Ысқақұлы 1909 жылғы жинақтың алғысөзінде келтірген «Келгендей жүрегімді қал қылды» деп басталған 12 тармақ үзінді 1909 жылғы кітапта да, 1995 жылғы жинақта да жоқ.

Зәки Ахметов бұл өлеңнің М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» атты туындысының еркін аудармасы екендігін айтады.

Өлең 1907 жылғы қолжазба және 1909, 1933, 1939-40, 1945, 1954, 1961 жылғы жинақтарда Лермонтовтан деп көрсетілмейді.

1957, 1961, 1995 жылғыларда Лермонтовтан деп берілген.

Бұл өлеңді аударма өлең деп Мұхтар Әуезов көрсетеді. Абай шығармаларының 1939–1940 жылдары жарық көрген екі томдық толық жинағында алғаш рет Абайдың аударма шығармаларына, 53 өлеңге арнайы түсінік беріледі.

Осында «Ал сенейін, сенейін» өлеңіне: «25. Лермонтовтың «Исповедь» деген поэмасының үзіндісі. Лермонтовтың бұл өлеңінің басқа жерлерін Абай аударды ма, аудармады ма мәлімсіз» деп қысқаша тоқталып өткен (Әуезов М. Т.15, 207-бет).

Бұл басылымында өлеңнің 2020 жылғы жинақтағы «Өткен адам, өлген жан» болып басылған 18-тармағы «Өткен өмір, өлген жан» болып түзетілді.

Өлеңнің орысша түпнұсқасы:

ИСПОВЕДЬ

Я верю, обещаю верить,
Хоть сам того не испытал,
Что мог монах не лицемерить
И жить, как клятвой обещал;
Что поцелуи и улыбки
Людей коварны не всегда,
Что ближних малые ошибки
Они прощают иногда,
Что время лечит от страданья,
Что мир для счастья сотворен,
Что добродетель не названье
И жизнь поболее, чем сон!..

Но вере теплой опыт хладный
Противоречит каждый миг,
И ум, как прежде безотрадный,
Желанной цели не достиг;
И сердце, полно сожалений,
Хранит в себе глубокий след
Умерших, но святых видений,
И тени чувств, каких уж нет;
Его ничто не испугает,
И то, что было б яд другим.
Его живит, его питает
Огнем язвительным своим.

104) «Көңілім менің қараңғы. Бол-бол, ақын» (1893). «Шығарманың мәтіні 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша, кейінгі басылымдармен салыстырылып алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «Еврейская мелодия» атты шығармасының аудармасы. Ал Лермонтов Байронның осы аттас («My soul is dark» «Моя душа темна») өлеңінен еркін аударған. Орысша нұсқасы ақынның көзі тірісінде, 1889 жылы, «Отечественные записки» журналында басылып, кейін өз жинақтарына енгізілген.

Абай осы өлеңнің алғашқы сегіз жолын аударған. Әрі қарай аударған-аудармағаны белгісіз, өйткені қолжазба сақталмаған.

1933 жылға дейінгі жинақтарда «бол бол, ақын» деген тіркес сөздер» «бұлбұл, ақын» болып жүрген. 1945 жылғы біртомдықта Мүрсейіт қолжазбасы бойынша «бол-бол, ақын» деп түзетіліпті.

Өлеңнің Абай аударған орысша нұсқасы:

ЕВРЕЙСКАЯ МЕЛОДИЯ

(из Байрона)

Душа моя мрачна. Скорей, певец, скорей!
Вот арфа золотая:
Пускай персты твои, промчавшися по ней,
Пробудят в струнах звуки рая.
И если не навек надежды рок унес,
Они в груди моей проснутся,
И если есть в очах застывших капля слез —
Они растают и прольются.

Пусть будет песнь твоя дика. Как мой венец,
Мне тягостны веселья звуки!
Я говорю тебе: я слез хочу, певец,
Иль разорвется грудь от муки.
Страданьями была упитана она,
Томилась долго и безмолвно;
И грозный час настал — теперь она полна,
Как кубок смерти, яда полный.

Өленге 1907 жылғы қолжазбада «Пушкиннің переуоты» деген тақырып қойылған.

1909 жылғы жинақта (Лермонтов сөзі. Байроннан көшірілген) деп берілді.

1933 жылғы жинақта (Лермонтов – Байронаннан) деп берілген.

1995 жылғы жинақта (Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан) болып келеді.

1-шумақтың 4-тармағы 1909, 1995 жылғы жинақтарда – *«Бейіштің үні шығар қоңыр салқын»* деп жазылған. 1907 жылғы қолжазбада – *«Бейістің».*

2-шумақтың 2-тармағы 1907 жылғы қолжазбада – «Керек қой көңілді үміт *тебірентпесе*».

1909, 1995 жылғы жинақтарда – «*тебірентсе*».

2 -шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Төгілмей ме, бой жылып, о да ерісе?!»*

1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы жинақта – *«ол да».*

Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ негізінде «о да» болып алынды.

1939–1940 жылдардағы екітомдықта «Еврей күйі» (I том, 89-бет) деген тақырып берілген. Кейінгі басылымдарда бұл тақырып алып тасталып, өзге аудармалары сияқты («Лермонтовтан») деген тақырыппен беріліп келеді.

105) «Қараңғы түнде тау қалғып» (1893). Бұл өлең М. Ю. Лермонтовтың «Из Гете» деген өленінің аудармасы.

1909 жылғы литографияда екінші шумақтың алғашқы екі жолы:

Шаңдай алмас жол-дағы,
Сыбдырламас жапырақ, –

деп берілген. Осы екі тармақ 1933 жылғы басылымда:

Шаң шығармай жолдағы,
Секілді емес жапырақ», –

деп, «шығармай», «секілді емес» деп басылған. Қалған басылымдарда:

Шаң шығармас жол дағы,
Сыбдырламас жапырақ, –

деп басылған.

Осы шумақтың үшінші тармағы 1933 жылғы кітапта «*Тұншығарсын*» деп берілсе, 1945, 1954, 1961 қалған жинақтарда «*Тыншығарсын*» деп жазылған. 1995 жылғы академиялық жинақта осы сөз «*Тыншығарсың*» деп басылған.

Осы өленнің аудармасы соңғы басылымдарда (1995) түпнұсқаға жақын түрде берілген деуге негіз бар.

106) «Өзіңе сенбе, жас ойшыл» (1893). Өлең алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылды. Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) бар.

М. Ю. Лермонтовтың «Не верь себе» атты туындысының аудармасы. Абай түпнұсқаны көп өзгертпей, жалпы мазмұнын сақтай отырып, 8–7 буынды жыр үлгісімен еркін аударған.

Лермонтов өлені алғаш рет ақынның көзі тірісінде, 1839 жылы, «Отечественные записки» журналында басылып, кейін өз жинағына енгізілген.

Орыс тіліндегі мәтін:

НЕ ВЕРЬ СЕБЕ

Не верь, не верь себе, мечтатель молодой,
Как язвы бойся вдохновенья...
Оно — тяжелый бред души твоей больной
Иль пленной мысли раздраженье.
В нем признака небес напрасно не ищи:
То кровь кипит, то сил избыток!
Скорее жизнь свою в заботах истощи,
Разлей отравленный напиток!

Случится ли тебе в заветный, чудный миг
Открыть в душе давно безмолвной
Еще неведомый и девственный родник,
Простых и сладких звуков полный,—
Не вслушивайся в них, не предавайся им,
Набрось на них покров забвенья:
Стихом размеренным и словом ледяным
Не передашь ты их значенья.

Закрадется ль печаль в тайник души твоей,
Зайдет ли страсть с грозой и вьюгой,—
Не выходи тогда на шумный пир людей
С своею бешеной подругой;
Не унижай себя. Стыдися торговать
То гневом, то тоской послушной,
И гной душевных ран надменно выставлять
На диво черни простодушной.

Какое дело нам, страдал ты или нет?
На что нам знать твои волненья,
Надежды глупые первоначальных лет,
Рассудка злые сожаленья?
Взгляни: перед тобой играючи идет
Толпа дорогою привычной;
На лицах праздничных чуть виден след забот,
Слезы не встретишь неприличной.

А между тем из них едва ли есть один,
Тяжелый пыткой не измятый,
До преждевременных добравшийся морщин
Без преступленья иль утраты!..
Поверь: для них смешон твой плач и твой укор,
С своим напевом заученным,
Как разрумяненный трагический актер,
Махающий мечом картонным...

15-інші бөлім. Переводтар бөлімінде 11-өлең ретімен тұр. Аударма кімнен екені айтылмаған.

107) «Қорқытпа мені дауылдан» (1893). Өлең алғаш рет 1909 жылғы жинақта жарияланған. Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында «Бунин» деген

тақырыппен берілген. 1933 жылғы жинақта Пушкиннен аударылды деп көрсетілген 1940 жылғы басылымда Лермонтовқа сілтеме жасалған.

1945 жылғы жинақта бұл өлеңнің Буниннен аударылғаны көрсетілген.

1-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Шарттап* тұрған жауыннан». 1995 жылғы жинақта – «*Шатырлап*».

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

Өлеңнің орысша нұсқасы:

Не пугай меня грозою;
Весел грохот вешних бурь!
После бури над землею
Светит радостней лазурь.
После бури, молодея,
В блеске новой красоты,
Ароматнее и пышнее
Распускаются цветы!
Не страшит меня ненастье,
Горько думать, что пройдет.
Жизнь без горя и счастья
В суете дневных забот...

108) «Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске» (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Тұрағұл Абайұлы 1894 жылы елдің ақсақалдары: «Елге өзің ие болмасаң болмайды», – деп, әкесі Абайды болыстыққа сайлап, сол жылы өткен «волостной съез» қылуға елге шыққанда «Қыздарға», «Болды да партия, ел іші жарылды», «Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске» деген өлеңдерін де съездегі билердің мінезіне қаратып айтқанын жазады (Абай туралы естеліктер, 197-бет).

Өлең мәтіні 1909 жылғы жинақ, Мүрсейіт қолжазбалары (1905, 1910), Сәдуақас Шорманов көшірмесі бойынша да салыстырылды.

Өлеңдегі 2-шумақтың 1-тармағы 1909, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Анттасып алқайды*» болып жазылған. 1906 жылғы қолжазба, 1933, 1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда – «*анттасын*».

2-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – *«Кім антын шалқайды».* 1939, 1945, 1954, 1961, 1957 жылғы жинақтарда – «*Кім антын шайқайды*». 1909, 1933, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Кім анттан шалқайды».*

3-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада – «*Бас егер* қайқайды». 1909, 1933, 1939, 1945, 1961 жылғы жинақтарда – «*Басы ыңғай* қайқайды». 1954, 1977 жылғы жинақтарда «*Басы ақыр* қайқайды».

1995 жылғы жинақта – «*Бас ыңғай* қайқайды».

5-шумақтың 2, 3-тармақтары 1906 жылғы қолжазбада – «*Таласып* серкешке. *Алмады* ол тайды».

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Тай алып* серкешке. *Алмаса* ол тайды».

8-шумақтың 1-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1995 жылғы жинақтарда – «*Пысықтар шалқайды*».

1933, 1977 жылғы жинақта «*шайқайды*».

8-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы жинақтарда «*Бермеске қағып* шонтайды».

1933, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Қағысып* шонтайды».

9-шумақ 1906 жылғы жинақта 6 тармақ болып: *«Тіпті бір болмайды Айтқанға көнбейді»* деп аяқталады.

1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда бұл тармақтар жоқ.

Бұл жаңа басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша алынды.

109) «Қарашада өмір тұр» (1894). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»).

Бұл шығарма 1909 жылғы жинақтан бергі Абай шығармалары басылымдарының барлығында 1894 жылы жазылған өлең деп көрсетіліп келеді. Тұрағұл Абайұлы: «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Ал, сенейін, сенейін», «Жүрегім, нені сезесің?», «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Қарашада өмір тұр», «Жас өспірім замандас қапа қылды» деген өлеңдерді Оспан өліп, бар бейнет басына мезгілсіз түсіп, досы да, туысқаны да бұлданған-құбылғанын көріп, сол 1892 жыл мен 1893 жылдың ішінде жазылғанын айтқан еді», – дейді (Абай туралы естеліктер, 197-бет).

5-шумақтың 3, 4-тармақтары 1909 жылғы жинақта *«Қайысын аңдып тұрдым деп, Қулысын бұлдап сатпай ма?»* деп басылған. Бұл баспаның қателігі сияқты. 1933 жылғы жинақта *«Тарсын аңдып тұрдым деп, Қулығын бұлдап сатпай ма?».*

1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Қапысын аңдып тұрдым деп, Қулығын бұлдап сатпай ма?».*

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді. Тыныс белгілері түзетілді.

110) «Жас өспірім замандас қапа қылды» (1894). Өлең алғаш рет 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. Халық туралы).

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Бұл өлеңнің жалпы көлемі төрт шумақ – он алты жол. Өлеңнің соңғы төртінші шумағы:

...Бір семіз ат болады оның құны, –

деп аяқталады. 1909 жылғы кітапта басылғаны да сол төрт шумақ.

1977 жылғы жинақта «Көк тұман алдыңдағы келер заман» деген өлеңнің бір шумағы қосылып беріледі:

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды.
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды.

Бұл – Абайдың 1909 жылғы кітабында басылған. «Көк тұман алдыңдағы келер заман» (6-бөлік, «Нәсихат туралы», 55-бет, 1897) деп басталатын өлеңнің бесінші шумағы.

2-шумақтың 3-тармағы 1909, 1933, 1939 жылғы жинақтарда *«Антын сатып,* ант ұрып іздегені» деп басылған.

1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Арын сатып,* ант ұрып іздегені».

Жаңа басылымында 1909, 1995 жылғы жинақтар бойынша беріліп, тыныс белгілері түзетілді.

111) «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» (1894). Өлең алғаш рет 1909 жылғы кітапта басылған (4-бөлік. «Ғашықтық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) мәтіндік нұсқасы сақталған.

Өлеңнің 1-шумағының 2-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Көзбен көр де, *ішпен біл*». 1909 жылғы жинақта «*ішін біл*». Бұл тармақ 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

1-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта «Мейлің *инан*, мейлің күл» деп беріледі. 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «илан». Осы нұсқа қалдырылып, тыныс белгілері түзетіліп берілді.

112) «Әсемпаз болма әрнеге» (1894). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. Нәсихат туралы). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) бар.

2-шумақтың 3-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Әділет,* шапқат кімде бар» деп басылған. 1933 жылғы жинақта – «*Әдет*, шапқат кімде бар».

5-шумақтың 3-тармағы 1933 жылғы жинақта «*Күнде сідігін* қоздырып» деп басылған.

1906 жылғы қолжазбада, 1909, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Күндестігін* қоздырып».

6-шумақтың 3-тармағы 1933, 1939, 1957, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «*Ұстаздық қылған жалықпас»* болып берілсе, 1995 жылғы кітапта 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша (1906, 1910) *«Ұстадтық қылған жалықпас»* деп алынған.

1945, 1954 жылғы жинақтарда – «Ұстаттық».

Бұл жинақта тілдегі ықпалдастық құбылыстардың тарихи тәжірибесінде орныққан фактор мәнінде парсы тілінен кірген «ұстад» сөзінің қазақ тіліндегі құлаққа сіңген, өнімді сөздің бірі болып қалыптасқан «ұстаз» қалпын дұрыс деп таптық.

Өлеңнің тыныс белгілері түзетіліп берілді.

113) «Ескілік киімі» (1894). Өлең алғаш «Сана» журналында басылған (№1, 1923). Алғаш рет Абайдың 1933 жылғы толық жинағына енген.

Өлеңнің шығу тарихына байланысты 1945 жылғы жинақта: «1894 жылы Абайдың інісі Ысқақ қасына Қаржаубай дейтін шалды ертіп, Абайға сәлем беруге келеді. Сонда келіп отырған Қаржаубайдың киімдерін көріп, беліне байлаған кісесін көріп жазған екен», – деп түсінік берілген.

3-шумақтың 4-тармағы 1939 жылғы жинақта – «Артын елге қыстырған *бәрі* құрысқақ».

1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Артын елге қыстырған *бар* құрысқақ».

114) Әбдірахман науқастанып жатқанда («Я, Құдай, бере гөр») (1894). Өлең мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар.

Өлең алғаш 1933 жылғы жинақта (168-бет) басылған. Әбдірахман – «Абайдың сүйеніш көріп, қатты үміт қылған баласы» (М. Әуезов).

Өлеңнің алғашқы шумағының 4-жолы 1933, 1939 жылғы жинақтарда «*Шошынған* жүректі» деп беріледі. Бұл тармақ Мүрсейіт қолжазбалары мен Абайдың кейінгі басылымдарының бәрінде «*Шошыған* жүректі» болып басылған. 1907 жылғы көшірме қолжазбада «*Достығына достық*» деп келетін 12-шумақтың 3-тармағы барлық жинақтарда «*Достығын достықпен*» деп өзгертілген. «*Қатайып* сауықсаң» деген 14-шумақтың 3-жолы 1933 жылғы толық жинақта «*Сақайып* сауықсаң» боп жазылған. Бұл жинаққа «сақайып» сөзі алынды.

115) Әбдірахманға («Алланың рахматын») (1894). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) сақталған. Алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта (170–171-беттер) жарияланған.

Өлеңнің 1907 жылғы қолжазбада «*Дұғамың* қуатын» деп басталатын 2-шумағының 2-жолы 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*Дұғамның* қуатын», 1995 жылғы басылымда «*Дұғаның* қуатын» болып басылған. Жинақта осы нұсқа қалдырылды.

116) Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Тілім, саған айтайын») (1894). Өлең алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта (171–172-беттер) басылған. Өлеңді Абай Әбдірахман Алматыда ауырып жатқанда соған арнап Кәкітайдың атынан айтқан.

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында тақырыпсыз берілген бұл өлеңнің бес шумағы жазылып қалған да, көшірме қолжазбаның екі беті (178–181-беттер) жоғалып кеткен. 1939 жылғы басылымда осы он бір шумақ «Көзімнің нұрысыз бен» жалғасып, бір өлең есебінде беріледі. «Мүрсейіттің қолжазбасында осылай жалғанып жазылғандықтан, біз де солай қалдырдық» деп түсініктеме береді. 1957 жылғы жинақтан бастап кейінгі барлық басылымдарда екеуі екі бөлек өлең ретінде басылып жүр.

1961 жылғы жинақтың түсінігінде 1933 жылғы басылымда «*Жүректің сөзін сөйле, тіл*» деп келетін 2-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында (нақты қай жылғы қолжазба екендігі көрсетілмейді – ред.) «*Жүректің сөзін сөйлетіп*» болып; 1933 жылдан бастап барлық жинақтарда «*Көріскен соң бір дидар*» дейтін 7-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Көрінген* соң бір дидар» деп жазылғандығы айтылады.

Өлең мәтіні бұл басылымда 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

117) Әбдірахманға Кәкітай атынан хат («Көзімнің нұрысыз») (1894). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907 (көшірменің беттері жоғалған), 1910) хатқа түскен. Бұл өлең алғаш 1939 жылғы жинақта (163-бет) «Тілім, саған айтайын» туындысымен бір өлең ретінде жарияланған.

118) Қыздарға («Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең») (1894). Өлең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (173-бет) басылған.

Қыздар Тобықтының Бәкең руынан шыққан әрі Абаймен құрдас болған. «Бұл өлеңді 1894 жылы Оспанның үлкен үйіндегі келіні Еркежанды алып, сол жылы болыстық съезд қыла елге шыққан. Сонда Қыздар қалжыңдамақ болып: «Биыл үлкен үйге кірген соң тойып, тойынған екенсің», – депті» (1933 жылғы жинақ, 326-бет). Қыздардың орынсыз әзіліне ыза боп Абай осы өлеңді айтқан.

Тұрағұлдың айтуынша бұл біршама ұзақ өлең екен. Қыздар ертеңіне жалынып сұрап алып, отқа тастап жібереді. Осы мәліметке қосымша 1945 жылғы жинақтың

түсінігінде өлеңнің жазылу тарихы жайында мынадай да деректер келтіріледі: бұл өлеңде есімдері аталатын Лекер, Бітімбай, Жанқожа, Аталық – Бәкең руының адамдары. Бұл адамдардың тұсында Бәкең руына қарасты Байбөрі ауылы келісті, жайлы өмір сүреді. Ал Қыздар мен Дауылбайлардың кезінде шетінен ұры-қарылықпен айналысып кетеді. Қыздар тіпті Дауылбайды ұрлыққа айдап салып отырған. Бірде Дауылбай мен Қыздардан жапа шеккен адамдар Абайға шағым айта келеді. Абай Қыздарға хат жазады. Қыздар жүре жауап береді. «Қойдан қоңыр» өлеңі осындай жағдайларға байланысты туған. Бұл өлең шыққаннан кейін Қыздарға Бейуақ деген інісі ұрысып, ол ұры ұстаудан тыйылған деседі (1945 жылғы жинақ, 438-бет).

Өлеңнің 2-шумағының 4-тармағы 1933, 1939, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «Бәрі де *кісі-ақ еді қасалықты*» деп келсе, осы жол 1977 жылғы басылымда «Бәрі де *кісі-ақ қасалықты*» болып өлең ұйқасын құрайтын буын саны жағынан бұзылып беріледі. 1995 жылғы жинақта «*Бәрі де кісі-ақ еді хасалықты*» деп түзетілген.

Өлең мәтіні 1995 жылғы басылым бойынша алынды.

119) «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?» (1894). Бұл өлең 1909 жылғы жинақта басылған (1-бөлік, «Халық туралы»).

Абай шығармаларының 1954, 1957, 1961, 1977 жылғы жинақтарында М. Ю. Лермонтовтан аударма деп берілген.

Тұрағұл Абай аудармаларына тоқтағанда бұл өлеңді атап көрсетпеген. Мұхтар Әуезов Абай М. Ю. Лермонтовтың «Измаил-бей» поэмасының кіріспе толғауын аударғанын айтқан (Әуезов М. Абай Құнанбаев. 192-бет).

1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтар түсінігінде бұл «Измаил-бей» поэмасының екінші бөліміндегі үш шумақ алынып аударылған деп көрсетілген.

1995 жылғы жинақта аударма деп көрсетілмейді. 1921, 1922, 1933, 1939 жылғы Абай шығармалары басылымында да төл туынды есебінде алынған.

Зәки Ахметов Абайдың аударма мұрасын М. Ю. Лермонтовтан аударған туындыларын түгендеп, толықтыру барысында бұрынғы жинақтарда айтылмай жүрген өлеңдерге салыстыру жасап, соның ішінде «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемекке» тоқталады. («Что делать, чтобы легко народом править?») – «перевод отрывка из 2-й части поэмы «Измаил-бей», – деп көрсетеді (Ахметов З. Абай и Лермонтов. 2-с.).

Жеке сөздердің жазылуында, тыныс белгісінің қойылуында айырмашылықтар бар.

Бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

Өлеңнің 1-шумақтың 3-тармағы 1933, 1940, 1945, 1954 жылғы жинақтарда «*Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып*».

1909, 1957, 1977 жылғы жинақ, 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «*Ішің берік, нәпсіге тыюлысып*».

Бұл жинақта аталған тармақ «*Ішің берік нәпсіге тыюлысып*» деп алынды.

1906, 1907 қолжазбалар, 1909, 1954 жылғы еңбектерде 4-шумақтың 3-тармағы «*Жұрт – бала, ешнәрсесін тартып алма*».

1933, 1939 жылғы жинақтарда – «*Жұрт жас бала, жылатып тартып алма*».

1945, 1954, 1957, 1961, 1977 жылғыларда – «*Жұрт бала, ешнірсесін тартып алма*».

1995 – «*Жұрт – жас бала, ешнәрсесін тартып алма*».

1954, 1957, 161, 1977, 1995 жылғы жинақтар түсінігінде бұл өлең М. Әуезов айтқандай кіріспе бөлім емес, «Измаил-бей» поэмасының 2-бөлімінен үш шумақ алынып аударылған деп көрсетілген.

Бұл өлең 1945 жылғы жинақта аударма деп көрсетілмейді.

1921, 1922, 1933, 1939 жылғы Абай шығармалары басылымында да төл туынды есебінде алынған.

«Өлеңнің жалпы сарыны Лермонтовпен үндес болғанмен, Абайдағы сарказм әлдеқайда күшті. Ел билеу психологиясының бұл түрін «сипаттауда» жаңа, мол детальдар қосып, өзінше, еркін кететін тұстары көп» болғандығы себепті де өлең бұл жинақта «Лермонтов үлгісімен» деп берілді.

Лермонтов поэмасындағы мәтін:

Легко народом править, если он
Одною общей страстью увлечен;
Не должно только слишком завлекаться,
Пред ним гордиться или с ним равняться,
Не должно мыслей открывать своих
Иль спрашивать у подданных совета,
И забывать, что лучше гор златых
Иному ласка и слова привета!
Старайся первым быть везде, всегда;
Не забывайся, будь в пирах умерен,
Не трогай суеверий никогда
И сам с толпой умей быть суеверен;
Страшись сначала много успевать.
Страшись народ к победам приучать,
Чтоб в слабости своей он признавался,
Чтоб каждый миг в спасителе нуждался,
Чтоб он тебя не сравнивал ни с кем
И почитал нуждою – принужденья.
Умей отважно пользоваться всем
И не проси никак вознагражденья!
Народ – ребенок: он не хочет дать,
Не покушайся вырвать – но украдь!»

120) «Тұтқындағы батыр» (1894) («Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны»). М. Ю. Лермонтовтың 1841 жылы «Отечественные записки» журналында басылған «Пленный рыцарь» деген өлеңінің аудармасы.

Бұл аудармаға Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында «Лермонтовтан» деген тақырып беріліпті.

1940 жылғы жинақта «Лермонтовтан» деп көрсетілмейді.

Аударманың орысша мәтіні:

ПЛЕННЫЙ РЫЦАРЬ

Молча сижу под окошком темницы;
Синее небо отсюда мне видно:
В небе играют все вольные птицы;
Глядя на них, мне и больно, и стыдно.

Нет на устах моих грешной молитвы,
Нету ни песни во славу любезной;
Помню я только старинные битвы,
Меч мой тяжелый да панцирь железный.
В каменный панцирь я ныне закован,
Каменный шлем мою голову давит,
Щит мой от стрел и меча заколдован,
Конь мой бежит, и никто им не правит.
Быстрое время – мой конь неизменный,
Шлема забрало – решетка бойницы,
Каменный панцирь – высокие стены,
Щит мой – чугунные двери темницы.
Мчись же быстрее, летучее время!
Душно под новой бронею мне стало!
Смерть, как придем, подержит мне стремя;
Слезу и сдерну с лица я забрало!»

121) «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» (1895). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мәтіндік нұсқасы Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) сақталған.

1-шумақтың 4-тармағы 1906 жылғы қолжазбада, 1933, 1939 жылғы жинақтарда «Ойланып *түзелер ме* деп айтқанмын».

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Ойланып *түзеле ме* деп айтқанмын». Өлең бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша алынды.

122) «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» (1895). Өлең алғаш 1909 жылғы кітаптың «Халық туралы» деп аталатын 1-бөлігінде 27-бетте жазылған. Сонымен қатар 1906, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт көшірмелерінде жазба нұсқасы сақталған.

1957, 1977 жылғы жинақтардың түсінігінде бұл өлеңнің 2-шумағының:

«Ет пен қымыз сықылды ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емес», –

болып келген 3, 4-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында жоқ деп көрсетілген.

1906, 1907 жылғы қолжазбаларда:

«Ет пен қымыз секілді ас жоқ дейді,
Ол немене жоқтықтың әсері емей?», –

болып жазылған тармақтар бар. 1909–2020 жылдар аралығында шыққан басылымдарда *«Ол немене жоқтықтың әсері емей?»* деп беріледі.

9-шумақтың 4-тармағы Абай шығармаларының басылымында әр қалай алынып келеді. 1933, 1957, 1977 жылғы жинақтарда басылымында осы тармақ:

«Антұрғанға қосылмай, кел, кет қаңғып», –

деп берілген (1977 жылғы жинақ, 410-бет).

Осы айтылып отырған 9-шумақтың 4-тармағы 1905, 1907 жылғы қолжазбаларда – *«Керегеңе қосылмай кетсін қаңғып».* 1909, 1954, 1995 жылғы жинақтарда *«Антұрғанға қосылмай кетсін қаңғып»* болып беріледі. 1939 жылғы жинақта *«Ант*

ұрғанға қосылма, кетсін қаңғып» деп берілсе, 1945 жылғыда – *«Кезегенге қосылма, кел, кет қаңғып»* нұсқасы алынған.

123) «Балалық өлді, білдің бе?» (1895). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде бар (1906, 1907, 1910). Өлеңдегі 5-тармақ 1909 жылғы жинақта «Кім біледі, *байқұстар*». 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы жинақта – «Кім біледі, *сен кәпір*».

8-тармақ 1907 жылғы қолжазбада *«Әлде, антұрған,* кім білер» болып жазылған. Бұл тармақ 1909 жылғы жинақта – «Әлде, *айланып,* «кім білер».

1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Әлде, *айналып,* кім білер».

9-тармақ 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Боталы түйе секілді».*

1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта – *«сықылды».*

1933 жылғы жинақта 8-тармақта «Әлде айланып шыға алмай».

1939, 1945, 1954, 1957, 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Әлде антұрған кім білер, Боталы түйе секілді» (Қорадан шықпай өлдің бе?)

9-тармақ 1933 жылғыда – «Боталы түйе сияқты».

Соңғы үш тармаққа қатысты 1939 жылғы жинақта «Бұл өлеңнің бірнеше жолындағы өзгеріс Мүрсейіт көшірмесі бойынша киргізілді» деп сілтеме түсінігі берілді.

124) «Лай суға май бітпес қой өткенге» (1895). (Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта «Ой бөлігі» бөлімінде басылған. Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1907, 1910).

1907 жылғы қолжазбада 1-шумақтың 3-тармағы – *«*Сол қасқырша алақтап, түк *таппадық».* 1909, 1933, 1939, 1945, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – *«таппадым».*

3-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта *«*Оймен білген *нәрсеміз бәрі – дәһрі»* деп келген.

1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1945, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«нәрсенің бәрі – дәһрі».*

4-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта – *«Талапты* тағы да ойлап зор қылады». 1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Талпынып* тағы да ойлап зор қылады».

5-шумақтың 2-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1945, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Сонда да* оны ойламай қоя алмаймын» деп келген. 1909 жылғы жинақта *«Сондан* оны ойламай қоя алмаймын» деп берілсе, 2020 жылғы жинақ – *«Содан* оны ойламай қоя алмаймын» нұсқасын береді.

5-шумақтың 1-тармағы 1909, 1933, 1954, 1977, 1995, 2020 жылғы жинақтарда «Көңілге шек, *шүбәлі* ой алмаймын». 1939, 1945 жылғы басылымдарда «Көңілге шек, *шүбһалы* ой алмаймын».

6-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта *«Мекен берген, халиқ қылған ол ләмәкан»* болып жазылған. 1933 жылғы жинақта *«Макан берген, халиқ қылған ламекен»,* 1939 жылғыда *«Мәкен берген, халық қылған ол ламәкен».*

1945 жылғы жинақта *«Мәкән берген, халық қылған ол лә мәкән»* болып берілсе, 1954, 1977 жылғы жинақтарда *«Мекен берген, халық қылған ол лә мәкан»*. 1995 жылғы басылымда – *«Халық қылған», «ләмәкан».*

Бұл жинақта «*Мекен берген, халиқ қылған Ол ләмәкән*» деп берілді. «Ол» деп Жаратушыны айтып отырғандықтан бас әріппен жазылды.

125) «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» (1895). Бұл өлең алғаш 1909 жылғы кітапта «Ой туралы» бөлімінде басылған. Одан бөлек 1906, 1907, 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбаларында көшірме нұсқасы сақталған.

1-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда *«Мені» мен «менікінің»* деген нұсқамен берілген болса, 1906 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақта *«Мені» менен «менікінің» деп басылған.*

Ал 1933 жылғы басылымда *«Мен менен менікінің»,* 1939 жылғыда – *«Менімен менікінің»* болып беріледі.

«Мені» мен «менікі» деген ұғымдарды бөлек және тырнақшамен жазу арқылы Абайдағы «жан мен тән», «мені, менікі» ұғымдарының аражігін ажыратуға, философиялық тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді. Сол себепті жинаққа енгізу барысында осы мәселелер жан-жақты қарастырылды.

Өлеңнің 4-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы кітапта – *«Дүние дос* ақиретке бірдей болмас» деп жазылған. 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда, 1933, 1939, 1945, 1954, 1977, 1995, 2020 жылғы жинақтар бойынша *«Дүниеге дос»* болып берілді.

Салыстыру жасалған нұсқаларда «махшар» – «мәғшар», «ақырет» – «ахірет» болып келген дыбыстық құбылулар бар. Жаңа басылымда «махшарға» деп берілді.

126) Әбдірахман өлгенде («Арғы атасы қажы еді») (1895). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) сақталған. Алғаш 1933 жылғы толық жинақта «Құнанбайға Әбдірахман өлгенде» (178–179-беттер) деген атпен жарияланған.

Өлеңнің 2-тармағы 1933 жылғы жинақта «*Бейістен* татқан *шербетті*» деп келеді. Осы жол 1961 жылғы басылымда «*Бейістен татқай шәрбәтті*», 1977 жылғы жинақта «*Бейістен* татқан *шәрбәтті*»; 1907 жылғы қолжазбада және 1995 жылғы кітапта «*Бейіштен* татқан шәрбәтті» болып басылған. Бұл жинаққа «Бейіштен татқай» деп берілді.

127) Кешегі Оспан ағасы (1895). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) қағазға түскен. Өлең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (180-бет) «Оспанға» деген атпен жарияланған.

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірмесінде және Абайдың 1933 жылдан кейінгі басылымдарының бәрінде өлеңнің 8-жолы «*Алысқанды* денепті» болып жазылған. Дәл осы тармақ 1933 жылғы жинақта «*Алысқанын* денепті» деп басылған. Қолжазбаларда және 1995 жылғы жинақта «*Қадірі қалың, малы көп*» дейтін 13-тармақ 1933 жылғы басылымда «*Қыдыры* қалың, *амалы* көп», 1945 жылғы жинақта «*Қыдыры* қалың, *малы* көп», 1961, 1977 жылғы кітаптарда «*Қадыры* қалың, *малы* көп» боп жазылған.

Өлеңнің тыныс белгілері түзетіліп, бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша алынды.

128) Кешегі өткен ер Әбіш (1895). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) жазылып қалған. Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы толық жинақта (179-бет) «Әбдірахман өлгенде» деген атпен басылған.

Өлең мәтінін әр жылдардағы басылымдармен салыстырғанда, тыныс белгілері

бойынша кемшіліктер кездескенімен, жекелеген сөздерде айырмашылықтар байқалмайды.

Бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша беріліп отыр.

129) Әбдірахман өлгенде («Тұла бойың ұят-ар едің») (1895). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) жазылған. Бұл туынды да «Әбдірахман өлгенде» деген атаумен алғаш 1933 жылғы басылымда (179–180-беттер) жарияланған.

Мүрсейіт көшірмелерінде, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Тұла* бойың ұят-ар едің» дейтін өлеңнің алғашқы жолы 1933, 1939, 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтарда «*Тұл* бойың ұят, ар едің» деп беріліпті. 1907 жылғы қолжазбада «*Ерлікке артық* бар едің» деп келетін 5-тармақ кейінгі басылымдардың бәрінде «*Ерлікке де* бар едің» болып өзгертілген.

130) Әбдірахман өліміне («Жиырма жеті жасында») (1895). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) сақталған. Алғаш 1933 жылғы толық жинақта (180–181-беттер) жарияланған.

Бұл өлеңді Абай Әбдірахманның қазасына орай жоқтау ретінде жазған. 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында «*Жаңа жылдың басшысы –*» деп берілген өлеңнің 13-шумағының бастапқы жолы 1933 жылғы жинақтан бастап барлық басылымдарда «*Жаңа жылдың басшысы – ол*» болып түзетілген.

Мәтін бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша алынды.

131) Әбдірахман өліміне («Талаптың мініп тұлпарын») (1895). Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) бар. Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта (189-бет) басылған.

1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарда өлеңнің жазылған жылы 1896 деп көрсетілген. 1954 жылғы жинақтан бастап Әбдірахманға арналған жоқтау үлгісіндегі циклдік арнау өлеңдер 1895 жылы жазылған шығармалар қатарында басылған.

Өлеңнің «*...бенде* едім», «*Бенде* өлмейді арманнан» деп келетін соңғы шумағының 2–3-тармақтары Мүрсейіттің 1907 жылғы көшірмесі мен 1995 жылғы жинақта «*пенде*» болып жазылған.

Өлең 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

132) Әбдірахманға («Орынсызды айтпаған») (1895). Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) сақталған. Бұл өлең алғаш 1939 жылғы жинақта (239-бет) жылы белгісіз өлеңдер қатарында жарияланған.

Өлеңнің тыныс белгілеріне түзетулер жасалып, 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

133) Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы («Бермеген құлға қайтесің») (1895). Өлең мәтіні Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) жазылған. Жазылған жылы белгісіз өлеңдер қатарында алғаш 1939 жылғы жинақта (240-бет) басылған.

1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында «*Тағдырында* тәбдил жоқ» деп келетін өлеңнің 2-шумағының 3-жолы және осы шумақтың «Қаһарман *Әлі* білекті» дейтін 8-тармағы Абайдың кейінгі басылымдарында «*Тағдырына* тәбдил жоқ», «Қаһарман *Ғали* білекті» боп өзгертілген.

Жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша беріліп отыр.

134) Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы («Жылағанды тоқтатып») (1895). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар. Бұл

өлең алғаш рет «Әбдірахманның келіншегі – Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» деген атпен 1939 жылы жинақта (241–242-беттер) басылған.

Әрхам Ысқақов «Абайдың өмір жолы» естелігінде Мағрифа – Мағыш туралы мынадай деректерді келтіреді: «Әбіш Түмен қаласындағы реальный школды төрт жыл оқып бітіріп келген соң, Абай баласының болашағы зор екенін танып, Петербор қаласына оқуға жібереді.

Әбіш онда төрт жыл оқып, офицер болып үйіне қайтады. Абай енді Әбішті үйлендірмек болады. Баласының ризалығымен сол Шығыс еліне келіп тұрып саудамен байыған татар Ысқақ дегеннің баласы Сүлейменнің Мағрифа деген қызын айттырып алып береді. Әбіш бір жаздай дем алады да, Алматыға қызметке жүрмекші болғанда Мағрифаны өзімен бірге алып кетеді. Бір жылдай Алматы қаласында қызмет істеп тұрып Әбіш демалыс алып елге келгенде, Мағрифа екіқабат болып қалған екен. Енді өз қолымызда босансын деп, Ділдә келіні Мағрифаны алып қалып Әбіш Алматыға жалғыз кетеді.

Әбіш кеткен соң екі-үш айдан кейін Мағрифа босанып қыз табады, атын Рақила қояды.

...Әбіштің қазасынан кейін Мағрифа сарғайып төсек тартып жатып қалды. Бір жылдай шамада қайғыдан о да қайтыс болды» (Абай туралы естеліктер, 146-бет).

Өлеңнің 19-жолы 1977 жылғы жинақта «*Рәсулді* алған бұл өлім» деп басылған. Осы тармақ Мүрсейіт көшірмелері мен Абайдың өзге жинақтарының бәрінде «*Рәсүлді* алған бұл өлім» болып жазылған. Бұл сөз «расулды» деп түзетіліп, өлең мәтіні 1995 жылғы басылымы бойынша берілді.

135) Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау («Айналайын, құдай-ау») (1895). Мәтін Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар. Бұл өлең алғаш «Әбдірахман өлгенде, соның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» деген атпен 1939 жылғы кітапта (243–246-беттер) төрт тармақтан бөлініп жарияланған.

Өлеңнің 1-шумағының 6-жолы 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесінде «Қайғы отына *ашылған*», 8-тармағы «Қапалықты *асыраған*», 2-шумақтың 4-тармағы «Шыққалы *бір мен қарнынан*» болып жазылған. Бұл тармақтар Абайдың кейінгі басылымдарының бәрінде «Қайғы отына *ашынған*», «Қапалықты *асырған*», «Шыққалы *ана қарнынан*» деп түзетілген.

1939 жылғы жинақта 5-шумақтың 3-жолына көп нүкте қойылып, «бұл арада қалған жолдар болу керек» деген сілтеме түсінік беріледі. Осы шумақтың 8-тармағы 1907 жылғы көшірме қолжазбада «*Енді айтып* шыққан *үн*», 1939 жылғы кітапта «*Ойымды айтып* шыққан *күн*» деп берілсе, кейінгі басылымдарда «*Барымды айтып* шыққан *үн*» болып өзгерген. Өлеңнің 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесі мен 1939 жылғы басылымында «Жалғанда болмас *сүйеніш*» деп келетін 8-шумағының 4-тармағы соңғы жинақтарда «Жалғанда болмас *жұбаныш*» болып түзетілген.

Өлең мәтіні бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

136) Көз жұмғанша дүниеден (1895). Өлең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (232–233-беттер) «Әкімбай өлгенде» деген атпен «жылы белгісіз өлеңдер» қатарында жарияланған. 1939 (235–236-беттер), 1945 (261–262-беттер) жылғы басылымдарда да осы атаумен жазылған жылы беймәлім өлеңдер қатарында басылады.

1957, 1977 жылғы жинақтарда «Баласы өлген анаға Абай шығарып берген жоқтау» деген тақырыппен жарияланып, жазылған жылы 1895 деп көрсетіледі. 1961 жылғы біртомдық толық жинақта «Абайдың баласы Әкімбайды жоқтауы» деп беріледі.

Әрхам Ысқақовтың «Абайдың өмір жолы» деген көлемді естелігінде: «Абайдың Әкімбай деген баласын Ысқақ бала ғып алып, сегіз жасында Ысқақтың қолында өлген» (152-бет), – деген деректі келтіреді.

Өлеңнің кімге арналғандығы жайында нақты мәліметтер жоқ.

Абайтанушы Қ. Мұқамедханов: «Шындығында бұл өлеңді алғаш рет М. Әуезов 1925 жылы Семейде шығып тұрған «Таң» журналының 2-санында «Бір немере інісі өлгенде» деген атпен жариялаған» (7-бет), – дей келе, бұл туындыны Абай ағасы Тәңірбердінің баласы Мақұлбайдың қазасына арнап жазғандығын айтады. Ғалым «Ана тегің ондағы, Өзен судың тұнығы» дегенде, Мақұлбайдың нағашысы Кенжеғұлдың Сыбан руының белді биі болғандығын алға тартады. Ал зерттеуші А. Омаров «Әкімбайға» жырының қилы тағдыры» мақаласында: «Ақшоқыда Абай мен інісі Ысқақтың ауылдары өте жақын орналасқан ғой. Мінеки, сол Ысқақтың бала көтермеген әйелі Мәніке Әкімбайды меншіктеп бауырына салып алады, ол қайтыс болғанда, әрине, осы үйден шығарылған. Ел «Абай жолы» эпопеясынан білетін ерке де адуынды Мәніке өмірде де өр мінезді, шақпа тілді бәйбіше болған. Жұртшылық оның тілі мен кәрінен қорқып, «Әкімбай Абайдың баласы» дегенді тісінен шығармаған. Тек қана «Абайдың немере інісі» дескен екен. Мұхтар Әуезовтің «Бір немере інісі өлгенде айтқаны», – дейтіні содан. ...Өлең Әкімбайдың жылдық асында 1875 жылы жазылған», – деп, шығармада «бауыр еті баласына емірене алмай, бар болғаны «немере інім» деп өткен, баласының жанында тек соңғы күндер, соңғы сағатта болған әкенің күйік-зары бар» (Абай әлемі сайтында) деп топшылайды.

Өлеңнің 9-шумағы «Таң» журналында (73-бет) және 1933, 1995 жылғы жинақтарда «...Ием қабыл *алды-ау* деп» болып басылса, кейінгі басылымдардың бәрінде «...Ием қабыл *алды-ақ* деп» болып өзгерген. «Таң» журналында «Күнәлі *көңілім* түйтпеді-ай» дейтін 12-шумақ Абайдың барлық жинақтарында «Күнәлі *нәпсім* түтпеді-ай» деп беріледі. «Таң» журналы мен 1995 жылғы жинақта «Ата *тегің* мұндағы», «Ана *тегің* ондағы» дейтін 13, 14-шумақтар өзге басылымдардың бәрінде «Ата *тегі* мұндағы», «Ана *тегі* ондағы» болып басылған.

Өлең мәтіні бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша беріліп отыр.

137) «Махаббат, достық қылуға, кім де болса тең емес» (1895). 1909 жылғы кітаптың «Переводтар» деп аталған 15-бөлігінде «перевод Лермонтовтан» деген өлеңдер тобында басылған.

1907 жылғы қолжазбада «Переуот Лермонтовтан».

1933 жылғы жинақта «(Лермонтовтан)» деп көрсетілді.

1940 жылғы жинақта «Лермонтовтан» деп айтылмайды.

1945 жылғы жинақта (183-бет): «Махаббат, достық қылуға» болып басылған (183-бет) Лермонтовтан екендігі күмәнді делініпті.

1957 жылғы жинақтың II томында өлеңді Абайдың өз шығармасы деп санаған жөн болатындығы айтылған. 1977 жылғы жинақта бұл өлең Абайдың өз шығармасы ретінде басылған.

Бұл жаңа жинақта да өлеңді Абайдың төл туындысы ретінде берілді.

138) «Рахат, мені тастап, қоймадың тыныш» (1895). Бұл өлең Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы көшірмесінде «Переуот Лермонтовтан» деп берілген. 1909 жылғы жинақтың «Переуодтар» бөлігінде берілгенде кімнің шығармасынан аударма екендігі айтылмайды.

Орысша түпнұсқаның мәтіні:

Хоть давно изменила мне радость,
Как любовь, как улыбка людей,
И померкнуло прежде, чем младость,
Светило надежды моей,
Но судьбу я и мир презираю,
Но нельзя им унизить меня,
И я хладно приход ожидаю
Кончины иль лучшего дня.
Словам моим верить не станут,
Но клянуся в нелживости их:
Кто сам был так часто обманут,
Обмануть не захочет других.
Пусть жизнь моя в бурях несется,
Я беспечен, я знаю давно,
Пока сердце в груди моей бьется,
Не увидит блаженства оно.
Одна лишь сырая могила
Успокоит того, может быть,
Чья душа слишком пылко любила,
Чтобы мог его мир полюбить».

139) «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» (1896). Алғаш рет 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында мәтіндік нұсқасы көшіріліп сақталған (1906, 1907, 1910).

Өлеңнің 2-шумағының 1-тармағы 1961, 1977 жылғы жинақтарда «Мал жияды *мақтанып* білдірмекке» деп басылған.

Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907), 1909, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда бұл тармақ «Мал жияды *мақтанын* білдірмекке» деп жазылған.

1933 жинақта – «*Мал жаяды мақтанын білдірмекке».* Бұл жинақта Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы басылым бойынша берілді.

140) «Туғызған ата-ана жоқ» (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында көшірмесі бар (1906, 1907, 1910).

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

141) «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде сақталған (1906, 1907, 1910).

8-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Дастарқанның байлығын* мақтан көрсең».

1907 жылғы қолжазбада, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Дастарқан мен қатынды* мақтан көрсең».

Өлең мәтіні 1907 жылғы қолжазба, 1909, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдар негізінде берілді.

142) «Сағаттың шықылдағы емес ермек» (1896). Бұл өлең 1906, 1910 жылғы Мүрсейіт қолжазбаларында сақталған.

1909 жылғы басылымында өлеңнің 2-шумағының 3-тармағы *«Махаббат жоқ,* тұрлау жоқ, келді, кетті» болып берілген. Осы тармақ 1939, 1957, 1977, 1995 жылдардағы жинақтарда *«Тиянақ жоқ,* тұрлау жоқ, келді, кетті» деп өзгертілген. Ал 1933 жылғы кітапқа келсек, бұл жерде – *«Қиянат жоқ».*

143) «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (1896). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. «Өлең туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде (1906, 1907, 1910) бар.

Өлеңнің 5-шумағының 3-тармағы 1909 жылғы кітапта «Керім толғап, тауысар *түңғір-күңгір»* болып басылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1933, 1939, 1945, 1995 жылғы басылымдарда «Керім толғап, тауысар *қаңғыр-күңгір»*. 1977 жылғы басылымда – «Керім толғап, тауысар *қоңыр күңгір»*.

Өлеңнің 1933, 1939, 1945, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдарда жазылған соңғы шумағы 1909 жылғы кітапта, Мүрсейіт көшірмелерінде жоқ. Көп нүктемен белгіленген. Осы:

«Жаманға «жар» деген-ақ ән көрінер,
Жақсы ән білсе, айтуға кім ерінер?
Жарамды әнді тыңдасаң, жаның еріп,
Жабырқаған көңілің көтерілер», –

деген шумақты кім, қайдан алып қосқаны басылымдарда көрсетілмеген.

Бұл 9-шумақ 1954 жылғы жинақта жоқ.

1957, 1961 жылғы жинақтарда бар.

1939 жылғыда «*Соңғы бір ауыз өлең 1933 жылғыдан бұрынғы баспалардан қалып қойған (ред.)» деп сілтеме түсінігі берілген.

Өлең бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша алынды.

144) Адамның кейбір кездері (1896). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде бар (1906, 1910).

Өлеңдегі 3-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта *«Қуаттан ойдан бас құрап»* болып келген. Бұл тармақ 1933, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақта *«Қуатты ойдан бас құрап»* болып берілді. Өлеңнің 1909 жылғы кітап бойынша алынған 2-шумағындағы «Сылдырлап өңкей келісім» деп келген тармақ бұл жаңа басылымға, сөз қисынына орай, 1906 жылғы қолжазба бойынша «Сылдырап өңкей келісімі» деп берілді.

Орысша мәтіні:

...Бывает время,
Когда забот спадает бремя,
Дни вдохновенного труда,
Когда и ум и сердце полны,
И рифмы дружные, как волны,
Журча, одна вослед другой
Несутся вольной чередой.
Восходит чудное светило
В душе проснувшейся едва;

На мысли, дышашие силой,
Как жемчуг нижутся слова.
Тогда с отвагою свободной
Поэт на будушность глядит,
И мир мечтою благородной
Пред ним очищен и обмыт.
...Диктует совесть,
Пером сердитый водит ум...
Приличьем скрашенный порок
Я смело предаю позору;
Неумолим я и жесток...

145) «Көк ала бұлт сөгіліп» (1896). Туындының мәтіні алғаш рет 1933 жылғы латын графикалы жинақта жарияланған (1933 жылғы жинақ, 189-бет). «*Көк ала*» деген сөздің 1961 жылғы жинақта «*Көкала*», ал, «*өне бойың*» деген сөздің 1945 жылғы басылымда «*өне-бойың*» деп жазылғанын есепке алмағанда, басылымдар арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

146) Рахымшалға («Сұлу аттың көркі – жал») (1896). Өлең алғаш 1933 жылғы жинақта (190-бет) жарияланған. Бұл жинақтың түсінігінде өлеңнің өз ауылының кісісі Көжекбайдың баласы Рахымшалға арналғандығы айтылады. Ол өзі табиғатынан бос, болбыр әрі тәрбиесіз жігіт болғанға ұқсайды. Соның бір тентектеу мінезін кешке дөң басында отырып көріп, сонда айтқан делінеді (1933 жылғы жинақ, 327-бет). Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

147) «Қатыны мен Масақбай» (1896). Бұл өлең де тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта басылған (189-бет). Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1910) бар.

1933 жылғы жинақта өлең екі адамның айтысы түрінде басылды.

Өлеңдегі Масақбай дейтін адам Абайдың інісі Ысқақтың ауылымен көрші екен. Әйелі екеуі жиі ұрысып, мінездері сыйыспайтын болса керек (1933, 321-бет). Осыларға қаратып айтылған бұл өлеңнің өлшемі жеті тармақты жаңа түрмен жазылған.

Өлең бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

148) Күйісбайға («Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға») (1896). Өлең тұңғыш рет 1933 жылғы толық жинақта (230-бет) басылған және жазылған жылы 1903 жыл деп көрсетіледі.

«Тобықтының Мамай руынан шыққан Күйісбайдың Серікбай деген туысы Көтібақ Әбілхайырдың бір айғырын ұрлайды. Күйісбай «сол айғырды таптырып берем» деп Абайға уәде етеді. Бірақ антын бұзып, сөзбұйдаға сала берген соң, Абай осы өлеңді жазған» (1961 жылғы жинақ, 612-бет).

Өлең мәтіні бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша алынды.

149) Дүйсенқұлға («Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып») (1896). Бұл бір шумақ өлең алғаш 1933 жылғы толық жинақта (231-бет) «Мырзағұлға» деген атпен жылы белгісіз өлеңдер қатарында жарияланған. 1939 жылғы жинақта да (233-бет) жылы белгісіз өлеңдер қатарында «Дүйсенқұлға» деген атпен басылады.

«Дүйсенқұл Абаймен ауылдас адам болған. Ол Жақып дегеннің күйеуден шыққан ауру қызын алыпты. Бұрында бірнеше рет әйелін тастап, ылғи жесір әйелдерді алған болса керек. Сондай қылығын мысқылдап, Абай осы бір өлеңді шығарған» (1961 жылғы жинақ, 612-бет).

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

150) Разаққа («Мына үйде отыр Разақ») (1896). Өлең алғаш 1933 жылғы жинақта (232-бет) «Ыразаққа» деген атаумен жылы белгісіз өлеңдер қатарында жарияланған.

«Разақ Абай еліндегі қожалар ауылының жігіті болған. Бірде Абай ауылына келіп тұрып, Абайдың үйіне бармай, замандасы Әубәкірдің үйіне түседі. Соны естіп Абай осы өлеңді шығарған» (1939 жылғы жинақ, 275-бет).

Бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

151) «Ғашықтық іздеп тантыма» (1896). Алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта жарияланған. Бұл бір шумақ өлеңнің мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1907, 1910 жылғы көшірме қолжазбалары негізінде басылып келеді.

1939 жылғы жинақта 4 және 5-тармақтардың орны 1907 жылғы қолжазба бойынша:

«Өлгенше болар бар ма дос?
Өткен өмір – бейне түс», –

деп, ауысып түскен.

1933, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда:

«Өткен өмір – бейне түс
Өлгенше болар бар ма дос?», –

деп, 1910 жылғы қолжазба негізінде түзетілген.

Бұл өлең М. Ю. Лермонтовтың «И скучно, и грустно» туындысының мына екінші шумағынан аударылған:

Любить... Но кого же?... На время – не стоит труда.
А вечно любить невозможно...
В себя ли заглянешь? – там прошлого и нет следа:
И радость, и муки, и всё там ничтожно...

Абайда осы өлең аудармасының «Әм жабықтым, әм жалықтым» деп басталатын тағы бір нұсқасы бар екені белгілі.

Өлең 1995 жылғы басылымы бойынша алынды.

152) «Ой» («Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы») (1896). Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (Лермонтовтың «Дума» деген бәйітінен деп берілген).

Қолжазба мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының көшірмелерінде сақталған (1906, 1907, 1910).

Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбалары мен (1906, 1907), 1909, 1995 жылғы жинақтарда, тармақтардың орын тәртібі мен өлеңнің соңғы шумағына қатысты айырма бар.

2-шумақтағы 2-тармақ Мүрсейіт қолжазбасында (1906) «*Ақтық жерін*, ақылға кеш енгенін» болып жазылған.

1907 жылғы қолжазбада, 1909, 1995 жылғы басылымдарда бұл тармақ «*Аптық жерін*, ақылға кеш енгенін».

Орыс тіліндегі түпнұсқа мәтінде бұл тармақ «Ошибками отцов» тіркесімен басталған.

Өлеңнің 3-шумағындағы 3-тармақ 1906 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында, 1909 жылғы кітаптарда «Ұлыққа қошеметшіл, құл секілді» деп жазылған.

27 – 9113

Орысша түпнұсқа:

Д У М А

Печально я гляжу на наше поколенье!
Его грядущее – иль пусто, иль темно,
Меж тем, под бременем познанья и сомненья,
В бездействии состарится оно.
Богаты мы, едва из колыбели,
Ошибками отцов и поздним их умом,
И жизнь уж нас томит, как ровный путь без цели,
Как пир на празднике чужом.
К добру и злу постыдно равнодушны,
В начале поприща мы вянем без борьбы;
Перед опасностью позорно малодушны,
И перед властию – презренные рабы.
Так тощий плод, до времени созрелый,
Ни вкуса нашего не радуя, ни глаз,
Висит между цветов, пришлец осиротелый,
И час их красоты – его паденья час!
Мы иссушили ум наукою бесплодной,
Тая завистливо от ближних и друзей
Надежды лучшие и голос благородный
Неверием осмеянных страстей.
Едва касались мы до чаши наслажденья,
Но юных сил мы тем не сберегли;
Из каждой радости, бояся пресыщенья,
Мы лучший сок навеки извлекли.
Мечты поэзии, создания искусства
Восторгом сладостным наш ум не шевелят;
Мы жадно бережем в груди остаток чувства –
Зарытый скупостью и бесполезный клад.
И ненавидим мы, и любим мы случайно,
Ничем не жертвуя ни злобе, ни любви,
И царствует в душе какой-то холод тайный,
Когда огонь кипит в крови.
И предков скучны нам роскошные забавы,
Их добросовестный, ребяческий разврат;
И к гробу мы спешим без счастья и без славы,
Глядя насмешливо назад.
Толпой угрюмою и скоро позабытой,
Над миром мы пройдем без шума и следа,
Не бросивши векам ни мысли плодовитой,
Ни гением начатого труда.
И прах наш, с строгостью судьи и гражданина,
Потомок оскорбит презрительным стихом,
Насмешкой горькою обманутого сына
Над промотавшимся отцом».

(1995 жылғы жинақ, 245-бет).

Өлеңнің 6-шумағының 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта «Лап бергіш, көті ойланғыш, қайта ойланғыш».

1939 жылғыда – «Лап бергіш, көп ойланғыш, қайта ойланғыш» болса, 1945 жылғы жинақта – «көт айналғыш». 1954 жылғы кітапта – «...», 1957 жылғыда – «К...», 1961-де – «К... айналғыш».

153) «Қанжар» («Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап») (1896). 1909 жылғы жинақта (15-бөлік, Переуодтар) (Лермонтов. Кенжал) деп берілген.

«М. Ю. Лермонтовтың «Кинжал» атты өлеңінің аудармасы.

Өлеңнің 1-шумағының 1-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының қолжазба көшірмесі (1906) мен 1909 жылғы жинақта «Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап» болып берілген.

1907 жылғы қолжазба мен 1995 жылғы кітапта – «Сүйкімді болат қанжар, тұрсың жайнап».

Осы тармақты 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбасы (1906) бойынша қалдырдық.

Орысша түпнұсқасы:

К И Н Ж А Л

Люблю тебя, булатный мой кинжал,
Товарищ светлый и холодный.
Задумчивый грузин на месть тебя ковал,
На грозный бой точил черкес свободный.

Лилейная рука тебя мне поднесла
В знак памяти, в минуту расставанья,
И в первый раз не кровь вдоль по тебе текла,
Но светлая слеза – жемчужина страданья.
И черные глаза, остановясь на мне,
Исполненны таинственной печали,
Как сталь твоя при трепетнем огне,
То вдруг тускнели, то сверкали.
Ты дан мне в спутники, любви залог немой,
И страннику в тебе пример не бесполезный;
Да, я не изменюсь и буду тверд душой,
Как ты, как ты, мой друг железный.

Өлең бұл жинаққа 1909 жылғы басылым бойынша алынды.

154) «Альбомға» (1896) («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды»). «Шығарманың мәтіні 1909 жылғы жинақта басылған. Мүрсейіт қолжазбаларында да бар.

«М. Ю. Лермонтовтың «В альбом» («Нет! – Я не требую вниманья») деген өлеңінің аудармасы.

Лермонтовтағы түпнұсқа:

В А Л Ь Б О М

1

Нет! – я не требую вниманья
На грустный бред души моей,
Не открывать свои желанья
Привыкнул я с давнишних дней.
Пишу, пишу рукой небрежной,
Чтоб здесь чрез много скучных лет

От жизни краткой, но мятежной
Какой-нибудь остался след.

2

Быть может, некогда случится,
Что, все страницы пробежав,
На эту взор ваш устремится,
И вы промолвите: он прав;
Быть может, долго стих унылый
Тот взгляд удержит над собой,
Как близ дороги столбовой
Пришельца – памятник могилы!..

155) «Көк тұман алдындағы келер заман» (1897). Аталған өлең 1909 жылғы кітапта «Көк туған – алдындағы келер заман» болып басылған (6-бөлік. «Нәсихат туралы»).

Өлең Мүрсейіт көшірмелерінде сақталған (1906, 1907, 1910). 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1995 жылғы жинақтарда 2-шумақтың 2-тармағы «Келер, кетер, артында *із* қалдырмас» болып берілген. Бұл тармақ 1961, 1977 жылғы кітаптарда «Келер, кетер артына *түк* қалдырмас» деп жазылған. 1907 жылғы көшірмеде – «Келер, кетер, артына *қол* қалдырмас». 1961 жылғы басылымда бұл өлең 1896 жылғы жарыққа шыққан өлеңдер қатарында берілген.

1907 жылғы қолжазбада өлеңнің соңғы 4 шумағы жеке өлең болып жазылған. Бұл шумақ 1909, 1933, 1939, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Көк тұман – алдындағы келер заманмен» бір шығарма есебінде басылған.

1977 жылғы жинақта, 1907 жылғы қолжазбада нұсқада, 1909-1995 жылғы аралықта шыққан кітаптарда берілген «Малға сат, пайдаға сат қылығыңды» деп басталатын 5-шумақ жоқ.

Өлең Мүрсейіт қолжазбаларымен, 1909–1995 жылдар аралығындағы басылымдармен салыстырылып, тыныс белгілері бойынша жекелеген түзетулер енгізіліп берілді.

156) «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» (1897). Өлең 1909 жылғы жинақта басылған (5-бөлік. «Насихат туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында (1907, 1910) бар. 1907 жылғы қолжазбада өлең «Абай ағам шығарған сөз» деген тақырыппен берілген.

Өлеңнің жазылған мерзімі «Абай» энциклопедиясында 1896 жыл деп көрсетілген.

157) «Алла деген сөз жеңіл» (1897). Абайдың 1897 жылы жазған «Алла деген сөз жеңіл» деген өлеңі алғаш рет 1909 жылы араб әліппесімен жарық көрген кітапта жарияланған. Алайда мәтін түгел емес, алғашқы екі шумақ қана басылған. 1933 жылғы басылымда да осы екі шумақ қана берілген. Бұл өлең 1939 жылғы басылымнан бастап, толық жарияланып келеді.

Мүрсейіт қолжазбаларында бұл өлең «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!» туындысымен бірге көшірілген. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы басылымдарда осы өлеңнің алғашқы шумағы төмендегіше берілген:

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз *жол емес*.

Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі Хаққа *қол емес*.

1995 жылғы басылымда екінші және төртінші жолдарда келетін *«жол» емес», «қол емес»* сөздерінің орны ауысып түскен.

Негізі, «Аллаға ауыз жол емес» деген сөз дұрыс. Себебі, имани куәлікті тілмен айтып, жүрекпен бекіту бар. Ақынның мұнда айтып отырғаны Алланы танудың жолы – жүрек дегенге саяды.

Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымда екінші шумақтың бірінші тармағы «*Дуниенің* барша қуаты» деп берілген. Осы жол 1933 жылғы кітапта «*Денің* барша қуаты» деп қате басылған. 1939, 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда бұл тармақ «*Дененің* барша қуаты» болып жарияланған. Бұл жаңа басылымда *«Дененің»* нұсқасы алынды.

Үшінші шумақтың «Неге мәужүт ол *куә*» деген жолдағы «*куә*» сөзі 1961, 1995 жинақтарда «*қуа*» болып қате басылған. Ақын мұнда *«ол куә»* деп, Жаратушының бар екендігіне «ынталы жүрек, шын көңіл» ғана ешбір шүбәсіз куә болатынын айтып отыр.

158) «Құр айғай бақырған, құлаққа ән бе екен?» (1897). Өлең алғаш рет Самат Әбішұлы Нұржанов бастырған «Абай термесі» (Орынбор, 1916) атты жинақта басылым көреді. 1933 жылғы жинаққа енген. Өлең мәтіні Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1910).

Өлеңнің 2-шумағы 1977 жылғы жинақта:

Өңкей надан антұрған,
Қанша айтса, жан ба екен.
Бос жүріп, қор қылған
Өміріңе сән бе екен? –

деп басылған.

1933 жылғы жинақта (195-бет).

...Бос жүріп құр қалған
Өмірі кән бе екен? –

деп басылған («Сән бе екен» деген бірінші шумақта айтылған). «Абай термесінде»:

Өңкей надан антұрған,
Не десе де жөн бе екен?
Бос жүріп құр қалған
Өміріңе сән бе екен?

деп басылған.

159) «Мен сәлем жазамын, қарағым, қалқама» (1897). «Бұл өлең тұңғыш рет 1933 жылғы жинақта жарияланған (195–196-беттер). Мүрсейіт Бікіұлының көшірмелерінде жоқ.

1939, 1945, 1954 жылғы жинақтарда 3-шумақтың 4-тармағы «*Тозады* енді ажарым» болып берілген. 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдарда – «*Тозды* енді ажарым». Жаңа басылымға осы нұсқа алынды.

160) «Соры қалың соққы жеген пышанамыз» (1897). Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (196-бет). Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1910 жылдардағы қолжазба көшірмелерінде мәтіндік нұсқасы сақталған.

Тұрағұл Абайұлы «Әкем Абай туралы» естелігінде өленнің жазылу себебіне тоқталады: «Жауласқан ел болыстықты алған бетімен тұрмай, менің әкеме, біздің елге қорлық, зорлық қыла бастапты. Өздері қалап, сайлап алған старшындарына мөр бастырып, 1886 жылы менің әкемді жер аудартпақшы болған... Приговорларына шет Шубас елдердің де қосылғандары болыпты. Жазығы болмаса да, пәленшені мұқатқан деген сөзді өздеріне абырой көргендері болса керек. «Дала уәлаяты» деген газетке менің әкемді қажыға ас бермеді деп жамандап, Кереку жағының біреуі: «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі» деп жазған. Сондайлардың мінезіне:

Соры қалың соққы жеген пышанамыз
Қайтіп суып, жалғаннан күсе аламыз.
Құр дәрімен атқанға өлмейді екен,
Өмірі мақтаншаққа нысанамыз, –

деп, елдің жабылып мазасын алғанына:

Күшік ит бөрі ала ма жабылса да,
Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да.
Арсыз адам арсаңдап арсылдайды,
Әр жерде керегеге таңылса да, –

дейді (Абай туралы естеліктер, 194-бет).

Өленнің жазылған уақыты 1897 (1995 жылғы жинақта), 1986 («Абай» энциклопедиясы) жылдар деп екі түрлі көрсетілген. Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының қайтыс болған уақытын мөлшерлегенде, өлең 1896–1897 жылдары жазылды дегенге келмейді. Құнанбай 1886 жылы қайтыс болған. Абайдың ел билігіне қызу араласқан кезі де сол сексенінші жылдар.

161) «Ғабидоллаға» («Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын») (1897). Бұл өлең алғаш рет 1916 жылы Самат Әбішұлы құрастырған «Абай термесі» жинағында жарияланған. Екінші рет 1933 жылғы толық жинақта (196-бет) басылды.

«Өленді Абай өз ауылындағы татар Ғабитхан молданың ұлы Ғабидолла деген жігітке айтқан. Ол бір уақыт сауда қылып, мал тапқанына мастанып, «Абай, Абай дейсіңдер, осы Абайларың кім өзі» деп асқақтап сөйлеген көрінеді. Соны естіген соң, ызадан туған өлені. Оның әңгімесінің ішінде болып, астамшылық сөзін естіп отырған Абайдың он алты жастағы немересі Әубәкір қолма-қол суырыпсалып Ғабидоллаға:

Ит ылықса, болып тоқ,
Танымайды иесін.
Борбайыңды көтеріп,
Әр бұтаға енесің.
Екі ені бар айғыр да
Таниды ғой биесін.
Тыныш жатқан кісіге
Өзің келіп тиесің, –

депті» (1995 жылғы жинақ, 251-бет).

1933 жылғы жинақта өленнің алғашқы тармағы «Жазғытұрым *қалтиған* бір жау қазын» деп берілсе, кейінгі басылымдарда «Жазғытұрым *қылтиған* бір жауқазын» болып басылған.

Өлең мәтіні бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

162) «Құлақтан кіріп, бойды алар» (1897). Алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (2-бөлік. «Өлең туралы»).

Өлең М. Ю. Лермонтовтың «Звуки» атты шығармасының сарынымен жазылған. Орысша мәтін төмендегідей:

Что за звуки! неподвижен внемлю
Сладким звукам я;
Забываю вечность, небо, землю,
Самого себя.
Всемогущий! что за звуки! жадно
Сердце ловит их,
Как в пустыне путник безотрадной
Каплю вод живых!
И в душе опять они рождают
Сны веселых лет
И в одежду жизни одевают
Все, чего уж нет.
Принимают образ эти звуки,
Образ милый мне;
Мнится, слышу тихий плач разлуки,
И душа в огне.
И опять безумно упиваюсь
Ядом прежних дней,
И опять я в мыслях полагаюсь
На слова людей.

163) «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» (1897). «Бұл үш шумақ өлең ең алғаш 1940 жылғы жинақта (II том, аудармалары мен қарасөздері, 108-бет) М. Ю. Лермонтовтан аударған «Қасиетті дұға» атты өленің соңғы үш шумағы ретінде басылған.

1945 жылғы жинақта (198-бет), 1954 жылғы жинақта және 1957 жылғы жинақта «Қасиетті дұға» өленіне жалғастырылып, 1940 жылғы жинақ бойынша басылған. 1977 жылғы жинақта «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» деп басталатын үш шумағы Абайдың өз өлені ретінде беріледі.

...Өленнің басқы он екі жолы Лермонтовтың «В минуту жизни трудную» деп басталатын («Өмірден тепкі көрсем жазығым жоқ») өленінің аудармасы.

...Ал өленнің «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» деген жерінен бастап, қалған он екі жолы Абайдың өзіне тән өлең көрінеді. Лермонтов өленінде айтылған ойпікірді, қосымша өлендермен Абайдың өзінше толықтырғаны байқалады» (1940, II т., 262-бет), – деп түсінік беріледі.

Бұл басылымда 2020 жылғы жинақта берілген мәтінге тыныс белгілері бойынша түзету жасалды.

164) «Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?» (1897). М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» поэмасынан аударма.

Абай поэманың II, III бөлімдерін аударған. 1907 жылғы қолжазбада «Өлмекке бұйырылған жазасыз адамның сөзі. Лермонтов» деп тақырып қойылған. 1909 жылғы жинақта (Өлімге бұйырылған жазасыз адам. Лермонтов) деп, жақшамен беріледі. 1940 жылғы жинақта бұл өлең Лермонтовтан аударма деп көрсетілмеген.

1945 жылғы жинақта – «Лермонтовтан».

Өлеңнің 2-шумағының 3-тармағы 1909 жылғы жинақта «Ол шалдар қыршын жасты тыйғанменен» болып алынған. 1995 жылғы жинақта – «Ол шалдар қыршын жасты қиғанменен».

Өлең негізгі ойды сақтап, еркін аударылған. Шумақтар орны әр басылымда өзгергенімен, негізгі мазмұнға нұқсан келмейді.

Шығарманың мәтіні 1909 жылғы жинақ негізінде Мүрсейіт қолжазбалары, басқа да басылымдармен салыстырып, 1995 жылғы екі томдық бойынша берілді.

Түпнұсқаның Абай аударған мәтіні:

II

«Ты здесь опять! напрасный труд!...
Не говори, что божий суд
Определяет мне конец,
Все люди, люди, мой отец...
Пускай погибну, смерть моя
Не продолжит их бытия,
И дни грядущие мои
Им не присвоить – и в крови,
Неправой казнью пролитой,
В крови безумца молодой,
Согреть им вновь не суждено
Сердца, увядшие давно;
И гроб без камня и креста,
Как жизнь их ни была свята,
Не будет слабым их ногам
Ступенью новой к небесам.
И тень невинного, поверь,
Не отопрет им рая дверь.
Меня могила не страшит.
Там, говорят, страданье спит
В холодной вечной тишине,
Но с жизнью жаль расстаться мне;
Я молод – молод, – знал ли ты,
Что значит молодость, мечты?
Или не знал – или забыл,
Как ненавидел и любил,
Как сердце билося живей
При виде солнца и полей
С высокой башни угловой,
Где воздух свеж и где порой,
В глубокой скважине стены
Дитя неведомой страны,
Прижавшись, голубь молодой
Сидит, испуганный грозой!
– Пускай теперь прекрасный свет,
Тебе постыл – ты слеп, ты сед,

И от желаний ты отвык;
Что за нужда? – ты жил, старик;
Тебе есть в мире что забыть!
Ты жил! я также мог бы жить!

III

«Ты слушать исповедь мою
Сюда пришел – благодарю;
Не понимаю; что была
У них за мысль? – мои дела
И без меня ты должен знать –
А душу можно ль рассказать?
И если б мог я эту грудь
Перед тобою развернуть,
Ты верно не прочел бы в ней,
Что я преступник иль злодей.
Пусть монастырский ваш закон
Рукою неба утвержден;
Но в этом сердце есть другой,
Ему не менее святой;
Он оправдал меня – один
Он сердца полный властелин;
И тайну страшную мою
Я неизменно сохраню,
Пока земля в урочный час
Как двух друзей не примет нас.
Доселе жизнь была мне плен
Среди угрюмых этих стен,
Где детства ясные года
Я проводил, бог весть куда!
Как сон, без радости и бед
Промчались тени лучших лет,
И воскресить те дни едва ль
Желал бы я – а все их жаль!
Зачем, молчание храня,
Так грозно смотришь на меня?
Я волен... я не брат живых.
Судей бесчувственных моих,
Не проклинаю... но, старик,
Я признаюся, мой язык
Не станет их благодарить
За то, что прежде, может быть,
Чем луч зари на той стене
Погаснет в мирной тишине,
Я, свежий, пылкий, молодой,
Который здесь перед тобой,
Живу, как жил тому пять лет,
Весь превращуся в слово: нет!..
И прах, лишенный бытия,
Уж будет прах один, – не я!»

165) «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» (1897). 1909 жылғы жинақта (Лермонтов) деп басылды.

М. Ю. Лермонтовтың «Я не хочу, чтобы свет узнал» деген өлеңінің аудармасы. 1907 жылғы қолжазба және 1940 жылғы жинақта Лермонтов шығармасынан аударма деп көрсетілмеді.

Өлең 1909 жылғы жинақта шумаққа бөлінбей, «Дұға» өлеңімен бір өлең ретінде басылған.

Орыс тіліндегі мәтін:

Я не хочу, чтоб свет узнал
Мою таинственную повесть:
Как я любил, за что страдал, –
Тому судья лишь бог да совесть!..
Им сердце в чувствах даст отчет,
У них попросит сожаленья;
И пусть меня накажет тот,
Кто изобрел мои мученья;
Укор невежд, укор людей
Души высокой не печалит, –
Пускай шумит волна морей,
Утес гранитный не повалит;
Его чело меж облаков
Он двух стихий жилец угрюмый,
И, кроме бури да громов,
Он никому не вверит думы...

166) Дұға («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің») (1897). М. Ю. Лермонтовтың «Молитва» деген өлеңінің аудармасы.

Бұл өлең 1909 жылғы жинақта «Менің сырым, жігіттер, емес оңай» өлеңінің 5, 6, 7-шумақтары болып жалғасады. 1906, 1907 жылғы қолжазбаларда «Өмірде ойға түсіп кем-кетігің» деген 3 шумақ өлең болып жазылыпты.

1995 жылғы жинақта «Дұға» деп берілген жеке өлең.

Өлеңнің орысша мәтіні:

МОЛИТВА

В минуту жизни трудную
Теснится ль в сердце грусть:
Одну молитву чудную
Твержу я наизусть.

Есть сила благодатная
В созвучье слов живых,
И дышит непонятная,
Святая прелесть в них.
С души как бремя скатится,
Сомненье далеко –
И верится, и плачется,
И так легко, легко...

167) «Қасиетті дұға» (1897) («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»). М. Ю. Лермонтовтың «Дұға» («Молитва») атты шығармасының екінші нұсқасы.

1907 жылғы қолжазбада «Қасиетті дұға» (М. Ю. Лермонтовтан) деп жазылыпты.

1977 жылға дейінгі басылымдарда «Ерекше естен кетпес қызық қайда?» деп басталатын 3 ауыз өлең осы аудармаға қосылып беріліп келген.

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша алынды.

168) «Болды да партия, ел іші жарылды» (1898). Мүрсейіт көшірмелерінде бар (1906, 1910).

Өленнің 2-шумағының 4-тармағы 1909 жылғы басылымында, 1933 жылғы жинақта «Ақыл мен нарынді» болып берілген. Одан бергі жылдары шыққан кітаптарда – «Ақыл мен нәріндi».

Өленнің 4-шумағының 1-тармағы 1933 жылғы кітапта «*Үйімнен үй* бөліп» деп берілген. Қалған басылымдарда – «*Ойымнан ой* бөліп».

Өленнің 5-шумағы 1909, 1995 жылғы жинақтарда:

«*Ойым да ақ, жарым да ақ,*
Кеңімді, тарымды
Қарасам пайымдап,
Сөзің сол сарынды».

1939 жылғы кітапта:

«*Ойымды ақ, жарымды ақ,*
Кеңімді, тарымды
Қарасам байымдап,
Сөзің сол сарынды».

Бұл тармақ 1933 жылғы кітапта «*Үйімді ақ, жарымды ақ*» деп берілсе, 1961 жылғы басылымда «*Ойымды-ақ, жарымда-ақ*» болып жазылады.

Өлең бұл басылымында 1933 жылғы жинақ бойынша Мұхтар Әуезов өз қолымен түзеткен нұсқада алынды.

169) «Қуаты оттай бұрқырап» (1898). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1907, 1910).

1907 жылғы қолжазбада, 1933–1995 жылдар аралығында шыққан жинақтарда 1-шумақтың 3-тармағы «Жаңбырлы жайдай *сырқырап*» болып жазылған. 1909 жылғы жинақта – «*зырқырап*».

Өлең бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

170) «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» (1898). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған. (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт қолжазбаларында бар (1906, 1910).

Өлендегі 1-шумақтың 4-тармағы 1909, 1939, 1945, 1954, 1961 жылғы кітаптарда – «*Желікпен* жерге тықпас кісің бар ма?». 1933 жылғыда – «*Желік пен* жерге тықпас кісің бар ма?». Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) «*Желігін* жерге тықпас кісің бар ма?» деп берілген. 1977, 1995 жылғы жинақтарда қолжазба бойынша жазылған.

Өленнің 1909, 1933 жылғы басылымдарында «Ет жүрексіз ерніңнің айтпа сөзін» деп басталатын 3-шумақ берілмеген. Бұл шумақ 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында бар. 1939 жылдан бастап шығып келе жатқан жинақтарда 3-шумақ толық беріліп келеді.

Өлең бұл басылымда әр жылдардағы басылымдарды салыстыру негізінде берілді.

171) «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» (1898). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт жазбаларында бар (1906, 1910).

3-шумақтың 3-тармағы 1933 жылғы жинақта «Екі күймек бір жанға *әделет пе?*» деп берілсе, 1939, 1945 жылғы кітаптарда – «Екі күймек бір жанға *ғаделет пе?*».

Өлеңнің 4-шумағының бастапқы жолы 1977 жылғы жинақта «*Жүрегімнің* түбіне терең бойла» деп берілсе, 1909 жылдан бастап барлық жинақтарда – «*Жүрегіңнің* түбіне терең бойла».

Өлеңнің соңғы шумағындағы 1-тармақ 1909, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «Ішім толған у мен *өрт*, сыртым дүрдей» болып басылған. Бұл тармақ Мүрсейіт жазбасында «Ішім толған у мен *от*, сыртым дүрдей» болып жазылған.

Өлең мәтіні 1909 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр.

172) «Жүректе қайрат болмаса» (1898). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (5-бөлік. «Ой туралы»).

Өлеңнің 2-шумағының 3, 4-тармақтары 1909 жылғы кітапта:

«Қартыңның ойы шар тартқан
Әдет жеңіп күңгірттер».

Мүрсейіт қолжазбасында (1906):

«Қартаңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп, күңгірттер».

1977, 1995 жылғы жинақтарда:

«Қартыңның ойы шар тартқан
Әдеті жеңіп күңгірттер».

Өлеңдегі «Үміт етіп таласып» деп келген 3-шумақтағы соңғы тармақ 1906 жылғы қолжазбада берілген.

173) Жаманбаланың баласы өлгенде (Белгілі сөз: «өлді, өлді») (1898). Өлең тұңғыш 1933 жылғы жинақта (218-бет) басылған.

Бұл бір ауыз өлеңді «Абай өзінің Жаманбала деген кедей көршісінің баласы өлгенде айтты» (1933 жылғы жинақ, 327-бет).

Мәтін тыныс белгісі түзетіліп, 1995 жылғы басылым бойынша алынды.

174) «Күн артынан күн туар» (1898). 1933 жылғы жинақта алғаш рет басылған Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) бар. 1945 жылғы жинақта сарыны Лермонтовқа келеді, бірақ өз өлеңі деп түсінік берген.

1933, 1939, 1945 жылғы басылымдарында «Ой артынан ой *туар*» болып келген 3-тармақ 1957, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Ой артынан ой *қуар*» деп алынған.

175) «Ауру жүрек ақырын соғады жай» (1898). Өлең Мүрсейіт жазбаларында сақталған (1906, 1907, 1910).

Өлеңнің 1954 жылғы басылымында 2-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының 1910 жылғы қолжазба көшірмесі негізінде «Қараңғы саңырау ойды қайғы *жеген*» болып берілген. 1957, 1977 жылғы жинақтарда Мүрсейіт Бікіұлының 1906, 1907 жылғы көшірме қолжазбаларына сүйеніп «Қараңғы саңырау ойды қайғы *жеңген*» деп түзетіліпті.

Осы басылымды әзірлеу барысында өлең мәтіні Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы қолжазба көшірмесі мен 1977, 1995 жылғы жинақтардағы нұсқалары бойынша салыстырылды.

Мүрсейіт қолжазбасында тармақтардың шумақтағы орны ауысып отырған.

1977, 1995 жылғы кітаптарда өлең бес шумақ, жиырма жол болып басылған.

Бұл басылымда өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

176) «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» (1898). 1909 жылғы жинақта алғаш басылған (15-бөлік, «Переуодтар»).

Өлең Абайдың негізгі басылымдарының барлығында берілген. Лермонтовтың өлеңі деп жорамалданып, осы өлеңнің түпнұсқасы ретінде қабылданып келген шығарманың орысша мәтіні:

И ты думаешь, будто я хладен и нем?
Малютка, под этим молчанием
Таится ужасная буря, зачем
Вырываться наружу ей тяжким рыданием?
Что я гордо смотрю на презренных людей,
Ты за то ли меня упрекаешь?
Но те люди торгуют рукою твоей,
Твоим сердцем хотят торговать. Ты их знаешь...
Дай мне руку твою! Посмотри мне в глаза!
Я без слез горько плакать умею,
Твои же слезы блестят как ночная роса,
На заре, поутру, освежая лилею.
Тебе легче – ты можешь в слезах выливать
Муки сердца. А я! Я родился
Мужчиной, я должен безмолвно страдать:
Своих собственных слез я б невольно стыдился.
Но поверь, если б ты вдруг меня поняла
И вгляделась в бесслезные очи:
Ты б от ужаса плакать забыла, и я
За тебя стал бы плакать все дни и все ночи.

Мүрсейіт Бікіұлының 1906 жылғы қолжазбасында бұл өлең «Жазба. Қалқам-ау, мен үндемей жүремін көп» деген атаумен 91–92-беттерде жазылған. 1907 жылғы қолжазбада «Лермонтов» деп жазылған. 1933-те – «Лермонтовтан». Ал 1940 және 1995 жылғы басылымдарда «Лермонтов» деп көрсетпейді. 1954 жылғы жинақтың түсінігінде алғаш рет бұл өлеңнің Лермонтовтікі емес екендігі айтылды.

Өлеңнің 1-шумағының 2-тармағындағы тырнақшамен берілген «*отсыз, ойсыз, тұйық жан*» сөздері 1909 жылғы жинақ пен 1995 жылғы кітапта тырнақшасыз берілген. «*Тұйық*» сөзі «*суық*» боп жазылып келген.

Өлеңнің 2-шумағындағы 1-тармақ 1907 жылғы қолжазба, 1909, 1939, 1940, 1954 жылғы жинақтарда – «Антұрған *ел* көзіне тік қараймын». 1945 жылғыда – «Ант ұрған *ел* көзіне *тек* қараймын». 1995 жылғы кітапта «Антұрған *жұрт* көзіне тік қараймын» болып алынған.

3-шумақтың 3-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбасында «Айал адам гүлмен тең, *демде* сүймек» деп жазылған. Ал 1995 жылғы басылымда – «Әйел адам гүлмен тең, *дымды* сүймек».

3-тармақ 1909 жылғы кітапта «Жүрегімді кескілеп *салып* жүрген» болып жазылған. 1995 жылғы жинақта «Жүрегімді кескілеп *сатып* жүрген» деп алынған.

Өлең бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

177) «Теректің сыйы» («Асау терек долданып, буырқанып») (1898). Абайдың бұл туындысы М. Лермонтовтың «Дары Терека» деген өлеңі негізінде дүниеге келген.

Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларында «Наполеон. Теректің сыйы» деген атпен көшірілсе, 1909 жылғы литографияда «Лермонтов. Теректің сыйы» деген атпен берілген. 1933 жылғы басылымда «Лермонтовтан» деп жарияланса, қалған жинақтарда «Теректің сыйы. Лермонтовтан» деп басылған.

2-шумақтың алғашқы екі жолы 1933 жылғы кітапта:

Қапқаздан шықты *қинап,* қылып у-шу,
Тұз жерден ақыл кіріп ұлғайды су, –

деп басылған. Осы екі тармақ Мүрсейіт қолжазбалары мен қалған басылымдарда төмендегіше келетіні белгілі:

Кавказдан шықты *жайнап,* қылып у-шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.

3-шумақтың «Кавказдай құзда туған *перзенттенмін»* деп келетін 1-тармағындағы «*перзенттенмін*» деген сөз 1940, 1961 жылғы басылымдарда «*перзентіңмін*» болып берілген.

Осы шумақтың 2-тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1933, 1940 жылғы басылымдарда «Бұлттың *сүтін ішіп* ержеткенмін» деп жарияланған. 1961, 1995 жылғы жинақтарда «*сүтін еміп*» деп берілген.

4-шумақтың 2-тармағы 1933 жылғы кітапта «*Көнбейтұғын* күшімді көрсеткенмін» деп басылған. Осы жолдың алғашқы сөзі басқа басылымдарда «*Көнбей, бүгін* күшімі көрсеткенмін» деп берілген.

Осы шумақтың 3-тармағы 1933 жылғы алғашқы толық басылымда «Екі езуім көпіріп айқай *салып*» деп жазылған. Бұл тармақтың соңғы сөзі басқа басылымдарда «*айқайласам*» деп келеді.

5-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Аптығып *асауына* келді, ақсақал!» деп көшірілген. Басылымдардың бәрінде бұл жол «Аптығып *асау інің* келді, ақсақал!» деп берілген.

7-шумақтың 3-тармағы 1933 жылғы жинақта «Бақша, *зауат жағалай* қылдым талқан» деп берілген. Осы жол қалған басылымдарда «Бақша, *зауат, жайларды* қылдым талқан» деп басылған.

7-шумаққа қосарлана келетін «Қартаң Каспий *қалғыған* бойыменен» дегендегі «*қалғыған*» сөзі Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1922, 1923 жылғы басылымдарында «*қалтиған*» болып берілген.

Соңғы шумақтың «Қатынды *алды*, қытықсыз араласты» деген тармағы 1933 жылғы кітапта «Қатынды *алып* қытықсыз араласты» болып берілген.

178) «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» (1898). Ақынның бұл туындысы М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» атты өлеңінің тәржімасы. Мүрсейіттің қолжазбаларында, сондай-ақ, 1909, 1933, 1940, 1945, 1961, 1995 жылғы басылымдарда берілген.

Өлең мәтіні қолжазбалармен, барлық басылымдармен тексерілді.

179) «Шайтан» (1898) («Мұңлы шайтан құдайдың қуған жаны»). Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (15-бөлік, «Переуодтар»).

М. Ю. Лермонтовтың «Демон» атты поэмасынан аударма.

Бұл өлең 1909 жылғы кітапта (Лермонтовтан) деп берілген.

Мәтіндік тұрғыда 1907 жылғы қолжазба мен 1909, 1995 жылғы жинақтарда айырмашылықтар бар:

1-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы кітапта «Күнәлі жер *кез болып* бір ұшқаны» деп алыныпты. 1907 жылғы қолжазба көшірмесінде, 1995 жылғы жинақта – «*кез келіп*».

4-шумақтағы 2-тармақ 1909 жылғы жинақта – «*Өрде* жалғыз отырмақ ойында бар».

Абай шығармаларының кейінгі негізгі басылымдарында – «*Төрде* жалғыз отырмақ ойында бар».

Сондай-ақ, осы басылымда кейінгі бірқатар жинақтарда «Түгел *білем* қайда екен деп іздеген» деген жол (3-шумақ, 2-тармақ) «Түгел *білім* қайда екен деп іздеген» деп түзетіліп беріліп отыр.

Түпнұсқа еркін аударылған. Өлеңнің соңғы шумақтарын Абай өз жанынан қосып шығарған.

Соңғы шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы кітапта «Өлмес *адам*, қайрат, күш – бәрі менде» болып жазылған.

1995 жылғы кітапта «Өлмес *өмір*, қайрат күш – бәрі менде» деп түзетілген. Өлең бұл басылымында осы түзетулер бойынша беріліп отыр.

ДЕМОН

Восточная повесть

ЧАСТЬ I

Печальный Демон, дух изгнанья,
Летал над грешною землей,
И лучших дней воспоминанья
Пред ним теснилися толпой;
Тех дней, когда в жилище света
Блистал он, чистый херувим,
Когда бегущая комета
Улыбкой ласковой привета
Любила поменяться с ним,
Когда сквозь вечные туманы,
Познанья жадный, он следил
Кочующие караваны
В пространстве брошенных светил;
Когда он верил и любил,
Счастливый первенец творенья!
Не знал ни злобы, ни сомненья,
И не грозил уму его
Веков бесплодных ряд унылый...

И много, много... и всего
Припомнить не имел он силы!

II

Давно отверженный блуждал
В пустыне мира без приюта:
Вослед за веком век бежал,
Как за минутою минута,
Однообразной чередой.
Ничтожной властвуя землей,
Он сеял зло без наслажденья.
Нигде искусству своему
Он не встречал сопротивленья –
И зло наскучило ему.

180) «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (1898). Шығарма алғаш 1909 жылғы жинақта (15-бөлік, «Переуодтар») жарияланған. Мүрсейіт көшірмелерінде бар.

Өлең ертеректе Лермонтовтан аударма деп есептеліп келген. 1909 жылғы жинақта «Переуод бөтен орыс өлеңінен» деп беріледі. 1954 жылғы екі томдықта (II том, 51-бет) оның «Разбитое сердце» деген орыс романсынан (сөзі В. А. Крыловтікі, сазы – А. Рубинштейндікі) тәржімаланғаны көрсетілген. З. А. Ахметовтың «Лермонтов и Абай» атты кітабында (А. 1954) анықталған (35–36-бб.)

Өлеңнің 1-шумағының 2-тармағы 1909 жылғы жинақта «*Қара жерге бас ұрып сұлағанын*» деп берілсе, 1940, 1945, 1957, 1977, 1995 жылғы шыққан басылымдарда «*Бас ұрып қара жерге сұлағанын*» болып жазылған.

Өлеңнің 3-шумағының 3-тармағы Мүрсейіт қолжазбасында «Күн шуақтап *бейшара* қалт-құлт етіп» деп жазылған. 1909, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Күн шуаққа *жылынар* қалт-құлт етіп» болып берілген. 1940, 1945 жылғы жинақта «Күн шуақта *жатады,* қалт-құлт етіп» деп берілген. Осында 4-тармақтың басындағы сөз Мүрсейіт жазбасында «*Онан*», 1909, 1940, 1945, 1977, 1995 жылғы кітапта «*Одан*» болып жазылған.

4-шумақ Мүрсейіт көшірмесінде «Мен көрдім *асық* жардан *уағдасыздық*» болып жазылған. Бұл 1909 жылғы кітап пен 1940, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Мен көрдім *ғашық* жардан *уәдесіздік*» болып берілген. Осы шумақтың 3-тармағы 1957, 1977 жылғы басылымдарда «Жылы жүрек суынды, жара түсті» болып жазылған. Ал 1909, 1940, 1945, 1995 жылғы басылымдарда «Жылы жүрек суыды, жара түсті» деп келеді. Өлеңнің соңғы шумағының 1, 2-тармағы Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында:

«Мен көрдім дүние деген иттің көтін,
Жеп жүрген көп бірінің біреу етін».

1909, 1922, 1933 жылғы жинақтарда:

«Дүние деген шіркіннің көрдік көтін,
Бірінің жеп жүрген көп біреуі етін».

Орыс тіліндегі түпнұсқада бұл соңғы шумақ жоқ.

Өлеңнің орысша мәтіні:

РАЗБИТОЕ СЕРДЦЕ

Я видел березку – сломилась она,
Верхушкой к земле преклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.
Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость, и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.
Стрелка видел я, как он лань подстрелил,
Животное пало в крови и без сил,
Со смертью бороться оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло.
Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову –
И с сердцем разбитым живу да живу.

181) «Емен мен шілік» (1898) («Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті»). Шығарма алғаш 1909 жылғы жинақта (15-бөлік, «Переуодтар») жарияланған. «И. А. Крыловтың «Дуб и трость» атты мысалының аудармасы.

Бұл өлең 1909 жылғы жинақта (Переуод Крыловтан) болып берілді. 1995 жылғы кітапта «Емен мен шілік» атауымен (И. А. Крыловтан) деп көрсетіліп басылды.

3-шумақтың 3-тармағы 1995 жылғы басылымда «Сенің қорыққан дауылың – маған өлкек» деп берілген. Жаңа басылымға да «*маған өлкек*» нұсқасы алынды.

1907 жылғы қолжазба нұсқада 4-шумақтың 1, 2-тармақтарының орны ауысқан.

Бұл аударма жекелеген түзетулермен басылып отыр.

Орысша мәтіні мынадай:

ДУБ И ТРОСТЬ

С Тростинкой Дуб однажды в речь вошел.
«Поистине, роптать ты вправе на природу, –
Сказал он, – воробей, и тот тебе тяжел.
Чуть легкий ветерок подернет рябью воду,
Ты зашатаешься, начнешь слабеть
И так нагнешься сиротливо,
Что жалко на тебя смотреть.
Меж тем, как, наравне с Кавказом, горделиво,
Не только солнца я препятствую лучам,
Но, посмеваяся и вихрям, и грозам,
Стою и тверд и прям,
Как будто б огражден ненарушимым миром.
Тебе все бурей – мне кажется зефиром.
Хотя б уж ты в окружности росла,
Густою тению ветвей моих покрытой,
От непогод бы я быть мог тебе защитой;

28 – 9113

Но вам в удел природа отвела
Брега бурливого Эолова владенья:
Конечно, нет совсем у ней о вас раденья». –
«Ты очень жалостлив, – сказала Трость в ответ, –
Однако не крушись: мне столько худа нет,
Не за себя я вихрей опасаюсь;
Хоть я и гнусь, но не ломаюсь:
Так бури мало мне вредят;
Едва ль не более тебе они грозят!
То правда, что еще доселе их свирепость
Твою не одолела крепость
И от ударов их ты не склонял лица;
Но – подождем конца!»
Едва лишь это Трость сказала,
Вдруг мчится с северных сторон
И с градом, и с дождем шумящий аквилон.
Дуб держится, – к земле Тростиночка припала,
Бушует ветер, удвоил силы он,
Взревел – и вырвал с корнем вон
Того, кто небесам главой своей касался
И в области теней пятою упирался.

182) «Қазаға ұрынған қарашекпен» (1898) («Қорасына бір байдың»). И. А. Крыловтың «Крестьянин в беде» атты мысалының аудармасы. Шығарманың мәтіні алғаш 1909 жылғы жинақта «Қазаға ұрынған қара» (Крыловтан)» деп жарияланған (15-бөлік, «Переуодтар»).

Аударма өлеңдегі 3-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*Қайғысыз* жатып, қарны тоқ» деп берілген. Ал 1909 жылғы жинақта «*Жайынша* жатып, қарны тоқ» деп жазылған.

3-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1995 жылғы нұсқада «Сыр жалаңаш түк те жоқ», 1909 жылғы жинақта 8-шумақтың 1-тармағы «Ағайынын, *достарын*» деп жазылған. Бұл тармақ 1940, 1945, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «Ағайынын, *дос-жарын*» деп басылған. Ал 1957, 1961 жылғы нұсқаларында «Ағайынын, *досшарын*». Аталған тармақтың жаңа басылымда 1909 жылғы нұсқасы алынды.

Бұл жинақта 3-шумақтың 3-тармағы «Тыр жалаңаш, түк те жоқ» болып өзгертіліп берілді.

КРЕСТЬЯНИН В БЕДЕ

К Крестьянину на двор
Залез осенней ночью вор;
Забрался в клеть и, на просторе,
Обшаря стены все, и пол, и потолок,
Покрал бессовестно, что мог:
И то сказать, какая совесть в воре!
Ну так, что наш мужик, бедняк,
Богатым лег, а голью встал такою,
Хоть по-миру поди с сумою;
Не дай бог никому проснуться худо так!

Крестьянин тужит и горюет,
Родню сзывает и друзей,
Соседей всех и кумовей.
«Нельзя ли», говорит: «помочь беде моей?»
Тут всякий с мужиком толкует,
И умный свой дает совет.
Кум Карпыч говорит: «Эх, свет!
Не надобно было тебе по миру славить,
Что столько ты богат».
Сват Климыч говорит: «Вперед, мой милый сват,
Старайся клеть к избе гораздо ближе ставить». –
«Эх, братцы, это все не так»,
Сосед толкует Фока:
«Не то беда, что клеть далека,
Да надо на дворе лихих держать собак;
Возьми-ка у меня щенка любого
От Жучки: я бы рад соседа дорогого
От сердца наделить,
Чем их топить».
И словом, от родни и от друзей любезных
Советов тысячу надавано полезных,
Кто сколько мог,
А делом ни один бедняжке не помог.

На свете таково ж: коль в нужду попадешься,
Отведай сунуться к друзьям:
Начнут советовать и вкось тебе, и впрямь:
А чуть о помощи на деле заикнешься,
То лучший друг
И нем и глух.

183) «Жарлы бай» (1898) («Жаман үйде жалғыз шал»). И. А. Крыловтың «Бедный богач» деген мысалының аудармасы. Шығарма алғаш 1909 жылғы жинақта «Переуодтар» деп аталған 15-бөлікте 32-өлең болып басылды. 1995 жылғы кітапта «Жарлы бай» (И. А. Крыловтан) деп берілген.

1909, 1945, 1957, 1961, 1995 жылғы жинақтардағы «Санап ала бер дағы» деп басталған шумақтың «Қанша керек болса да, Міне дәулет, міне мал» болып жалғасатын тармақтары Мүрсейіт қолжазбасында жоқ (1907).

Бұл шумақтың 2-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда – «*Дегеніндей* бола қал». Ал тұңғыш жинақта – «*Айтқаныңдай*».

1909 жинақтағы «Дорбаға кедей жабысты» деп аяқталатын он төртінші шумақтан кейінгі он бесінші шумақ:

Айтқаныңдай дорбаға
Қолын тықты, бірді алды.
Және бірі дап-дайын,
Есі шықты, таң қалды.

«Дорбаға кедей жабысты» болып аяқталған шумақтан соң Мүрсейіт қолжазбасында (1907) бұл шумақ жалғаспайды. Онда былай жазылған:

Қолын салды, бір алды,
Ала берсе жәні бір.
Тіллә дайын қол салды.
Есі шығып, таң қалды.

1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда соңғы тармағы «Есі шығып, таң қалды».

1940, 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтардағы 17-шумақтың 1-тармағы «*Деп қалбақтап* түн бойы» десе, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Қалбалақтап* түн бойы» деп жазылады. Осы шумақтың 3-тармағында 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғыда «Қанша *алтын* алса да» десе, 1909 жылғыда – «Қанша *алтынды* алса да» болады.

1940, 1945, 1977, 1995 жылы ұсынылған еңбектерде 21-шумақтың 2-тармағы «Дарияға *таман жүз барған*» деп берілсе, 1909, 1957, 1961 басылымдарда «Дарияға *жүз барған*».

Аталған шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы тұңғыш жинақта «*Ертеңгеше* тұрсын, өлмен», – деп жазылса, 1954, 1957, 1977, 1995 жылғы басылымдар бұл жолды «*Бүгінше* тұрсын, өлмен», – деп береді. Бұл жаңа нұсқада аталған тармақ таңдалды.

Өлеңнің соңғы шумағының соңғы тармағы 1940 жылғы басылымда «Құр нәпсіден не пайда?» болып жазылса, 1909, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995-те «Қу нәпсіден» болып беріледі.

Өлең әр жылдары жарық көрген басылымдарды салыстыру нәтижесінде берілді.

БЕДНЫЙ БОГАЧ

«Ну стоит ли богатым быть,
Чтоб вкусно никогда ни сьесть, ни спить
И только деньги лишь копить?
Да и на что? Умрем, ведь все оставим.
Мы только лишь себя и мучим, и бесславим.
Нет, если б мне далось богатство на удел,
Не только бы рубля, я б тысяч не жалел,
Чтоб жить роскошно, пышно,
И о моих пирах далеко б было слышно;
Я даже делал бы добро другим.
А богачей скупых на муку жизнь похожа».
Так рассуждал Бедняк с собой самим,
В лачужке низменной, на голой лавке лежа;
Как вдруг к нему сквозь щелочку пролез,
Кто говорит – колдун, кто говорит – что бес,
Последнее едва ли не вернее:
Из дела будет то виднее,
Предстал – и начал так: «Ты хочешь быть богат,
Я слышал, для чего; служить я другу рад.
Вот кошелек тебе: червонец в нем, не боле;
Но вынешь лишь один, уж там готов другой.
Итак, приятель мой,

Разбогатеть теперь в твоей лишь воле.
Возьми ж – и из него без счету вынимай,
Доколе будешь ты доволен;
Но только знай:
Истратить одного червонца ты не волен,
Пока в реку не бросишь кошелька».
Сказал – и с кошельком оставил Бедняка.
Бедняк от радости едва не помешался;
Но лишь опомнился, за кошелек принялся,
И что ж?– Чуть верится ему, что то не сон:
Едва червонец вынет он,
Уж в кошельке другой червонец шевелится.
«Ах, пусть лишь до утра мне счастие продлится!»
Бедняк мой говорит:
«Червонцев я себе повытаскаю груду;
Так, завтра же богат я буду –
И заживу, как сибарит».
Однако ж поутру он думает другое.
«То правда», говорит: «теперь я стал богат;
Да кто ж добру не рад!
И почему бы мне не быть богаче вдвое?
Неужто лень
Над кошельком еще провесть хоть день!
Вот на дом у меня, на экипаж, на дачу;
Но если накупить могу я деревень,
Не глупо ли, когда случай к тому утрачу?
Так удержу чудесный кошелек:
Уж так и быть, еще я поговею
Один денек,
А, впрочем, ведь пожить всегда успею».
Но что ж? Проходит день, неделя, месяц, год –
Бедняк мой потерял давно в червонцах счет;
Меж тем он скудно ест и скудно пьет;
Но чуть лишь день, а он опять за ту работу.
День кончится, и, по его расчету,
Ему всегда чего-нибудь недостает.
Лишь кошелек нести сберется,
То сердце у него сожмется:
Придет к реке, – воротится опять.
«Как можно», говорит: «от кошелька отстать,
Когда мне золото рекою само льется?»
И, наконец, Бедняк мой поседел.
Бедняк мой похудел;
Как золото его, Бедняк мой пожелтел.
Уж и о пышности он более не смекает:
Он стал и слаб, и хил; здоровье и покой,
Утратил все; но все дрожащею рукой
Из кошелька червонцы вон таскает.

Таскал, таскал... и чем же кончил он?
На лавке, где своим богатством любовался,
На той же лавке он скончался,
Досчитывая свой девятый миллион.

184) «Есек пен бұлбұл» (1898) («Тойған есек шөпті оттап маңайдағы»). «И. А. Крыловтың «Осел и Соловей» атты мысалының аудармасы. Алғаш 1909 жылғы жинақта «Переуодтар» бөлігіндегі 33-ретпен шумаққа бөлініп басылған. 1995 жылғы кітапта «Есек пен бұлбұл» деген атаумен (И. А. Крыловтан) деп берілген.

1909, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда 4-шумақтың 3-тармағы «*Жел соқпай, құс шуламай,* бәрі жым-жырт» болып беріліпті. Қолжазба нұсқада (1907) «*Құс шуламай, жел соқпай,* бәрі жым-жырт» деп жазылған.

6-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбасында «*Ән салуға екенсің* сен-дағы епті» деп берілсе, қалған жинақтарда «*Екенсің ән салуға* сен-дағы епті».

1909 жылғы жинақтағы 6-шумақтың «*Сол* сықылды сыншының сөзін естіп» дейтін 3-тармағы 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Бұл* сықылды сыншының сөзін естіп» болып беріледі.

1909, 1940, 1945, 1957, 1961 жылғы жинақтарда соңғы шумақтың 1-тармағы «Демеймін *мені* мақтасын» деп берілген. Алайда 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Демеймін *жұрт* мақтасын» деп берілген. Осы шумақтың соңғы тармағында 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Сүйтсе де *мұндай* сыншыдан» деп беріпті. 1909 жылғы жинақта – «Сүйтсе де *ондай* сыншыдан». 1940, 1945 жылғыда – «Құдайым бізді сақтасын».

Бұл жаңа басылымда салыстырмалы зерттеулер негізінде беріліп отыр.

Мысалдың орысша мәтіні мынадай:

ОСЕЛ И СОЛОВЕЙ

Осел увидел Соловья
И говорит ему: «Послушай-ка, дружище!
Ты, сказывают, петь великий мастерище:
Хотел бы очень я
Сам посудить, твое услышав пенье,
Велико ль подлинно твое уменье?»
Тут Соловей являть свое искусство стал:
Защелкал, засвистал
На тысячу ладов, тянул, переливался;
Но нежно он ослабевал
И томной вдалеке свирелью отдавался,
То мелкой дробью вдруг по роще рассыпался,
Внимало все тогда
Любимцу и певцу Авроры;
Затихли ветерки, замолкли птичек хоры,
И прилегли стада.
Чуть-чуть дыша, пастух им любовался
И только иногда,
Внимая Соловью, пастушке улыбался.

Скончал певец. Осел, уставясь в землю лбом,
«Изрядно», говорит: «сказать неложно,
Тебя без скуки слушать можно;
А жаль, что незнаком
Ты с нашим петухом:
Еще б ты боле навострился,
Когда бы у него немножко поучился».
Услыша суд такой, мой бедный Соловей
Вспорхнул и – полетел за тридевять полей.

Избави, бог, и нас от этаких судей.

185) «Қарға мен бүркіт» (1898) («Қой жайылып жаздыгүн»). И. А. Крыловтың «Вороненок» атты мысалының аудармасы. 1909 жылғы кітапта «Переуодтар» бөлімінде 34-өлең болып «Қарға мен бүркіт. Крылов» берілген. 1907 жылғы көшірмесінде – «Қойшы мен қарға». 1995 жылғы жинақта «Қарға мен бүркіт» (И. А. Крыловтан) деп көрсетілген.

1909, 1940 жылғы жинақтарда 4-тармақ «Сорғалап келіп *араға*» болып жазылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Сорғалап келіп *ыраға*».

Өлең салыстырмалы түзетулер арқылы беріліп отыр.

Крылов мысалының түпнұсқа мәтіні:

ВОРОНЕНОК

Орел
Из-под небес на стадо налетел
И выхватил ягненка,
А Ворон молодой вблизи на то смотрел.
Взманило это Вороненка,
Да только думает он так: «Уж брать, так брать,
А то и когти что марать!
Бывают и орлы, как видно, плоховаты,
Ну, только ль в стаде что ягняты?
Вот я как захочу
Да налечу,
Так царский подлинно кусочек подхвачу!»
Тут Ворон поднялся над стадом,
Окинул стадо жадным взглядом:
Из множества ягнят, баранов и овец
Высматривал, сличал и выбрал, наконец,
Барана, да какого?
Прежирного, прематерого,
Который доброму б и волку был в подъем.
Изладясь, на него спустился
И в шерсть ему, что силы есть, вцепился.
Тогда-то он узнал, что добычь не по нем.

Что хуже и всего, так на баране том
Тулуп такой был прекосматый,
Густой, всклокоченный, хохлатый,
Что из него когтей не вытеребил вон
Затейник наш крылатый,
И кончил подвиг тем, что сам попал в полон.
С барана пастухи его чинненько сняли;
А чтобы он не мог летать,
Ему все крылья окарнали
И детям отдали играть.
Нередко у людей то ж самое бывает,
Коль мелкий плут
Большому плуту подражает:
Что сходит с рук ворам, за то воришек бьют.

186) «Шегіртке мен құмырсқа» (1898) («Шырылдауық шегіртке»). Өлең 1909 жылғы кітапта «Крыловтан» деп көрсетіліп, «Шырылдауық шегіртке» атауымен «Переводтар» бөлігінің 36-өлеңі болып басылған. И. А. Крыловтың «Стрекоза и муравей» атты мысалының аудармасы.

3-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазбада – «Жылы *жүз* жоқ, тамақ жоқ». 1909, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Жылы *жаз* жоқ, тамақ жоқ» деп берілген.

4-шумақтың 2-тармағы 1940, 1945 жылғы кітаптарда – «Қар *көрініп*, қыс болды». 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Қар *көрінді*, қыс болды».

6-шумақтың 3-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Қарағым, жылыт, *орын* бер». 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «Қарағым, жылыт, *тамақ* бер».

7-шумақ 1909 жылғы жинақта «*Оның*, жаным, сөз емес» болып басталған. 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Мұның*, жаным, сөз емес».

9-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада – «Ала жаздай ән *салып*». 1909, 1940, 1945, 1957, 1961, 1995 жылғы жинақтарда – «Ала жаздай ән *салсаң*».

Өлең 1909 жылғы жинақ бойынша берілді.

Орысша мәтіні:

СТРЕКОЗА И МУРАВЕЙ

Попрыгунья Стрекоза
Лето красное пропела;
Оглянуться не успела,
Как зима катит в глаза.
Помертвело чисто поле;
Нет уж дней тех светлых боле,
Как под каждым ей листком
Был готов и стол, и дом.
Все прошло: с зимой холодной
Нужда, голод настает;
Стрекоза уж не поет:

И кому же в ум пойдет
На желудок петь голодный!
Злой тоской удручена,
К Муравью ползет она:
«Не оставь меня, кум милой!
Дай ты мне собраться с силой
И до вешних только дней
Прокорми и обогрей!»
«Кумушка, мне странно это:
Да работала ль ты в лето?»
Говорит ей Муравей.
«До того ль, голубчик, было?
В мягких муравах у нас
Песни, резвость всякий час,
Та, что голову вскружило», –
«А, так ты...» – «Я без души
Лето целое все пела». –
«Ты все пела? это дело:
Так поди же, попляши!

187) «Әншілер» (1898) («Көршіні көрші шақырды). Алғаш 1909 жылғы жинақта (15-бөлік, «Переуодтар») жарияланған, Мүрсейіт қолжазбаларында хатқа түскен. Мәтіні И. А. Крыловтың «Музыканты» атты мысалының аудармасы.

Өлеңнің орысша мәтіні:

МУЗЫКАНТЫ

Сосед соседа звал откушать;
Но умысел другой тут был:
Хозяин музыку любил
И заманил к себе соседа певчих слушать.
Запели молодцы: кто в лес, кто по дрова,
И у кого что силы стало.
В ушах у гостя затрещало,
И закружилась голова.
«Помилуй ты меня», сказал он с удивлением:
«Чем любоваться тут? Твой хор
Горланит вздор!» –
«То правда», отвечал хозяин с умиленьем:
«Они немножечко дерут;
Зато уж в рот хмельного не берут,
И все с прекрасным поведеньем».

А я скажу: по мне уж лучше пей,
Да дело разумей.

188) «Ала қойлар» (1898) («Бір таудағы хайуанды бір арыстан»). И. А. Крыловтың «Пестрые овцы» атты мысалынан аударма. Мысал өлең алғаш 1909 жылғы басылымда «Крылов» деп жарияланған. 1995 жылғы жинақта «Ала қойлар» (И. А. Крыловтан) деп берілген.

Өлең 1909 жылғы басылымы бойынша берілді.
Орысша мәтіні:

ПЕСТРЫЕ ОВЦЫ

Лев пестрых не взлюбил овец.
Их просто бы ему перевести не трудно;
Но это было бы неправосудно –
Он не на то в лесах носил венец,
Чтоб подданных душить, но им давать расправу;
А видеть пеструю овцу терпенья нет!
Как сбыть их и сберечь свою на свете славу?
И вот к себе зовет
Медведя он с Лисою на совет –
И им за тайну открывает,
Что, видя пеструю овцу, он всякий раз
Глазами целый день страдает,
И что придет ему совсем лишиться глаз,
И, как такой беде помочь, совсем не знает.
«Всесильный Лев!» – сказал, насупяся, Медведь:
«На что тут много разговоров?
Вели без дальных сборов
Овец передушить. Кому о них жалеть?»
Лиса, увидевши, что Лев нахмурил брови,
Смиренно говорит: «О, царь! наш добрый царь!
Ты верно запретишь гнать эту бедную тварь –
И не прольешь невинной крови.
Осмелюсь я совет иной произнести:
Дай повеленье ты луга им отвести,
Где б был обильный корм для маток
И где бы поскакать, побегать для ягняток;
А так как в пастухах у нас здесь недостаток,
То прикажи овец волкам пасти.
Не знаю, как-то мне сдается,
Что род их сам собой переведется,
А между тем пускай блаженствуют оне;
И что б ни сделалось, ты будешь в стороне».
Лисицы мнение в совете силу взяло, –
И так удачно в ход пошло, что, наконец,
Не только пестрых там овец –
И гладких стало мало.
Какие ж у зверей пошли на это толки? –
Что Лев бы и хорош, да все злодеи волки.

189) «Қарға мен түлкі» (1898) («Жұрт біледі, күледі»). И. А. Крыловтың «Ворона и лисица» атты мысалының аудармасы. Аударма Абай шығармаларының барлық басылымдарында енгізіліп келеді.

Өлеңнің 13-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945 жылғы кітаптарда

«*Тойып* алып, шүкірлік» болып берілген. Ал 1909, 1961, 1995 жылғы басылымдарда «*Бір жеп* алып, шүкірлік» болып беріледі.

1909 жылғы жинақтағы «*Ойлап* қарап тұрады» дейтін 16-тармағы 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «*Ойланып* қарап тұр еді» болып берілген.

1909 жылғы, 1940 жылғы жинақтарда «*Жақындап* барып барлайды» деген 20-тармақ 1945-те – «*Жақындап* барып барлады», 1907 жылғы қолжазбада, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғыларда «*Ептеп* барып барлайды» болып жазылған.

Өлеңнің орысша мәтіні:

ВОРОНА И ЛИСИЦА

Уж сколько раз твердили миру,
Что лесть гнусна, вредна; но только все не впрок,
И в сердце льстец всегда отыщет уголок.

Вороне где-то бог послал кусочек сыру;
На ель Ворона взгромоздясь,
Позавтракать было совсем уж собралась,
Да позадумалась, а сыр во рту держала.
На ту беду Лиса близехонько бежала;
Вдруг сырный дух Лису остановил:
Лисица видит сыр, – Лисицу сыр пленил.
Плутовка к дереву на цыпочках подходит;
Вертит хвостом, С Вороны глаз не сводит
И говорит так сладко, чуть дыша:
Голубушка, как хороша!
Ну что за шейка, что за глазки!
Рассказывать, так, право, сказки!
Какие перушки! Какой носок!
И, верно, ангельский быть должен голосок!
Спой, светик, не стыдись! Что, ежели, сестрица,
При красоте такой и петь ты мастерица, –
Ведь ты б у нас была царь-птица!»
Вещуньина с похвал вскружилась голова,
От радости в зобу дыханье сперло, –
И на приветливы Лисицыны слова
Ворона каркнула во все воронье горло:
Сыр выпал – с ним была плутовка такова.

190) «Қарға мен түлкі» (1898). («Боқтықта талтаңдап»). 1995 жылғы кітапта «Қарға мен түлкі» (И. А. Крыловтан) деп берілген. И. А. Крыловтың жоғарыда келтірілген мысалының екінші нұсқадағы аудармасы. Абай шығарманың жалпы мазмұнын алып, мейлінше еркін аударған, тіпті өзіндік төлтума шығарма тудырған деуге болады. Бұл нұсқа Абай шығармаларының 1940 жылы II томында (133–134-беттер) алғаш рет басылды. 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында жазылған.

1907 жылғы қолжазбада берілген «*Дейтұғын емес құ* қайдан» дейтін тармақ 1940, 1945, 1961, 1995 жылғы басылымдарда «*Дейтін емес* қайдан».

1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда 46-тармақ «Асық боп *келіп* ем» болып жазылған. 1945 жылғы жинақта – «Асық боп *өліп* ем».

Бұл жинақта аталған өлең жекелеген түзетулер бойынша беріліп отыр.

191) «Бақа мен өгіз» (1898) («Қарасаң тым-ақ көп»). И. А. Крыловтың «Лягушка и вол» деген мысалының аудармасы. Өлең алғаш рет 1909 жылғы жинақта «Бақа мен бұқа» (Крылов) деген атпен басылған. 1995 жылғы жинақта «Бақа мен өгіз» (И. А. Крыловтан) деп көрсетілген.

Өлеңдегі 6-шумақ 1909 жылғы жинақта «Ісіндің, *күпіндің*» болып басылған. 1907 жылғы қолжазбада, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Ісіндің, *кебіндің*» болып жазылады.

7-шумақтың 1-тармағы 1907 жылғы қолжазба, 1940, 1945 жылғы жинақтарда – «*Жетем* деп кеп кіжініп». Ал 1909, 1961, 1995 жылғы кітаптарда «*Күшенді* кеп кіжініп» болып берілген.

7-шумақтың 3-тармағы 1940, 1945 жылғы кітапта «*Үлкейдім* деп ісініп» болып берілсе, 1909, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғыларда «*Өстім* ғой» – деп ісініп» болып жазылады. Осы шумақтың соңғы тармағы 1909, 1940, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылы шыққан басылымдарда «Дейді: «енді бір қарашы!» деп жазылады.

Мысалдың орысша мәтіні:

ЛЯГУШКА И ВОЛ

Лягушка, на лугу увидевши Вола,
Затеяла сама в дородстве с ним сравняться:
Она завистлива была.
И ну топорщиться, пыхтеть и надуваться.
«Смотри-ка, квакушка, что, буду ль я с него?»
Подруге говорит. «Нет, кумушка, далеко!»–
Гляди же, как теперь раздуюсь я широко.
Ну, каково?
Пополнилась ли я?» – «Почти что ничего».
«Ну, как теперь?» – Все то ж». Пыхтела да пыхтела
И кончила моя затейница на том,
Что, не сравнявшися с Волом,
С натуги лопнула и – околела.

Пример такой на свете не один:
И диво ли, когда жить хочет мещанин,
Как именитый гражданин,
А сошка мелкая, как знатный дворянин.

192) «Піл мен қанден» (1898) («Көшеде піл жетелеп біреу жүрді»). Бұл аударма өлең 1909 жылғы кітапта «Піл мен қанден. Крылов» деген атпен жарияланған. 1995 жылғы кітапта «Піл мен қанден» (И. А. Крыловтан) деп басылған.

И. А. Крыловтың «Слон и Моська» атты мысалының аудармасы.

Алғашқы шумақтың 2-тармағы 1909, 1940 жылғы жинақтарда «Кім *көрген* хайуанды мұндай түрлі» деп берілсе, 1957, 1977, 1995 жылғы еңбектерде «Кім *көріпті* хайуанды мұндай түрлі» деп жазылады.

Бұл мысал өлеңдегі 2-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы кітапта «Көшеде қанден *кезді-ай* кеп» болып жазылса, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «Көшеде *кез боп бір* қанден» деп жазылған.

3-шумақтың 2-тармағы 1909, 1957, 1977 жылғы кітаптарда «Деді: «*Әдділ*ді білсеңші» деп келген. Ал 1907 жылғы қолжазбада 1961, 1995 жылғы жинақтарда «Деді: «*Әліңді* білсеңші».

3-шумақтың 4-тармағы 1907 жылғы қолжазбада «Әуре болмай, қой, көрші».

Өлеңге салыстыру бойынша түзетулер жасалды.

СЛОН И МОСЬКА

По улицам Слона водили,
Как видно напоказ –
Известно, что Слоны в диковинку у нас –
Так за Слоном толпы зевак ходили.
Отколе ни возьмись, навстречу Моська им.
Увидевши Слона, ну на него метаться,
И лаять, и визжать, и рваться,
Ну, так и лезет в драку с ним.
«Соседка, перестань срамиться»,
Ей шавка говорит: «тебе ль с Слоном возиться?
Смотри, уж ты хрипишь, а он себе идет
Вперед
И лаю твоего совсем не примечает». –
«Эх, эх!» – ей Моська отвечает:
«Вот то-то мне и духу придает,
Что я, совсем без драки,
Могу попасть в большие забияки.
Пускай же говорят собаки:
«Ай, Моська! знать, она сильна,
Что лает на Слона!»

193) «Есек» (1898) («Қырық-елу қос бір жерден»). Шығарма алғаш 1909 жылғы кітаптың «Переуодтар» бөлімінде «Есек. Крылов» деген атаумен 39-аударма ретінде басылған. 1995 жылғы жинақта «Есек» деп тақырып қойылған.

4-шумақтың 3-тармағы 1907 жылғы қолжазбада *«Біреуі құлағынан сүйеді»*, 1909 жылғыда «*Біреуі құлағын сүйеді*» деп жазылған. Басқа басылымдарда – «*Бірі сүйіп құлақтан*».

Өлеңнің 5-шумағы 1940 жылғы жинақта соңғы тармағы «Болып алды тым *тентек*» деп берілсе, 1907 жылғы қолжазба нұсқада, 1909, 1945, 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Болып алды тым *тантық*».

Өлең мәтіні 1995 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр.

194) «Есіңде бар ма жас күнің» (1899). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»), Мүрсейіт көшірмелерінің бәрінде бар (1906, 1907, 1910).

4-шумақтың 2-тармағы 1909 жылғы жинақта, Абай шығармаларының одан бергі негізгі басылымдарында «Сағынасың, жоқтайсың» болып берілген. Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) – «*Асығасың*, жоқтайсың».

4-шумақтың 3-жолы 1909 жылғы кітапта:

«...*Қасиет* кетті, дос кетті – ».

1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда да солай берілген. 1957 жылдан бергі барлық жинақтарда Мүрсейіт қолжазбаларына сүйеніп:

«*Махаббат* кетті, дос кетті», –

деп басылып келеді.

Бұл басылымда да осы нұсқа қалдырылды.

195) «Жүрегім менің қырық жамау» (1899). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларында (1906, 1907, 1910) хатқа түскен. Өленнің мәтіні 1909, 1933, 1957 жылғы жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбалары (1906, 1907) салыстырылып берілді. 4-шумақтың 1-тармағы 1909 жылғы жинақта – «Қан – *жүректе* қайғылы-ау». 1995 жылғы кітапта – «Қан *жүректі* қайғылы-ау». Бұл басылымда осы тармақ 1995 жылғы жинақ бойынша қалдырылды.

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

196) «Адам бір боқ көтерген – боқтың қабы» (1899). Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. «Нәсихат туралы»). Мәтіндік нұсқасы Мүрсейіт көшірмелерінде сақталған (1906, 1910).

1909, 1961, 1995 жылғы шыққан кітаптарда 2-шумақтың 3-тармағы «Адамды сүй, Алланың хикметін *сез*» деп берілсе, 1945, 1954 жылдардағы басылымдарда «Адамды сүй, Алланың хикметін *сүй*» деп жазылған.

Өлең 1995 жылғы басылым бойынша берілді. 1-шумақтың 1-тармағы «Адам бір – боқ көтерген боқтың қабы» деп жазылды. «Менімен» сөзі бірге жазылды.

197) «Күшік асырап, ит еттім» (1899). Алғаш 1916 жылы «Абай термесі» жинағында жарияланған. Мәтіндік нұсқасы Мүрсейіт көшірмелерінде бар (1906, 1910).

Өленнің 4-тармағы 1933 жылғы жинақта «Ол мерген болып мені атты» деп берілген.

198) **«Сүйсіне алмадым, сүймедім»** (1899). Өлең алғаш рет 1933 жылғы жинақта басылған (222-бет).

199) Дүтбайға (Жылуы жоқ бойының) (1899). Өлең алғаш рет 1933 жылғы толық жинақта (222–223-беттер) жарияланған.

«Өленді Мұқыр болысындағы өзінің жақын досы Дүтбайға айтқан. Бұл бір болыс Мұқырдағы Көкшенің басты адамының бірі болған. Артынан Абайдың Күлбадан деген әйел баласын күйеуі өлген соң, осы ағасы Дүтбай алып, Абайға күйеу де болған. Бірақ дос, жақын болса да, мінездерін ұнатпағандықтан осылайша өлең қылған» (1933 жылғы жинақ, 327-бет).

200) «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» (1899). Абайдың бұл туындысы М. Ю. Лермонтов өленінің тәржімасы ретінде белгілі. Бұл өлең Мүрсейіт қолжазбаларында «Переуод Лермонтов» деген атпен көшірілсе, 1909 жылғы алғашқы жинаққа «Лермонтов» деген атпен енген. 1933 жылғы латын графикалы басылымда «Лермонтовтан» деп берілсе, 1940, 1945 жылғы жинақтарда «Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» деген тақырыппен жарияланған. 1995 жылғы академиялық жинақта ешқандай да тақырып қойылмастан, өленнің өзі ғана берілген.

4-шумақтың 2-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «*Білгендей әсте болмас* қылық қылған» деп көшірілсе, кейінгі басылымдарда осы жол «*Әсте өлмесін білгендей* қылық қылған» деп берілген.

Осы өлеңнің алғашқы шумағы 1933 жылғы латын графикалы басылымда төмендегіше берілген:

Нұрлы аспанға *талпынып* өскенсің сен,
Мені мен, кердең, қайғысыз ер көңілімен.
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл шөп *боп*, бойжеткен егінмен тең.

Осы шумақ Мүрсейіт қолжазбалары мен кейінгі басылымдарда:

Нұрлы аспанға *тырысып* өскенсің сен,
Менмен, кердең, қайғысыз ер көңілімен.
Жазғытұрым жасырып жердің бетін,
Жасыл *шөппен*, бой жеткен егінмен тең, –

деп басылған.

3-шумақтың 2-тармағы 1995 жылғыда «*басы үлкен*» деген сөз 1933, 1940, 1945 жылғы басылымдарда «*басы ауыр*» деп берілген.

4-шумақтың 2-тармағы 1933 жылғы басылымда «*әйтсе*» деген сөзбен басталған. Басқа басылымдарда осы сөз «*әсте*» деп берілген.

Осы шумақтың «*соны да ойлан*» деп аяқталатын соңғы тармағы 1933 жылғы басылымда «*сонда ойлан*» деп басылған.

201) «Жалау» (1899) («Жалғыз жалау жалтылдап»). М. Ю. Лермонтовтың «Парус» атты өлеңінің аудармасы. Бұл аударма өлең 1909 жылғы кітапта 23-өлең (Парус–Лермонтов) деп берілген. 1995 жылғы жинақта «Жалау» (М. Ю. Лермонтовтан) болып басылған. Соңғы шумақтың 3, 4-тармақтары 1907 қолжазба мен 1909 жылғы кітапта:

«Қарашы, бүлік Құдайдан,
Сұрайды дауыл күні-түн».

деп берілсе, 1945, 1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда:

«Қарашы, *ол* бүлік Құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн».

202) «Жартас» (1899). Бұл туынды М. Ю. Лермонтовтың «Утес» атты өлеңінің тәржімасы екені белгілі. Бұл туынды Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909–1995 жылдар аралығындағы барлық жинақтарда кездеседі.

1909 жылғы қадім үлгісіндегі алғашқы басылымда бұл туынды «15-ші бөлік Переуодтар» деген тақырыппен, 1933 жылғы жинақта «Лермонтовтан», ал, 1940 жылғы кітапта «Жартас» деген атпен басылған. Кейінгі басылымдарда «Жартас» (Лермонтов)» деген тақырыппен жарияланып келеді.

1-шумақтың 1-тармағы 1933 жылғы басылымда «*Қанды* бір күн жас бұлт» деп берілген. Осы жол басқа жинақтар мен Мүрсейіт қолжазбаларында «*Қонады* бір күн жас бұлт» деп келеді.

2-шумақтың 1-тармағы 1933, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*Әжімді*» деп басталса, осы сөз басқа басылымдарда (1940, 1945, 1995) «*Ажымды*» деп берілген.

203) «Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (1899). Я. П. Полонскийдің «Сердце» (У сердца сокровищ там много) атты өлеңінің аудармасы. Бұл аударма өлең алғаш 1909 жылғы кітапта «(25) (Лермонтов)» болып басылған. Мүрсейіт қолжазбасында да «Лермонтов» деген атаумен беріледі.

3-шумақтың 4-тармағы Мүрсейттің 1907 жылғы қолжазбасында «Бейне сағым *жоғалып* түгесілмек» болып берілсе, 1909 жылғы жинақта «Бейне сағым *жоқ боп* кетіп түгесілмек» деп берілген. 1940, 1961, 1995 жылғы кітаптарда «*Сағымша жоқ боп* кетіп түгесілмек». 1945 жылғыда «Бейне сағым *жоғалып* түгесілмек».

Өлеңнің 5-шумағының 1, 2-тармақтары 1909 жылғы кітапта:

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ,
Гірмен өлшеп, базарға ұстап сатпақ

деп берілсе, 1940, 1945, 1954 жылғы жинақтарда:

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұстатпақ,
Кірмен өлшеп, базарға ұстап сатпақ, -

болып беріледі.

5-шумақтың 1-тармағы 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Ұсатпақ*».

1995 жылғы кітапта «*гір*» сөзі «*кір*» болып жазылған.

204) «Жүрегім, нені сезесің» өлеңі 1909 жылғы кітапта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Мүрсейіт көшірмесінде бар (1906).

3-шумақтың 3-тармағы 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Әркімге-ақ* тілеу қостық қой» деп жазылған. 1909, 1954 жылғы жинақтарда – «*Әркімге* тілеу қостық қой».

Бұл жаңа жинақта өлеңнің 6-шумағындағы 4-тармақ «Бермесең қалар *түңіліп*» болып жазылды. 1909 жылы бұл сөз «түгеліп», 1945, 1954 жылғы еңбектерде «*төгіліп*» болып жаңсақ беріледі.

205) «Көлеңке басын ұзартып» (1900). Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (3-бөлік. «Өзі туралы»). Өлеңдегі 2-шумақтың 2-тармағы 1977, 1995 жылғы жинақтарда «*Сұрғылт* тартқан бейуаққа» деп берілген. 1909 жылғы жинақта «*Сұрқұл* тартқан» болып жазылған.

Өлеңнің соңғы шумағындағы 3-тармақ 1939, 1954 жылғы жинақтарда «Жай жүргенді *өрт* қылып» деп жазылған. 1909 жылғы жинақта – «Жай жүргенді *әурет* қылып». Ал 1995 жылғы жинақ «Жай жүргенді *уерд* қылып» деп береді.

Бұл басылымда да аталған тармақ «Жай жүргенді уерд қылып» болып жазылды.

206) «Көңілдің күйі тағы да» (1900). Бұл өлең 1909 жылғы жинақ пен Мүрсейіт қолжазбалары бойынша берілді. 1909 жылғы жинақта «Переводтар» бөліміне қосылмай, ақынның төлтума шығармасы ретінде берілгенмен, бұл өлең М. Ю. Лермонтовтың «Измаил-Бей» поэмасының алдыңғы 12 жолдық кіріспесінен аударма екені белгілі.

Алайда өлеңнің төрт жолдық шумақтарға бөлініп аударылған (16 тармақ) қазақша нұсқасындағы соңғы шумақ осы күнге дейін Абайдың өз жанынан қосқаны

деп есептеліп келді. Мысалы, бертіндегі Абай шығармаларының толық екі томдық жинағында да бұл өлеңнің Лермонтовтың аталмыш туындысынан аударма екені айтыла келіп: «…Абай соның кіріспесінен 12 жол алып, өз жанынан төрт жолдық тағы бір шумақ қосқан» деп түсінік берілген.

Атап айтатын нәрсе, Лермонтов туындысының кіріспесі бар-жоғы сол 12 жолдан тұрады және Абай оны толық аударған. Ал жаңағы артық шумаққа келсек, қазіргі зерттеулер бойынша, Абайдың оны өз жанынан қоспағаны белгілі болып отыр. Поэманың кіріспесі әуелде жеке өлең ретінде жазылған екен. Аудармадағы:

Жанымның жарық жұлдызы,
Жамандық күнде жарымсың.
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынсын, –

деген шумақ сол өлеңнің *Лермонтовтың өз редакциясымен* «Измаил-Бейдің» негізгі нұсқасына кірмей қалған «Звезда любви моей…» деп басталатын соңғы сегіз жолының ықшамдалған еркін тәржімасы болып шықты. Лермонтов о баста сүйген қызына арнаған өлеңін («Посвящение») кейіннен поэмаға кіріспе етіп алғанда, поэма мазмұнына сәйкеспейтін соңғы сегіз жолды қысқартып тастаған. Ал Лермонтов өлеңінің негізгі нұсқаға кірмеген бұл бөлігі 19-ғасырдың аяғына қарай, ақын шығармаларын барынша толық жинастыру, оның классик ретіндегі мәртебесін орнықтыру кезеңінде шыққан біраз басылымдарға ақынның көзі тірісінде жасалған авторлық редакциясы ескерілмей, жөнсіз еніп кеткен. Абай жоғарыдағы өлең мәтінін сондай қателіктермен шыққан жинақтардың бірінен көрсе керек. «Измаил-Беймен» аталған кезеңде, яғни Лермонтов шығармаларын негізсіз толықтыру кезінде танысқан Абай, кіріспенің «толық» нұсқасындағы осы қисынсыздықты анық аңғарған. Кіріспе мәтінін, жалпы алғанда, барынша дәл тәржімалай отырып, негізгі нұсқада болмауға тиіс соңғы сегіз жолдық үзікті ғана барынша ықшамдап, әрі мейлінше еркін аударуының сыры осында. (Бұл туралы: Т. Шапай. «Жанымның жарық жұлдызы», «Жас Алаш» газеті, №19, 2024)

207) «Күнді уақыт итеріп» (1900). Алғаш рет 1939 жылғы жинаққа енгізілген. Мүрсейіт қолжазбаларында (1906, 1907) хатқа түскен. М.Ю. Лермонтовтың «Вечер» атты өлеңінің аудармасы екені 1954 жылғы екітомдықта айтылады. Мазмұн, мағынасы жағынан түпнұсқаға өте жақын, дәлме-дәл деуге болады.

Бұл басылымда 1995 жылғы жинақ бойынша беріліп отыр.

208) «Қуанбаңдар жастыққа» (1901). Алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. «Нәсихат туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1910).

Өлеңнің жазылу тарихы туралы Тұрағұл былайша баяндайды: «Біздің елге Ысқақ Махмұдов деген ноғай ертеректе саудамен келіп, қазақтан қыз алып, қазақ ғұрпына түсіп, қазақ сықылданып кеткен, қазақ ішінде недәуір бай болған. Құнанбай қажының балаларынан қыз алып, қыз беріп құршаласып құда, құшақтасқан дос, туысқан есебінде болған. Сол Ысқақтың немерелері Сыдық, Жабиолла (Ғабидолла – ред.) деген екі жасы, бозбала балалар менің әкемнің үйіне келіп отырғанда, соларға арнап: «Қуанбаңдар жастыққа» деген өлеңді жазған» (1933 жылғы жинақ, 198-бет).

29 – 9113

209) «Ұяламын дегені көңіл үшін» (1901). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде бар (1906, 1910).

Өлеңнің 2-шумағының 3-жолы 1909, 1939, 1954, 1977 жылғы кітаптарда – «...Ар мен ұят ойланбай, *тәнін* асырап». 1995 жылғы жинақта – «...Ар мен ұят ойланбай, *тән* асырап».

2-шумақтың 4-тармағы 1909 жылғы жинақта – «*Ертең* жоқ, бүгінгіге болған құмар». 1939, 1954, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «*Ертеңі* жоқ, бүгінгіге болған құмар».

1933 жылғы басылымда аталған өлең берілмеген.

Өлеңнің соңғы шумағы мағына жағынан, құрылымы жағынан бөлек болғандықтан алдыңғы шумақтардан бөліп берілді.

210) «Жапырағы қуарған ескі үмітпен». Өлең 1909 жылғы кітапта басылған (6-бөлік. «Нәсихат туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1910).

Өлеңнің бастапқы шумағының 2-жолы 1909 жылғы кітапта (56-бет):

Жапырағы қуарған ескі үмітпен,
Зиял қып өмір сүріп, бос жүріппін, –

деп басылған.

1933, 1939, 1945, 1954, 1957, 1961 жылғы жинақтарда – «...*қиял* ғып өмір сүріп, бос жүріппін». 1995 жылғы нұсқада – «*Қиял* қып өмір сүріп, бос жүріппін».

Осы өлеңнің 2-шумағының «Ойға түйме қызықты қиялдан күс» деп жазылған 2-тармағындағы «күс» сөзіне 1977 жылғы жинақта «қайт, күдер үз» деген мағынада» деп сілтеме түсінігі беріліпті. Сөздің түп-төркіні, қай тілде айтылғаны көрсетілмеген.

2-шумақтың 1-тармағы 1939, 1945 жылғы басылымдарда «*Ой*, дәурен, өмір емес, бір көрген түс» деп берілген. 1909, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*Ол* дәурен өмір емес, бір көрген түс».

1939 және 1945 жылғы кітаптарда шумақтың 2-тармағы «Ойға *тойма*, қызықты қиялдан түс» деп беріледі.

2-тармақтағы «*тойма*» сөзі 1977 жылы басылған кітапта осылай беріліпті. Бұл сөз 1909, 1995 жылғы жинақтарда «*түйме*» боп келеді.

3-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт көшірмесінде «Төңкеріліп құбылған *жұрты* – бір сағым» (1907). Бұл 1909, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*жұрт*» деп алынған.

Өлең бұл басылымында 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

211) «Осы қымыз қазаққа» (1901). Алғаш рет 1909 жылғы жинақта басылған (6-бөлік. «Нәсихат туралы»).

Өлеңдегі «Бойыңа сіңіп, өрт болған» деп жазылған 5-тармақтағы «өрт» сөзінің орнына 1995 жылғы жинақта «уерд» сөзі берілген. Осы «уерд» сөзі Абайдың басқа өлеңдерінде де кездеседі. Бұл өлең қымыз ішіп отырған ауыл жастарына қарата, аяқасты шыққан өлең екен. Күнделікті қазақы өмір жағдайында «өрт» сөзі қолданылған деп ойлаймыз.

7-тармақ 1995 жылғы басылымда «Қызылшыл семіз, *жаз* қымыз» деп берілсе, 1977 жылғы жинақ «Қызылшыл семіз *жас* қымыз» деп береді. Аталған тармақ бұл басылымда 1977 жылғы нұсқа бойынша берілді.

24-тармақ 1909 жылғы кітапта – «*Күзеткі* оңай, *шошыма*!». 1933, 1939, 1945,

1954, 1961, 1977, 1995 жылғы жинақтарда бұл тармақ «*Күзетке* оңай, *шошынба*!» деп берілді.

212) «Буынсыз тілің» (1901). Бұл шағын өлең ең алғаш 1933 жылғы жинақта басылған (227-бет). Мүрсейіт көшірмелерінде жазба нұсқасы сақталды (1906, 1910).

Бұл басылымында өлең мәтініне тыныс белгілері тұрғысынан өзгертулер жасалды.

213) «Тоты құс түсті көбелек» (1902). Ақынның 1902 жылы жазған бұл өлеңі Мүрсейіттің 1910 жылғы қолжазбасы мен 1909, 1933, 1939, 1945, 1977, 1995 жылғы басылымдарда берілген.

Туынды алғаш рет 1909 жылы қадім үлгісіндегі жинаққа «5-ші бөлік. Ой туралы» деген атпен енген.

Өлеңнің алтыншы тармағы 1909, 1939, 1945 жылғы басылымдарда «Сүймек, сезбек, *киімбек*» деп берілген. Осы жол 1939, 1977, 1995 жылғы жинақтарда «Сүймек, сезбек, *кейімек*» деп басылған.

214) «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» (1902). Абайдың иман негіздерін өлең сөзбен өрнектеген бұл өлеңі Мүрсейіттің үш қолжазбасында (1906, 1907, 1910) да кездеседі.

1-шумақтың 2-тармағы осы үш нұсқа мен 1909 жылғы литографияда «Ешуақытта *рас сөз* жалған болмас» болып берілген. Ал, осы жол 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 және 1995 жылғы жинақтарда «*Рас сөз* ешуақытта жалған болмас» деп жазылған.

Осы шумақтың 4-тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда, сондай-ақ, 1939, 1945, 1995 жылғы жинақтарда «Алланы танытуға *сөз айырмас*» деп берілсе, 1933, 1961 және 1977 жылғы басылымдарда «Алланы танытуға *сөзі айрылмас*» деп жазылған.

2-шумақтың 2-тармағында «Оның (Алланың) кітаптарына» иманды білдіретін «*уә кутубиһи*» деген сөз 1933 жылғы жинақта «Уакыты» деп басылып, осы сөзге: «*Ауакыти – кітапраға сену, инану*» деген түсінік берілген. Ал, 1995 жылғы басылымда «уәктубиһи» деп, бұл сөздің орфографиясын емес, орфоэпиясын бергенді жөн көрген. Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы басылымдарда «*уә кутубиһи*» деп дұрыс жазылған.

Осы шумақтың 4-тармағы Мүрсейіт қолжазбаларында «Жарлықпен ол сіздерге, *сырды оларға*» деп берілсе, 1909 жылғы литографияда «*сөзді ауларға*» деп жазылған. Осы жол 1933, 1961 және 1977 жылғы жинақтарда «*сіз де оларға*» деп берілсе, 1939 жылғы басылымда «сызды оларға» деп берген де, осы сөздің астына «Бұл сөз сізді деп те жазылушы еді. Мүрсейіт жазуын біз «сызды» – «жазды» деген мағынада алдық» деген түсініктеме берілген. 1945 жылғы басылымда «*сызды оларға*» деп берілсе, 1995 жылғы жинақта «*сөзді ұғарға*» деп түзетілген.

3-шумақтың 2-тармағында келетін «Оларға *кез-кезімен* нәби келді» дегендегі «*кез-кезімен*» 1933 жылғы басылымда «*көзі мен*» деп қате басылған.

4-шумақтың «*Адам нәпсі, өзімшіл мінезбенен*» деп келетін 3-тармағы 1933 жылғы басылымда «*Дәм нәпсі, өзімшіл мінезі мен*» деп басылған. Ал, 1939 жылғы басылымда «*Адам, нәпсі, өзімшіл мінез берген*» деп өзгертілген. 1945 жылғы жинақта «*Адам, нәпсі, өзімшіл мінез берген*» деп, адам мен нәпсінің ортасына үтір

қойылған. Ал, кейінгі басылымдарда (1961, 1977, 1995) алдыңғы жинақтардағы қателер түзетілген.

5-шумақтағы «*Және хақ жолы осы* деп әділетті» деген 4-тармақ Мүрсейіттің қолжазбалары мен 1909, 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда осылай берілген. Ал 1933 жылғы жинақта «*Және сүй, «хақ жолы*» деп әділетті» деп басылған.

6-шумақтағы «*Осы үш сүю болады имани гүл*» деген 1-тармағындағы «имани гүл» деген сөз Мүрсейіт қолжазбаларында «*иманға гүл*» деп көшірілген. 1933, 1939, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «*иманы гүл*», 1977, 1995 жылғы басылымдарда «*имани гүл*»деп берілген.

Осы шумақтың «*Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл*» деген 2-тармағындағы алғашқы екі сөзі 1909 жылғы литографияда «*иманның асығы*» деп берілсе, 1933 жылғы басылымда «*Иманның асылы осы* үш деп сен тәхқиқ біл» деп, мәтінге «*осы*» сөзі қосылған.

Осы шумақтың соңғы жолындағы «*малың түгіл*» деген сөз 1933 жылғы жинақта «*малын түгіл*» болып берілген. Ал, Мүрсейіттің қолжазбаларында осы сөз «*малың түгел*» болып көшірілген. Егер Мүрсейіт қолжазбаларына сүйенсек, онда малыңның бәрін Алланың жолына арна деген сөз шығады. Десек те, мәтіндегі «*басты байла жолына*» дегеннен соң, «*малың түгіл*» деген сөз келетіні анық. Алланың жолына малың түгіл басты байла, дейді ақын.

7-шумақта келетін «*Екі дүние бұл тасдиқ – Хақтың досы*» дегендегі «*Хақтың досы*» деген сөз Мүрсейіт қолжазбаларында «*Хақтың жолы*» болып көшірілген. Жинақтардың бәрінде «*Хақтың досы*» деп берілген.

8-шумақтың 1-тармағында келетін «Руза, намаз, зекет, хаж – *талассыз іс*» дегендегі соңғы сөз Мүрсейіт қолжазбалары мен 1939 жылғы жинақта «*қыласыз іс*» деп берілсе, 1909 жылғы литографияда «*талапсыз іс*» болып берілген. Қалған 1933, 1945, 1961, 1977 және 1995 жылғы басылымдарда «*талассыз і*с» деп жазылған. Ақынның исламның негізгі ұстындарынан саналатын ораза, намаз, зекет пен қажылық амалдары – бекітілген, яғни талассыз іс дегенді айтып отырғаны анық. Осы шумақтың үшінші жолында келетін «*соңғы төртті*» деген сөз 1933 жылғы басылымда «*соңғы төртін*» деп қате басылған. Қалған жинақтардың бәрінде «*соңғы төртті*» деп жарияланғанын баса айтқан жөн.

9-шумақтың 2-тармағында келетін «Қарашы, *дүние* біткен ретімен» деген сөздегі «*дүние*» сөзі 1933, 1939, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «*дене*» болып берілген. Ал, Мүрсейіттің қолжазбалары мен 1909 жылғы алғашқы басылымда «*дүние*» болып жазылған. Ақын текстологиясын қараған Қ. Мұқамедханов: «Абай бұл арада дүниенің құрылысын айтып отырған жоқ, адамның дене мүшесінің рет бітімін айтып отыр. Бұл пікірімізді осы өлеңнің бірінші жолы тапжылтпай дәлелдеп тұр. Сондықтан Абай жазған түпнұсқаны біз былай оқыр едік:

Бас жоғары жаралған, *мойын* төмен,

Қарашы *дене* біткен ретімен..., – деп» (1959 жылғы еңбек, 10-бет).

Осы шумақтың «Иман білмес тағатты қабыл демен» деген 4-тармағындағы «*иман білмес*» сөзі 1933, 1939, 1945 жылғы жинақтарда «*иман білмей*» болып берілген. Ал, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «иман білмес» болып жазылған. Араб қарпіндегі қолжазбалар мен алғашқы литографиялық басылымға сүйеніп, «*Иман білмес* тағатты қабыл демен» дегенге тоқтаған жөн секілді.

10-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда «*Адамдар* ғибадаттан сөз қозғаған» деп берілсе, 1933, 1939, 1945, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдардың бәрінде «*Имамдар* ғибадаттан сөз қозғаған» болып жазылған. Әсілі, имам деген сөз беріде қолданысқа ене бастаған. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында діни-ағартушылықпен айналысатындар молда, ахун, ишан, кәлпе деп аталғаны белгілі. Қадім медреселерін бітіргендер ахун немесе молда аталатын. Сондықтан да, осы жолды берерде Мүрсейіт қолжазбасы мен алғашқы басылымға арқа сүйеген дұрыс дер едік.

11-шумақтың 4-тармағы «*Тәуилін* білерлік ғылымың шақ» деген жол 1909, 1933, 1939, 1945, 1977 жылғы басылымдарда «*тәуіліне*» болып басылған. Ал, Мүрсейіт қолжазбалары және 1995 жылғы жинақтарда «*тәуилін*» болып берілген. Абай мұнда Құранның тәпсірі, яғни түсіндірмесі туралы айтып отыр. Яғни, дін ілімінің тәуилін, тәпсірін білерлік ғылымың аз дегенді меңзеп тұр.

13-шумақтың 1-тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда *«Мұсылман* болсаң, әуелі иманды бол*»* деп берілген. Ал, 1933, 1961, 1977, 1995 жылғы басылымдарда «*мүмин* болсаң» деп берілген. Ал, 1939 және 1945 жылғы жинақтарда «*мүһмін*» болып қате басылған. Мүмін де, мұсылман да Исламды мойындаған жан. Кейде момын-мұсылман деп бірге қолданылады. Десек те, келесі шумақтың «Распенен таласпа *мүмин* болсаң» деген үшінші жолына сүйеніп, «*мүмин*» деп берген дұрыс.

Осы шумақтың 3-тармағы Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы басылымда «*Шын илан да*, таза *ойла* бір иманды» деп берілген. 1933 жылғы «*Шыр айлан* да таза *ойлан* бір иманды» деп өзгеріске ұшыраған. 1939, 1945, 1961 жылғы жинақтарда «*Шыр айлан* да таза *ойла* бір иманды» болып жазылған. 1977, 1995 жылғы басылымдарда бұл жол 1909 жылғы литография бойынша берілген.

Соңғы шумақтың 1-тармағы «Алла *ішіңді* айтқызбай біледі ойла» деп келетін «*ішіңді*» деген сөз 1933, 1939, 1945, 1961, 1977 жылғы жинақтарда «*ішімді*» болып өзгеріске ұшыраған. Ал, Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы литографияда «*ішімді*» деп берілген.

215) «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» (1902). Бұл өлең 1909 жылғы кітапта «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінің соңы ретінде бірге басылған (5-бөлік, «Ой туралы»). 1922 жылғы екі жинақта да (Қазан, 104-бет, Ташкент, 148–149-беттер) бір өлең болып берілген. 1933 жылғы жинақтан бастап «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінен бөлініп, жеке өлең ретінде басылып келеді. Мүрсейіт көшірмелерінде жазылған (1906, 1907).

2-шумақтың 3-тармағы 1939 жылғы нұсқада «ар мен ұят *сөнбесе*, өзге қылық» болып берілсе, 1945, 1954 жылғы басылымдарында «Ар мен ұят *сенбесе*, өзге қылық» күйінде беріледі.

Өлеңнің 3-шумағының 4-тармағы 1909 жылғы жинақта «Жолың *тайған*, аяғың тартар маймақ» болып келіпті. 1907 жылғы қолжазбада, 1945, 1954, 1977, 1995 жылғы жинақтарда – «жолың *тайғақ*».

Өлең бұл басылымда ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы және әр жылдардағы басылымдар бойынша салыстырылып берілді.

216) «Асау той, тентек жиын, опыр-топыр» (1902). М. Ю. Лермонтовтың «На буйном пиршестве задумчив он сидел» деген өлеңінің аудармасы. Алғаш 1909 жылғы жинақта басылған (15-бөлік, «Переуодтар»).

217) «Жалын мен оттан жаралып» (1903). Өлең алғаш 1909 жылғы кітапта басылған (1-бөлік. «Халық туралы»). Мүрсейіт көшірмелерінде мәтіндік нұсқасы хатқа түскен (1907, 1910).

1909 жылғы жинақта 1-шумақтың 2-тармағы «Жарқылдап *рағи* жайды айдар» болып берілген. Осындағы «*Рағи*» сөзі 1957, 1961, 1977, 1995 жылғы кітаптарда «*Рағит*» деп алынған. Дін ұғымындағы сөз есебінде сілтеме түсінігі берілген.

Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы қолжазбасында «Жарқылдап *рағит* жайды айдар» болып жазылған. 1933 жылғы кітапта «Жарқылдап *Рағыт* жайды айдар» деп беріледі.

1939, 1945, 1954 жылғы басылымдарда бұл «Жарқылдаған *рағат* жайды айдар» болып келеді.

Өлең бұл басылымында 1909 жылғы жинақ бойынша берілді. 1-шумақтың 2-тармағындағы «*рағи*» сөзі «*Рағит*» болып жазылды.

218) «Домбыраға қол соқпа». Абайдың жаңадан табылған бұл өлеңі алғаш рет 1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында жарияланған. Онан кейін 1945 жылғы Абай шығармаларының толық жинағында басылған (273–274-беттер). «Домбыраға қол соқпа» дейтін өлең Абайдың бұдан бұрынғы баспаларында басылған емес. Мұны 1940 жылы жазушы Қайым Мұқамедханов пен Архам Абай ауданының азаматы Рахымжан Мамырқазовтан жазып алып, Ғылым академиясына тапсырған. Және 1940 жылы «Әдебиет және искусство» журналының 9-санында басылды, өлеңді – сол Қайымның қолжазбасынан алып, бұл жинаққа тұңғыш рет басып отырмыз. Жазылған жылы мәлімсіз», – деп түсінік берілді (1945 жылғы жинақ, 457-бет).

Бұл өлеңнің Әйгерімге арналып шығарылғандығы айтылады.

«Кейінірек табылған бір өлеңі – «Домбыраға қол соқпа» деген өлеңі. Әйгерімнің ауылында отырып айтқан өлеңі екен. Тәтті назбен айтылады. «Домбыраға қол соқпа» деген өлеңі Әйгеріммен ренжісіп кетіп, артынан үйіне қайтып келгенде жазғаны. Әйгерімнің үйіндегі бір баланың жаттап алғанынан табылған» (Әуезов М. Абайтану дәрістері, 99-бет).

Осы адам есімі бірде Рахымжан Мамырзақов (1945), бірде Рахман (Әуезов М. Абайтану дәрістері, 99-бет) деп берілген.

Өлеңнің басылымдарында текстологиялық өзгерістер жоқ. Бұл жинаққа 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

219) «Ойға түстім, толғандым». Алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналының 2-санында жарияланып, 1945 жылғы жинақта басылған (476-бет). 1944 жылы Қайым Мұқамедханов Ғылым академиясына әкеп тапсырған бұл өлең 1939 жылы Абай ауданының азаматы Жұмағазы Кенжебаевтың аузынан жазып алынған.

1945 жылғы жинақтың түсінігінде: «Бұл өлеңнің ішінде мағынасы, қолдануы күмән тудыратын бір сөз бар. Ол:

Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған *наз* емес, –

дегендегі «*наз*». Мұны Қайым «наз ба екен, жоқ аза ма екен» деп жазады. Мұхтар Әуезов «аза» болмас па деп белгі қояды, әзірше «наз» деп жібердік. Жазылған жылы мәлімсіз» деп ескерткен (1945 жылғы жинақ, 458–459 беттер).

Сол 1945 жылдан бастап Абай шығармаларының барлық басылымдарында «Тәңірім салған *наз* емес» деп беріліп келген жолдағы (2-шумақ, 8-тармақ) «*наз*» деген сөз осы басылымда абайтанушы Тұрсынжан Шапайдың ұсынысымен өлең мазмұны, ой қисыны, сөз мағынасына сәйкес «*наза*» деп түзетілді.

220) «Мен боламын демеңдер». Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы «Екпінді» газетінде және «Майдан» журналында жарияланған. 1945 жылғы жинақта басылып, «Мен боламын демеңдер» деген өлеңді де сол Қайым мен Архам 1940 жылы Жаңасемейде тұратын Көкбайдың баласы Ахметқалидан (жасы 30-да) жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырды. Ахметқали қазір әскерде. Ахметқалидың айтуына қарағанда, бұл өлеңді Абай Көкбайға айтқан. Көкбай жасырақ кезінде әзіл етіп, Абайды сөйлетпек үшін:

«Жүрісім, тұрысымның бәрі Абайша,
Абайдан кем боламын мен қалайша.
Көп зәкүн, аз ғана ақыл өзімде бар,
Ашылып көкірегім кең сарайша», –

деп өлең айтыпты. Жоғарғы өлеңді Абай Көкбайдың осы сөзіне қаратып айтқан екен. Жазылған жылы белгісіз. Баспаға тұңғыш рет түсіп отыр», – деп түсінік берілген (1945 жылғы жинақ, 458-бет).

Бұл өлең 1977 жылғы басылымында тұтас сегіз тармақ болып, шумаққа бөлінбей беріліпті.

1995 жылғы кітапта төрт тармақтан екі шумақ болып берілген. Мәтіндік нұсқаларында айырмашылық жоқ. Бұл жинаққа 1995 жылғы нұсқа бойынша берілді.

221) «Ғалымнан надан артпас ұққанменен». Өлең алғаш рет 1945 жылы «Екпінді» газетінде (қазіргі «Семей таңы» газеті) 10-маусымдағы 116-санында және сол жылы «Майдан» журналының (Алматы) 2-санында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған (274-бет). Берілген түсінігі: «Ғалымнан надан артпас ұққанменен» дейтін бір ауыз өлең бұл жинаққа тұңғыш рет қосылып отыр. Бұл өлеңді 1940 жылы Архам Абай ауданынан тауып, Семейдегі Абай музейіне берген. Өлеңнің айтылу себебі: Тобықты ішінде Жуантаяқ Балғожа Бақанов дейтін кісі Ғабитқан дейтін молдамен «Мұқтасардың» бір сөзіне таласып, Абайдың алдына келіпті. Сонда айтқан екен» (1945 жылғы жинақ, 457-бет).

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

222) «Түбінде баянды еңбек егін салған». Бұл өлең алғаш рет «Екпінді» газетінде және «Майдан» журналында жарияланған. Тұңғыш рет 1945 жылғы жинақта басылған. «Түбінде баянды еңбек егін салған» дейтін бір ауыз өлең 1940 жылы Ташмұхамбет деген Семейде тұратын бір қарияның аузынан жазылып алынған. Жазып алушы – әлгі Қайым Мұқамедханов. Қайымның айтуынша, бұл өлеңді Абай Тобықты Қарамырза Ташмұхамбет Бәшібаевқа қаратып айтыпты. Ол кісі өз елінен кетіп, Белағаш (қазіргі Белағаш ауданы) деген жерге барып, егін салып кәсіп етеді екен. Сол кісі бір күні Абайға кездескенде, Абай осы өлеңді айтыпты. Өлең бұл жинаққа тұңғыш рет басылып отыр,– деп түсінік берілген (1945 жылғы жинақ, 458-бет).

1954 жылғы басылымда бұл өлең жоқ, өзге жинақтарда бар.

Бұл басылымға 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

223) «Әйелің – Медет қызы, аты – Ырым». Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы «Екпінді» газеті мен «Майдан» журналында жарияланған. 1945 жылғы жинаққа енгізілген (275-бет). «Әйелің– Медет қызы, аты – Ырым» деген бір ауыз өлең де 1940 жылы ел аузынан жазылып алынып, бұл жинаққа тұңғыш рет басылды. Жинаушы – Қайым. Архам мен Қайымның айтуынша: Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт кезінде әйеліне көңілі толмай, «әйел аламын» дегеніне қаратып айтқан екен» (1945 жылғы жинақ, 458-бет).

Өлеңнің бірінші тармағы 1945, 1957, 1961, 1977 жылғы кітаптарда, «Абай» энциклопедиясында (1995) «Әйелің – Медет қызы, аты – Өрім» деп берілген. Бірде «Өрім», бірде «Ырым» болып келу себебі туралы басылымдарда дерек жоқ.

1954 жылғы басылымда бұл өлең жоқ, өзге жинақтарда бар.

Өлең 1995 жылғы жинақ бойынша берілді.

224) «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан?». Бұл өлең алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналының 2-санында жарияланып, 1945 жылғы жинақта басылған (275-бет). «Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан» – деген бір ауыз өлеңді де сол Қайым мен Архам ел аузынан жазып алып, 1944 жылы Ғылым академиясына тапсырған. Қайымның айтуынша, бұл өлеңді Абай өзінің немере баласы Әубәкір (Ақылбайдың баласы. – *ред.)* дегенді жұмсап, Көтібақ дейтін адамның «Бөстек» дейтін бүркітін сұратып алған, сол құсына қаратып айтыпты. Баспаға тұңғыш рет шығып отыр», – деп түсінік берілді (1945 жылғы жинақ, 458-бет).

1954 жылғы басылымда бұл өлең жоқ, өзге жинақтарда бар.

Өлең 1995 жылғы басылым бойынша берілді.

225) «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек». Бұл екі шумақ өлең тұңғыш рет 1977 жылғы жинаққа кіргізіліп (бірінші том, 316-бет), берілген түсінікте былай делінген: «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек». Өлең тексі алғаш Зейнелғабиден ибн һәміре әл-Жауһари әл-Омскаудің (1881–1920) 1909 жылы Уфа қаласында басылған «Насихат қазақия» деген рисоласында (трактат) жарияланған. Онда. «... ғибрат айтып, ғылым, өнер іздеу хақында мәшһүр Ибраһим Құнанбаевтың бір сөзі» (7-бет) деген ескертумен берілген». (429-бет).

1977 жылғы жинақта 1-шумақтың 3-тармағы *«Таңдырын ... хақтан біліп»* деп бір сөздің орны көп нүктемен берілген.

1995 жылғы жинақта *«Таңдырын көрушінің хақтан біліп»* деп басылған.

* * *

Бұл басылымның «Түсініктер» бөліміне ел аузында Абайдікі деп айтылып жүрген бір топ өлең енгізілді[1].

«Бүркіттің сыны» – бұл өлең 1951 жылы Мәди ақсақал жазып берген «Бүркіт сыны» өлеңінің тағы бір нұсқасы. Бұл өлеңді Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданының алпыс төрт жастағы азаматы Сүлеймен Макеев, 1965 жылы, Қазақ Ғылым академиясына жіберіпті. Өлең туралы жазған түсініктемесінде: «Біздің елде Иқанбай дейтін құсбегі болды. Өзі әңгімеші, көп қиссаларды жатқа айтатын адам еді. Сол кісі: «Балам, мынау Абай ақынның бүркіт туралы өлеңі, мен айтып берейін, сен жазып алып жатта», – деді. Сол өлеңді күні бүгінге дейін ұмытпаған екем. Ғылым

[1] 1995 жылғы толық жинақтағы қосымша. Сол басылымы бойынша берілді – ред. (1995 жылғы жинақ, 2-т. 303–315-беттер)

ордасы қарастырса, мүмкін бұл өлең Абай сөзі екендігі расталар еді. Мен өзімше және қарттардың айтуынша, өлең Абайдікі болу керек деп білемін», – депті.

Өлеңнің бұл нұсқасының көлемі тоғыз шумақ. Мәди жазып берген нұсқасы бес шумақ болатын. Өлеңнің Шығыс Қазақстан облысынан табылуы – Абайдың бүркіт тұлғасын сипаттауға арналған ерекше көркем шығармасының ерте кезде өріс алып, елге кең тарап кеткенін көрсетеді. Және Иқанбай жадында сақталып қалған «Бүркіттің сыны» Абай өлеңінің толығырақ нұсқасы деуге болады.

Мәди жаттаған өлең нұсқасында ұмытылып қалған шумақтарын Иқанбай нұсқасы толықтырады. Сол сияқты Иқанбай нұсқасында жоқ екі шумақ өлеңді, Мәди жазбасындағы екінші, үшінші шумақ өлең толықтырады.

Мәди нұсқасында өлеңнің бастапқы бірінші шумағы:

Көк тұмсығы жұқалау, келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ бұты талтақ,
Көз ауданы қып-қызыл, кешкіл маңдай.
Іші кең, саны жуан, өзі шалқақ, –

деп басталса, Иқанбай нұсқасында да:

Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ.
Көз ауданы шүңірек, бұты талтақ,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ, –

деп басталады. Кейбір жеке сөздерінің (төрт сөз) сәл айырмашылығы болмаса, өлең шумағының мазмұны, ұйқасы, екі нұсқада да дәлме-дәл келеді.

Мәди нұсқасында өлеңнің төртінші шумағы:

Топшысы әлді біткен жоғарылау,
Шалғысы құйрығына барса таяу,
Ұшса ұшқыр, тау басында шақырмайтын,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау, –

деп жазылса, өлеңнің дәл осы шумағы Иқанбай нұсқасында екінші шумақ ретінде беріліп:

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы құйрығына тұрса таяу.
Көкте ұшқыр, тұғырында шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау, –

деп жазылған. Кейбір жеке сөздерінің сәл ғана айырмашылығы және орындары ауысып түскені болмаса, екі нұсқасында да, өлең мазмұны да, ұйқасы дәлме-дәл келеді.

БҮРКІТТІҢ СЫНЫ

Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ,
Көз ауданы шүңірек, кешкіл маңдай
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ.

Топшысы келсе алдына жоғарылау,
Шалғысы құйрығына тұрса таяу.
Көкте ұшқыр, тұғырында шаңқылы жоқ,
Бір түлкіден басқаға болмаса жау.

Қолыңнан өзі тілеп ұшса самғап,
Құрғатпай қанжығаңды күнде қандап.
Дүниенің бір қызығы қыран бүркіт,
Алыстан ат терлетіп тапсаң таңдап.

Шегір көз, қанды балақ қыран бүркіт
Бозбала, қапы қалма малыңды іркіп.
Алпыс екі айлалы түлкі ұстатып,
Байлансаң қандай қызық қарға сілкіп.

Қара тіл, қанжар қияқ қанға тоймас,
Қанша керіп тұрса да алмай қоймас.
Шұбар тұяқ жиренді тауып салсаң,
Ердің құнын берсең де басын жоймас.

Лып етіп етпетінен кетсе зулап,
Тым епті сыпырғанда жер бауырлап.
Жарқ етіп жақпар тастан түлкі қашса,
Шап етіп қызды ұстаған бозбала нақ.

Бұлқынып, болмайын деп шайқасқандай,
Сытылып құтылмақ боп байқасқандай.
Қараңдап дөң астында жатса басып,
Тар жерде екі ғашық айқасқандай.

Жібермей басып алса жұлқынғанға,
Босатпай бүре түсіп бұлқынғанда.
Бұлтартпай жұмарлап ап, илеп жатар,
Шынымен ынтасы ауып ұмтылғанда.

Көк тұмсық көзге дейін қанға батып,
Үстіне аттай мініп отырғанда.
Көңілге көрмек үшін о да қызық,
Ұқсайды қыз бен жігіт қосылғанға.

«Бүркіт сыны» – Мәдидің есінде сақталып қалған өлеңдердің бірі. Мәдидің ойында сақталған осы нұсқасының өзіне қарағанда бүркітті сипаттаудағы суреттеу тәсілі, қиыннан қисынын тауып қолданған ерекше сөз көркемдігі – нағыз қыран бүркіттің тұтас тұлғасын көз алдыңа әкеледі. Өлеңнің осындай өзгеше қасиеттері бұл шығарманың Абай қаламынан туғандығын көрсетеді деп білеміз.

Көкбай ақын өзінің естелік әңгімесінде Абайдың ерекше мінездерін айта келіп: «...Аңшылық құру, бәйгеге ат апарып қосу, палуан апарып күрестіру, қаршыға, лашын салғызу, өнерді қызықтау сияқтының барлығын да көрді», – дейді.

Және Абайдың жүйрік атқа, қыран құсқа деген ерекше құштарлық мінезін дәлелдеп көрсетіп: «Бір жазда бес түйе беріп, бір бәйге ат алып, бес құлынды бие беріп, екінші бәйге ат алғанын көрдім», – дейді.

Абайдың осындай әдетін Мұхтар Әуезов те жазған: «..Кедейқұла», «Айдапкелдің ақтабаны», «Ақбас ат» деген сияқты ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп, сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алатын», – дейді. Сол сияқты «Тулақтың Қарашолағы» атанған қыран бүркітті Тулақ деген бүркітшіден он шақты қара беріп сатып алғанын да атап жазады. Сондай атқұмар, атбегі, құсқұмар, құсбегі, бүркітші, «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» сияқты тамаша көркем өлең жазған Абайдың қыран бүркітке арнап өлең жазбауы тіпті мүмкін емес.

Абай мұрасының ойсырап тұрған осы бір тұсын Мұхтар Әуезов те қадай айтып, дәлелдеп көрсетіп жазады:

«...1882 жылы жазылатын «Қансонардаға» қарасақ, Абайдың анық шеберленгенін, ірі суретші және реалист ақын болғанын көреміз. Бұл өлең тұңғыш туа қалған, бірінші ғана көркем шығарма болуға мүмкін емес тәрізді. Неғылса бірталай шығармалар жазып келіп, ақындығы шыныгып, қаламы төселіп кеп тудырған шығармаға ұқсайды. «Сап, сап көңілім» (1865–1870) мен «Қансонарданың» арасында он-он бес жыл бойында, ақынның тағы да әр жылдарда тудырған, бізге саны белгісіз, бір топ өлеңдері болмауға мүмкін емес», – дейді.

БҮРКІТ СЫНЫ

Көк тұмсығы жұқалау, келсе жалпақ,
Мелжемді қожыр аяқ, бұты талтақ,
Көз ауданы қып-қызыл, кешкіл[1] маңдай,
Іші кең, саны жуан, өзі шалқақ.

Баялы[2], құйымшақты, қауырсынды,
Құйрығы ап-ажарлы, ұзын жүнді.
Жүнді басты, шекелі, кең маңдайлы,
Жапырақ жирен шуда, жалпақ қылды.

Саңғыру жүн сабалақ алқалы[3] кер,
Тақысы, бүкісі жоқ қомағай ер.
Айыр сүйек ашамай арасы кең
Болса, жақсы бұлдағы бір қарар жер.

Топшысы әлді біткен жоғарылау,
Шалғысы құйрығына барса таяу.
Ұшса ұшқыр, тау басында шақырмайтын,
Бір түлкіден басқамен болмаса жау.

Қалың ерін, қара тіл, қанға тоймас,
Қанша қымбат алсаң да басын жоймас.
Жирен тұяқ шұбарды тауып салсаң,
Жаза ұстаса және ұшып, әсте қоймас.

«Ақылды әдет жеңбегі» деп басталатын мына үш шумақ өлең:

[1] Кешкіл маңдай – маңдай үсті батыңқы деген мағынада.

[2] Баялы – қауырсыны жүндірек деген сөз.

[3] Алқалы – кеуде жүнінің алқаға шұбарлығын айтады.

Ақылды әдет жеңбегі,
Есер жұрттың көптігі.
Ердің еш боп еңбегі,
Шағар жанның жоқтығы.
Маңызсыз мақтан жел қолтық,
Өз сөзімшіл елер ме.
Ойланар байып ақыл жоқ,
Оны адам жеңер ме?

Жаяу шалға жас қозы
Жайса тоқтау берер ме.
Иттігіне байғазы
Алмай, саған көнер ме?

1951 жылы қазанның 28-і күні Семейдегі Абай музейіне тапсырылған Оразке Уақбаев деген адамның қолжазбаларынан алынды. Абай елінің, бұрынғы Шыңғыстау болысының азаматы Оразке Уақбаев 1895–1900 жылдары Абай өлеңдерін көшіріп жазған. Ақын өлеңдері араб әрпінде қаламмен үлкен дәптерге ұқыпты көшіріліп жазылған екен. Оразке 1942 жылы қайтыс болыпты. Ол өлген соң Абай өлеңдері жазылған дәптер қолдан-қолға көшіп, күтімсіз ұсталып, көп беттері жыртылып, жоғалған. Дәптердің аман сақталып қалған беттерінде жазылған Абайдың он үш өлеңінің ішінде ақын жинақтарына бұрын кірмей қалған және бізге көшірме қолжазбаларда кездеспейтін Абайдың екі өлеңі бар екен. Соның біреуі – «Ақылды әдет жеңбегі» деген өлең.

Ақылды әдет жеңбегі,
Есер жұрттың көптігі.
Ердің еш боп еңбегі,
Шағар жанның жоқтығы, –

деп басталатын өлеңді зер салып оқып шығып, Абайдың 1909 жылдан бастап барлық жинақтарында басылып келе жатқан бірнеше белгілі өлеңдерінің идеялық мазмұнын, қолданған сөздерін салыстырып қарасақ, Абай стилін айнытпай танимыз. Мысалы:

Өзің жалғыз, надан көп,
Ұқтырарсың сен не деп.
Әулекі, арсыз елге енді?

(«Келдік талай жерге енді», 1890 ж.)

Таппадым көмек өзіме,
Көп наданмен алысып.
Көнбеді ешкім сөзіме,
Әдетіне қарысып.

(«Менсінбеуші едім наданды», 1891 ж.)

Досты қайдан табасың,
Кеңесерге адам жоқ.
Әрлі-берлі шабасың,
Жалғыздықтан жаман жоқ.

Ақыл айтсаң біреуге,
Ішің еріп, егіліп,
Ұялмас ақы тілеуге,
Бермесең қалар түңіліп.

(«Жүрегім, нені сезесің»,1900).

«Ақылды әдет жеңбегі» өлеңінің мазмұны, ұйқас, ырғағы, осы келтірілген өлеңдерге дәлме-дәл келетінін көреміз.

Тереңнен қозғап,
Жүректен толғап,
Буынды, бойды босатқан;
Көргіштің көңілін,
Білгіштің өмірін
Жаңғыртып, жайып жасартқан;
Жалынды, нұрлы, күшті тіл,
Сайраймын десең өзің біл.
Сөзіңнің гүлін,
Шеберлік түрін
Салуға деймін мінің бар;
Дарияны түптеп,
Меруерттей үптеп,
Өткізе берер кімің бар;
Қиналма бекер, тіл мен жақ,
Көңілсіз құлақ ойға олақ.
Басында мый жоқ.
Қорықпаса сый жоқ,
Екіжүзді қайда жоқ;
Тасдыйқсыз[1] иман,
Тәғлимсыз[2] қылған
Тағатында пайда жоқ;
Мунафиқ мінез шыны жоқ;
Пайдадан басқа мұңы жоқ;

«Тереңнен қозғап, жүректен толғап» – бұл өлең де Оразке қолжазбасынан алынды.

Абайдың бұл өлеңі Оразкеден басқа Абай өлеңдерін көшіріп жазған бізге мәлім адамдардың қолжазбаларында жоқ.

Оразке қолжазбасында Абайдың атақты «Сегіз аяқ» өлеңі түгел көшіріліп жазылған. Бірақ Оразке жазбасындағы «Сегіз аяқтың» жинақтарда басылып жүрген нұсқасынан өзгешелігі бар. Жинақтарда өлең «Алыстан сермеп» деп басталса, Оразке қолжазбасында өлең:

«Тереңнен қозғап,
Жүректен толғап..»

деп басталатын сегіз жолды, үш шумақ, жиырма төрт жол өлең жазылған. Өлеңнің үшінші шумағы:

[1] Тасдыйқ (арабша) – дұрыстығын тану, білу.

[2] Тәғлим (арабша) – оқу, білім мағынасында.

Басында ми жоқ,
Қорықпаса сый жоқ,
Екі жүзді қайда жоқ;
Тасдыйқсыз иман,
Тәғлисыз қылған,
Тағатында[1] пайда жоқ,
Мұнафиқ[2] мінез шыны жоқ,
Пайдадан басқа мұңы жоқ, –

деп аяқталғаннан кейін: «Алыстан сермеп», – деп жалғасып, өлең түгел жазылған.

Біз жинақтарда басылмаған өлең шумақтарын ғана келтірдік. Өлеңнің бұл шумақтарын «Сегіз аяқ» өлеңінің алғашқы бастамасы ретінде, Абайдың өзі жазған тағы бір нұсқасы деп білеміз.

Осы айтылған пікіріміздің дұрыстығының тағы бір дәлелі ретінде Мұхтар Әуезовтің бұдан алпыс жыл бұрын (1933 ж.) жазған сөзін келтірейік:

«Абайдың әдетінде, бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деген сөз бар.

Басқа жалпы өлеңдері туралы: «Қайта жазсам, бұдан жақсырақ, толығырақ болар еді» деп қана айтады екен», – дейді Мұхтар Әуезов (Абай Құнанбаев. «Толық жинақ». Қызылорда, 1933 жыл, 382-бет),

Абай «Сегіз аяқ» деген өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып айтып еді деп, Мұхтар тек естігенін ғана жазса, Мұхтардың сол естіген сөзін, Оразке қолжазбасы расқа шығарып, Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңінің басын қайта бір түрлі қылып жазғанының шын екендігіне көзімізді жеткізіп отыр.

Тағат деген не тағат хақ[3] жолында,
Мәһам[4] жандар ізденіп жүр соңында.
Хақтың жолын танымай қалтаң қағып,
Көт жуғанға мәз болған байғұс молда.

Бұл өлең 1949 жылы Мұстафа дейтін ақсақалдың аузынан жазылып алынған. Осы бір ауыз өлеңді Абайдың өз аузынан естігенін Мұстафа ақсақал былай баяндап айтқан еді. Жас жігіт кезінде өз елінің (найманның) бір үлкен адамына еріп, Семей қаласында тұратын тобықтының белгілі байы, Жақия қажының үйіне қонаққа барғанын айта келіп:

– Барсақ, Абай мен Көкбай бар, үй толған қонақ екен. Мәжіліс ұзаққа созылды. Әңгімені көбінесе Абай айтады. Намаз оқитын уақыт болған кезде, Көкбай мәжілісті тастап, дәрет алып келіп, намазын оқиды. Абай әңгімесін айтып отыра береді, Көкбай тағы бір кезде дәрет алып келіп еді, Абай әңгімесін тоқтата салып, Көкбайға қарады да, қолма-қол суырып салып, бір ауыз әзіл өлең айтып жіберді. Отырған қонақтар ду күлді. Абайдың сол өлеңі әлі есімде. Тіпті ұмытарлық өлең емес, – деп Мұстафа ақсақал «Тағат деген не тағат хақ жолында» деп басталатын өлеңді айтып берді.

---

[1] Тағат (арабша) – Құдайға құлшылық ету.

[2] Мунафик (арабша) – екіжүзді.

[3] Хақ (арабша) – бұл жерде Алла мағынасында.

[4] Мәһам (арабша)— зор; адамшылығы зор, тыянақты деген мағынада.

Абайдың, реті келген кезде, қолма-қол суырып салып, өлең айтып жіберетін, импровизаторлық өнері туралы Мұхтар Әуезов былай дейді: «Жасынан туыстан бойына біткен әдет бойынша, Абай біреудің орасан мінезін көргенде, ылғи қалжың, мысқыл өлең айтқыш болатын. Осындай сөздерін әрқашан өз жанында жүрген жақындарын... мазақ етіп, күліп айтады. Мысалы, Көкбайға, Қыздарға шығарған өлеңдер...». Және Абайдың ерекше бір мінезі туралы: «Абай кісі мінін айтып, өлең шығарғыш болғанда, осы құралды еш уақытта нағыз жауына қарсы жұмсамаған, өлеңмен мысқыл қылатыны ылғи өз жақыны, өз достары болады» – дейді Мұхтар Әуезов.

Қызғалдақтай қызықты өмір
Күні жетсе, солмай ма?
Еркін өскен ерке көңіл
Қайғы, шерге толмай ма?

Тасыған қайтып, толған солып,
Төгілер күн болмай ма?
Алтын жастық бекер болып,
Ah ұрар күн болмай ма?

Ақсұңқар құс торға түсіп,
Торығар күн болмай ма?
Тарықтырып, зарықтырып,
Сарғайтпай ма сондайда?

Мен қайғыдан қан жұтқанда,
Дерттің таппай дауасын,
Жар бол сонда, жалғыз Алла,
Жан сүйгенім қайдасың!

Осы төрт шумақ өленді 1944 жылы Алматыда болған кезімде, жазушы Ғабиден Мұстафин маған тапсырған еді. Машинкаға бастырған өленнің соңында, өз қолымен (араб әрпімен) жазып берген түсіндірмесінде:

«Бұл өленді Абайдікі деп, бұрынғы Спас зауытының маңындағы Сармантай, Мұрат елдері айтып жүретін. Өзінің ерекше әні бар. Мен Қасенбай Қожықұлының әнге салып айтып жүргенін көрдім. Және соның аузынан жазып алған едім.

Ғабиден Мұстафин»

деп жазып берген. Ғабиденнің бұл қолжазбасы менің қолымда сақтаулы.

ӨМІР

(И. С. Никитиннен)

Жазылып жатыр өмір сар даладай,
Жүріп өт, абайлап көр, қара қандай.
Жүре бер бөгелмей-ақ, бел асқан соң
Тыныштық табамын деп ойыңа алмай.

Жап-жақсы-ақ күн күркіреп, жарқылдап жай,
Құйғанда жауын үдеп тыным алмай,
Жортқанда кең далада шаттықпенен
Пар атты зымыратып салып айғай.

Уау жәмшік! Түпкі аттың божысын тарт,
Босады ма? Қара алға, неткен ұзақ.
Кеудем тынып, жүрегім бір жайлансын,
Жіберші, тамылжытып әніңе сап.

Жанымды езіп орныққан мүлде мықтап
Қасіреттен, көзімнен жас моншақтап
Төгілсін күркіреген күн астында,
Шексіз қиыр ұшалық біз шарықтап.

Жизнь

И. С. Никитин

Жизнь раскинулась вольною степью...
Поезжай, да гляди – не плошай!
За холмов зеленеющей цепью
Ты покоя найти не желай.

Хорошо под грозою-метелью,
Хорошо под дождем проливным
По степям, в бесконечном веселье,
Тройкой бешеной мчаться по ним!

Ну ж, ямщик! Пристегни коренную,
Что насупился? Вдаль погляди!
Что за ширь! Ну-ка песню родную,
Чтобы сердце заныло в груди,

Чтобы вышли проклятые слезы,
Те, что гнетом легли над душой,
Чтобы вдалъ, под небесные грозы
Нам лететь бесконечно с тобой.

Бұл өлеңді 1944 жылы Новосибирск қаласында тұратын Өмірбек Жылқыбаев деген азамат маған жіберген еді. Ол жазған хатында өз қолында Абай өлендерінің көшірме қолжазба жинағы сақталатынын хабарлап және сол қолжазба жинағында бар, Абайдың басылып жүрген жинақтарында жоқ, Абай орыс ақыны Никитиннен аударған өлең деп, «Өмір» атты өленді жіберіпті.

Кейін зерттеп қарағанымызда, XIX ғасырдың орыс ақыны Иван Саввич Никитиннің (1824–1861) «Жизнь» деген өлеңі болып шықты. Бұл өлең И. С. Никитиннің 1948 жылы басылып шыққан «Таңдамалы шығармалар» (ГИХЛ. Москва-Ленинград) жинағының 58-бетінде жарияланған. «Жизнь» өлеңіне берілген түсініктеме: «Жизнь». Впервые напечатан в журнале «Модный магазин». 1867. № 4, стр. 54» деген. Және ақынның бірінші жинағы 1856 жылы, екінші жинағы 1859 жылы басылып шыққаны айтылған.

1948 жылғы жинақтағы: «Творческий путь И. С. Никитина» деп аталған мақалада: «Творчество Никитина – существенное звено в развитии русской демократической литературы. ...В 1861 году редакторы «Современника» Некрасов и Добролюбов отчетливо видели, в каком направлении развивался никитинский талант» деген.

Орыстың осындай көрнекті ақыны Никитинді Абай білген деген ойға келеміз. «Өмір» өлеңінің аудармасын орысшасымен салыстырып, қадағалап қарағанымыз-

да, идеялық мазмұны жағынан болсын, көркемдік түр жағынан болсын, түпнұсқамен сайма-сай шыққан аударма деп білдік.

Никитин өлеңдерін қазақ тілінде аударған басқа ақын бізге мәлім емес.

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА

Бітпес іске туыппыз,
Жаспен көзді жуыппыз.
Есітіппіз, көріппіз.
Таныппыз да ұғыппыз.
Сүйдіріппіз, сүйіппіз,
Асығыппыз, күйіппіз,
Алшаңдатқан ананың
Әйекейін киіппіз.
Қақылдаппыз, қақсаппыз,
Сөзге талас бастаппыз.
Онан әрі өткен соң,
Кісінің еркін тастаппыз.
Еріктік қылып қалыппыз.
Еркіндік сүйіп алыппыз.
Ойынға, шуға талтақтап,
Тақылжыр болып арыппыз.
Қартаймастай көріппіз,
Қайдағы сұмға еріппіз.
Қайғысыздан қартаңдық
Қуып та жетті еріксіз.

«Балалық шаққа» өлеңі мен «Бүркіт сыны», «Лашын мен шымшық» деген өлеңдерді 1951 жылы тамыздың сегізі күні Семейдегі Абай музейіне арнайы келіп, өз қолымен жазып берген Мәди Тәстембек ұлы Әбенов деген 72 жастағы ақсақал болатын[1]. Бұрынғы Семей уезі, Айғыржол болысы, қазіргі Павлодар облысы, Бескарағай ауданы, Беген ауылының азаматы.

Абай өлеңдерін жақсы білетіндігі туралы жазып берген түсініктемесінде Мәди былай дейді:

– Абайды білгенде, ол кісіні көрдім деп өтірік айта алмаймын. Бірақ Абайдың өлеңдерін тіпті ерте кезден білемін. Өзінің көзі тірісінде, кітабы әлі басылып шықпаған кезде Абайдың өлеңдерін тіпті ерте кезден білемін. Өзінің көзі тірісінде, кітабы әлі басылып шықпаған кезде Абайдың өлеңдерін оқып жаттап алған едім». Қазір қарап отырсам, Абайдың мен білетін өлеңдерінің бірнешеуі, не латын әрпімен шыққан томында (1933 жылғы жинақты айтады. – *Ред.)* не осы күнгі жүз жылдығына шығарған толық жинағында жоқ.

– Абай кітаптарында жоқ өлеңдерінен қазір ойымда қалған үш өлеңі және орыстың Надсон деген ақынынан аударған бір өлеңі. Олар менің ерте күнде жаттап, ұмытылмай сақталып келген, көңілімде жүрген документ сықылды.

– Абай өлеңдері екенін дәлелдеу үшін ол кісінің өлеңдерінің қолжазбасы ерте кезде менің қолыма түсуінің себебін баяндап, айтып беруім керек...

[1] Мен ол кезде Абай музейінің директоры едім – Қ. М.

30 – 9113

– Абайдың Ділда... деген бәйбішесі, Қазыбек бабамның немересі – Тіленші бидің баласы Алшынбайдың Түсібінің қызы. Тіленші бидің бәйбішесінен: Тоқсанбай, Алшынбай және Берді. Ал, менің туған шешем сол Тіленшінің Бердісінің қызы. Екінші шешем – Алшынбайдың Шәпи деген баласының қызы. Сондықтан Алшынбай балалары маған нағашы болып келеді.

– Ал, Абай шығармалары, өзінің қолынан шыққаннан кейін, түгел дерлік, өзінің балдыздары, Түсіп балалары: Сіләмбек, Тоғамбектерге келіп тұрушы еді. Олардан менің нағашым, Бердінің немересі, Мақанға ауысады. Мақаннан маған ауысып, түгел дерлік Абай өлеңін жаттап едім..., – деп жазады түсініктемесінде.

Мәди ақсақал:

– Енді өз қолына түскен Абай өлеңдерінің қолжазбалары туралы сұрағанымда Абай өлеңдерінің қолжазбаларын және басқа жазба мағлұматтарды 1930 жылға дейін сақтап келгенін, одан кейін қиын-қыстау заман туғанда, ежелгі мекен-жайын тастап, бас сауғалауға мәжбүр болған шақта, қолындағы Абай өлеңдерінің жазбаларын, тағы басқа жиған-тергендерін өзінің қыстауының жанына, бүлінбей сақталатын етіп, берік қоймаға қойып кеткенін, ол жер қазір апат бомбасын сынайтын полигонға айналғанын айтты.

«Балалық шаққа» өлеңі Мәдидің жадында жақсы сақталған деуге болады. Бұл өлең Абайдың 1890 жылы жазған «Тайға міндік», 1895 жылы жазған «Балалық өлді, білдің бе?» және 1899 жылғы «Есіңде бар ма?» жастық шаққа арнаған, әрі сағыныш, әрі өкініш жырларын 45–54 жастарында жазыпты. «Балалық шаққа» өлеңі де сол кездерде жазылған тәрізді.

ЛАШЫН МЕН ШЫМШЫҚ

Ертеменен бір лашын
Қиялай ұшты қиядан.
Тоят іздеп ұшыпты
Қарыны ашқан соң ұядан.
Шөп басынан бір шымшық
Шырқырай ұшып жөнелді.
Үйрек, қаздан кем көрмей,
Ұшқан лашын соны ілді.
Шырылдатып шымшықты,
Шығармай ілді қияға.
Аз да болса жегелі,
Апарып қонды ұяға.
Бишара шымшық лашынға
Сонда жылап, айтты наз:
– Уайым емес өлгенім,
Төленбей қалды-ау еңбегің,
Тым болмаса емеспін
Сіз тоярлық үйрек, қаз.
Аштығыңа не тамақ,
Ерлігіңе я атақ,
Шаһзадам, ақсүйек,
Сіз аларлық мақтан аз.
Қорек болмас жегенмен,
Патша құлдың тамағын.

Жүрегіңе сеп болса,
Жеші мені, қарағым.
Бойым мынау, түрім бұл,
Жарадың іске, жаным гүл.
Шіркін аштық төремнің
Құр кірлетті-ау тырнағын!
Шымшықтың рас айтқаны,
Жегенменен тоймайды.
Пәле-ай, сондай қылды деп,
Ерлік атақ болмайды.
Әділетсіз зорлықшыл,
Бір қорқытса қоймайды.
Лашын сонда жеңіліп,
Қоя берді торғайды.
Біліп айтқан қызыл тіл,
Жанды өлімнен қорғайды.

«Лашын мен шымшық» – бұл да Мәди жазып берген өлең. Абай И. А. Крыловтың мысал өлеңдеріне ерекше көңіл бөліп, зерттеп оқып барып, оның мысалдарының ішінен мінез-құлық түзетуге бағытталған он екі мысал өлеңін таңдап алып, 1898 жылы емін-еркін аударғаны мәлім (1909 жылғы жинақ, 89–96-беттер). Мысал өлеңге сондай мән берген Абай өзі де мысал өлең жазбауы мүмкін емес деп ойлаймыз.

Крыловтан аударған мысалдарының бірі – «Қарға мен бүркіт» өлеңін Абайдың өзі шығарған «Лашын мен шымшық» мысал өлеңінің бастапқы тұсын салыстырып қарасақ, осы екі өлеңінің де бір ақынның қаламынан туғандығын айқын көреміз. «Қарға мен бүркіт» өлеңінің аудармасы былайша басталады:

Қой жайылып жаздыкүн,
Шыққан екен ыраға.
Аспаннан бүркіт құйқылжып,
Сорғалап келіп араға,
Бір қозы іліп ап кетті
Құздағы қиын ұяға.
Екпіні күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін,
Ұядағы балаға.

Ал енді Абайдың өзі жазған «Лашын мен шымшық» мысал өлеңінің бас жағын оқып көрейік:

Ертеменен бір лашын,
Қиялай ұшты қиядан.
Тоят іздеп ұшыпты,
Қарны ашқан соң ұядан.
Шөп басынан бір шымшық
Шырқырай ұшып жөнелді.
Үйрек, қаздан кем көрмей,
Ұшқан лашын соны ілді.
Шырқыратып шымшықты,
Шығармай алды қияға.

Аз да болса жегелі, –
Аларып қонды ұяға.

«Қарға мен бүркіт» мысалының қорытындысы (сентенция):

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл, –

деп түйінделсе, «Лашын мен шымшық» мысалының қорытындысы:

Біліп айтқан қызыл тіл,
Жанды өлімнен қорғайды, –

деп түйінделіп, сөз өнерінің қуатты қасиеті мадақталады.

* * *

Бұлардан басқа да «Абайдікі» делініп, кейін жарияланып жүрген біраз өлеңдер бар. Оларды Қ. Мұқамедханов «Абай» журналында (1992, №2), «Қазақ әдебиеті» (1991, 13 желтоқсан), «Семей таңы» (1991, 3 желтоқсан) газеттерінде жариялаған. Бұл өлеңдер – «Қызғалдақтай қызықты өмір», «Өмір», «Балалық шаққа», «Бүркіт сыны», «Лашын мен шымшық», «Бүркіттің сыны», «Ақылды әдет жеңбегі», «Тереңнен қозғап, жүректен толғап». Бұл өлеңдер әзірше жинаққа кірмеді.

«Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласында М. Әуезов: «Тегінде Абай шығармасының аздығынан кенде боп жүргеніміз жоқ. Барын барша, бажайына барғыза алмаудан, зерттей алмаудан кендеміз. Және Абай өлеңдері халық ортасына жайылғалы көп заман болды. Содан бері Абайға еліктеп жазған аты белгілі де, белгісіз де, жас та, кәрі де, ақын да, жазушы да, еркек те, әйел де көп болған. «Абай жазды, өлең қыпты» деп, жазды жырлайтын, екі жастың кездескенін жырлапты деп, соны айтатын, көңіл сырын айтатын, өмір арманын айтатын, ат пен құсты жыр ететін «өлең шығарғыштар» көп болған. Соның көбі, әсіресе, Абай шәкірттерінен, шәкірттерінің айналасынан, молдалардан, талапкер жастардан көп шыққанды. Олар да Абайдың лұғатымен сөйлейді. Абайдың алған тақырыбын алады. Өздері және Абай заманына қанық, Абай өміріне өкшелес жүрген өмірдің адамдары. Бұлардың кейбір жолдары, кейбір ырғақтары Абай сөзіне ұқсап қалып отыратыны болады. Әсіресе, еліктеу деген нәрсе асыл нұсқаға түсі-түгі жағынан ұқсай бергіш болады. Міне, осындай жерлерде шын менен бұлдырдың арасын айыра алмай, өзіміз де алданып, жұртшылықты да жаңсақ хабарландырып, кейінгі зерттеушіні біржолата бөтен ізге салып, әуре-сарсаң етуіміз мүмкін» (М. Әуезов. «Абай Құнанбаев» А. 1967, 246–247-б.)

Аталған өлеңдерді оқу үстінде Мұхтар Әуезовтің осы күдігі көңіл алаңдата берді. Аталған өлеңдердің көпшілігінде ұлы жазушы айтқан әлгі белгілер мол. Сондықтан оларды бұл жолғы басылымға қоспай, дегенмен олардың бар екендігін оқырмандардан жасырмай, осы «түсініктер» бөлімінде жариялауды мақұл көрдік.

Бұл өлеңдерді тауып, жариялап жүрген автор – Қ. Мұқамедханов. Оның түсінігін де сол кісі жазды.

АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

«Абыралыға» (Мен жасымнан көп көрдім) 6
«Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы» 196
«Адамның кейбір кездері» 144
«Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ» 21
«Алла деген сөз жеңіл» 157
«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» 214
Ала қойлар (Бір таудағы хайуанды бір арыстан) (И. А. Крыловтан) 188
«Ал, сенейін, сенейін» (М. Ю. Лермонтовтан) 103
«Альбомға» (Сал демеймін сөзіме ықыласыңды) (М. Ю. Лермонтовтан) 154
«Антпенен тарқайды» 108
«Асау той, тентек жиын, опыр-топыр» (М. Ю. Лермонтовтан) 216
«Асқа, тойға баратұғын» (М. Ю. Лермонтовтан) 79
«Ата-анаға көз қуаныш» 80
«Ауру жүрек ақырын соғады жай» 175
«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?» 122

«Әбдірахман науқастанып жатқанда» (Я, құдай, бере көр) 114
«Әбдірахманға» (Алланың рахматын) 115
«Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» (Тілім, саған айтайын) 116
«Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» (Көзімнің нұрысыз) 117
«Әбдірахман өлгенде» (Арғы атасы қажы еді) 126
«Әбдірахман өлгенде» (Тұла бойың ұят, ар едің) 129
«Әбдірахман өліміне» (Жиырма жеті жасында) 130
«Әбдірахман өліміне» (Талаптың мініп тұлпарын) 131
«Әбдірахманға» (Орынсызды айтпаған) 132
«Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы» (Бермеген құлға, қайтесің) 133
«Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы» (Жылағанды тоқтатып) 134
«Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау» (Айналайын, құдай-ау) 135
«Әйелің – Медет қызы, аты Ырым» 223
«Әлифбә» (Әлиф-дек ай йүзіңе ғибрәт еттім) 4
«Әм жабықтым, әм жалықтым» (М. Ю. Лермонтовтан) 14
«Әншілер» (Көршіні көрші шақырды) (И. А. Крыловтан) 187
«Әсемпаз болма әрнеге» 112
«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» 53

«Базарға, қарап тұрсам, әркім барар» 25
«Байлар жүр жиған малын қорғалатып» 19
«Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған» (Әжінің жақсы-ақ қызы едім) 102
«Бай сейілді» 73
«Балалық өлді, білдің бе?» 123
«Бақа мен өгіз» (Қарасаң, тым-ақ көп) (И. А. Крыловтан) 191
«Бойы бұлғаң» 100
«Болды да партия» 168
«Болыс болдым, мінеки» 46
«Бородино» (М. Ю. Лермонтовтан) (Айтшы, аға, не ғып жеңілдік?) 10

«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда?» (М. Ю. Лермонтовтан) 164
«Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан?» 224
«Бөтен елде бар болса» 35
«Буынсыз тілің» 212
«Білектей арқасында өрген бұрым» 59
«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» 141
«Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық» 22
«Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол» 38
«Біреуден біреу артылса» 47
«Білімдіден шыққан сөз» 49

«Ғабидоллаға» (Жазғытұрым қылтиған бір жауқазын) 161
«Ғалымнан надан артпас ұққанменен» 221
«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» 54
«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» 111
«Ғашықтық іздеп тантыма» (М. Ю. Лермонтов) 151
«Ғылым таппай мақтанба» 27

«Домбыраға қол соқпа» 218
«Дұға» (Өмірде ойға түсіп кем-кетігің) 166
«Дүйсенқұлға» (Саудайы-ай, сауды алмадың-ау, сырқауды алып) 149
«Дүтбайға» (Жылуы жоқ бойының) 199

«Ем таба алмай» 74
«Емен мен шілік» (Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті) (И. А. Крыловтан) 181
«Ерекше естен кетпес қызық қайда?» 163
«Есек пен бұлбұл» (Тойған есек шөпті оттап маңайдағы) (И. А. Крыловтан) 184
«Есек» (Қырық-елу қос бір жерден) 193
«Ескілік киімі» (Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен) 113
«Есіңде бар ма жас күнің» 194

«Жаз» (Жаздыгүн шілде болғанда) 30
«Жазғытұры» (Жазғытұры қалмайды қыстың сызы) 78
«Жақсылыққа» (Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық!) 7
«Жақсылық ұзақ тұрмайды» 101
«Жалау» (Жалғыз жалау жалтылдап) (М. Ю. Лермонтовтан) 201
«Жалын мен оттан жаралып» 217
«Жаманбаланың баласы өлгенде» (Белгілі сөз: «өлді, өлді») 173
«Жапырағы қуарған ескі үмітпен» 210
«Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» 62
Жарлы бай (Жаман үйде жалғыз шал) (И. А. Крыловтан) 183
Жартас (Қонады бір күн жас бұлт) (М. Ю. Лермонтовтан) 202
«Жастықтың оты, қайдасың» 61
«Жастықтың оты жалындап» 84
«Жас өспірім замандас қапа қылды» 110
«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» 13
«Желсіз түнде жарық ай» 44
«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» (М. Ю. Лермонтовтан) 178
«Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» 225
«Жұмбақ» (Алла мықты жаратқан сегіз батыр) 88

«Жұмбақ» (Қара жер адамзатқа болған мекен) 89
«Жұмбақ» (Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің) 90
«Жүрегім, ойбай, соқпа енді!» 92
«Жүрегім менің қырық жамау» 195
«Жүрегім, нені сезесің» 204
«Жүректе қайрат болмаса» 172
«Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы» (Я. Полонскийден) 203
«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас» 215
«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» 23
«Жігіт сөзі» (Айттым сәлем, қалам қас) 57

«Заманақыр жастары» 82

«Интернатта оқып жүр» 26

«Кейде есер көңіл құрғырың» 77
«Келдік талай жерге енді» 75
«Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға» (Шиллер – Лермонтовтан) 8
«Кешегі Оспан» 95
«Кешегі Оспан ағасы» 127
«Кешегі өткен ер Әбіш» 128
«Көжекбайға» (Жамантайдың баласы Көжек деген) 32
«Көзімнің қарасы» 86
«Көз жұмғанша дүниеден» 136
«Көзінен басқа ойы жоқ» 83
«Көкбайға» (Сорлы Көкбай жылайды) 31
«Көкбайға» (Бұралып тұрып) (43)
«Көк ала бұлт сөгіліп» 145
«Көк тұман – алдыңдағы келер заман» 155
«Көлеңке басын ұзартып» 205
«Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» 20
«Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!» (Дж. Байрон – М. Ю. Лермонтовтан) 104
«Көңілдің күйі тағы да» (М. Ю. Лермонтовтан) 206
«Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» 143
«Күз» (Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан) 39
«Күйісбайға» (Дұғай сәлем жазамын Күйісбайға) 148
«Күлембайға» (Уағалайкүмүссәләм) 42
«Күлімсіреп аспан тұр» 96
«Күн артынан күн туар» 174
«Күнді уақыт итеріп» (М. Ю. Лермонтовтан) 207
«Күшік асырап, ит еттім» 197
«Кім екен деп келіп ем түйе қуған» 1

«Қажымас дос халықта жоқ» 60
«Қазаға ұрынған қара шекпен» (Қорасына бір байдың) (И. А. Крыловтан) 182
«Қайғы шығар ілімнен» 93
«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?» (М. Ю. Лермонтов үлгісімен) 119
«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» 11
«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» 176
«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» 18
«Қандай қызда ләззат бар жан татпаған?» 12
«Қанжар» (Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап) (М. Ю. Лермонтовтан) 153

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» 29
«Қараңғы түнде тау қалғып» (И. В. Гете – М. Ю. Лермонтовтан) 105
«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» 40
«Қарашада өмір тұр» 109
«Қара қатынға» (Қара қатын дегенге, қара қатын) 64
«Қарға мен бүркіт» (Қой жайылып жаздыгүн) (И. А. Крыловтан) 185
«Қарға мен түлкі» (Жұрт біледі, күледі) (И. А. Крыловтан) 189
«Қарға мен түлкі» (Боқтықта талтаңдап) (И. А. Крыловтан) 190
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» 15
«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» 16
«Қасиетті дұға» (Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ) (М. Ю. Лермонтовтан) 167
«Қатыны мен Масақбай» (Сырмақ қып астына) 147
«Қор болды жаным» 55
«Қорқытпа мені дауылдан» (И. А. Буниннен) 107
«Құр айғай бақырған» 158
«Құлақтан кіріп, бойды алар» 162
«Қуанбаңдар жастыққа» 208
«Қуаты оттай бұрқырап» 169
«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап» 17
«Қыз сөзі» (Қиыстырып мақтайсыз) 58
«Қызарып, сұрланып» 85
«Қыздарға» (Қойдан қоңыр, жылқыдан торы Бәкең) 118
«Қыс» (Ақ киімді, денелі, ақ сақалды) 41

«Лай суға май бітпес қой өткенге» 124
«Ленский сөзінен» (Барасың қайда, қайда болмай маған) 71

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» 139
«Махаббат, достық қылуға» 137
«Мәз болады болысың» 48
«Мен жазбаймын өленді ермек үшін» 52
«Мен сәлем жазамын» 159
«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» (В. А. Крыловтан) 180
«Мен боламын демеңдер» 220
«Менсінбеуші ем наданды» 87
«Менің сырым, жігіттер, емес оңай» (М. Ю. Лермонтовтан) 165

«Назарға» (Мынау келген Назар ма?) 37
«Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?» 91
«Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен» 200

«Ой» (Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы) (М. Ю. Лермонтовтан) 152
«Ойға түстім, толғандым» 219
«Онегиннің сипаты» (Жасынан түсін билеп, сыр бермеген) 65
«Онегиннің жауабы» (Таңғажайып бұл қалай хат) 67
«Онегин сөзі» (Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін) 68
«Онегиннің хаты» (Құп білемін, сізге жақпас) 69
«Онегиннің өлердегі сөзі» (Жарым жақсы киім киіп) 72
«Оспанға» (Жайнаған туың жығылмай) 94
«Осы қымыз қазаққа» 211

«Өзгеге, көңілім, тоярсың» 76
«Өзіңе сенбе, жас ойшыл» (М. Ю. Лермонтовтан) 106
«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» 36
«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» 125
«Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?» 171
«Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» 33

«Патша құдай, сыйындым» 24
«Піл мен қанден» (Көшеде піл жетелеп біреу жүрді) (И. А. Крыловтан) 192
«Разаққа» (Мына үйде отыр Разақ) 150
«Рахат, мені тастап қоймадың тыныш» (М. Ю. Лермонтовтан) 139
«Рахымшалға» (Сұлу аттың көркі – жал) 146

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» 34
«Сағаттың шықылдағы емес ермек» 142
«Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!» 9
«Сәулең болса кеудеңде» 51
«Сегіз аяқ» («Алыстан сермеп») 50
«Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап» 156
«Сен мені не етесің?» 56
«Соры қалың соққы жеген пышанамыз» 160
«Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» 170
«Сұрғылт тұман дым бүркіп» 97
«Сүйсіне алмадым, сүймедім» 198

«Тайға міндік» 81
«Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» 121
«Татьянаның Онегинге жазған хаты» (Амал жоқ – қайттім білдірмей) 66
«Татьянаның жауабы» (Тәңірі қосқан жар едің сен) 70
«Теректің сыйы» (Асау Терек долданып, буырқанып) (М. Ю. Лермонтовтан) 177
«Тоты құс түсті көбелек» 213
«Туғызған ата-ана жоқ» 140
«Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да» 63
«Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі» (Дүрілдеген нажағай) (А. Мицкевичтен) 98
«Тұтқындағы батыр» (Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны) (М. Ю. Лермонтовтан) 120
«Түбінде баянды еңбек егін салған» 222

«Ұяламын дегені көңіл үшін» 209

«Шайтан» (Мұңлы шайтан – Құдайдың қуған жаны) (М. Ю. Лермонтовтан) 179
«Шәріпке» (Түнлікбайдың қатыны, атың Шәріп) 5
«Шегіртке мен құмырсқа» (Шырылдауық шегіртке) (И. А. Крыловтан) 186
«Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» 28
«Шығыс ақындарынша» (Йүзі – раушан, көзі – гәуһар) 2

«Физули, Шәмси, Сәйхали» 3

«Ысытқан, суытқан» 99

«Ішім өлген, сыртым сау» 45

МАЗМҰНЫ

Алғысөз 5

ӨЛЕҢДЕРІ МЕН АУДАРМАЛАРЫ

1855–1881

Кім екен деп келіп ем түйе қуған 12
Шығыс ақындарынша 13
Физули, Шәмси, Сәйхали 14
Әлифбә 15
Шәріпке 17
Абыралыға 18
Жақсылыққа 19
Кең жайлау – жалғыз бесік жас балаға 20
Сап, сап, көңілім, сап, көңілім! 21

1882

Бородино 23

1884

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы 24
Қандай қызда ләззат бар жан татпаған 25

1885

Жасымда ғылым бар деп ескермедім 26
Әм жабықтым, әм жалықтым 27

1886

Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек 28
Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман 30
Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап 32
Қалың елім, қазағым, қайран жұртым 33
Байлар жүр жиған малын қорғалатып 34
Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да 35
Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ 37
Бір дәурен кемді күнге – бозбалалық 38
Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат 40
Патша құдай, сыйындым 43
Базарға, қарап тұрсам, әркім барар 44
Интернатта оқып жүр 45
Ғылым таппай мақтанба 48
Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ 50
Қансонарда бүркітші шығады аңға 51
Жаз 53
Көкбайға (Сорлы Көкбай жылайды) 55
Көжекбайға 56
Өкінішті көп өмір кеткен өтіп 57

1887

Сабырсыз, арсыз, еріншек ... 58
Бөтен елде бар болса ... 60
Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы ... 65
Назарға ... 67

1888

Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол ... 68
Күз ... 70
Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай ... 71
Қыс ... 72
Күлембайға ... 73
Көкбайға ... 74
Желсіз түнде жарық ай ... 75
Ішім өлген, сыртым сау ... 76
Болыс болдым, мінеки ... 77
Біреуден біреу артылса ... 81
Мәз болады болысың ... 82
Білімдіден шыққан сөз ... 84
Сегіз аяқ ... 85
Сәулең болса кеудеңде ... 91
Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін ... 92
Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек ... 93
Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол ... 94
Қор болды жаным ... 95
Сен мені не етесің? ... 96
Жігіт сөзі ... 99
Қыз сөзі ... 101
Мұны жаздым ойланып ... 103
Білектей арқасында өрген бұрым ... 104
Қажымас дос халықта жоқ ... 105
Жастықтың оты, қайдасың ... 106
Жарқ етпес қара көңілім не қылса да ... 107
Тұлпардан тұғыр озбас шабылса да ... 108
Қара қатынға ... 109

1887–1889

Онегиннің сипаты (Жасынан түсін билеп, сыр бермеген) ... 110
Татьянаның Онегинге жазған хаты (Амал жоқ, қайттым білдірмей) ... 111
Онегиннің жауабы (Таңғажайып бұл қалай хат) ... 114
Онегин сөзі (Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін) ... 117
Онегиннің хаты (Құп білемін, сізге жақпас) ... 119
Татьяна жауабы (Тәңірі қосқан жар едің сен) ... 121
Ленский сөзінен (Барасың қайда, қайда болмай маған) ... 123
Онегиннің өлердегі сөзі (Жарым жақсы киім киіп) ... 124

1890

Бай сейілді ... 125
Ем таба алмай ... 127
Келдік талай жерге енді ... 128
Өзгеге, көңілім, тоярсың ... 130
Кейде есер көңіл құрғырың ... 131
Жазғытұры ... 132
Асқа, тойға баратұғын ... 134
Ата-анаға көз қуаныш ... 136
Тайға міндік ... 137

1891

Заманақыр жастары ... 139
Көзінен басқа ойы жоқ ... 140
Жастықтың оты жалындап ... 141
Қызарып, сұрланып ... 143
Көзімнің қарасы ... 144
Менсінбеуші ем наданды ... 147
Жұмбақ (Алла мықты жаратқан сегіз батыр) ... 148
Жұмбақ (Қара жер адамзатқа болған мекен) ... 149
Жұмбақ (Сыналар, ей, жігіттер, келді жерің) ... 150

1892

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің? ... 151
Жүрегім, ойбай, соқпа енді! ... 152
Қайғы шығар ілімнен ... 153
Оспанға (Жайнаған туың жығылмай) ... 155
Кешегі Оспан ... 156
Күлімсіреп аспан тұр ... 157
Сұрғылт тұман дым бүркіп ... 158

1892–1893

Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі ... 159
Ысытқан, суытқан ... 160
Бойы бұлғаң ... 161
Жақсылық ұзақ тұрмайды ... 163
Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған ... 164
Ал, сенейін, сенейін ... 165
Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, ақын! ... 166
Қараңғы түнде тау қалғып ... 167
Өзіңе сенбе, жас ойшыл ... 168
Қорқытпа мені дауылдан ... 170

1894

Антпенен тарқайды ... 171
Қарашада өмір тұр ... 173

Жас өспірім замандас қапа қылды 174
Ғашықтың тілі – тілсіз тіл 175
Әсемпаз болма әрнеге 176
Ескілік киімі 177
Әбдірахман науқастанып жатқанда (Я, құдай, бере көр) 178
Әбдірахманға (Алланың рахматын) 181
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат (Тілім, саған айтайын) 182
Әбдірахманға Кәкітай атынан хат (Көзімнің нұрысыз) 184
Қыздарға 185
Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек? 186
Тұтқындағы батыр (Қараңғы үй терезесі – тұтқын орны) 187

1895

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын 188
Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей? 189
Балалық өлді, білдің бе? 191
Лай суға май бітпес қой өткенге 192
Өлсе өлер табиғат, адам өлмес 193
Әбдірахман өлгенде (Арғы атасы қажы еді) 194
Кешегі Оспан ағасы 195
Кешегі өткен ер Әбіш 196
Әбдірахман өлгенде (Тұл бойың ұят-ар едің) 197
Әбдірахман өліміне (Жиырма жеті жасында) 198
Әбдірахман өліміне (Талаптың мініп тұлпарын) 200
Әбдірахманға (Орынсызды айтпаған) 201
Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуы (Бермеген құлға, қайтесің) 202
Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абайдың айтқан жұбатуы (Жылағанды тоқтатып) 204
Әбдірахманның әйелі Мағышқа Абай шығарып берген жоқтау (Айналайын, құдай-ау) 206
Көз жұмғанша дүниеден 210
Махаббат, достық қылуға 211
Рахат, мені тастап коймадың тыныш 212

1896

Малға достың мұңы жоқ малдан басқа 213
Туғызған ата-ана жоқ 214
Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында 215
Сағаттың шықылдағы емес ермек 217
Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа 218
Адамның кейбір кездері 220
Көк ала бұлт сөгіліп 221
Рахымшалға 222
Қатыны мен Масақбай 223
Күйісбайға 224
Дүйсенқұлға 225
Разаққа 226

Ғашықтық іздеп тантыма 227
Ой (Қарасам қайғыртар жұрт бұл заманғы) 228
Қанжар (Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап) 230
Альбомға (Сал демеймін сөзіме ықыласыңды) 231

1897

Көк тұман – алдыңдағы келер заман 232
Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап 234
Алла деген сөз жеңіл 235
Құр айқай бақырған 236
Мен сәлем жазамын 237
Соры қалың соққы жеген пышанамыз 238
Ғабидоллаға 239
Құлақтан кіріп, бойды алар 240
Ерекше естен кетпес қызық қайда? 241
Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда? 242
Менің сырым, жігіттер, емес оңай 244
Дұға (Өмірде ойға түсіп кем-кетігің) 245
Қасиетті дұға (Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ) 246

1898

Болды да партия 247
Қуаты оттай бұрқырап 248
Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма? 249
Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма? 250
Жүректе қайрат болмаса 251
Жаманбаланың баласы өлгенде 252
Күн артынан күн туар 253
Ауру жүрек ақырын соғады жай 254
Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп 255
Теректің сыйы (Асау Терек долданып, буырқанып) 256
Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз 258
Шайтан (Мұңлы шайтан – құдайдың қуған жаны) 259
Мен көрдім ұзын қайың құлағанын 261
Емен мен шілік 262
Қазаға ұрынған қарашекпен 264
Жарлы бай 266
Есек пен бұлбұл 269
Қарға мен бүркіт 270
Шегіртке мен құмырсқа 272
Әншілер 273
Ала қойлар 274
Қарға мен түлкі (Жұрт біледі, күледі) 276
Қарға мен түлкі (Боқтықта талтаңдап) 278
Бақа мен өгіз 280
Піл мен қанден 282
Есек 283

1899

Есіңде бар ма жас күнің ... 285
Жүрегім менің қырық жамау ... 286
Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы ... 287
Күшік асырап, ит еттім ... 288
Сүйсіне алмадым, сүймедім ... 289
Дүтбайға (Жылуы жоқ бойының) ... 290
Нұрлы аспанға тырысып өскенсің сен ... 291
Жалау (Жалғыз жалау жалтылдап) ... 292
Жартас (Қонады бір күн жас бұлт) ... 293
Жүректе көп қазына бар, бәрі жақсы ... 294

1900

Жүрегім, нені сезесің ... 295
Көлеңке басын ұзартып ... 296
Көңілдің күйі тағы да ... 297
Күнді уақыт итеріп ... 298

1901

Қуанбаңдар жастыққа ... 299
Ұяламын дегені көңіл үшін ... 300
Жапырағы қуарған ескі үмітпен ... 301
Осы қымыз қазаққа ... 302
Буынсыз тілің ... 303

1902

Тоты құс түсті көбелек ... 304
Алланың өзі де рас, сөзі де рас ... 305
Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі – асыл тас ... 308
Асау той, тентек жнын, опыр-топыр ... 309

1903

Жалын мен оттан жаралып ... 310

ЖАЗЫЛҒАН ЖЫЛЫ БЕЛГІСІЗ ӨЛЕҢДЕРІ

Домбыраға қол соқпа ... 312
Ойға түстім, толғандым ... 313
Мен боламын демеңдер ... 314
Ғалымнан надан артпас ұққанменен ... 315
Түбінде баянды еңбек – егін салған ... 316
Әйелің – Мекет қызы, аты Ырым ... 317
Бөстегім, құтылдың ба Көтібақтан? ... 318
Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек ... 319

Түсініктер ... 324
Алфавиттік көрсеткіш ... 469

Ғылыми басылым

АБАЙ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

ҮШ ТОМДЫҚ

БІРІНШІ ТОМ

Өлеңдері мен аудармалары

Бас редакторы *Ә. Пірманов*
Редакторы *Г. Қадырқұлова*
Көркемдеуші редакторы *А. Лұқманов*
Техникалық редакторы *М. Жансұлтанова*
Корректорлары *А. Кеңесбаева, А. Сейткен*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 132

Теруге 26.06.2025 берілді. Басуға 21.07.2025 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Әріп түрі «Times New Roman».
Шартты баспа табағы 39,0. Есептік баспа табағы 23,82.
Таралымы 1000 дана. № 9113 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

16+